

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 070 (574) (043)

Колжазба құқығында

## МУСА НАЗЕРКЕ МОЛЖАНҚЫЗЫ

Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстардың БАҚ-тағы көрінісі:  
Қазақстандағы мысал негізінде

8D03203 – Халықаралық журналистика

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
Мысаева Қ.Н.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
профессор  
Браун М.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2025

## **МАЗМҰНЫ**

<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>1 ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТИК ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>11</b>
1.1 Әлеуметтік қақтығыстың мәні, құрылымы және функциялары.....	11
1.2 Әлеуметтік қақтығыстардың типологиясы.....	16
1.3 Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстар және БАҚ-тың рөлі....	21
1.4 Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстардың алғышарттары мен даму кезеңдері (1991-2022 жж.).....	31
1-бөлім бойынша түжырым.....	40
<b>2 ЖУРНАЛИСТИҚ ҚАҚТЫҒЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ТАРАТУ ТӘЖІРИБЕСІ: ЭТИКА МЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ РӨЛІ.....</b>	<b>42</b>
2.1 Толеранттылық пен ксенофобия контекстіндегі журналист жұмысының этикалық аспектілері.....	42
2.2 Қақтығыс ортасын социологиялық талдау және журналистік көзқарас: кәсіби тәжірибелі журналистермен сұхбат нәтижелері.....	47
2.3 Әлеуметтік қақтығыс жағдайындағы азаматтық қоғамның рөлі.....	78
2-бөлім бойынша түжырым.....	85
<b>3 ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТИК АЛҒЫШАРТТАРЫ: МЕДИА ДИСКУРС.....</b>	<b>87</b>
3.1 Тәуелсіз Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстардың онлайн медиадағы көрінісі: Azattyg.org басылымы мысалындағы контент-талдау.....	87
3.2 Қанды Қаңтар қақтығысы: Қазақстан, Ресей және Ұлыбритания ақпарат агенттіктерінің контентіне фреймдік талдау.....	92
3.3 Әлеуметтік желілердегі қақтығыс тақырыбы: Telegram арналары мысалында.....	107
3-бөлім бойынша түжырым.....	119
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>121</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>124</b>
<b>ҚОСЫМША А – Қақтығыс жағдайында хабар тарату: Журналистерге арналған нұсқаулық.....</b>	<b>135</b>

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

**Азаматтық соғыс** – ел ішіндегі таптар мен әлеуметтік топтар арасындағы мемлекеттік билік үшін ұйымдастырылған қарулы курс, таптық күрестің ең өткір түрі.

**Ақпараттық вакуум** – белгілі бір ақпарат бөлініп-бөлініп ұсынылғанда немесе әдейі айтылмаған кезде және аудитория нақты уақыт режимінде әртүрлі фактілер мен әлеуметтік оқиғаларға қатысты толық және объективті ақпаратты ала алмағанда пайда болады.

**Әлеуметтік дарвинизм** – әлеуметтік, экономикалық және саяси құбылыстарды түсіндіру үшін Чарльз Дарвиннің эволюциялық теориясының «ен мықтының аман қалуы» және табиғи сұрыпталу сияқты қағидаларын ұстанатын идеологиялық қозғалыс. Ол адамдар, топтар немесе ұлттар арасында бәсекелестік бар әрі ең қабілетті және бейімді адамдардың «табиғи сұрапталуына», яғни тандалуына ықпал етеді деп болжайды.

**Бейбіт журналистика** – бұл қақтығысты бейтарап, объективті талдауға және дағдарыс жағдайында екі жақты келісімге келуге бағытталған әдістер жиынтығы, ол көбінесе жақсы жаққа өзгеруі керек шарттарға тікелей тәуелді.

**Демократия** – (көне грекше *demos* – халық және көне грекше *kratos* – билік) – қоғамдық билікті халықтың көпшілігі тікелей сайлайтын, негізгі әлеуметтік топтар мен бәсекелес саяси күштердің мүддесі үшін халық басқаруға қатысатын саяси жүйе.

**Жаһандану** – әлем елдеріндегі әлеуметтік өмірдің экономикалық, саяси, мәдени, діни және басқа да салаларындағы интеграциялану мен бірігуді нығайтудың процесі. Бұл терминді 1983 жылы Т. Левитт жаһанданудың мәнін трансұлттық корпорациялар өндіретін жекелеген өнімдердің нарықтарын біріктіру процесі деп түсініп, ғылымға енгізді.

**Қақтығыстану** – адамдардың әрекеттесуінің әртүрлі салаларында туындастырылған әртүрлі типтегі қақтығыс құбылыстарымен жұмыс істеу тәжірибесін сипаттауға, зерттеуге және дамытуға бағытталған теориялық, әдіснамалық және әдістемелік тәсілдердің біріктіретін арнайы пәнаралық сала.

**Конфронтация** – ашық қысым көрсету және ережелер мен келісімдерді бұзғандарға қарсы санкцияларды қолдануға дайындық. Конфронтация – қақтығыста өз-өзін дұрыс көрсету, ұстай кезендерінің бірі.

**Қақтығыс** – бұл жеке адамдар, топтар немесе әлеуметтік қауымдастықтар арасындағы қайшы мүдделердің, мақсаттардың, сенімдердің немесе құндылықтардың нәтижесінде пайда болатын динамикалық әлеуметтік процесс.

**Медиа дискурс** – бұл бұқаралық коммуникация саласында қолданылатын байланыс және ақпарат ұсыну тәсілдерінің жиынтығы. Бұл дискурс газеттерде, теледидарда, интернетте, радиода және басқа платформаларда жарияланатын мәтіндер мен хабарламалардың әртүрлі түрлерін біріктіреді.

**Саяси маргинализация** – белгілі бір адамдар тобы саяси өмірден оқшауланатын, қоғамдық процестерге қатысу мүмкіндігін жоғалтатын процесс.

**Фрейминг теориясы** – адамдардың күнделікті өмірдегі ақпаратты қалай қабылдаپ, ұғынатынын анықтауға көмектесетін әлеуметтанудағы әдіс-тәсіл. Теория “шектеулер”, яғни фреймдердің өзіміздің және өзгелердің әлемді қабылдауын зерттейді.

**Ішкі цензура** – (Өз-өзіне цензура жасау) автордың қандай да бір себептермен өз туындысынан кейбір ақпаратты көпшілікке бөлісуге болмайды деп есептеп қасақана алып тастауы, жоюы.

**Этносаралық қактығыстар** – бұл бір немесе бірнеше этникалық қауымдастық арасындағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, аумақтық немесе мәдени сипаттағы мәселелер бойынша дау.

**Этносаралық орта** – әртүрлі этникалық топ өкілдері қарым-қатынас жасайтын, мәдени, әлеуметтік, тіларалық тәжірибе алмасатын кеңістік.

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

- AAPI – Asian American (and) Pacific Islander - Азия-Америка Тынық мұхиты аралдарының тұрғындары
- БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
- CESS – Central Eurasian Studies Society - Орталық Еуразиялық Зерттеулер Қоғамы
- POCI – "People of Color and Indigenous" ("түрлі-тұсті" және байырғы халықтар). Бұл термин нәсіліне және этникалық тегіне байланысты тарихи тұрғыдан маргиналды және кемсітүге ұшыраған топтарға қатысты қолданылады
- YEY – Үкіметтік емес ұйымдар
- ҰҚШҰ – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Бұл ғылыми жұмыс Қазақстандағы қақтығыстардың Бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жариялану ерекшеліктерін және аудиторияға ақпараттың әсер ету ықпалын зерттейді. Ғылыми зерттеу, өсіресе, әртүрлі ұлт өкілдері тоғысқан Қазақстан сияқты көпұлтты ел үшін өзекті. Автор әртүрлі қақтығыс жағдайында қазақстандық БАҚ қалай ақпарат тарататынын анықтап, шетелдік медианың хабар тарату тәсілдерімен салыстырып, журналистердің жұмыс істеу тенденциялары мен ерекшеліктерін айқындайды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** «Қақтығыс» ұғымын философ, әлеуметтанушы ғалымдар көне замандардан жүйелі түрде зерттеп келе жатыр. Оның қалыптасу, даму тарихы, теориялық негіздерін К.Маркс, Г. Зиммель, Г.Спенсер, У. Беджгот, В. Самнер, Л. Гумплович, Г. Ратценгофер, Р.Дарендорф сияқты ғалымдар талдады. Әлеуметтік қақтығыстың мәнін ашуға Э. Дюргейм мен М. Вебер де атсалысты. Дегенмен әлеуметтік қақтығыс туралы айтқанда ең алдымен америкалық Л. Козердің есімі жиі аталады. Аталыш ғалымдардың еңбектері мен құнды пікірлері зерттеудің теориялық әдістемесіне негіз бола алды.

Қақтығыс теориясы мен медиамен байланысын саралауда шетелдік М. Ларуэлл, Д. Құдайбергенова, П. Сорбелло, Э.Шатц сынды зерттеушілер ғылыми жұмыстары құнды, ал отандық ғалымдардан Л.С. Ахметова, Б. Қылышбаева, А.Р. Әліпбаев, М. Сенгіrbай, Д. Тұсіпова, Г.Ж. Ибраева, Д. Сатпаев және тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілердің тұшымды тұжырымдары мен пайымдары назарға алынды. Ғылыми жұмыста Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстарды толыққанды талдаған шетелдік және отандық журналистердің жұмыстарына да көніл бөлінеді. Олардың зерттеулері мен материалдарында ішкі керегарлықтарға ғана емес, Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі, журналистердің авторитаризм жағдайында хабар тарату мәселелеріне жіті тоқталады. Сонымен бірге тақырыпқа қатысы бар анықтамалықтар, сөздіктер, басылымдар мен газет-журналдар пайдаланылды.

**Жұмыстың өзектілігі мен жаңашылдығы.** Қазақстандағы қақтығыс тақырыбы қақтығыс ретінде көп жағдайда анықтала бермейді және бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті деңгейде бұл тақырып қозғалмайды. Осы ретте бұл ғылыми жұмыста қақтығыс тақырыптарының БАҚ-та жазылу ерекшеліктері мен қындықтары зерттеледі. Қақтығысты хабарлаудағы әлеуметтік желі функциясы, соның ішінде көпшілік арасында қауіпсіз хат және ақпарат алмасу алаңы ретінде танылған Telegram арнасы тәуелсіз бұқаралық ақпарат құрал ретінде талданады. Зерттеу Қазақстандағы қақтығыс тақырыбының БАҚ-тағы көрінісін жан-жақты және объективті түрде түсіндіру мақсатында маңызды.

Қақтығыстар әртүрлі формада көрініс табуы мүмкін. Алайда осы зерттеу аясында этносаралық және саяси қақтығыстарды қамтитын әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделері, құндылықтары және өзара әрекеттесуіне қатысы бар

әлеуметтік қақтығыстарға назар аударылады. Қақтығыстың бұл түрі қазіргі Қазақстандағы қоғамдық процестердің динамикасын талдау үшін, сондай-ақ оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын зерттеу үшін ерекше өзекті болып отыр.

**Зерттеу жаңалығы.** Жаһандану процесі және әртүрлі мәдениеттің тоғысусы жағдайында БАҚ-тағы қақтығыстар туралы, әсіресе, этносаралық қақтығыстар туралы ақпарат таратудың ықпалы барған сайын арта түсуде. Оған аудиторияның әлеуметтік желілерге деген қызығушылығы мен сұранысының көбеюі де әсер етіп жатыр. Бұған дейін көптеген зерттеуші БАҚ-тағы қақтығыс тақырыбын қозғағанымен, нақты аспектілер, әсіресе, Қазақстан мысалындағы қақтығыстардың рөлі жеткілікті түрде зерттелмеген еді. Әдетте, мұндай зерттеулер шектеулі және этносаралық контекстке және әлеуметтік желі арқылы ақпарат беру аспектіндегі ерекшеліктеріне назар аудармайды. Бұл зерттеу әлеуметтік қақтығыс туралы қоғамдық пікірді қалыптастырудың бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік медиа рөлі туралы деректерді алғаш рет жүйелеп, осы маңызды мәселелерге назар аударуымен ерекшеленеді.

Ғылыми зерттеуде Қазақстан тәуелсіздік алған **1991 жылдан бастап 2022 жылға** дейінгі кезеңдегі ірі әлеуметтік қақтығыстарға шолу жасалады және олардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы көрінісі айқындалады. 2022 жылы болған **Қаңтар оқиғасына**, яғни елдің қазіргі тарихындағы ең ірі қақтығысқа ерекше назар аударылады, себебі ол елеулі өзгерістерге: үкіметтің отставкаға кетуіне, мемлекеттік саясатты қайта қарауға және «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын қалыптастыруға әкелген бетбұрысты кезең болды.

**Басқа зерттеу жұмыстарымен байланысы.** Ғылыми жұмыстың медиа, әлеуметтану және қақтығыстану саласындағы басқа зерттеулермен байланысы бар. Ол теориялық және эмпирикалық зерттеулерге негізделген. Сонымен қатар, қақтығыстар туралы қоғамды ақпараттандыруды БАҚ рөлі туралы жаңа түсініктер ұсынады. Атап айтқанда, Қазақстандағы қақтығыстар туралы ақпаратты таратудағы Telegram бұған дейін жеке дара аудиторияға әсер ете алатын құрал деп есептелмәді, алайда бұл платформа қақтығыстарды жылдам қамтуға және ақпаратқа түсініктеме беруге, осылайша халықтың осы тақырып аясында кеңінен хабардар болуына белсенді ықпал ететіні анықталады. Онымен қоса, ұлттық медиа кеңістікте лингвистикалық және мәдени компоненттің маңызды екені түсіндіріледі.

### **Зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні және міндеттері**

**Ғылыми зерттеудің мақсаты** – қазақстандық БАҚ-та әлеуметтік қақтығыстарды жариялаудың ерекшеліктерін, соның ішінде журналистер қолданатын ақпарат көздері, жазу стилі, ақпаратты тарату әдіс-тәсілдері және қоғамның қақтығыстарды қабылдау әсерін анықтау және талдау.

**Зерттеу нысаны ретінде** халықаралық Азаттық радиосы, Хабар 24 арнасындағы қақтығыс кілт сөзі арқылы табылған материалдары алынды. Басылымдардың онлайн нұсқасы қолданылды. Сонымен қатар, әлеуметтік желідегі қақтығыс тақырыбының берілуін зерттеу мақсатында Қазақпарат және Orda.kz Telegram арналары қолданылды. Отандық журналистикада қақтығыс

тақырыбының жариялану ерекшеліктерін анықтау мақсатында шетелдік BBC.com және Reuters, Gazeta.ru және RIA Новости секілді ақпарат құралдарына салыстырмалы талдау жасалды.

**Ғылыми зерттеу пәні** – қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілері және шетелдік басылымдар Қазақстандағы қақтығыс тақырыбын жазуда қандай қындықтармен бетпе-бет келеді, қандай аспектілерді назарға алатынын анықтау.

### **Зерттеу міндеттеріне мыналар жатады:**

1. БАҚ және әлеуметтік қақтығыс туралы зерттеулердің қазіргі жағдайын талдау.

2. Қазақстандық БАҚ-тағы қақтығыстардың жариялану форматтарын анықтау.

3. Қақтығыс жағдайларын тарату мен жариялау бойынша практик журналистерден сұхбат алып, маңызды нәтижелерді ұсыну.

4. Қақтығыс жағдайында ақпарат таратудағы журналистік этика мәселелерін сактау бойынша нұсқаулық әзірлеу және ұсыну.

**Зерттеудің гипотезасы.** Қазақстандық БАҚ қақтығыс тақырыбын жариялауда этносаралық орта контекстінде белгілі бір дейгейде шектеулерге тап болады. Журналистердің осы тақырыптарда хабар таратуы үлкен тәжірибе мен біліктілікті қажет етеді. Бұл зерттеу Қазақстан мысалында осы болжамды тексеруді мақсат етеді.

### **Зерттеу сұрақтары:**

1. Қазақстандық БАҚ этносаралық ортадағы қақтығыс тақырыптарын қалай көтереді?

2. Қазақстандық және шетелдік БАҚ қазақстандық қақтығыс жайлы қалай хабар таратады?

3. Қазақ тілді және орыс тілді БАҚ-тағы хабар таратуда айырмашылық бар ма?

4. Қақтығыс туралы ақпарат таратуда әлеуметтік желінің рөлі қандай?

5. Қазақстандық журналистер этносаралық ортадағы қақтығыстар жайлы хабар таратқанда қандай кедергілермен, кәсіби-этикалық сұрақтармен бетпе-бет келеді?

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі.** Тақырыпты ұсынудағы негізгі және бастапқы деректер ретінде Қазақстандағы ақпарат таратушы агенттіктердің, шетелдік БАҚ-тың контенті және әлеуметтік желілерде таралған ақпарат негізге алынады. БАҚ-тағы және әлеуметтік желідегі жаңалық мәтіндере мен материалдарына сапалық және сандық талдау жасалады, сонымен қатар фрейм мен қақтығыстанудың теориялық тұжырымдамалары қолданылады.

**Зерттеудің эмпирикалық негізі.** Медиага теңестірілген БАҚ пен әлеуметтік желілердің қақтығыс туралы БАҚ-та ақпарат жариялау тақырыбы жеткілікті зерттелмегендікten, ғылыми жұмыстарда осы ерекшеліктің негізгі белгілерін анықтауға тұра келеді. Ғылыми зерттеу осындай сезімтал тақырыптарды журналист қалай жариялайды, олар бетпе-бет келетін қындықтар мен контент дайындауда туындаудың мәселелер мен этикалық

диллемалар қандай, қақтығыстың қандай аспектілеріне назар аударады деген маңызды сұрақтарға жауап береді. Осылайша, қақтығыс кезінде шиеленіскең атмосфераны бәсендетуге және бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы оны реттеу шараларына атсалысады. Зерттеу танымал ақпарат агенттіктерінде жарияланған жаңалық, мақалалар, респонденттер пікірі, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі, соның ішінде Telegram арналарының контентін талдауға негізделген.

**Зерттеу нәтижелері.** Әлеуметтік қақтығыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетудің негізгі тенденциялары және олардың қоғамдық пікірге әсері анықталды. Осы ретте нәтижелер аясында қақтығыс жағдайларын БАҚ қалай жазатынын және бұл ақпаратты аудитория қалай қабылдайтынын жақсырақ түсінуге көмектеседі, ал журналистер мен редакторлар үшін журналистер бөліскен тәжірибе мен кеңестер атап да тақырыпта хабар таратуда көмекші құрал бола алады.

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы.** Атап да нәтижелер бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік процестерге ықпалы туралы теориялық түсінікті кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар журналистер мен редакторларға әлеуметтік қақтығысқа қатысты мәселелерді этикалық тұрғыда және жауапкершілікпен тарату бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеуге көмектеседі.

### **Әдістемелік негіз және қорғауға ұсынылған тұжырымдар**

Атап да мақсатқа жету үшін жаңалық материалдарына сапалық және сандық талдау жасалды. Сонымен қатар фрейминг пен қақтығыстанудың теориялық тұжырымдамалары қолданылды. Зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

1. Қазақстандық журналистер қақтығыс тақырыбында хабар таратуда өзіне-өзі цензура жасайды, шектейді, редакциялық қысым салдарынан толыққанды бейтарап хабар таратса алмайтын жағдайлар болады.

2. Тәуелсіз және мемлекеттік БАҚ-тың хабар тарату форматында ерекшеліктер бар.

3. Қақтығыстарды тиімді шешу бұқаралық ақпарат құралдары бұл тақырыпқа жауапкершілікпен, ашықтықпен және этика тұрғысынан келсе ғана мүмкін болады.

**Зерттеу нәтижелерін аprobациялау мен енгізу.** Негізгі теориялық ережелер мен зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті ЮНЕСКО және халықаралық журналистика кафедрасының отырысында талқыланды. CESS халықаралық конференциясында “Қанды Қаңтар” қақтығысының қазақстандық БАҚ-тағы жазылуы” тақырыбында баяндама жасалды. Central and South Asia Web Symposium халықаралық онлайн конференциясында “Этноаралық көлісім және журналист рөлі” тақырыбында талқыға салынды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері КР БФМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін басылымдарда - 3, халықаралық

конференцияларда - 3, Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда - 1. Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 5 мақала жарияланды:

1. How are conflicts covered in social media? The case study of Kazakhstan's Telegram channels «ORDA» and «Kazinform» // ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. - 2024 - №3(73). - С. 54-64.
2. Media coverage of social conflicts in online media: Case study of Azattyq.org // ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. - 2023. - №4 (70). - С. 39-47.
3. Framing conflict in Kazakhstan: a comparative analysis of Kazakh, Russian, and U.K. news outlets. Media Asia. Р. 1-19.
4. Қазақстандағы қақтығыс туралы ақпарат таратудағы журналистің рөлі // ЕҮУ Хабаршысы. - 2024. - №3(148). - С. 109-122.
5. Межэтническое согласие и ответственность СМИ. Международный сборник в рамках международной научно-практической конференции. Пресса на национальных языках в глобальном медиапространстве (Якутск, 2021).

**Жұмыстың құрылымы мен қолемі.** Диссертация құрылымы кіріспеден, үш белімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және бір қосымшадан тұрады.

# 1 ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Әлеуметтік қақтығыстың мәні, құрылымы және функциялары

Заманауи Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстарды зерттеу олардың себептерін, салдарын түсіну мақсатында дұрыс теориялық және әдіснамалық әдіс-тәсілді қажет етеді. Мұндай зерттеудің теориялық негіздері қақтығыстану, әлеуметтану және саясаттану саласындағы еңбектерге негізделген.

Қақтығыс ұғымын құбылыс ретінде зерттеу сонау ежелгі философиядан бастау алады. Ал “әлеуметтік қақтығыстар” термині XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі және нақты сипатқа ие болды. "Қақтығыстың әлеуметтануы" терминін алғаш рет неміс әлеуметтанушысы Георг Зиммель ұсынды. Сондай-ақ **Г.Спенсер, У. Беджгот, В. Самнер, Л. Гумплович, Г. Ратценгофер** сияқты ғалымдар қақтығыстарды әлеуметтік дарвинизм түрғысынан талдады.

Әлеуметтік қақтығыстың мәнін ашуға Э. Дюркгейм мен М. Вебер де атсалысты. Дегенмен әлеуметтік қақтығыс туралы айтқанда ең алдымен америкалық Л.Козердің есімі жиі аталады. Оның себебі де жоқ емес, ғалымның позитивті-функционалды концепциясы ерекше танымалдылыққа ие болған. Р. Дарендорф ұсынған қоғамының қақтығыс моделі, К. Боулдингтің жалпы қақтығыс теориясы да осы ғалымның атымен қатар аталады. Бұл зерттеушілердің еңбектерінде қақтығыс дамуға ынталандыруышы, әлеуметтік құрылымды, әлеуметтік қатынастар мен институттарды жетілдіру факторы ретінде қарастырылып, жаңаша көзқарас ұсынады.

Әлеуметтік қақтығыстың теориялық негіздері XX ғасырдың 50-жылдарының ортасынан бастап салыстырмалы түрде тәуелсіз бағытқа қарай ойысты. Осы теориялардың негізін қалаушылар жоғарыда атап өткен неміс-британ әлеуметтанушысы Ральф Дарендорф (1929-2009) пен Льюис Альфред Козер (1913-2003) келесідей көзқарастарын ұсынды. "Қақтығыс болмайтын қоғам деградацияға ұшырайды" және "қақтығыс – құндылықтар, билік, ресурстар үшін күрес әрі осы күрес кезінде қарсыластар бір-біріне зиян келтіріп, кейде тіпті бірін-бірі жойып жіберуге дейін барады" [1].

1999 жылы А.Я. Анцупов пен А.И. Шипилов жасаған қақтығыстарды зерттеудің пәнаралық шолуында қақтығыстарды қамтитын ғылыми білімнің 11 саласы анықталды. Олар: психология, әлеуметтану, саясаттану, тарих, философия, өнертану, педагогика, құқықтану, социобиология, математика және әскери ғылымдар. Осы ғылымдардың әрқайсысы "қақтығыс" ұғымын өзінше түсіндіреді [2]. Алайда 2009 жылы осы ғалымдар қақтығыс ұғымын нақтылауды ұсынып, оның екі негізгі түрін анықтады:

1) әлеуметтік қақтығыс – бұл тараптардың қарсылығында көрінетін және жағымсыз эмоциялармен бірге жүретін әлеуметтік әрекет процесі кезінде туындастын маңызды қайшылықтарды шешудің өткір тәсілі;

2) тұлғааралық қақтығыс – бұл жеке тұлғаның ішкі әлемінің ұзаққа созылған күресіне байланысты жағымсыз эмоционалды күй, ол адамның әлеуметтік ортамен қақтығысы барын көрсетеді [3].

Ғылыми зерттеуде қарастырылатын қақтығыстар сипатталғанда оның әртүрлі формасын көрсететін терминдер мен сөздер қолданылады. Мысалы: *оқиға, тәртіпсіздік, соғыс, бұлік, шиеленіс*. Осылардың әрбірінің мағынасын тереңірек түсініп, анықтама беру үшін сөздіктер мен ғалымдардың тұжырымдамаларына жүгініп көрдік.

### ***Оқиға***

Әлеуметтік оқиғалар теориясында “оқиға” деген белгілі бір уақытта болатын сапалы өзгеріс. Ол бұған дейін жағдай қалай болды және қалай өзергенін белгілейді, бекітеді.

Философ Мартин Хайдеггер өзінің “Тепе-тендік заңы” баяндамасында алғашқылардың бірі болып оқиға сөзіне жан-жақты әрі толыққанды талдау жасайды. Оның пайымынша, немістің “Er-eignen” сөзі болу, өзіңе жақыннату, өзіңе тану деген мағыналарға жақын деп аударылады. Ол бұл сөзге қарапайым түсініктегі оқиға ретінде ғана емес одан ауқымды дүние деп қараған. Оқиға – адамзат өмірі мен қоршаған ортада кездесетін іс әрекет ретінде сипатталады[4].

Отандық Бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстанда болған кейбір ірі қақтығыстарға “оқиға” деп баға береді. Мысалы, Жаңаөзен оқиғасы, Қаңтар оқиғасы және т.б.

### ***Тәртіпсіздік***

Кембридж сөздігінде тәртіпсіздікке наразылығын білдіру мақсатында көп адамның агрессивті, басқаруға келмейтін әрекет жасауы деген анықтама береді.

“Тәртіпсіздік” термині негативті тонда естіледі, кейбір ғалымдар көп адам қатысқан тәртіпсіздіктерді осылай атайды. Дегенмен ұжымдық мінез-құлықты зерттеушілердің көбі бұл терминді жағымсыз мағынада емес, жалпы оқиғаға баға беру мақсатында қолдана береді. Жаппай тәртіпсіздіктер қысымға жауап ретінде туындауы мүмкін [5].

Ұлыбританиялық медиа зерттеуші Д. Уоддингтон тәртіпсіздіктер наразылыққа шыққандар тарапынан туындаитын нақты талаптар мен әділетсіздіктер салдарынын пайда болатынын айтқан [6].

Қақтығыстың нақты себеп салдары анықталмаған жағдайда тәртіпсіздік сөзі БАҚ-та жалпылама қолданылады.

### ***Соғыс***

С.И. Ожегов дайындаған сөздікте соғыс – бұл мемлекет пен ұлттар арасындағы ұйымдастырылған қарулы күрес деп анықталады [7]. Немістің соғыс теоретигі Карл фон Клаузевиц мұны саясаттың өзге де құралдар арқылы жалғасуы деп есептейді [8]. Ал америкалық политолог К.Райт соғысты ұйымдастқан зомбылық арқылы жүретін және белгілі бір тұрғыда ұлken ауқымға жететін саяси топтар арасындағы қақтығыс деп белгілейді [9].

### ***Бұлік/төңкеріс***

Мемлекеттік режим, саяси билікке наразылық ретінде белгілі бір топтың не жаппай халықтың наразылығы. Ол физикалық түрғыда не болмаса қанды қақтығыс формасында көрінуі мүмкін [10].

Америкалық әлеуметтанушы Р. Мертон төңкеріс, бұлік сөзін индивидтің қоғамдағы жалпыға бірдей мақсаттарын, оларға жету әдістерін қабылдамай өз мақсаты мен тәсілдерімен алмастыратын мінез-құлық формасы ретінде сипаттайды. Бұлік шығарушылар қалыптасқан жүйені радикал түрде өзгерктісі келеді [11].

### ***Шиеленіс (эскалация)***

Қақтығыстағы шиеленіс – қақтығыстың ауқымды бола түсуі, жаңа деңгейге шығуы.

Й. Гултунг қақтығыстың концепциясын ұшбұрыш түрінде, яғни қарама-қайшылық, қарым-қатынас, әрекет деп бөліп ұсынады. Ол осы элементтер бір-бірімен қалай әрекеттесетініне, дамитынына назар аударады. Эскалация оның ойынша, тараптар өз позицияларын қатаңдатқанда туындауы мүмкін. Бұл өз кезегінде зорлықтың өршуіне, қарым-қатынастың нашарлауына алып келеді [12].

Бұл анықтамалар арқылы қақтығыстардың табигатын тереңірек ұғынуға болады. Себебі әрбір термин әлеуметтік, саяси, экономикалық факторлардың рөліне назар аудара отыра қақтығыс жағдайының әртүрлі аспектілерін көрсетеді. Зерттеушілердің терминдерге берген анықтамалары арқылы қақтығыстардың дамуындағы бірізділік пен занғылықтарды анықтап, оларды шешудің болжалды жолдарын, не болмаса салдарын бағалауға болады.

«Қақтығыс» термині зерттеудің мазмұны мен мәнін дәл көрсететіндіктен ғылыми жұмыста осы сөзді қолданамыз. Қазақ тілінде қақтығыс ұғымына байланысты терминдердің қолданылуында бірізділік жоқ. Әр журналист бұл ұғымды «оқиға», «тәртіпсіздік», «жанжал» немесе «шиеленіс», «бұлік», сияқты сөздерді қолдана отырып, өзінше түсіндіреді. «Қақтығыс» терминін мағынасы жағынан қарастыратын болсақ, ол былайша анықталады:

***Қақтығыс (a conflict)*** – бұл жеке адамдар, топтар немесе әлеуметтік қауымдастықтар арасындағы қайшы мүдделердің, мақсаттардың, сенімдердің немесе құндылықтардың нәтижесінде пайда болатын динамикалық әлеуметтік процесс. Этимологиясына сүйенсек, қақтығыс сөзі латынның *configere* етістігінен туынрайды, оның мағынасы “*куресу*”, “*шайқасу*”, “*қақтығысу*” дегенге саяды. Қақтығыстану туралы, оның себептері, түрлері және шешілу жолдары жайлы қазақстандық оқулықтарда дәл осы “*қақтығыс*” термині кеңінен қолданыс тапқан.

Қақтығыстар тұлғааралық қатынастарда, сондай-ақ топтар, ұйымдар, тіпті мемлекеттер деңгейінде де орын алуды мүмкін. Қақтығыстардың ашық және жасырын түрлері ажыратылады. Ашық және жасырын қақтығыстардың арасындағы айырмашылық қақтығыстардың әлеуметтік өзара әрекеттесулер мен процестерді қалай қалыптастыратынын түсінуге көмектеседі. Ашық қақтығыстар тез байқалады және оларды жылдам шешуге болады, ал жасырын қақтығыстар әлеуметтік процестерге біртінде, бірақ бірден терең әсер етеді.

Қақтығыстар әлеуметтік өзгерістерге әсер ету, қоғамдағы қайшылықтарды анықтау және шешу сияқты маңызды әлеуметтік функцияларды орындауды. Дегенмен қақтығысты басқару стилі мен қақтығыстарды шешу стратегияларына байланысты ол жағымсыз не жағымды салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан қақтығысты басқару және шешу мәселелеріне белгілі бір қақтығыстың ерекшеліктерін және оның пайда болу себебін ескере отырып, ерекше назар аудару керек.

Академик Г.В. Осиповтың жалпы редакциясымен жасалған алғашқы орыс тілді әлеуметтік энциклопедияда әлеуметтік қақтығыс ұғымына мынадай анықтама беріледі:

“Әлеуметтік құбылыс, оның мазмұны, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық және нақты көптеген заңдылықпен анықталған адамдардың қарым-қатынасы мен әрекеттерінің қайшылықтарын дамыту және шешу процесі. Бұл процесс динамикасының өзара байланысты екі диалектикалық нысаны бар: 1) ашық қарама-қайшы әрекеттер; 2) ашық іс-әрекеттерде көрінбейтін жеке және топтық деңгейлердегі қарама-қайшы психологиялық күйлер (типологиялық және жеке) [13].

Қақтығыстың жалпы теориясын ұсынған американалық әлеуметтанушы К. Боулдингтің пікірінше, қазіргі қоғамда, қақтығыстарды болдырмау мүмкін емес, сондықтан оларды бақылау және басқару қажет [14].

Осы ретте қақтығыстардың негізгі белгілеріне мыналар жатады:

– қарама-қарсы тараптар қақтығыс деп қабылдайтын жағдайдың пайда болуы;

– қақтығысқа қатысушылардың мақсаттарының, қажеттіліктерінің, мүдделерінің және оларға қол жеткізу әдістерінің қарама-қарсы болуы;

– қарама-қайшы тараптардың әрекетке түсүі;

– әрекеттің нәтижелері;

– қысым жасау не күш жұмсау.

Әлеуметтік қақтығыс — бұл таптық, этникалық, мәдени, діни немесе басқа әлеуметтік сәйкестік негізінде туындауы мүмкін қоғамдағы әртүрлі топтар арасында туындаудың шиеленіс түрі. Бұл құбылыстың түп тамыры мүдделер, құндылықтар, билік қатынастарындағы және ресурстарға қол жеткізудегі айырмашылықтарда жатыр. Мысалы, тап күресінің марксистік теориясын қарастыруға болады, ол бойынша өндіріс құралдармен қамтылмаған-қамтылған таптар арасындағы қайшылық қоғамдық даму мен тарихи прогрестің қозғаушы күші деп есептеледі. Мұны қарапайым тілде былай түсіндіруге болады: бір топтың мақсатқа жетуі өзге бір топтың мақсаттарына жетуіне кедергі болатын мүдделер қақтығысы. Көбінесе мұндай қақтығыс ресурстар, билік, мәртебе үшін бәсекелестікпен бірге жүреді. Бұл қақтығыстар әртүрлі формаларда, соның ішінде ашық қақтығыстарда, әлеуметтік қозғалыстарда, ереуілдерде және тіпті азаматтық соғыстарда көрінуі мүмкін.

Льюис Козер (2006) тұжырымдамасында әлеуметтік қақтығыс қоғамда бірнеше маңызды функцияларды орындауды:

1. Тұрақтандыру және біріктіру. Қақтығыс нормаларды жаңартуға және оларды өзгеріске бейімдеуге көмектесу арқылы әлеуметтік құрылымды сақтауға ықпал етеді. Мысалы, белгілі бір адамдар тобына ортақ туындаған қақтығыстар олардың бірігуіне әкелуі мүмкін.

2. Әлеуметтік оқшаулануды азайту және бірігу. Қақтығыс бір-бірінен оқшауланған жеке адамдар мен кішігірім топтарды біріктіру арқылы топ ішінде одақтар мен коалициялар құрады. Бұл жаңа байланыстар құру және әлеуметтік белсенділікті жақсартуға ықпал етеді.

3. Күштің тере-тендігін сақтау. Қақтығыстар тараптардың арақатынасын анықтауға және тере-тендікті реттеуге мүмкіндік береді, бұл әлеуметтік құйзелістердің алдын алады. Осы арқылы қарсылас тараптар қай жақта қолдау мен күш көп екенін анықтап, жаңа тере-тендікке қол жеткізе алады.

4. Теріс әсерді төмендету механизмі. Әлеуметтік институттар жағымсыз эмоцияларды шығару функциясын атқара алады, бұл ішкі шиеленісті азайтады, қоғамдық тәртіпті сақтауға көмектеседі. Мұндай "қауіпсіздік механизмдері" адамдарға қоғамдық тәртіпті бұзбай өз сезімін, көңіл-күйін айтуға мүмкіндік береді. Мысалы, ашық наразылықтар, митингілер ұйымдастыру арқылы уәждерін жеткізе алады [1, р. 179].

Қазақстандық ғалымдардың ішінде қақтығыс түсінігін зерттегендер аз емес. Олардың көбі бұл ұғымды Қазақстан контекстінде, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуы тұрғысынан қарастырган. Олардың қатарына Л.С. Ахметова, К. Тергембай, Б.Н. Қылышбаева, А.Р. Әліпбаевты жатқызуға болады.

Б.Н. Қылышбаева өзінің "Қақтығыстану" атты еңбегінде қақтығыс қоғамда және оның құрылымдарында, мысалы, әлеуметтік топтарда, ұйымдарда және жеке адамдар арасында ерекше рөл атқарады деп жазады [15].

Қақтығыстың құрылымы – оның мәні мен дамуын анықтайтын элементтердің жиынтығы. Оған субъектілер (негізгі және қосымша қатысушылар), қақтығыс объектісі (даудың субъектісі), тараптардың мотивтері (олардың мақсаттары мен мұddeлері), жағдайлары (микро және макроорталар), динамикасы (қақтығыс кезеңдері) және нәтиже (қақтығыстың шешілуі немесе шиеленісі) кіреді. Барлық осы құрамдас бөліктер бір-бірімен тығыз байланысты және қақтығыстың барысын қалыптастырады.

Қақтығысқа тікелей қатысадын тараптар қақтығыстың негізгі қатысушылары болып саналады. Қатысушылар оның пайда болуы мен дамуында жетекші рөл атқарады. Олар субъектілер не оппоненттер деп аталады. Қақтығысқа әсер ету үшін тараптың ресурстары мен мүмкіндіктері неғұрлым көп болса, оның дәрежесі де соғұрлым жоғары болады. Қақтығыстың қосымша тараптары немесе үшінші тұлғалар көмекші рөл атқарады. Кейде олар негізгі қатысушылармен орындарын өзгертуі мүмкін. Қақтығыстың басқа да маңызды қатысушылары бар: бастамашылар (басшылар), ұйымдастырушылар, сыйбайластар және медиаторлар. Қақтығыс ортасы – оның пайда болу себептері мен динамикасына әсер ететін жағдайлардың жиынтығы. Оның екі түрі бар: Микроорта – шағын әлеуметтік топтардағы тұлғааралық және топаралық

қақтығыстарды қалыптастыратын жағдайлар. Макроорта – үлкен топтар немесе мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды анықтайтын факторлар [15, с. 18-22].

Ал отандық ғалымдар А.Р. Әліпбаев пен Б.З. Бөжеева қақтығыстарды шешудің басты принципі әділеттілік деп есептейді. XX және XXI ғасырлардағы қақтығыстар қын салдарға әкелмес үшін әлемнің түкпір-түкпіріндегі саясаткерлер мен ғалымдар қақтығыстарды бейбіт жолмен шешудің жолдары мен құралдарын іздеуге мәжбүр. Себебі бұл ерекше маңызға ие, өйткені ол адамзат өркениетінің сақталуы мен тұрақты дамуының маңызды шарты. Тарихта әлемдік тұрақтылықтың жойылуына әкелген саяси қақтығыстар болды. Мысалы, Кубада КСРО мен АҚШ-тың әскери-саяси мұдделерінің қақтығысынан туындаған Кариб (Куба) дағдарысы бүкіл әлем үшін апатқа айнала жаздады. Екі ел де ядролық қаруды қолдануға дайын екендіктерін білдірді, бұл адамзатқа жаңа қауіп төндірді. Алайда мұндай қақтығыста жеңіске жетудің күмәнді әрекет екенін түсініп, екі жақтың билігі тез арада бейбіт келісімге келді [16].

Әлеуметтік қақтығыстар қоғам мен оның мүшелерінің осы қақтығыстарды қалай басқаратынына және оларды шешуге ұмтылысына байланысты жойқын да, әлеуметтік дамуды ынталандырушы да болуы мүмкін.

Қазір Қазақстан әртүрлі мәдениеттердің, экономикалық мұдделер мен саяси ықпалдың тоғысқан жерінде орналасқандықтан, мұндағы әлеуметтік қақтығыстарды зерттеу маңызды болып отыр. Аталған факторлар әлеуметтік қайшылықтардың пайда болуына себеп бола алады, соның ішінде қақтығыстар ұлтаралық және діни қақтығыстардан бастап таптық және экономикалық қақтығыстарға дейін әртүрлі формада көрінуі мүмкін.

Өркениеттер дамуының тарихи тәжірибесі көптеген халықтың құрделі және көп қатпарлы әлеуметтік қақтығыстарды бастан кешіргенін көрсетеді. Мұндай қақтығыстардың ең жойқын түрлерінің бірі – соғыс. Соғыстар әртүрлі халықтар, елдер мен мемлекеттер арасындағы қақтығыстардың нәтижесінде пайда болды. Азамат соғыстары халық үшін, әсіресе, ауыр зардаптарға әкелді, себебі онда «бауыр бауырға, бала әкесіне қарсы шығуына тұра келеді». Бұл қанды соғыстар көбінесе елеусіз болып көрінетін қақтығыстардың нәтижесі болды [17].

Қазақстандағы қақтығыстардың ауқымын елдің құрделі әлеуметтік, саяси және геосаяси ортасын көрсететін ішкі және сыртқы қақтығыстар деп қарастыруға болады. Қазақстан тәуелсіз ел болғанына 30 жылдан асқанына қарамастан, журналистика Кеңес Одағы ықпалындағы медиа үлгіден заманауи бағыттағы дамуға біртіндеп көшуде [18].

## 1.2 Әлеуметтік қақтығыстардың типологиясы

Әлеуметтік қақтығыстардың типологиясын қарастыру олардың әртүрлі көріністерін анықтауға және жіктеуге көмектеседі, бұл өз кезегінде олардың табиғатын терең түсінуге, сондай-ақ оларды шешу мен алдын алудың тиімді әдістерін жасауға ықпал етеді.

Қақтығыстарды зерттеген ғалымдардың көшілігі оның классификациясына келгенде әртүрлі топтарға бөліп қарастырады.

Зерттеушілер қақтығыстардың әртүрлі иерархиялық бірліктерін (түрлері, типологиясы, денгейлері, санаттары) бөліп көрсетеді. Алайда қақтығыстардың типологиясы мен жіктелуіне қатысты бірыңғай пайым әзірге жоқ. Сондай-ақ қақтығыстарды басқару тұрғысынан жіктеудің әдіснамалық негіздерін анықтайтын жұмыстар жеткіліксіз. Осыған орай зерттеушілерде қақтығыстарды жіктеуге қатысты бірыңғай әдіс-тәсіл жасап шығу мүмкін емес деген түсінік қалыптасты.

*Қақтығыстардың жіктелуі.* Қақтығыстар табиғатының алуан түрлілігін және жан-жақтылығын көрсететін түрлері көп. Ашық дереккөздерде жиі тарағандарын қарастырайық:

*Түндау себебі бойыниша:* ішкітұлғалық, тұлғааралық, топтық, ұйымдық, мемлекетаралық.

*Ауқымы бойыниша:* жергілікті, аймақтық, ғаламдық.

*Көрініс табу тәсілі бойыниша:* ашық, жасырын.

*Шешімін табу әдісі бойыниша:* конструктивті, деструктивті.

*Тараптардың өзара әрекеттесу сипаты бойыниша:* бәсекелестік, кооперативтік.

*Тараптар үшін салдары бойыниша:* симметриялы, асимметриялық.

Аталған жіктеменің әрқайсысы белгілі бір қақтығыстың механизмін, оның ықтимал себептерін және шешу жолдарын жақсы түсінуге көмектеседі.

Қақтығыстардың табиғатын жүйелеу және жақсырақ түсіну әрекетінде ғалымдар мен зерттеушілер әртүрлі тәсілдер мен теорияларды әзірледі. Бұл тарауда осы саладағы жетекші ғалымдардың жұмысына негізделген қақтығыстың негізгі теориялық тұжырымдамалары мен жіктемелері қарастырылады.

Қақтығыс ұғымының теориялық негізі Карл Маркс жасаған классикалық қақтығыстар теориясына келіп тіреледі. Ол қақтығысты капиталистік жүйедегі таптық мұдделер бәсекелестігінің болмай қоймайтын салдары ретінде қарастырады [19]. Заманауи кеңістікте бұл көзқарас ауқымды бола түсті және тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси және мәдени қақтығыстарды талдауға бейімделді.

Әлеуметтік қақтығыстар әртүрлі категориялардан тұрады және әр ғалым оның жіктемесін әртүрлі етіп ажыратады. Алайда олардың этникааралық, классаралық, дінаралық сипаты бар екенін көрсететін жіктемелер де бар.

Әлеуметтік қақтығыстардың типологиясын ұсынғандардың бірі Джозев Хаймс. Ол қақтығысты оған қатысушылардың ақымы мен қоғамға әсеріне қарай:

Жеке қақтығыс – мемлекет немесе үкімет маңызды рөл атқармайтын ұжымдық субъектілер арасындағы қарама-қайшылықтар. Бұл категорияға жекпе-жек, бандылық соғыстар, сондай-ақ дінаралық, нәсіларалық, ұлтаралық және классаралық қақтығыстардың кең ауқымы кіреді. Бұған қоса ру аралық және жұмысшылар мен басшылар арасындағы еңбек қақтығыстары, аймақ аралық текетірес, сонымен қатар қала мен ауыл арасындағы қақтығыстар жатады.

Бағынбаушылық – бұл азаматтардың наразылық акцияларында, ереуілдерде және бейбіт қарсылықтың басқа да нысандарында көрінетін үкімет шешімдерімен немесе саясатымен ашық келіспеушілігі.

Тәртіпсіздіктер – билікке немесе әлеуметтік институттарға қарсы бағытталған зорлық-зомбылықпен, қиратумен және бейберекет әрекеттермен жүретін жаппай демонстрациялар.

Жасырын сөз байласу – белгілі бір топ мүшелері тәртіпті бұзу немесе өз мүдделеріне қол жеткізу мақсатында жоспарлы әрекеттер жасайтын қақтығыстың ұйымдастықан әрі жасырын түрі.

Соғыс – қоғамдағы мемлекеттер немесе топтар арасындағы ұйымдастықарулы қақтығыс болатын қақтығыстың төтенше түрі [20].

Бұл типология әлеуметтік қақтығыстар қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын қамтитын және елеулі әлеуметтік және саяси өзгерістерге әкелетін жергілікті және жаһандық сипатта болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Әлеуметтік қақтығыстар қоғамдық өмірдің сантүрлі аспектілерін қамтиды. Бұл қақтығыстардың саяси, этникалық, экономикалық және басқа да сипатта болуы мүмкін екенін растайды.

Мәселен, зерттеуші Анатолий Борисович Рапопорт қақтығыстарды жіктеудің бірнеше критерийлерін анықтады, соның ішінде:

1. Қатысушылардың табиғаты. Демек қақтығыстар: жеке тұлғалар (жеке даулар, мүдделер қақтығысы); шағын топтарда (отбасылар, компаниялар, бандалар); ірі әлеуметтік топтар (этникалық, нәсілдік, саяси қауымдастықтар); ұлттар немесе халықаралық блоктар (мысалы, мемлекеттер арасындағы қақтығыстар немесе НАТО сияқты әскери одақтар) арасында туындауы мүмкін.

2. Қақтығыс тақырыбы. Келіспеушіліктер келесі себептер бойынша туындауы мүмкін: құқықтар мен артықшылықтар (мысалы, азаматтық құқықтар үшін құрес); ресурстарды бақылау (жер, мұнай, су ресурстары және басқа да экономикалық мүдделер бойынша қайшылықтар); саяси билік (билік үшін құрес, төңкеріс, наразылық қозғалыстары); қатысушылардың өмір сүруінің өзі (төтенше жағдайларда, мысалы, этникалық тазарту, отарлау мақсаты).

3. Қолданылатын құралдар. Қақтығыстарды жүргізу әдістері дипломатиялық келіссөздерден бастап зорлық-зомбылық әрекеттерге дейін, соның ішінде үгіт-насихат, санкциялар, әскери операциялар және терроризмге дейін барады [21].

Демек бұл жіктеме саяси қақтығыстардың әлеуметтік қақтығыстардың негізгі категорияларының бірі екенін көрсетеді. Оларға билік үшін құрес, идеологиялық қарама-қайшылықтар, революциялар, мемлекеттік төңкеріс және халықаралық конфронтациялар кіруі мүмкін.

Льюис Козер қақтығысты тек деструктивті емес, бейімделу мен әлеуметтік түрғыдағы қозгаушы күшке ықпал ететін конструктивті әлеуметтік процесс ретінде қарастыруды ұсынады [1, р. 180].

Қақтығыс теориясындағы тағы бір белгілі концепция «қақтығыстың түбегейлі себептері» тұжырымдамасын енгізген Джон Бертонның моделі. Ол қақтығыстың тамыры жалпылама дәйектер мен дауларда емес, адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырмада жатқанын дәлелдейді [22].

Қақтығыс психологиясы саласындағы зерттеуші Мортон Дойч қақтығыстарды қатысуышылардың мақсаттарына: мұдделер қақтығысына, құндылықтарға, ақпаратқа және құрылымдық қақтығыстар қатынасына қарай саралауды ұсынды [23]. Бұл класификация қақтығыстардың негізгі себептері мен оларды шешу тәсілдерінің әртүрлілігін көрсетеді, бұл Дойчтың көзқарасын қақтығыстарды басқару механизмдерін түсіну үшін ерекше маңызды етеді.

Дэниел Дракманның еңбегі қақтығыстардағы күш пен қабылдаудың маңыздылығына бағытталған. Ол әділдікті қабылдау және бақылау сезімі стратегияларды таңдауда және қақтығыстың қалай аяқталатынына әсер етеді деп түжырымдайды. Қақтығысқа қатысуышылар өз әрекеттерінің әділ деп қабылданатынына және жағдайды бақылауға алатынына сенсе, бұл олардың мінез-құлқына және қарсыласу нәтижесіне әсер етеді. Дракман қақтығыс динамикасы үшін әділдік пен бақылау сияқты психологиялық факторлардың маңызды екенін атап көрсетеді [24].

Ал Рональд Фишердің әлеуметтік қақтығыстарды басқару теориясы қақтығыстың процедуралық аспектілеріне назар аударады және қарым-қатынас, келіссөздер және делдалдық арқылы қақтығысты тиімді шешу жолдарын ұсынады [25]. Фишер конструктивті диалог пен қақтығыстың барлық тараптары үшін өзара қолайлы шешімдерді табудың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді.

Ақпараттық технологиялардың және жаһандану процесінің дамуы, әртүрлі мәдениеттің тоғысыы адам өмірінің кейбір салаларында өзгерістерге жол беріп, соның ішінде қауіп түрлерін көбейтті. Бұл дүниежүзіндегі көші-қон процесінің күшеюімен де байланысты. Кез келген ақпаратқа қолжетімділік және оны тұтынуға әр адамның құқығы бар екендігі Адам құқықтары туралы Конвенцияда жазылған, бірақ бұл дамушы елдер үшін теріс әсер беріп жатқаны жасырын емес.

Льюис Козер «Әлеуметтік қақтығыстың функциялары» атты атақты еңбегінде қақтығыстардың кезеңдері мен түрлері, сондай-ақ олар қандай өзгеріс әкелетініне тоқталады. Оның түжырымынша, қақтығыс тек жағымсыз ғана емес, сонымен қатар жақсы өзгерістер әкелуі мүмкін. Қақтығыстың мемлекеттің және оның халқының табысына әсер ететін жағымды жақтары бар. Қақтығыстардың орын алуы мемлекеттің саясат векторларын өзгерту керек екенін білдіреді, әсіресе, қоғам мұддесіне қарай жақын болуы немесе өз азаматтарына ықпал ету қажет екенін көрсетеді. Тіпті қауіп төнген кезде азаматтық белсенділікті басуға болады деп есептейді ғалым. Қақтығыстар арқылы азаматтық белсенділікті төндіретін қаупіне қарай басу немесе азаматтардың жағына шығып, билікті өзгерту қажет дейді [1, р. 179].

Қоғам ішіндегі қайшылықтарды зерттеуде маңызды орын алатын әлеуметтік қақтығыстар бізді еріксіз ерекше категорияға – этникалық қақтығыстарға алғып келеді. Бұл қақтығыстар әлеуметтік процестермен тығыз

байланысты әлеуметтік конфронтацияның ерекше формасын білдіреді. Осы ретте оларды жеке қаастыруға болмайды.

Этникалық қақтығыс – бұл бір немесе бірнеше этникалық қауымдастықтар арасындағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, аумақтық немесе мәдени сипаттағы негізгі мәселелер бойынша туындастын келіспеушілік [26]. Дегенмен этникалық қақтығыстардың барлығында зорлық-зомбылық немесе бітіспес қайшылықтар бола бермейді. Олардың кейбіреулери бейбіт турде шешіледі.

Қазіргі жағдайда жаһандану процесі этникалық қақтығыстардың дамуы мен шиеленісуінде маңызды рөл аткарады. Бұл үздіксіз процесс және қақтығыстардың дамуына өзінше серпін береді, адамдардың өміріне және олардың басқалармен қарым-қатынасына айтарлықтай әсер етеді. Жаһандану шиеленіске әкеліп, зорлық-зомбылыққа толы қақтығыстарды тудыруы немесе керісінше бейбіт өмір сұру мен мәдени алмасуға ықпал етуі мүмкін.

Этносаралық ортадағы қақтығыстар жеке бастың, мәдениеттің, тарихтың және биліктің мәселелерін қозғай отырып, қарапайым мұдделер қақтығысынан асып түседі. Бұл қақтығыстар мәдени айырмашылықтарды құрметтеу және өзін-өзі тану құқығы үшін күреспен тікелей байланысты. Этникалық топтар арасындағы қақтығыстар көбінесе әлеуметтік әділетсіздік, экономикалық теңсіздік, кемсітушілік және саяси маргинализация аясында туындаиды.

Этносаралық қақтығыстарды әлеуметтік қақтығыстың құрамдас бөлігі ретінде түсінудің маңыздылығы көптеген ғалымның еңбектерінде атап өтілген. Мысалы, американлық әлеуметтанушы әрі саясаттанушы Сэмюэль Хантингтон болашақта дүниежүзілік қақтығыстар идеологиялық немесе экономикалық айырмашылықтарға емес, мәдени және өркениет ерекшеліктеріне негізделеді дейді. Ал американлық әлеуметтанушы Дональд Горовиц қоғамның саяси және экономикалық өміріне барлық этникалық топтардың тең құқылы қатысуына ықпал ететін институттарды құрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Этносаралық ортадағы қақтығыстар – бір ғана себеппен түсіндірілмейтін немесе қарапайым шешімдермен жойылмайтын құрделі және көп өлшемді құбылыстар. Горовиц мұндай қақтығыстар тарихи наразылықтардың, этникалық негіздегі саяси жұмылдырудың, ресурстар үшін бәсекелестіктің және топтар арасындағы құрылымдық теңсіздіктердің қосындысынан туындаиды деп есептейді [27].

Этносаралық қақтығыстар қоғамнан тыс туындаиды, себебі олар әлеуметтік қатынастар мен билік құрылымдарының құрделі желісінің бөлігі. Сондықтан оларды талдау мен шешудің өзгерістерге әкелетін салдары болуы мүмкін. Демек қақтығыстардың шешілуі турасында шешім қабылданарда олардың тікелей себептері мен қалай көрініс табатынын түсіну керек, сонымен қатар олардың туындауына ықпал ететін негізгі әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемалар ескерілуге тиіс.

Мәселен, Карл Маркс ең алдымен таптық қақтығыс идеясына басымдық берсе де, оның идеяларын этносаралық қақтығыстарға қолдануға болады. Ол қақтығыстарды әртүрлі этникалық топтар арасындағы ресурстар мен билік үшін

күрес ретіндегі таптық ұstemдік үшін үлкен күрестің бөлігі ретінде қарастырады [19, с. 34-35].

Осылайша, этносаралық қақтығыстарды әлеуметтік дилеммалар мен қайшылықтарды көрсететін айна ретінде қарастыруға болады. Оларды шешу әлеуметтік теңсіздікті еңсеру, мәдениетаралық диалогты нығайту және барлық этностардың құқықтарын қорғау тетіктерін қалыптастыратын кешенді тәсілді талап етеді.

Льюис Козер теориясында «қайшылық», «қақтығыс», «күрес», «үйлесімсіздік» сияқты сипаттамалар қолданылады және этникалық қақтығыстар концепциясын түсінуде маңызды рөл атқарады. Әдетте этникалық қақтығыстар мен азаматтық соғысты кейде шатастырып жатады. Азаматтық соғыстарда бір ұлт немесе бір этнос бір-бірімен соғысады [1, р. 179].

Этникалық қақтығыстардың әлеуметтік қақтығыстар ішіндегі ең қыын әрі маңызды формасы екенін атап өту керек. Олардың пайда болуының себебі теренде жатқандықтан, яғни мәдени айырмашылықтар, тарихи жады, бірегейлік сияқты мәселелерге байланысты болғандықтан оларды зерттеу зерттеушілер мен саясаткерлер тарарапынан ерекше назар аударуды талап етеді.

Қақтығыстардың жіктелуіне талдау жасай келе, олардың әр қайсысы өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес дамитынын байқаймыз, десе де олардың қай-қайсысы болмасын қоғамдық процеске әсер етеді. Себебі осылайша олар саяси және әлеуметтік күн тәртібін қалыптастырады.

### **1.3 Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстар және БАҚ-тың рөлі**

Әлемдегі адамдардың бейбіт және келісімде өмір сүруі әрдайым зорлық-зомбылық сипатындағы қақтығыстар қаупімен қатар жүреді. Бұл қақтығыстар адамдардың кедейленуіне, қоныс аударуына, адам құқықтарының бұзылуына және өлімге әкелді [28]. Қазіргі ақпараттық қоғамда журналист фактілерді жеткізу қызметін атқарып қана қоймай, әлеуметтік шындықты қалыптастыруға белсенді қатысады. Ол қақтығыстың қай аспектілерін жария ету керектігін және қайсысын елемеуге болатынын шеше алады. Журналистердің бұл міндеті сөз бостандығы шектелген және бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік бақылау күшті елдерде ерекше маңызды болып отыр [29].

Ақпаратты тарату көптеген қоғамда қақтығыстарды өршіте алатын құрал ретінде көрініс табады. Ақпараттың мазмұны мен оны тарату тәсілі адамдардың бейбіт өмір сүру қалпына әсер етуі мүмкін.

Қазір адамдар қарым-қатынас жасайтын контекст пен механизмдер жылдам өзгерді. Жаңа жаһандық мәдениеттер, технологиялар мен өзара әрекеттесудің бағыттары адами қарым-қатынас ауқымының жаңаруына әкелді. Жаңа медиа қақтығыстардың пайда болу жолдарын көбейтті [30].

Қазақстандық ғалым, публицист Омашев Н.О. БАҚ әр кезеңге сай икемделу керектігін енбектерінде жиі жазады. Жаһандану дәуірі мен ақпараттық қауіпсіздік сыналатын кезеңде әлемдік кеңістікке ену осы процеске белсенді араласуды, өз рөлімізді түсінуге итермелейді. Жаһандық трендтер елдердің

дамуы мен көркеюіне атсалысып, бірыңғай ақпараттық кеңістік жасап шықты, одан қалыс қалуға болмайды [31].

Қақтығыстардың БАҚ-та көрініс табу мәселелерін зерттеген отандық зерттеушілер қатарында журналистерге әдістемелік құрал жазып шыққан Р. Қарымсақованы атап өтуге болады. Ол өз еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы этникалық ақпаратты зерттеуге, журналистикадағы толеранттылық пен ксенофобия мәселелері, сондай-ақ БАҚ-та этникалық нағым-сенімдерді тудыру жолдарына назар аударады [32]. Одан білек медиадағы дискурс тақырыбын зерттеуші Д. Түсіпова қазақ тілді және орыс тілді басылымдарды қарастыра келе, қазақ тілінде хабар тарататын журналистер бейтарап емес екенін, ұлт өкілдеріне қатысты “біз” және “олар” деген сұнды ерекшелену сөздерін қолданатынын анықтаған [33]. Ал Қазақстандағы этникалық қақтығыстарды зерттеуші М. Сенгіrbай әлеуметтік қақтығыстардың қай түрі адамзат тарихындағы процестердің қозғаушы күші болды деген сұраққа былай деп жауап береді: “Соғыстар, қақтығыстар және бірігу процестері таптық қақтығысқа негізделеді, ал қақтығыстардың барлық басқа түрлері оның эпифеномендері, яғни осы түбебейлі қайшылықтың туындылары немесе салдары” [34].

Қақтығыстарды, медиа саласын зерттеуші ғалым Ахметова Л.С. қақтығыстар әртүрлі сипатта көрініс табатынын, соның ішінде, кейбірі белгілі бір идеяларды дамытуға және әлеуметтік-саяси тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді, ал басқалары, керісінше, қоғамды тұрақсыздандыруға әсер ететінін алға таратады. Қоғамды біріктіру мәселесі әрдайым отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінің негізгі бағыты болып қала береді. Зерттеушілердің алдында жинақталған тәжірибелі жүйелену және талдау, қақтығыстар мәселелеріне теориялық және практикалық тәсілдерді әзірлеу, оларды шешудің дұрыс әдістерін енгізу міндепті тұр. Осы ретте толеранттылық, адам құқықтарын қорғау, бітімгершілікті дамыту және азаматтық қоғамды қалыптастыру өте маңызды [35].

Медиа зерттеуші Г.Ж. Ибраева пайымынша, бір ақпараттың өзі дүрбелең тудырып, үлкен шығынға әкелуі мүмкін. Ақпаратты таратудың заманауи құралдары қарулы қақтығысқа қарағанда ауыр зардалтарға әкеледі. Бұл мәселе алдағы уақытта Женева және Гаага конвенцияларын қайта қарап, ақпараттық және психологиялық соғыс әдістерін пайдалануды реттейтін ережелерді қосуға итермелейді [36].

Медиа әлеуметтік қақтығыстар жайлар қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Журналистиканың мұндай әсерін психолог Альберт Бондураның әлеуметтік-когнитивті теориясымен түсіндіруге болады. Ол бойынша медиа арқылы бақылау аудиторияның мінез-құлышының қалыптастырады деген тұжырым жасалады.

Альберт Бондураның теориясы адамдар медиа арқылы көрсетілетін мінез-құлышың модельдерін бақылап, солардан үйренетінін атап өтеді. Демек әлеуметтік қақтығыс жағдайында журналистер осындай аудитория мінез-құлышының өзгерістеріне себеп бола алғатын “ұлғі алғатын” тарап бола алады. Қазақстандық

медиада сенсационализмге еліктеу тенденциясы байқалады. Бұл Бандура теориясына сәйкес, шиеленіске әкелуі мүмкін. Ал керісінше шиеленісті азайту үшін нақты шешімдерді ұсына отырып, қақтығыстарды тиімді шешуге бағытталған позитивті бағыттағы материалдар аудиторияның бойында өздеріне қатысты тиімділікті сезіндіруі мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді қалыптастыруды маңызды рөл атқарады, себебі ол ақпарат көзі ғана емес, аудиторияга әсер етуші күш ретінде қызмет етеді. Осылайша ақпаратты жасаушылар оны тұтынатындарға он не теріс әсер ете алады. Сонымен қатар, БАҚ арқылы белгілі бір идея тарату да ақпарат тұтынушыларға әсер етуі мүмкін. Демек бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық дискурсты қалыптастырудың көмектесетін және белгілі бір сенімдер мен тәжірибелерге қоғамның көзқарасына әсер ететін пайдалы құрал. Кейбір қауымдастықтар туралы жүртшылықтың не ойлайтыны олардың бұқаралық ақпарат құралдарында қалай ұсынылатынына да байланысты [37]. Мұндай қабылдау этникалық қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

Тәртіпсіздікке ықпал еткен факторлардың ішінде: теңсіздіктің өршуі, халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі аясында халықтың нақты табысының төмендеуі, табысы ең төменгі құнқөріс деңгейінен төмен адамдар санының артуы, кедейліктің артуы және жұмыссыздық бар. Халықтың ең кедей топтары арасында наразылық сезімін қалыптастырудың негізінде экономикалық факторлар жатыр. Аталған наразылық көңіл-күйлерінің ауқымды толқуларға ұласып кетуіне аз ғана триггер себеп бола алады [38].

Мәселен, тарихқа үнілсек, Камбоджа және Югославияның бұрынғы мемлекеттері сияқты елдерде медиа ескі этносаралық қақтығыстарды қайта жандандыру құралы ретінде пайдаланылды. Зерттеушілер Хьюз және Пупавак Камбоджа мен Югославиядағы қақтығыстардан зардал шеккен адамдарды БАҚ ауру немесе есі дұрыс емес етіп көрсету үшін пайдаланған бірнеше мысалдарды құжаттаған. Бұл патологиялық құбылыс деп аталады. Камбоджада соғысуши тарап өздерін құрбан ретінде көрсету үшін зорлық-зомбылық туралы ақпаратты бұрмалаған. Ал Югославияда серб баспасөзі этникалық сербтерді Боснияда қоршауға алынған адамдар ретінде көрсетті. Бұл да бұрмаланған ақпарат еді. Себебі Сараевода Боснияда тұратын этникалық сербтердің қоршауында мұсылмандар мен хорваттар болған. Бұл жалған ақпарат серб жүртшылығының жанашырлығын тудырды және Сербия үкіметінің халықтың қолдауына ие болуына әсер етті. Осылайша қарапайым халық, әсіресе жастар, серб армиясына қосылуға және бұқаралық ақпарат құралдарында құғынға ұшырап жатыр деп көрсетілген өз халқына көмектесуге ынталанды [39].

Осыған ұқсас мәселелер Африкадағы қақтығыс аймақтарында да тіркелді, мұнда бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның саясат, спорт және ойын-сауық сияқты мәселелер жайлы ойларына әсер ету үшін қолданылды.

Мысалы, Нигериядағы БАҚ христиандар мен мұсылмандар арасындағы діни қақтығыстарды өршітті деп айыпталған. Мұсылмандар электронды және баспасөз форматындағы БАҚ құралдарын христиандарды қорлау үшін пайдаланды делінді. Мұсылмандар, керісінше, Батыс БАҚ-тарын ислам дініне

қарсы өшпендиңікті насихаттады деп айыптаиды. Баспасөз елдегі діни бірегейлікті корғау үшін қолданылады. Сектааралық соғыстарды қоздыру үшін пайдаланылатын кейбір бұқаралық ақпарат құралдарына теледидар/радио жаңалықтары, аудио кассеталар, қоғамдық хабарлар және үкіметтік хабарлар кірген [40]. Демек баспасөз елдегі белгілі бір мұдделі топтардың сойылын соғып, әсер ету құралына айнала алатынына тарих та дәлел. Қақтығысты өршітіп жіберуге мұдделі топтар ғана емес, журналистердің өздерінің кәсібілігінің аздығы себеп болып жатады.

2007 жылғы Кениядағы сайлаудан кейінгі зорлық-зомбылықтан соң көрші тайпалар 1000-нан астам адамның өмірін қиған қақтығыстарға қатысқан. Этносаралық қақтығыстардың өршуіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін талдау мақсатында зерттеу жүргізілді. Жергілікті радиостанциялардың зорлық-зомбылықтағы рөлін талдау үшін 208 радиостанцияға талдау жасалды. Зерттеу қорытындысында 2007-2008 жылдардағы зорлық-зомбылыққа БАҚ айтарлықтай әсер еткені анықталды. Зерттеу хабар таратушылар мен журналистердің журналистік тұтастығы мен тәуелсіздігіне қайшы келетін саяси және коммерциялық шектеулерге тап болғанын көрсетті. Кейбір жергілікті радиостанциялар қорқыныш пен өшпендиңікке толы контент таратқаны анықталды. Ток-шоулар да өшпендиңілік тудыратын сөздерге толы болған. Бұған ток-шоу жүргізушилерінің қақтығыс тақырыптарында ақпарат таратуға үйретілмегендігі себеп болды. Дегенмен қақтығыстардан кейінгі шиеленісті бәсендетуге кейбір станциялардың қатысқаны да анықталды [41].

Бүгінгі таңда этнос занды түрде ғылым мен қоғамды қызықтыратын құбылыстардың бірі ретінде қарастырылады. Тәжірибе көрсеткендей, бұқаралық ақпарат құралдары халықтың үлкен және кіші топтарының этносаралық ықпалына әсер етеді.

Заманауи әлемде тұлғаның өзін белгілі бір этникаға жатқызып, өзін сол бағытта танытуы, сондай-ақ белгілі бір дінді таңдал, ұстану мәселесі мәдени және саяси элитага ғана тән ерекше артықшылық емес. Бұл өз кезегінде этникааралық қарым-қатынас пен биліктің тұрақтылығына үлкен әсер етеді. Аталған мәселелерге тиісті назар аударылmasa немесе элитаны манипуляциялау құралы ретінде қабылданса, бұл наразылық пен әлеуметтік қарама-қайшылыққа негіз болады. Осылайша біршама уақыт жинақталған шиеленіске алғышарттар мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіретін ашық этникалық қақтығыстарға айналуы мүмкін [42].

Бүгінде БАҚ қақтығыстар тақырыбында басымдық бере алатын позиция шықты: ол не қақтығысқа белсене араласады және зорлық-зомбылықтың артуына жауапты болады, не қақтығыстан тыс қалады, осылайша қақтығыстың шешілуіне ықпал етіп, кикілжінді азайтады. Белгілі бір қақтығыста және оған дейінгі және одан кейінгі кезенде БАҚ қандай рөл атқаратыны күрделі факторлар жиынтығына, соның ішінде БАҚ-тың қақтығысқа қатысуышылармен қарым-қатынасына және билік басындағылардан қаншалықты тәуелсіз екендігіне байланысты.

Қақтығыс қазіргі әлемнің айқындаушы белгілерінің, сипаттамаларының бірі болып отыр. Әлемде миллиондаған адамдардың өліміне және азап шегуіне, қоныс аударуына әкелген сансыз қақтығыстар болды, әлі де болып жатыр. Осы уақытқа дейін болып өткен қақтығыс салдарынан қаншама адам зардап шеккенін дәл бағалау мүмкін емес.

Қоғамдағы әлеуметтік нормаларды сақтауға тырысатын БАҚ қызыметкерлері өз аудиториясының әлеуметтік бағытына әсер етеді. Журналистердің аудиториямен өзара әрекеттесуі әлеуметтік байланыстар негізінде құрылады, мұнда ақпарат тек журналистен аудиторияға ғана емес, керісінше бағытта да таратылады. Бұл процестің маңызды аспекті – журналистің жауапкершілігін түсінуі. Мұндай өзара әрекеттесу жүйесінде ақпарат алмасуды қалыптастыруға белсенді қатысатын журналист шешуші рөл атқарады [43].

Бейбітшілік пен қақтығыстарды басқарудағы БАҚ-тың табиғаты мен рөлін объективті түрде түсіну үшін ол әртүрлі тәсілдермен әсер ете алатынын ұғыну маңызды. Әдетте БАҚ қақтығыстарды әртүрлі тәсілдермен көрсетуі мүмкін: оқиғаларды объективті хабарлаудан бастап белгілі бір көзқарастар мен теріс пікірлердің қалыптасуына ықпал ететін бұрманланған образды жасауға дейін барады. Сондықтан қазірдің өзінде әлеуметтік қақтығыстарды хабарлаудағы БАҚ рөлі қызу академиялық диалог пен практикалық пікірталастардың тақырыбына айналып отыр. БАҚ шындықты ғана көрсетпейді, қоғамдық пікірді қалыптастыруға белсене қатысады.

Мәселен, “Караван” газетінің алғашқы басылымы 1991 жылдың тамызында шығып, уақыт өте келе оқырман арасында сұранысқа ие болды. Алайда олардың кейбір материалдары арандатушылық сипатқа ие болды, себебі қоғам тарапынан жағымсыз пікір тудырды. Сол кездегі КР Ақпарат министрі Алтынбек Сәрсенбаев журналистермен кездесіп, “Барған сайын шектен шығып барады, еліміз бен жерімізді келеке етуде” деп мұны тоқтатуға атсалысуға шақырды. Ол журналистерге өз ұсыныстарын жазуды сұрады. Арада бірнеше күн өткен соң газет сатылымнан алынды. Бұл көп адам үшін таңғаларлық жайт болды. Алайда келер аптаның жартысында газет қайта шықты. Белгілі болғандай, газетті шығаруды уақытша тоқтатуға министрдің сұранысы себеп болған. Редакция өз ережесіне керегар әрекетке барған. Осылайша арандатушылық бағыттағы ақпарат таратылуы доғарылды. Оның таралуы тәуелсіздігін енді жариялаған ел үшін қауіпті еді, себебі аталған жағдай дағдарысқа әкелер еді. Осы ретте ақпараттық терроризмнің алдын алу әрекеті орын алды [44].

Таблоид типіндегі БАҚ психикалық деңгейі төмен жалпы бұқараға, қалауы мен қызығушылығы тобырлық психологияға бағытталған. Таблоид яғни сары басылымдар өсек-аяң, сенсациялық жаңалықтар ұсынатын басылым болса, сол жылдары шыққан “Караванды” еш күмәнсіз осы қатарға жатқызуға болады. Әртүрлі сот істерінің туындауына газеттегі “Ну, вау!” айдары себеп болған. Онда танымал қоғамдық саяи тұлғалардың пікірлері жарияланып отырған [45].

Соңғы он жылда БАҚ-тың қақтығыстарды жазудағы рөлін зерттеуге қоғамдық пікірді қалыптастыруды «медиа оқиғалардың» рөлін ерекше атап

өткен Дэниел Даян және Элиху Катц сияқты ғалымдардың жұмыстары айтарлықтай әсер етті. Сонымен қатар, Йохан Галтунг пен Мари Холмбо «Шетелдік жаңалықтардың құрылымы» кітабында хабар таратудың теріс стереотиптер және қақтығысты шешуге қалай ықпал ететінін талқылайды [46].

Демек қоғамдық санадағы қақтығыс бейнесін қалыптастыруда БАҚ басты рөл атқарады. Аудиторияның жағдайды қабылдауы белгілі бір оқиғаларға немесе сандарға баса назар аудара отырып, ақпараттың қалай берілгеніне байланысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы күн тәртібі мәселесі Максвелл Маккомбс пен Дональд Шоудың «медиа күн тәртібі» теориясы сияқты зерттеулер қоғам не нәрсеге назар аударатынын оқиғалардың өзі емес, БАҚ-тың оларды жариялауы анықтайдынын көрсетеді [47].

Сондай-ақ ақпараттық материалды беру тәсілі қақтығыс туралы ақпаратты қабылдауды түбөгейлі өзгертуі мүмкін. Роберт Энтоман «фреймингтің» маңыздылығына ерекше мән береді, яғни қақтығыстың қай аспектілеріне баса назар аударылатынын анықтайдын бағытты таңдау керек [48].

Батыс және жергілікті БАҚ-тың «Араб көктемі» туралы жаңалықтары сияқты нақты мысалдар әртүрлі медиа платформалардың оқиғалар мен қоғамдық пікірге қалай әсер ететіні туралы түсінік береді.

Әлеуметтік желілердің қақтығысты тудыруға әсері осыдан он төрт жыл бұрын айқын көрінді. 2011 жылдың қаңтарында мындаған азамат Каирдегі Тахрир алаңына жиналыш, Хосни Мұбарактың 30 жылдық билігіне қарсы наразылық білдірді. Содан кейін Twitter мен Facebook наразылық акцияларын үйлестіруде маңызды рөл атқарды және одан кейінгі оқиғалар «әлеуметтік медиа революциясы» деп аталды [49].

Мұндай жағдайларды талдау БАҚ әлеуметтік шындықты бейнелеп қана қоймай, белсенді түрде қалыптастыратынын атап көрсетеді. Араб көктемі – Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағында басталған үкіметке қарсы наразылықтардың, көтерілістердің және қарулы қақтығыстардың толқыны. Бұл термин алғаш рет аймақтағы бірқатар елдерді қамтыған саяси белсенділік пен демократияны көздейтін қоғамдық-саяси қозғалыстарды сипаттау үшін қолданылды.

Әлеуметтік медианың пайда болуымен БАҚ-тың қақтығыстарды жариялау тенденциясы айтарлықтай өзгерді. Аксель Брунс сияқты ғалымдар «пайдаланушылардың контент жасауы» және «көп қаралым мен таратылым» әлеуметтік қақтығыстардың динамикасына қалай әсер ететінін зерттейді. Аудиторияның назарын аударатын, көп қаралым жинайтын контент, ол БАҚ ретінде тіркелген ұйым болсын, не жеке пайдаланушы болсын одан алған әсер аудитория үшін бірдей болуы мүмкін [50].

Бұқаралық ақпарат құралдары мен этникалық қақтығыстар арасындағы байланыс бары белгілі болса да, медиа назарын аударатын зорлық-зомбылық пен қылмыс сияқты басқа да мәселелер бар. Қатыгездік пен өлім көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарының “тауары” болып есептеледі. Қылмыстық әрекетке баруға ұмтылу және белгілі бір этникалық топқа мүше болу этникалық қақтығыстарды талдауға әсер етеді. Кейбір этникалық топтар зорлық-зомбылық пен қылмысқа

көбірек бейім деп қабылдануы мүмкін. Осылайша журналистердің белгілі бір этникалық топ жасаған зорлық-зомбылықты сипаттау тәсілі стереотипке айналады, осы ретте аталған топ мүшесі зорлық-зомбылық пен қылмысқа бейім болып көрінеді [51].

Мысал ретінде афроамерикалықтарды қарастыруға болады, олар көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарында жағымсыз сипатқа ие, бұл оларға қатысты қылмыстық әрекеттерді қалыпты деп қабылдауға әкеледі. Бұқаралық ақпарат құралдары тудырған мұндай көзқарастардың салдарынан болып жатқан тәртіпсіздіктер не зорлық-зомбылық этникалық топтардың мінез-құлқы мен көзқарасының бір бөлігіне айналып кетеді [50, р. 3-392].

1965 жылы Йохан Галтунг пен Мэри Рюге алғаш рет шетелдік жаңалықтар мен қақтығыс орнындағы репортажға қатысты “бейбіт журналистика” идеясын тұжырымдады. Бейбіт журналистиканың журналистік идеясы бейбітшілік пен келісім мәдениетін ілгерілету үшін 1970 жылдарға қарай әзірленді [45, р. 130-140]. Соғыс төрт онжылдықта БАҚ сыйнышлары, бейбіт журналистиканы насиҳаттайтын белсендерлер және кәсіби медиа бірлестіктері БАҚ-тың каталитикалық қызметі мен модераторлық рөлін ескере отырып, журналистерді соғыс журналистикасынан гөрі бейбіт журналистиканы тандауға шақырады. Галтунг бейбіт журналистика соғыс журналистикасынан жоғарырақ, өйткені ол белсенді репортажға және қақтығыстар туралы хабарлаудың зорлық-зомбылықсыз тәсілдеріне назар аударуға басымдық береді деп есептеген. Д. Линч бейбіт журналистика қақтығыстар туралы хабарлау кезінде жиі қолданылатын қарапайым әдістердің орнына оқиғаларды егжей-тегжейлі және құрделі жолмен хабарлау әдісін маңызды деп санайды. Д. Линч пен А. МакГолдрик пікірінше, бейбіт журналистиканың мақсаты – қақтығысты біржақты көрсетуден аулақ болу, бейбітшілік мәдениетін насиҳаттау және қақтығыстың барлық жақтарын қамтитын теңдей көзқарасты қамтамасыз ету [52].

Г. Лассуэлл БАҚ-тың қоғамдық пікірге әсері туралы тұжырымдаманы сонау 20 ғасырдың бірінші жартысында ұсынған. Бұл тұжырымдама «сиқырлы оқ» теориясы деп аталды және автор кейінірек оның жалған екенін мойындағанымен, оның кейбір негіздері күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Лассуэлл тұжырымдасындағы маңызды тезистердің бірі БАҚ-ты басқаратын адамдар тұтастай қоғамды басқарады деген болжам [53].

Қазақстандық ғалым Г.Ж. Ибраева біз өмір сүріп жатқан әлем Маршал Маклюэн болжаған “жаһандық ауылға” айналғанын айта отырып, бүгінде қолында билігі бар Тед Тернер, Руперт Мердок сияқты медиамагнаттар осы “ауылдың” режиссерлеріне айналғандай, себебі олар біздің ұжымдық санамызға әсер ететін нарративтерді қалыптастыратынын атап өтеді [54].

Косово, Шешенстан, Дағыстан, Қырғызстандағы әскери қақтығыстар “зұлмат тұнгі драмаға” айналды. Әлемдік беделді жаңалықтар порталдарының жүргізушилері кімнің соғыс жайлары репортаждары сұрапыл, әсерлі болар екен деп таласқа түскендей. Цифрлы дәуірде визуалды образдар мықты психологиялық қаруға айналды. Осылайша олар біздің назарымызды аулап, көзқарасымызды

қалыптастырып, шексіз ақпараттық толқын алдында әлсіз күйде қалдыруда. Эскери командирлер қақтығыстардың қалай берілу керегіне әсер етеді. Олар өз кезегінде кадрлардың қайсысын көрсету-көрсетпеу керегін, ақпаратты қандай акцентте, қай бағытта жазу қажетін таңдайды. Журналистердің қайда, қашан және қалай ақпарат тарату керектігі жайлы соңғы шешім осы кісілердің аузынан шығады. Въетнамдағы сұзгіден өтпеген қақтығыс орнынан дайындалған материалдарды есептемегендеге, заманауи қақтығыс, соғыстардан таралған ақпарат оқырман, көрерменде осы шайқастарды жүргізетіндердің бақылауымен әбден сұзгіден өткен күйі, өзгертулған формада жетеді [54].

Б. Бұхарбаев қақтығыстарды экономикалық, саяси, құқықтық, діни, этносаралық деп жіктейді. Ол “қарулы қақтығыс”, “әскери қақтығыс” және соғыс түсініктерін талдайды.

Бұхарбаевтың анықтамасы бойынша, қарулы қақтығыс – мемлекеттер арасындағы не мемлекет ішіндегі қарсылық тараптар арасындағы тұрақты не тұрақсыз қарулы құрылымдарды қолданумен ерекшелетін қарулы соқтығыс. Мұнда соғыс жариялануы екіталай. Қарулы қақтығысқа әскердің қатысуымен өтетін әртүрлі әскери оқиғаларды, әскери шараларды және т.б шектелген көлемдегі әскери қақтығыстарды жатқызуға болады. Шекаралық қақтығыстар қарулы қақтығыстардың ерекше күйі. Әскери қақтығыс екіжақты әскери құш жұмысауден сипататталатын мемлекет, халық, әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды шешудің шиеленіскең формасы. Соғыс дегеніміз – саяси мақсаттарға жету үшін мемлекет, ұлт, әлеуметтік топтар арасындағы арақатынастардың күрт өзгеруімен және қарулы құш көрсету құралдарын ұйымдастықтан түрде қолданумен сипататталатын әлеуметтік саяси құбылыс, қоғамның айрықша күйі. Онда мемлекеттер, ұлттар немесе әлеуметтік топтар арасындағы қатынастар күрт өзгеруі мүмкін және саяси мақсаттарға жету үшін қарулы құралдарды ұйымдастықтан түрде пайдаланады [55].

БАҚ қоғамдық пікір мен санаға әсер етеді деген идеяны Сапир-Уорф гипотезасымен байланыстыруға болады. Ол бойынша, тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар әлемді қабылдауымызды қалыптастырады. Яғни тіл бізді қоршаған әлемді қалай түсініп, қалай көретінімізді анықтайды.

Зерттеушілердің пікірінше, біз тілден тәуелсіз ойлай алмаймыз. Ойлау кезінде біз вербалды емес бейнелерді (мысалы, ойға келетін суреттер) немесе ұғымдар мен сөздерді пайдаланамыз. Демек біздің ойымыз не сөздер және олардың мағыналары, не басқа бейнелер мен сезімдерден тұрады.

Бұқаралық ақпарат құралдары оқиғалар мен құбылыстарды сипаттау үшін белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанда, біздің сол оқиғалар туралы қабылдауымызды қалыптастырады. Мысалы, жаңалықтарда қандай да бір құбылысты сипаттау үшін үнемі негатив мағына беретін сөздер қолданылса, онда адамдар бұл құбылысты жағымсыз дүние ретінде қабылдай бастайды. Медиа біздің күнделікті тіліміз бен ойлауымыздың бір бөлігіне айналатын тілдік құрылымдарды жасайды және таратады. Бұл құрылымдар әлем және айналамызда болып жатқан нәрселер туралы ойлауымызға әсер етеді. Мысалы,

егер белгілі бір тақырып жаңалықтарда үнемі талқыланса, ол шын мәнінде маңызды болмаса да, тақырып аса маңызды деген әсер қалдыруы мүмкін.

Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын тіл біздің әлем туралы түсінігімізді қалыптастыруға көмектеседі және біздің пікірлеріміз берен сенімдерімізге әсер етеді.

Зерттеушілер үшін тағы бір өзекті мәселе – көпұлтты мемлекетте әртүрлі этнос өкілдері туралы ақпарат қалай жазылатыны. Бұл бірқатар елдер үшін негізгі мәселе, Қазақстаннан бөлек, Израиль, Оңтүстік Судан немесе Украина үшін өзекті. Себебі БАҚ әртүрлі халықтарға тән этникалық стереотиптер мен көзқарастар тудырады, белгілі бір ой қалыптастырады.

Элс Карла зерттеуіне сүйенсек, Оңтүстік Африкадағы Daily Sun газеті адамдарды «біз» және «бөтен адамдар» деп бөледі. Мысалы, олар азаматтығы жоқ адамдарды «бөтен адамдар» деп сипаттап, оларды қоғам үшін қауіпті деп атайды. Мұндай риторика қоғамда белгілі бір топ өкілдерінен басқа адамдарға қатысты теріс көзқарас тудырып қана қоймай, оларды стигматизациялауға, тіпті оларға зорлық-зомбылық көрсетуге де әкелуі мүмкін [56].

Қазақстандық БАҚ дискурсына қатысты мәселелер көтерілгенде қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі ақпараттың жазылуындағы ерекшеліктер бары соңғы уақытта жиі айтылып, жазылып жүр.

Зерттеуші А.Н. Қали тұжырымынша, этникалық қақтығыстардың себебі оған қатысушылар арасындағы келіспеушіліктер мен мүдделер қақтығыстарынан туындейдьы. Қақтығыстардың дамуын күшеттетін маңызды фактор ұлттық мүдделерді саясилендіру және ұлттық және мемлекеттік аспектілердің тоғысуы. Әрбір этникалық және ұлттық қақтығыстардың астарында адамзаттық трагедия, ескі реніштер сейілмесе, әділеттілік орнамаса, ұрпақ жадында сақталу қаупі жатыр. Ондай траумалар шиеленісті қайта жандандыруды мүмкін [57].

Сондай-ақ, этникалық қақтығыстар көп жағдайда ұлттық тілге қатысты мәселелерден соң туындейдьы деген пікір де бар. Зерттеушілер осы мәселедегі шиеленіс барған сайын жабық формадан ашық формаға өтетінін жазады. Бұдан соң этностардың талаптары әлеуметтік, мәдени салаларға қарай ойысады. Сонында этносаралық қақтығыстар саяси сипатқа ауысып, ұлттық тәуелсіздік пен еркіндік мәселелері жаңа талаптар қатарынан көрінеді [58].

Қазақстандық зерттеуші Д. Тұсіпова да өз мақаласында Қазақстан кейсіне қатысты осындай тұжырымдар жасайды. Ол еліміздегі әртүрлі этностар: өзбектер, орыстар, қазақтарға арналған әртүрлі газеттерді ақтарып шыққан. Нәтижесінде қазақ тілінде шығатын газеттер ең объективті емес және өзге ұлт өкілдеріне барынша сын көзben қарайтынын анықтаған. Бұл басылымдардың авторлары мен редакторлары әдетте азаматтарды «өзіміз» және «бөтен адамдар» деп белген [33, р. 33-41].

Бұл жердегі проблеманың бастауын кейбір басылымдар Қазақстанның бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2009 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясына айтқан сөзімен байланыстырады.

«Дәуір алмасып, заман өзгерді. Қазір байырғы қазақ жерінде жаңа азаматтық қоғам қалыптасуда. ХХІ ғасырда қазақтар мемлекет құраушы ұлт ретінде жаңа белеске көтеріліп, Қазақстан халқының берік өзегіне, сенімді діңгегіне айналуда. Қазақ халқы өзіне жүктелген аса маңызды жауапкершілікті сезіне отырып, бұл тарихи миссияны абыраймен атқарып шығады деп сенемін», - деген еді Н. Назарбаев [59].

“Мемлекет құраушы ұлт” концепциясы осыдан кейін жиі айтылып, түсіндірліді. Мысалы, 2020 жылы 1 қаңтарда Қарағандыда “Древний Рим” мейрамханасында болған қақтығыстан кейін сол кездегі “Нұр Отан” партиясы тәрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт екенін ашық айтуымыз керек деді [60].

“Біз көпэтносты ел болуды өзіміз таңдаған жоқпыз. Бұл – тарихтың тартуы. Сондықтан осы басымдығымызды өз пайдамызға жарата білудің маңызы зор. Осы ретте барлық азаматтарға бірдей мүмкіндіктер қалыптастыру арқылы еліміздегі әр ұлт өкіліне жауапкершілік жүктелетінін ескеруіміз керек. Сондай-ақ қазақ халқының да жауапкершілігі арта түсетіні анық. Тағы бір маңызды жайт, Қазақстан көпэтносты мемлекет болғанымен, қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт екенін ашық айтуымыз керек. Оған ешкімнің күмәні болмауы тиіс. Тіпті қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуының өзінде де үлкен мән жатыр. Бірақ ешкімді алаламай, барлық азаматқа ортақ мүмкіндік қалыптастыру өркениеттің белгісі және тұрақты дамудың кепілі екенін ұмытпайық”, - деді ол өз сөзінде.

Azattyq.org басылымына сұхбат берген әлеуметтанушы Серік Бейсембаев “мемлекет құраушы ұлт” концепциясы екі түрлі өсер ететінін пайымдайды: Зан жүзінде тең саналғанымен бұл этникалық артықшылықты белгілейді, бірақ сонымен бірге жауапкершілік жүктейді. Қарапайым қазақ арасында “біздің мәртебеміз жоғарырақ” деген ұфым туғызады, бірақ олар жауапкершілік жүктелгенін ескермейді. Билік бұл ұфымды кейде “сен қазақ болған соң осы елге жауаптысың” деген міндет арту үшін де пайдаланады. Көшілікке жүктелген жауапкершілікке ешкім жауап бермейді. Әр адам этнос өкілі ретінде емес, жеке тұлға ретінде жауапкершілік алуы керек [61].

Осылайша, жаһандану процесі өркениеттер арасындағы қақтығыстарды тек күшайте түседі. Сыртқы қақтығыстар туралы айтпас бұрын, этносаралық қақтығыстарға әкелуі мүмкін ішкі әлеуметтік мәселелерге назар аударған жөн. Осыған байланысты мемлекет пен оның өкілдерінің басты міндеті ауқымды қақтығыстарға ұласуы мүмкін әлеуметтік шиеленістердің алдын алу болып отыр [62].

#### **1.4 Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстардың алғышарттары мен даму кезеңдері (1991-2022 жж.)**

Қазақстан билікті бір адам қолына шоғырландырганнан кейін мұнайға экономикалық тәуелділік қалыптасқан елдің мысалы бола алады. Еліміздің посткеңестік кезеңдегі өтпелі кезеңін зерттеп жүрген бақылаушылар тәуелсіздіктің алғашқы кезеңі либералдық пен ашықтықпен сипатталғанын атап өтеді. Дегенмен Қазақстан мұнай экспортынан тек Назарбаев билігі нығайып,

1990 жылдардағы аймақтық экономикалық дағдарысты еңсергеннен кейін ғана қомақты және тұрақты табыс таба бастады [63].

Қазақстандағы мұнай мемлекеттік бюджетті толтырып қана қоймай, биліктің маңызды құралына айналды. Ол әртүрлі элиталық топтардың мұдделерін теңестіру, ресурстарды мұнай өндіруші және тұтынушы аймақтар арасында қайта бөлу үшін қолданылды және көбінесе жеке адамдардың мұддесіне қызмет етті. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында мұндай тәжірибелердің көптеген мысалы бар [64].

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарына дейін де, кейін де қақтығыс жағдайлары болды. Олардың көбі сол уақыттағы елдегі экономикалық тұрақсыздық, болашаққа деген сенімсіздік, биліктің тиімді жұмысына деген күмән салдарынан орын алды деуге болады. Философ А. Айталы пайымынша, Кеңес үкіметі тұсында ұлттық мәдениет социализм идеологиясына сәйкес еді, соған сай басқа этностар мәдениетін тұншықтыру, дәстүрлі ассимиляция мен мәдени, тілдік кеңістіктің қысқару орын алған [65].

Орталық Азияда орналасқан және бұрын КСРО құрамында болған Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін жариялады. Еліміздің қазіргі жергілікті басқару жүйесі мен мемлекетаралық қарым-қатынас дәстүрі патшалық Ресейден бастау алады. Бұл кезеңде монархтар жергілікті мемлекеттік органдарды қатаң бақылап, орталықтандырылған басқару құрылымын ұстанды. Жергілікті кеңестер коммунистік партия мен орталық үкіметтің қатаң бақылауында болды [66]. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан орталықтандырылған иерархиялық жүйені сактап қалды, онда мемлекеттік органдардың жоғары деңгейі төменгі деңгейлерді бақылайды, ал негізгі шешімдер орталық деңгейде қабылданады [67].

Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанда жаңа мемлекеттік институттар енді ғана қалыптасып, нарықтық экономика құрылып, шетелдік инвесторлар келе бастады, халықаралық келісімшарттар жасалып жатты.

«Ақиқат сәті: тоқсаныншы жылдар егеменді Қазақстанның дамуында шешуші уақыт болды» деген мақалада журналист Александр Суетин жақсы мысал келтіреді. Ол “Нарық, бостандық, бәсекелестік, демократия, ашықтық – мұның бәрі, әрине, жақсы, бірақ неге дағдарыс нашар бағытта “дамыды”?” деген сұрақ қояды. Жұмыссыздық пен баға тез өсті, көптеген кәсіпорын жалақы бермеді, ақылы медициналық қызметтер халықтың көпшілігіне қолжетімсіз болды, өмір сұру ұзақтығы қысқарды. Басқарудың ескі саяси және әлеуметтік-экономикалық әдістері тозды, бірақ жаңалары әлі жұмыс істемеген еді», - делінді онда [68].

1992 жыл Қазақстанда дағдарыс кезеңі, тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең қиын уақыт ретінде сипатталады. Үлкен одақтың ыдырауы, экономикалық тоқырау, ауыл шаруашылығының құлдырауы, моральдық бағыттардың жоғалуы және басқа да келенсіз құбылыстар орын алып жатты. Қолданылған түрлі шараларға қарамастан, жас мемлекеттің саяси және экономикалық тұрақсыздығын пайдаланып қалуға тырысқан радикалды қозғалыстардың

қалыптасуының эволюциялық процесі жүрді. Осында құбылыстардың бірі елімізде ұйымдастынан қылмыстық топтардың пайда болуы болды.

Журналист М. Мұхиттың жазуынша, аталған топтардың құрамында спортшылар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері болған.

“Олар базарларды және белгілі бір адамдарды қорғады, есірткі сатты... Ұйымдастынан қылмыстық топтардың басшыларын жоюға дәлелдемелік база қажет болды. Тіпті оның болуы адамның толық жазаны «өтейтініне» кепілдік бермеді. Көптеген қарақшы шартты түрде босатылып үлгерді. Елде, әсіресе, күрд, шешен-ингуш және басқа да этникалық қылмыстық топтар белсенділік танытты. Олардың ішінде ең танымалдары «Ағайынды төрт», «Депутаттық корпус», ұйымдастынан қылмыстық топ «Қызыл алмаз», «Баха фестиваль», «Атабы», «Қырықбаевские», «Қиса», «Абрам», «Махара-Чиванин», - деп жазылды The-steppe.com басылымында [69].

Зерттеулер Қазақстандағы этносаралық қақтығыстардың екі негізгі түрін анықтайды:

- этникалық популяциялар тұратын көрші мемлекеттермен аумақтарды біріктіруге ұмтылатын ирредентикалық;
- әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарға негізделген этноәлеуметтік.

Қақтығыстардың бірінші түріне 1991 жылы Оралда қазақтар мен Қазақстан мен Ресей казактары өкілдері арасында болған оқиғаны келтірге болады. Бұл қақтығыс негізінен саяси, саяси шараларды жедел қолдану арқылы шешілді. Қақтығысты шешуде және оның қарулы қақтығысқа ұласуына жол бермеуде Қазақстанның ішкі істер органдары үлкен рөл атқарды. Бұл қақтығыстардың себептері негізінен экономикалық және тұрмыстық делінгенімен, қатысушылар қазақтар мен кавказ халықтарының өкілдері болды, бұл қақтығыстарға этникалық сипат берді [70].

Зерттеулер көрсеткендей, ирреденттік қақтығыстарды әдетте болжau оңай және олар жақсы ұйымдастырылады. Дер кезінде саяси шаралар қабылданса, оларды ертерек шешуге болады. Этноәлеуметтік қақтығыстар, керісінше, стихиялы және оларды болжau қыын, белгілі бір күштердің араласуын қажет етеді. Алайда олардың аймақтарда өтуі, ұйымдастағандығынан мемлекет қауіпсіздігіне айтарлықтай қатер төндірмейді [70].

Қазақстандағы билік құрылымдары қақтығыс тақырыбын әдетте ашып айтпауға тырысады, әсіресе, олар этникааралық сипатта болса оны өз атымен атамайды. Мұндай оқиғаларды мәселе ретінде көрсетіп, оның шынайы ауқымын ашып, шешудің орнына қоғамдық тәртіпті бұзуы мүмкін бұл терминдерді қолданудан аулақ жүреді. Тіпті терроризмге қатысы бар қақтығыстардың өзін нақты атауымен атамайды екен. Мұның нәтижесінде шешілмеген қауіп-қатер дер кезінде назарға ілінбей, тиісті шараларды қолдануға мүмкіндік бермейді [71].

Этникалық қақтығыстардың бұқаралық ақпарат құралдарында жазылуында 1990 жылдардың басы мен 2000 жылдардың ортасы аралығында айтарлықтай өзгерістер байқалды. Осы кезден бастап қақтығыстағы әлсіз тарап оны «әлеуметтендіруге» құмарта, яғни қоғамдағы маңызды мәселелерді көрсетуге ұмтыла бастайды. Керісінше, күшті жақ қақтығысты

«жекешелендіруге» ұмтылады, осы тақырыптың жан-жақты таралуын шектейді және болып жатқан оқиғаларға қоғамның назарын азайтуға тырысады. Екі жағдайда да бұл, ең алдымен, қақтығыстың өршуіне әкеледі [72].

“Қазақстан сияқты жас ел үшін тәуелсіздік алған алғашқы жылдар ең қызын кезеңдер еді. Алматыда үнемі жарық пен жылуды сөндіретін, ал Қарағандыда жұмыссыздық етек алды, Көкшетауда арандатушылық мақсатта әртүрлі секталар пайда болды... шешендермен болған оқиға Қазақстанда аландаушылық туғызды”, - дейді сол жылдарды еске алған журналист Жанболат Аупбаев [73].

Демек қақтығыстардың пайда болу себептеріне аталған деректерді қоса есептегенде, бірқатар факторлар әсер етуі мүмкін еді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардан бастап Қазақстан территориясында болған қақтығыстарға тоқтала отырып, олар туралы медиада жазылған ақпараттарға назар аударайық.

1990 жыл, маусым: Маңғыстау облысындағы, негізінен Жаңаөзендеңі қақтығыстар, онда қазақ және шешен этникалық топтары арасындағы қақтығыстар адам өлімі мен материалдық шығынға әкеп соқты. Бұл қақтығыс КСРО ыдырағаннан кейінгі қайта құру кезеңіндегі экономикалық және әлеуметтік шиеленістердің тоғысуынан туындалды.

Тәуелсіздік алған алғашқы он жылдықтағы бұл кезең салыстырмалы түрде тыныш болды, бірақ экономикалық өзгерістер және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қындықтарымен сипатталды.

*2000-2010: Экономикалық өсім және ішкі қақтығыс*

2000 жыл, наурыз: Жаңаөзендеңі мұнай өнеркәсібіндегі еңбек жағдайлары мен жалақыларына қанағаттанбау салдарынан болған тәртіпсіздіктер.

2001 жыл: Демократиялық Қазақстан үшін қозғалыстың пайда болуы, билік элитасының саяси және экономикалық мұddeлериңің қақтығысы.

2006 жыл: Алматыдағы «Шаңырақ» шағын ауданындағы жергілікті тұрғындар мен полиция қызметкерлері арасында қақтығыс.

2007 жыл, наурыз айы: Алматы облысының Маловодное және Қазатком ауылдарында қазақ және шешен ұлттының кейбір жергілікті тұрғындары арасындағы қақтығыс.

2010 жыл: Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе, Жетісай өңірінде жергілікті қазақтар мен бір топ өзбек арасында қақтығыс тіркелді. Бұл кезең мәдениетаралық және аз этникалық топ құқықтары мәселелеріне қоғамның назарын арттырумен сипатталды.

2011 жылдың желтоқсаны: Жаңаөзендеңі мұнайшылар ереуілінің қатығездікпен таратылуы көптеген құрбан мен зардаптарға әкелді. Бұл елдің жаңа басталып жатқан тарихындағы ең қаралы сәттердің бірі болды және Қазақстандағы әлеуметтік әділеттілік пен адам құқықтарына қатысты мәселелердің барын ашып көрсетті.

2020 жылдардың басында этносаралық қақтығыстар туралы деректер ашық дереккөздерде көнінен көрсетілмеді, бұл бір жағынан үкімет пен үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) этносаралық қақтығыстарды алдын алу және азайту жөніндегі жұмысының жақсарғанының себебі болуы да мүмкін.

2021 жылдың 27 қазанда Алматы облысы Панфилов ауданы Пенжім ауылында мектеп оқушылары арасындағы төбелес жанжалға ұласқан. Жергілікті билік бұл оқиғаны «екі мектеп оқушысы арасындағы түсініспеушілік» деп атаған.

2022 жыл қантарда сұйытылған газ бағасының көтерілу себебінен Қазақстанның бірнеше қалаларында халық бейбіт митингке шығып, Қазақстан тарихында ең ірі, 200-ден аса адамның қазасына әкелген қақтығысқа әкелді.

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі *iри қақтығыстарға*, олардың пайда болу себептері мен салдарына кенірек тоқталайық. Олардың қатарына *Aқтаудағы шерулер*, *Теңіз ауылындағы қақтығыс*, *Шелектегі қақтығыс*, *Алматы облысындағы қақтығыс*, *Маятас*, *Бурыл ауылындағы қақтығыс*, *Қарағандындағы қақтығыс*, *Шаңырақ оқиғасы*, *Қордай оқиғасы* және *Қантар оқиғасын жатқызуға болады*.

Айта кетерлігі, Қазақстанда 130-ға жуық ұлт пен ұлыстардың өкілдері тұрып жатыр, этносаралық диалог қоғамдық тұрақтылық пен келісімді сақтаудың маңызды міндегі болып қала береді. Этносаралық ынтымақтастық тәжірибесі мен толеранттылық мәдениеті қақтығыстардың алдын алуың және көпұлтты қоғамда бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөлігіне айналуы тиіс.

Адамдардың мұдделеріне нұқсан келген кезде, олар көбінесе күш қолдану арқылы өз құқықтарын қорғау қажеттілігіне бой алдырады. Мұны Алматы маңындағы “Шаңырақ” деп аталып кеткен қақтығыс растады. Онда билік сот шешімін жүзеге асыруға тырысып, зансыз салынған жерлерді сүрмел болғанда тұрғындар күш қолдануға дайын екендіктерін көрсетті [74].

#### *Aқтаудағы шерулер*

2006 жылдың 20-22 тамызында Ақтау қаласында Бінтымақ ауылының орталық алаңында «Маңғыстау Мұнайгаз» ААҚ қызметкерлерінің рұқсатсыз жиналыстары өтті. Шерушілер жалақыларын көбейтуді талап етті.

Алғашында 10-15 адам болса, келесі күні олардың саны көбейді: алаңға 400-ден 1000-ға дейін адам шықты. Бірте-бірте таптық ұрандар осы өлкеде тұратын кавказдықтарға қарсы ұлтшылдық ұрандармен алмасты. Зардал шеккендер туралы мәлімет жоқ. Қақтығыс салдарынан лезгиндер, шешендер және әзіrbайжандар иелігіндегі бірнеше дәмхана мен дүкендер жойылды.

#### *Теңіз ауылындағы жасаппай тәртіпсіздіктер*

2006 жылы 20 қазанда кейбір қуәгерлердің айтуынша, жанжал түрік жұмысшылары мен ұлты қазақ өрт сөндірушісі арасындағы төбелестен кейін басталған. Тағы бір нұсқада жанжал асханада туып, түрік мұнайшылары қазақ ұлтының қызметкеріне дөрекі қарым-қатынас жасағаны айттылған. Бұл жанжалға 500-ден астам адам қатысқан. Ашынған халық түріктердің арнайы техникасын қиратып, тұрмыстық заттарды, көліктер мен кенселерді өртеп жіберген. Ресми деректерге сүйенсек, қырғында 339 түрік азаматы жарапланған, оның 136-сы ауыр жаракат алған. Шетелдік ақпарат құралдары қақтығыс кезінде 40 адамның қаза тапқанын хабарлады. Қақтығыстардан кейін Теңіз кенішінен Үндістан, Түркия

және Филиппин елдерінен 4000-ға жуық жұмысшы эвакуацияланды. Жұмыс тоқтатылды.

#### *Шелектегі қақтығыс*

2006 жылы 18-19 қарашада Алматы облысы Шелек ауылында жанжал оты тұтанды. Жастар дәмханада жанжалдасып, үйғыр ұлтының бірнеше жігіті қазақ баласын соққыға жыққан. Төбелестен кейін мас бұзақылар «Ел сенікі, жер біздікі» деген экстремистік ұрандар айта бастады. Бұл хабар ауылға тарап, қазақ пен үйғыр жастарының арасындағы қақтығыстар өздігінен туа бастады. Келесі күні ең көп қақтығыс болды, төбелеске 300-ден астам адам қатысты. Ауылға күшеттілген полиция жасақтары келіп, коменданттық сағат енгізілгеннен кейін жағдай қалпына келтірілді. Зардал шеккендер туралы ақпарат жоқ. Жергілікті билік Шелекте ұлтаралық қақтығыс емес, кәдімгі тұрмыстық төбелестер сериясы болғанын алға тартты.

#### *Алматы облысындағы қақтығыс*

2007 жылдың 18-21 наурызы аралығында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Маловодное және Казатком ауылдарында қазақтар мен шешендер арасындағы бірнеше қақтығыс бильярд залындағы төбелестен туындаған. Кавказ ұлтының өкілі, мекеме иесі жараланған. Жәбірленушінің ағасы туысы үшін кек алуға бел буган. Осыдан кейін ашынған халық бильярд залын, сондай-ақ базардағы шешендердің сауда нұктелерін қиратуға аттанды. Қақтығыс ішкі әскерлер мен ауылдарға күшеттілген полиция бөлімшелерінің араласуынан кейін ғана тоқтатылды. Тоғыз адам қаза тапты: оның ішінде екі қазақ және жеті шешен азаматы бар. Маловодное ауылының үш тұрғыны сottалды, олардың екеуі шартты түрде бас бостандығынан айырылды.

#### *Маятас ауылындағы қақтығыс*

2007 жылдың 28 қазаны мен 1 қарашасы аралығында төрт жасар қазақстандық баланың әкесі өз ұлын он алты жасар күрд ұлтының азаматы зорлағаны туралы айтып, билікке арызданған. Осыдан кейін Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысындағы Маятас ауылында этникалық күрдтерге қарсы шабуылдар басталып, үш күнге созылды. Маятаста төрт үй өртенді. Этникалық күрдтер үйлерін тастап, облыс орталығына көшті. Қақтығыстан кейін өртену толқыны облыстағы күрдтер тұратын басқа ауылдарға да, көршілес Жамбыл облысына да жеткен. Он алты жасар жасөспірім зорлады деп айыпталды. Қақтығыста қатысқаны үшін 18 құдікті ұсталып, жетеуіне қатысты қылмыстық іс қозғалды.

#### *Бурыл ауылындағы қақтығыс*

2015 жылдың 15 ақпанында жеке тұрғын үйден 11 жерден пышақ жарақатын алған бес жасар баланың денесі табылды. Кісі өлтірді деген құдік он сегіз жастағы этникалық түрік азаматына түскен. Осылайша Жамбыл облысы Бурыл ауылында толқу басталды. Қақтығысты оқшаулау үшін елді мекенге «Оңтүстік» өнірлік қолбасшылығына қарасты әскер кіргізілді. Зардал шеккендер туралы мәлімет жоқ, бір адам 12 жылға бас бостандығынан айырылған.

#### *Қарагандындағы жаңа жылдық қақтығыс*

2018 жылғы 31 желтоқсан 2019 жылғы 8 қаңтар аралығында «Ежелгі Рим» дәмханасында масайған келушілер мен оларды тыныштандыруға тырысқан қызметкерлер арасында арасында төбелес болды. Төбелеске әртүрлі ұлт өкілдері (атап айтқанда, қазақтар, әзіrbайжандар, армяндар) қатысты, олардың бірнешеуі соққыға жығылып, біреуі қайтыс болған. Қылмыскер қазақ, дәмхана иесі армян болғандықтан, қалада оларға қарсы наразылықтар басталып, бірнеше күнге созылған жаппай шерулер болды. Бір адам қайтыс болды, үш адам жарақат алды. Нәтижесінде үш құдікті қамауға алынды. Оларға «ауыр қылмыс жасады» деген айып тағылды. Қақтығыстың тағы бір қатысушысына халықаралық іздеу жарияланды.

### *Шаңырақ оқиғасы*

2006 жылдың 14 шілдесінде Алматы маңындағы «Шаңырақ» шағын ауданында жергілікті тұрғындар мен полиция қызметкерлері арасында қақтығыс болып, нәтижесінде полиция қызметкери қаза тауып, ондаған адам жарақат алған. Бұл іс бойынша сottалған екі адамның бірі Арон Атабек 2021 жылы қайтыс болды. Билік оны босату туралы халықтың өтінішін елемеді. Журналисттер “саяси тұтқынға айналған ақын” деп есептейтін Атабек өзін босату туралы өтініш беруден бас тартқан, оның себебін өзін бұл оқиғада кінәлі санамағандықтан деп түсіндірген.

“2006 жылдың 14 шілдесінде Алматы маңындағы Шаңыраққа «заңсыз жер алғандардың» үйлерін бұзу үшін келген билік өкілдері жергілікті тұрғындармен қақтығысқа түсті. Осы оқиғалардан бір апта бұрын Түркіб ауданы, Бақай ауылында осында «заңсыз салынған» ондаған үйлерді тракторлар санаулы сағатта қиратқан еді.

Бақайдағы оқиғадан кейін күнкөріс қамымен еліміздің түкпір-түкпірінен Алматыға қоныс аударған шаңырақтықтар баспаналарын қорғауға бел буган. Шаңырақ оқиғасы ретінде енген оқиғалар кезінде ондаған адам зардал шекті.

Бірнеше күннен кейін денесі күйген жас полиция қызметкери ауруханада көз жұмды. Билік пен жергілікті тұрғындар арасындағы қақтығыс кезінде тұрғындар оны кепілге алып, бағанаға байлаған. Содан соң біреу оның үстіне бензин құйып жіберген, артынша темекінің оттығын оған қарай лақтырғанда, бір сэтте ол жаңып кеткен”, - деп жазады Azattyq.org басылымы [75].

2007 жылдың 14 шілдесінде Алматы соты «Шаңырақ ісі» бойынша 25 айыпталушыға үкім шығарды. Сот диссидент ақын Арон Едігеев Атабекті «тәртіпсіздік үйімдастыруды» деген айыппен 18 жылға, ал полиция қызметкерінің өліміне қатысы бар деп танылған Құрманғазы Өтегенов 16 жылға бас бостандығынан айырды. Тағы да екі Алматы тұрғыны Ерғанат Тараншиев 15 жылға, Рұстем Тұяқов 14 жылға бас бостандығынан айырылды. Сонымен қатар, сот тағы 18 адамды шартты тұрде үш жылға бас бостандығынан айырды. Сотталғандардың төртеуі тағылған айыпты мойындағады, ал олардың жақтастары оларға қарсы іс «ойдан шығарылған» деп санайды. «Шаңырақ ісі» бойынша сот процесіне төрағалық еткен судья Адайбек Бейімбетов кейін «Азаттық» тілшісіне берген сұхбатында сотталғандар кінәлі деп мәлімдеді.

“Шаңырақ қақтығысы билік пен халық арасындағы «қастық қарым-қатынасты» әшкөрелеп қана қоймай, қоғамдағы күрделі әлеуметтік

қайшылықтарды да ашты. Содан бері «шаңырақ» ұғымы түрмисстық сөзге айналып, оған сан алуан мағыналар қосылды, дегенмен болған оқиғаға баға берілмей келеді. Негізінде, Шаңырақ оқиғасына дейін-ақ саналы азаматтар «бәрі жақсы емес» екенін түсінді, алты ай бұрын оппозиция жетекшісі Алтынбек Сәрсенбаев пен оның көмекшілері оққа ұшты, ал осыдан үш ай бұрын Заманбек Нұрқаділов «үш рет атып, өз-өзіне қол жұмсады» деп хабарланды. Ол кезде тәуелсіз баспасөз қазірге қарағанда еркін жазатын еді, ал оппозициялық митинглері мен стихиялық наразылық топтарының митинглері қазіргіге қарағанда жиі және көп болды”, - деп жазды сол кезде 2016 жылы Central Asian Monitor басылымы [76].

Оқиғадан соң барлығы 5 мындан астам жер телімдері заңдастырылып, 300-ге жуығы белгісіз жағдайда қалды.

Одан кейінгі жылдары бұл атышулы сот және көтерілістің өзі туралы естеліктер сейіле бастады. Соның ішінде Шаңырақтың өзінде де адамдар бұл туралы ұмыта бастады. Адамдар бірте-бірте не үйлерін заңдастырып, не басқа жерлерден жер телімдерін алды. Жалпы алғанда, тұрғындардың жауынгерлік рухы салыстырмалы түрде тез сөнді, онда құғын-сұргіннің де әсері болған сыңайлы. Бұғінде аудан өмірі өзгерген. Жаңа мектеп пен аурухана салынды, бірнеше орталықтағы көшелер жөнделді, жаңа автобус бағыттары пайда болды. Жергілікті тұрғындар 10 жыл бұрынғы оқиғаны есіне түсірмеуге тырысады, жастар мен балалар бұл туралы ештеңе білмейді, ал Арон Атабек есімі олар үшін ештеңені білдірмейді. Дегенмен, атап өту керек, бұл жердегі шағын участесі бар ең қарапайым үй кем дегенде 15 миллион теңге тұрады [76].

### *Қазатком және Маловодное ауылдарындағы қақтығыс*

2007 жылдың наурыз айында Алматы облысының Маловодное және Қазатком ауылдарында қазақ және шешен ұлтының кейбір жергілікті тұрғындары арасында қақтығыс болды. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Евгенемаловодное ауылдық округінің әкімшілік орталығы Маловодное ауылы Құлжа тас жолының бойында, Алматыдан 70 шақырымдай жерде орналасқан.

“Ол бильярд залындағы төбелестен басталып, 79 жастағы шешен ұлтынан шыққан ауқатты отбасы Эльза Махмаханов үшін трагедияға айналды. Мұнда қару қолданылды, өлім қүшқандар болды. Тәртіпсіздік салдарынан бес адам, оның ішінде Эльза Махмахановтың үш ұлы мерт болды. Оның үйі мен көлігі өртеніп кеткен. Кейбір басқа шешен отбасыларының үйлерінің әйнектері сынған. Қақтығыс себептері туралы бірнеше нұсқалар бар. Олардың ішінде Махмахановтар әулетінің ауылдағы ең жақсы жер телімдерін иемденгенін, кикілжінің көптен бері жалғасып келе жатқанын, әлеуметтік теңсіздіктен кейін ұлтаралық қақтығыс түріне айналғаны айттылады. Бұл жерде қылмыстың элементтері бар болғандықтан көлеңкелі бизнеспен айналысатындар арандатқан деген нұсқалар да айтылды. Билік бұл оқиғаларды ұлтаралық араздықтың көрінісі емес, кәдімгі қылмыстық құқық бұзушылық: кісі өлтіру, өртеу және т.б. бар деді. Бас прокуратура Маловодное мен Қазаткомдағы оқиғаларды жариялау кезінде ұлтаралық араздықты қоздыру немесе оны саяси мақсатта пайдалануға әрекет жасау үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы ескерту

жасады. Сот болып, бірнеше адам тұрмеге қамалды”, - деп жазды қақтығыс жайлы журналист Қазис Тоғызбаев [77].

### *Қордай оқиғасы*

2020 жылдың 8 ақпанына қараған түні полицейлер қақтығыс болған елді мекендерді қоршауға алды. Бұл аймақтағы оқиғалар Қазақстандағы соңғы жылдардағы ең ауыр этникалық қақтығыстардың біріне айналды.

Қақтығыс туралы Azattyq.org былай жазады:

“Қазақстан билігі Жамбыл облысы Қордай ауданының бірнеше ауылында «қақтығыс» болып жатқаны туралы хабарлады. Құрбандар бар. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, оқиға салдарынан сегіз адам қаза тауып, ондаған адам жараланған. Оқиғаның нақты себептері аталмады. Масаншы ауылына келген Азаттықтың тілшілері тәртіпсіздіктің, соның ішінде өртенген ғимараттардың іздерін көрді” [78].

Оқиға орнына барған тілшілер тұрғындармен сөйлескен. Олар қақтығыс барысын суреттей келе, жеке тұлғалардың “кесірінен” ауыл мен этнос өкілдері зардап шегіп жатқанына назар аударады.

“Тұрғындардың айтуынша, жұма күні кешке жергілікті тұрғын емес 100 ер адам елді мекендерге келіп, дүнгендеге тиесілі үйлер мен дүкендерді өртеп, көліктерді қиратып, ауыл тұрғындарына шабуыл жасаған. Тұрғындар жеке адамдардың заң бұзушылықтары кесірінен (егер расында солай болса) бірнеше ауыл мен этнос өкілдерінің неліктен зардап шегіп жатқанын түсінбейміз дейді. Кеше түнде ағасы өлген масаншылық 50 жастағы дүнген әйел Халима Ысырова қылмыс жасағандар жазалануы керек деп есептейді”, - деп жазады журналист Асылхан Мамашұлы қақтығыс кезіндегі репортажында [78].

Жамбыл облысы Қордай ауданындағы тәртіпсіздік 7 ақпанда басталған. Тек Масаншы ауылына ғана емес, сонымен қатар көршілес бірнеше ауылға да бұл қақтығыс әсер етті: Сортөбе, Ауқатты, Бұлан батыр, Қаракемер. Қақтығысқа барлығы 1000-нан астам адам қатысқан.

Сол кездегі Ақпарат және әлеуметтік даму министрі Дәурен Абаев «қақтығыстардың» «тұрмыстық жанжалдан» кейін басталғанын айтты [78]. Қасым-Жомарт Тоқаев Қордай ауданындағы бірнеше елді мекенде «оқиғалардың салдарын жою үшін» үкіметтік комиссия құруды тапсырды. Бұл комиссияның жетекшісі болып сол кездегі премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев тағайындалды.

Басылым авторы мақала соңында үкіметтің мұндай қақтығыстарда әдетте этникалық сипат бар екенін жоққа шығаратынын жазады:

“Қазақстанда қазақтар мен басқа этностардың (тәжіктер, шешендер, түріктер) өкілдері арасында ұлтаралық толқулар бұрын да болған. Олардан кейінгі билік бұл қақтығыстың этникалық екенін жоққа шығарып, тұрмыстық қақтығыстар деп мәлімдеді. Қазақстан басшылығы мемлекетті «жұз ұлт» тату-тәтті өмір сүріп жатқан, ұлтаралық және конфессияларлық татулық орнаған елдің үлгісі ретінде көрсетуде”, - деп жазады А.Мамашұлы [78].

### *Қаңтар оқиғасы*

30 жыл бойы Қазақстан Орталық Азиядағы ең тұрақты және экономикалық табысты мемлекет ретіндегі беделін сақтап келді. Алайда 2022 жылғы қаңтардағы оқиға тұрақтылық пен өркендерген мемлекет кейпін лезде жойып жіберді [79].

2022 жыл қазіргі Қазақстан тарихына «Қанды Қаңтар» ретінде енді. Сұйытылған газ бағасының көтерілуіне қатысты наразылық тез арада бүкіл ел бойынша мындаған халықтың үкіметке қарсы бойкөтеруіне ұласты. Кейбір бейбіт шерулер жаппай тәртіпсіздіктерге ұласып, олар аяусыз басылды. Әлі күнге дейін билік оқиғаның нақты себебін түсіндірмеді. Қаңтар оқиғасы елдің саяси құрылымын түбекейлі өзгертуі және көптеген қазақстандықтың өмірін қаңтарға дейінгі және кейінгі деп бөлді.

«Қаңтар айындағы наразылықтардың алғашқы бес күнінде биліктің риторикасы біраз өзгерді. Бастапқыда немқұрайлылық танытса, кейіннен жанармайдың бағасын төмендетеміз деп келісімге келуге дайындықтарын білдірді. «Билік құламайды!» – деді Тоқаев», - деп жазды ВВС [80].

Бірақ 2022 жылдың қаңтарында Тоқаев үкіметті тәртіпсіздіктерге жол берді деп айыптаپ, оны таратып жіберді. Тоқаев Мәскеу бастаған әскери альянс – Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымынан (ҰҚШҰ) көмек сұрады. ҰҚШҰ өкілдері ретінде Қазақстанға Ресейден 3,6 мындаі адам келді. 13 қаңтарға дейін ел бойынша 10 мындан астам адам ұсталды. Ресми мәлімет бойынша, полиция мен шерушілер арасындағы қақтығыс кезінде 238 адам қаза тапты, оның 19-ы қауіпсіздік күштері. Жаралылар саны бірнеше мындаған адамнан асты.

Қаңтар оқиғасының Қазақстанда болып өткен қақтығыстардан ерекшелігі мемлекет тарапынан жасалған қатаң ережелердің салдарынан қарапайым халық арасынан құрбандардың көп болғандығында. Қақтығыс туралы жазған басылымдар елдегі белсенділер пікірін ұсынғанда осыған басымдық береді.

Мәселен, құқық қорғаушы Бақытжан Төреғожина қарт анасымен мерекені тойлап жатқанда, белсенділер оған телефон соғып, атыс болғанын хабарлаған. Ол кезде Алматыда интернет өшірулі болған.

«Бастапқыда сенбедім, өйткені біздің қауіпсіздік күштері әдетте резеңке оқтар мен гранаталарды пайдаланады, содан адамдар қатты қорқып, абдырап қалды деп ойладым. Бірақ бірнеше сағаттан кейін шынымен де адамдарды Талдықорған, Шымкент және Қызылордада өлтіріп жатқанын білдік» - дейді ол ВВС-ге берген сұхбатында [80].

Бұл оқиғалар Қазақстанның жаңа тарихындағы маңызды бетбұрыс кезеңдерін белгілеп, саяси өтпелі уақыттың күрделілігін және ел алдында тұрған терең әлеуметтік-экономикалық проблемаларды көрсетті.

2022 жылдың 5 және 7 қаңтары аралығында әскери және полиция күштерінің қаруды қолдануы бей-берекет және заңсыз болды. Резеңке оқтар, гранаталар, көзден жас ағызатын газ және атыс қарулары қолданылды. Бұл шаралар бейбіт шерушілерге, сондай-ақ қақтығысқа қатысушыларға, тонаушыларға және кездейсоқ өтіп бара жатқандарға қарсы қолданылды [81].

Қазақстанның саяси элитасында әртүрлі элиталық топтар арасындағы қақтығыстарға және саяси тәуекелдерді арттыруға әкелетін қақтығыс әлеуеті

сақталады. Қақтығыстардың себептерін объективті және субъективті деп бөлуге болады. Объективті себептерге элиталар арасындағы тұрақты тепе-тендіктің жоқтығы, шектеулі экономикалық мүмкіндіктер, келісілмен кадр саясаты және үлкен әрекет еркіндігін талап ететін элиталық жетілудің табиғи процесі жатады. Субъективті себептер президенттік биліктің мерзімінен бұрын берілуі мен мұрагерлердің тізімін талқылауға, жиі қадрлық ауыс-түйістерге байланысты тұрақты психологиялық күйзелістерге, бір топтың ұстемдігінен шаршаумен байланыстыруға болды [82].

Ара-тұра пайда болатын жергілікті қақтығыстар орталық үкімет тараپынан жағдайды бақылаудың жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауынша, мемлекеттік органдар бұл тақырыпты қоғамдық қеңістікте талқылау құқығын тиімді монополиялады. Журналистер ұлтаралық қатынастар мәселелерін сынни көрсетуге тыйым салатын ашық цензураның бар екенін жеке әңгімелесулер кезінде мойындайды. Мұндай сарындағы материалдардың орнына Қазақстанды халықтар достығының тамаша үлгісі ретінде көрсететін қеңестік үгіт-насихат стиліндегі жазбалар жариялау ұсынылды. Жергілікті билік те осы негізде болуы мүмкін қайшылықтарды ашудан сақтанады [83].

## **1-бөлім бойынша тұжырым**

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстарды зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылды. Мұндай қақтығыстардың табиғатын және олардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесуін ұғынуға мүмкіндік береді. Тарау барысында болжам жасалған, ерекшеліктер келесідей тұжырымдалды:

Қақтығыс әртүрлі формада көрініс табуы мүмкін. Әлеуметтік қақтығыс – әртүрлі топтар, олардың мақсаттары, мүдделері мен құндылықтары арасындағы қайшылықтарға негізделген күрделі және көп қырлы құбылыс. Қақтығыстардың деструктивті де, конструктивті де функциялары анықталды: олар әлеуметтік өзгерістердің қайнар көзі бола алады, қайшылықтарды шешуге ықпал етеді, сонымен қатар топтар арасындағы алауыздықты тереңдете алады. Осы зерттеу аясында этникалық және саяси қақтығыстарды, сондай-ақ халық пен мемлекеттік органдар арасындағы қайшылықтарды қамтитын әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделері, құндылықтары және өзара әрекеттесуіне қатысы бар әлеуметтік қақтығыстарға назар аударылды. Қақтығыстың бұл түрі қазіргі Қазақстандағы қоғамдық процестердің динамикасын талдау үшін, сондай-ақ оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын зерттеу үшін ерекше өзекті болып отыр.

Қақтығыстарды жіктеу тәсілдерінің әртүрлілігі олардың көп қырлы табиғаты мен күрделілігін көрсетеді. Әлеуметтік қақтығыстардың типологиясы олардың формаларының кең ауқымын қамтиды, бірақ этносаралық орта контекстінде орын алатын этникалық қақтығыстарға ерекше көніл бөлінеді. Этникалық қақтығыстар әлеуметтік қайшылықтардың ең сезімтал түрі, өйткені олар тұлғалық, мәдени айырмашылықтар және халықтар арасындағы өзара әрекеттестіктің тарихи аспектілерімен байланысты. Қақтығыстың бұл түрі

зерттеу мен талдаудың ерекше тәсілдерін талап етеді, өйткені олардың салдары көбінесе жергілікті қауымдастықтар шенберінен шығып, әлеуметтік және мемлекеттік процестерге әсер етеді. Әрбір классификация қақтығыстарды ерекшеліктері бар әлеуметтік, экономикалық немесе саяси құбылыстар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстарды қарастыру бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды рөлін анықтады. Талдау көрсеткендей, БАҚ келіспеушіліктер мен жағымсыз аспектілерді көрсету арқылы жағдайды ушықтыра, не диалог пен толеранттылық алаңын құру арқылы қақтығыстарды шешуге үлес қоса алады. Қазақстандық ғалымдардың зерттеуі көпэтности қоғамда қақтығыстың өршуіне жол бермеуде БАҚ жұмысының жауапкершілігі сыналады.

1991-2022 жылдар аралығындағы Қазақстандағы негізгі әлеуметтік қақтығыстардың хронологиясы олардың туындауының негізгі алғышарттарын анықтауға мүмкіндік берді. Олардың негізгілері: әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, саяси тұрақсыздық, мәдени және тілдік айырмашылықтар. Көптеген қақтығыс этносаралық қайшылықтардың алдын алу мен реттеудің тиімді тетіктерінің жоқтығы аясында өрбігенін атап өткен жөн.

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттердегі этносаралық қақтығыстарды талдау тәсілдері салыстырылды. Бұл қазақстандық жағдайдың бірегей ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ осындай қайшылықтарды дамыту мен шешудің әмбебап зандылықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Қазақстан халқының көпмәдениетті және поліэтникалық құрамы қақтығыстардың тек этникалық айырмашылықтарға қатысты емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелерге тәуелді болатынын көрсетеді. Сондықтан этносаралық ортадағы қақтығыстарды қарастыру кезінде Қазақстанның тарихи аспектілері мен мәдени ерекшеліктеріне ерекше назар аударылады.

## **2 ЖУРНАЛИСТИҚ ҚАҚТЫҒЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ТАРАТУ ТӘЖИРИБЕСІ: ЭТИКА МЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ РӨЛІ**

### **2.1 Толеранттылық пен ксенофобия контекстіндегі журналист жұмысының этикалық аспектілері**

Журналист - қоғамдық пікірді қалыптастыруши. Сондықтан, журналист қоғамда болған қақтығыстың өршуіне не ксенофобиялық көзқарастың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Керінше, әртүрлі этникалық топтарға қатысты толерантты қарым-қатынас ұстануға ынталандыруы да ғажап емес. Осы түрғыдан алғанда, журналистің кәсіби этикалық жауапкершілігі оқиғаны объективті, бейтарап жазуды талап етеді.

Публицист ғалым Омашев Н.О. журналистің ақпарат таратуы негізгі кәсіби міндеттінің жартысы екенін, қоғамның ойын жеткізіп қоймай, оны қалыптастыруда белсендерлік таныту қажеттігін еңбектерінде жиі жазады. Алайда оның пікірінше, қазір кейбір отандық БАҚ аудиторияның көзқарасымен санаспайды, ез пікірін таңады. Бұл әсіресе, тәуелсіздік идеясын жамылған, бірақ объективті хабар таратудан аулақ басылымдардың материалдарында байқалады [30, p. 11-12].

Толеранттылық пен ниеттестік қоғамда қатар өмір сүруі мүмкін, бірақ кейде бұқаралық ақпарат құралдарында осы мәселелерге қатысты қындықтар туындаиды. Мысалы, патриотизмнің шектен шыққан түрі заңмен тыйым салынған ұлтшылдық немесе діни өшпенділік, шовинизм не экстремизм сияқты жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан журналисттер шиеленіс тудырмай, араздықты қоздырмау үшін патриотизм мен толеранттылық арасындағы тепе-тендікті табуға тырысады.

Қазақстанда журналисттер кәсіби этика проблемасына тап болады және бұл саладағы тәжірибе әлі толық жинақталмағанымен, бұл мәселелерді шешудің қажеттілігі айқын болып отыр. Қоғамдағы жылдам өзгерістер, баспасөз бостандығының кеңеюі және тәуелсіз басылымдар санының өсуі қазақстандық журналистикадағы кәсіби этиканы теориялық және практикалық түрғыдан түсінуді талап етеді. Журналистиканың дамуымен халықаралық ұйымдар мен журналисттер федерациялары құрылды және этика мәселелері олардың күн тәртібіндегі негізгі тақырыптардың біріне айналды. Мұндай ұйымдардың негізгі міндеттерінің қатарында баспасөз бостандығы мен тәуелсіздігі, сондай-ақ кәсібілік пен этика мәселелері тұрганы кездейсоқ емес. Кәсіби этика журналистік шеберліктің ажырамас бөлігі және оны дамытудың маңызды шарты [84].

Бұқаралық ақпарат құралдарында этникалық қарым-қатынасқа қатысты тақырыптарды қалай ұсынуға болатындығы маңызды мәселенің бірі. Журналист әртүрлі этностар мен мәдениеттердің өзара әрекеттесуіне байланысты тақырыптарға қалам тербегенде сөзсіз толеранттылық мәселесі туындаиды.

1995 жылы ЮНЕСКО-ның Бас конференциясында бекітілген толеранттылық қағидаттарының декларациясында оны әлем мәдениеттерінің алуантүрлілігін, адам даралығының көріністерін құрметтеу, қабылдау және

дұрыс түсіну ретінде қарастыру ұсынылады [85]. Одан бөлек толеранттылық жайлы айтылғанда доктризмнен, шындықты және адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтық актілерде белгіленген нормаларды абсолюттеуден аулақ болу керек делінеді. Осылайша, бұл басқа адамдардың пікірлерін түсіністікпен қабылдау ғана емес, олардың көзқарастары немесе өмір салты сіздікінен өзгеше болса да, құқықтарын құрметтеу.

Этникалық баспасөзді зерттеуші Богатова О.А. этникалық журналистикада толеранттылық дегеніміз – бұл этникалық мәселелерді қастық, дұшпандық призмасынан жарияламау дейді. Демек журналист көпүлтты қоғамдағы әртүрлі этникалық топтардың мұдделерін ескере отырып, келісім мен үйлесімділікке үмтүлуы керек [86].

Толеранттылық сонымен қатар басқа этникалық қауымдастықтардың қоғамның дамуына қосқан үлесін мойындау және өз мәдениетімен қатар басқа мәдениеттердің құндылығын түсіну ретінде сипатталады. Осылайша, толеранттылықтың маңызды қағидасы – журналистиң өзінің және басқа этникалық топтарға, олардың мәдениетіне деген құрметі.

БАҚ үшін негізгі этикалық қағидалардың бірі – объективтілікке үмтүлу. Журналист жағымсыз пікір тудыратын немесе қақтығысты қүшеттуі мүмкін сөздер мен сөз тіркестерін, кемсітетін сөз орамдарын қолданудан аулақ болуы керек. Мысалы, қақтығыс оқиғаларының сипаттамасы барлық тарараптардың пікірлерін ескере отырып, тепе-тендік сақталып жазылуға тиіс. Бірақ бұл негізгі, қарапайым қағиданы ұстанудың өзі онай еменін сұхбат жазып алған тәжірибелі журналистердің пікірлері дәлелдейді.

Мәселен, қақтығыс тақырыбында жазатын журналист Сильвия Подгиоли де тілші жұмысында бейтараптықтың маңызды екенін баса айта келе, бейтараптықты толық сақтау қыын, оны сақтайдындар кемде-кем екенін атап өтеді. Журналист Балқан қақтығысы кезінде қандай қындықтармен бетпе-бет келгенін сұхбатында баяндай отыра, трагедияның эмоционалдық қырларын жеткізіп қана қоймай, оқиғаларды кенірек ашуға үмтүлу әрі тепе-тендікті сақтау маңызды дейді.

Қақтығыстарды, әсіресе, Балқандағы қақтығыс сияқты күрделі және эмоционалды тақырыптар жайлы жазатын журналиске бейтараптық пен журналистік дистанцияны сақтау қынға соғады. Оның сөзінше, негізгі құрбандары этникалық қудалау мен зорлық-зомбылыққа ұшыраған бейбіт түрғындар болған ортада тілшілер өз оқиғаларын мүмкіндігінше объективті баяндауға тырысады.

“Менің ойымша, объективтілік – бұл Қасиетті Грааль тәріздес нәрсе. Біреудің нақты толықтай объективті бола аламыз деп айта алатынына күмәнім бар, себебі әркімнің өз пікірі бар. Бірақ мәселе әділдік пен салмақтылыққа үмтүлып, оқиғаның екі тарабын да көрсетуде”, - дейді ол [87].

Оның сөзінше, европалық БАҚ қоғамдық пікірді жақсы көрсетеді. Мысалы, иммигранттар, әсіресе мұсылман иммигранттарымен қарым-қатынас мәселесі қоғамда өзекті.

Оны журналист былай түсіндіреді:

“Бұл моноэтникалық қоғам, әрі аз ұлттардың құқықтары мен әртүрлілік идеясын әлі толық қабылдамаған мемлекеттер. Кебір елдерде, әсіресе, Ұлыбритания мен Францияда, исламды ұстанатын азаматтар өте оқшауланған қауымдастықтарда тұрады. Толеранттылық мәселесін негізгі европалық қоғамдар әлі де толық қабылдамайды. Сондай-ақ иммигранттар, мұсылмандар туралы жиі жазатын медианы табу қын. Олар туралы репортаждардың көбі бейтарап емес”, - дейді ол сұхбатында [87].

Сондай-ақ журналист жәбірленушілермен тұрақты тұрде жұмыс істеу, эмоциялық тұрғыда алшақтық ұстау, журналистең парасаттылық пен кәсібілікті талап ететінін айта келе, бұл репортажда объективтілік пен бейтараптықты сақтауға көмектесетінін жеткізеді.

Бұл сұхбатта журналист «енгізілген журналистер» (embedded journalism) деген терминді қолданады. «Енгізілген журналистер» деп қақтығыс алаңында әскери бөлімдермен бірге жұмыс істейтін журналистерді атайды. Олар әскермен бірге жүреді және оқиғаларды көзben көріп, ақпаратқа тікелей “ұрыс аймағында” қол жеткізе алады. Бұл әдіс, мысалы, 2003 жылы Ирак соғысы кезінде кеңінен қолданылды. Бұл тәсілдің басты артықшылығы – қақтығыс аймағынан жедел және қажетті ақпарат пен кадрларды алу мүмкіндігі. Дегенмен ол журналистік тәуелсіздік пен объективтілікті де шектей алады өйткені журналистерге бірге жұмыс істейтін әскерилер әсер етуі мүмкін.

Объективтілік пен біржақтылық ұғымдарын алғаш рет АҚШ пен Ұлыбританияның журналистері кәсібілікті насиҳаттау аясында пайдаланды. Кейбір ғалымдар журналистік объективтіліктің бастауын 450 жыл бұрынғы оқиғалармен байланыстырады. Дегенмен көпшілігі 19 ғасырда «пенни баспасөзінің» (сенсациялық контентке негізделген арзан газеттер) пайда болуымен объективтілік нормаға айналды деген тұжырыммен келіседі.

Сондай-ақ И. Ньютон мен Ч. Дарвиннің ғылыми теориялары бейтарап ақпарат таратуға әсер етті, бұл адамдардың өздері зерттеу субъектісі болуы мүмкін және журналистің жеке пікірі ғылыми процеске кедергі келтірмеуі керек деген идеяға сәйкес келеді.

19 ғасырдың аяғында журналистер позитивті ғылыми эмпиризмді қолдай бастады. Эмпирикалық «фактілер» шындық пен ақиқатты түсінуге жол салды, ал фактілерге баса назар аудару америкалық объективті журналистиканың стандарты ретінде қалыптасты. Бұл тәсілдің нақты мысалы ретінде 1904 жылы Кэрр Ван Анда бастаған The New York Times газетінің трансформациясын айтуға болады. Ол ақпаратты жинау мен ұсынуда ғылыми көзқарасқа шақырды.

Әсіресе, этникалық қақтығыстарда ұлтқа негізделген кемсітушілік анық байқалып жатады. Себебі бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді қалыптастыруда және осы мәселелерді қабылдауда шешуші рөл атқарады. Өкінішке қарай, көбінесе журналистер осы қақтығыстар мен кемсітушілікті қүшайтетін процестің күәгерлөрі емес, қатысушылары болып кетеді.

Журналистер мен редакторлар этникалық қақтығыстар туралы тиісті деңгейде хабар тарата алмағанда, бұл шиеленіскең жағдайды нашарлатуы мүмкін. Мысалы, аудиторияға стереотиптерді шындық ретінде ұсыну, өршіп

түрған жағдайды біржақты түсіндіру немесе белгілі бір этникалық топтың жағымсыз жақтарына акцент беру жағдайды ушықтыратыны анық әрі зорлық-зомбылықтың жаңа ошақтарын тудыруы мүмкін. Міне, осындай жағдайларда БАҚ ақпарат көзі емес, қақтығыстың белсенді қатысушысына айналып кетеді, ал негізінен оның мақсаты оқиғаларды объективті және бейтарап жариялау болуы керек.

Медиада ұлтына байланысты ксенофобия әртүрлі формада көрініс береді. Мысалы, белгілі бір этникалық топтардың өкілдері жүйелі түрде жағымсыз кейінде сипатталуы мүмкін, нәтижесінде аудитория сол топтар жайлы стереотипік көзқарас қалыптастырады. Сондай-ақ кейбір этникалық топтар жаңалықтарда аз көрсетіліп, аз аталу салдарынан қоғамда олардың орны, маңызы жоқ деген жалған пікір тудыруы мүмкін.

Кемсітушіліктің бұл көрінісі «символдық аннигилизм» деп аталады, бұл ретте белгілі бір этникалық азшыл топ өкілдерінің медиа кеңістікте аты аталмайды. Бұл жаңалық бағдарламаларына да, ойын-сауық контентіне де қатысты болуы мүмкін, бұл топтардың маргиналдануына ықпал етеді және олардың әлеуметтік оқшаулануын қүштейтеді.

Осындай кемсітушіліктің айқын мысалы, Азиялық американцы (AAPI) Америка Құрама Штаттарында ұзақ уақыт бойы қорлық көргендерді атап өтүге болады. 2020 жылы COVID-19 таралып бастағанда АҚШ түрғындары AAPI өкілдерін жаппай айыптай бастады. Бұл азиялық топтар батыс елдеріндегі жұмыс орындары мен экономикалық қауіпсіздік үшін қауіпті деп танылып, нәсілдік дискриминацияға тап болды, бұл «сары қауіп» стереотипін (XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Батыс елдерінде пайда болған ксенофобиялық миф) еске түсіреді [88].

Қытайлықтардың Америка Құрама Штаттарына 10 жыл бойына кіруіне тыйым салған 1882 жылғы Қытай иммиграциясын алғып тастау туралы заң да Америкадағы AAPI-ға қарсы жеккөрушілік пен кемсітушіліктің мысалы [89].

Мұндай қорлық әрекеттері нәсілдік микроагрессияларға алғып келеді. Нәсілдік микроагрессия - бұл POCI санатындағы (POCI - "People of Color and Indigenous" ("түрлі-тұсті" адамдар және байырғы халықтар) азаматтардың күнделікті ауызша және вербалды емес коммуникациялар кезінде, БАҚ, оқу бағдарламалары, символдар арқылы бастан кешіретін күнделікті кемсіту, құнсыздандыру және қорлау әрекеттері [90]. Нәсілшілдік пен кемсітушіліктің бұл көріністері олардың психикалық және физикалық денсаулығына кері әсер етеді және әртүрлі аурулардың даму қаупін арттырады.

Көптеген байырғы латындар мен азиялықтар нәсілдік кемсітушілік пен нәсілге байланысты құйзелісті бастан кешірсе де, афроамерикалықтар мен қара нәсілділер пропорционалды түрде олардан көбірек зардал шегеді екен. Корнавирус ершіген 2020 жылы БАҚ вирустың этникалық қауымдастықтарға салыстырмалы түрде жоғары әсер ететінін жиі хабарлай бастады. «BAME топтарындағы (Black and minority ethnic - Қара нәсілді және азшыл этникалық топтар) британдықтардың шынымен де COVID-19-дан көз жұму қаупі жоғары - Англияның қоғамдық денсаулық сактау шолуы растайды» [91], «Коронавирус:

Азшыл топтарға берілген институционалдық расизм» [92] және «тергеу нәтижелері бойынша расизм Ұлыбританиядағы ВАМЕ өкілдері арасында коронавирустан өлімнің өршүіне ықпал етті» [93]. БАҚ ұсынған бұл тақырыптар арқылы әділетсіз әлеуметтік құрылымдар маргиналданған топтардың денсаулығына қалай әсер ететінін көруге болады.

Мәселен, дискриминацияның шектен шыққан үлгісі ретінде 2020 жылдың 25 мамырында Джордж Флойдтың өлімін алып қарастыруға болады. Бұл кейс Америка Құрама Штаттарында және бүкіл әлемде қоғамдағы наразылықтардың катализаторына айналды. Қайғылы оқиға наразылық толқынын тудырып қана қоймай, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікір қалыптастырудың, әлеуметтік мәселелерді талқылаудағы маңызды рөлін ашып берді.

Наразылықтар 2013 жылы АҚШ-та бастау алған нәсілшілдікке қарсы «Қаралардың өмірі маңызды» (Black lives matter) қозғалысын тудырды. Халық үйымдастырған акцияларының көшпілігі бейбіт полицияның зорлық-зомбылығына және нәсілшілдікке қарсы наразылықтар болды, бірақ кейбір қалаларда олар тәртіпсіздіктерге, тонауға және полициямен қақтығыстарға әкеп соқты. Нәтижесінде 14 мың наразылық білдіруші ұсталып, кем дегенде 19 адам қаза тапты.

Осы ретте БАҚ Джордж Флойдтың өлімі және одан кейінгі наразылықтар туралы хабар таратуда маңызды рөл атқарды. Дегенмен бұл тақырыптың медиада қамтылуы басылымға және аймақта байланысты айтарлықтай ерекшеленді. CNN, The New York Times және BBC сияқты басты жаңалықтар арналары мен газеттер оқиғаларды кеңінен жарияладап, әртүрлі көзқарастарды ұсынды. Олар жүйелі нәсілшілдік пен полицияның қатыгездігі мәселелеріне назар аударды, наразылық білдірушілер мен сарапшылармен сұхбаттар жариялады, сондай-ақ жағдайға егжей-тегжейлі талдау жасады.

Әлеуметтік медиа: Twitter, Facebook және Instagram сияқты платформалар адамдарды әрекетке итермелу және ақпарат тарату үшін қуатты құралға айналды. Флойдтың тұтқындалуы және одан кейінгі наразылық акциялары туралы бейнeler бірден желіге тарап, миллиондаған қолданушылардың эмоционалды реакцияларын тудырды. #JusticeForGeorgeFloyd және #BlackLivesMatter сияқты хәштегтер бүкіл әлемдегі адамдарды біріктіруге көмектесті. Жергілікті басылымдар мен балама БАҚ жергілікті наразылықтар туралы ақпарат беріп, қауымдастықтарды қолдау үшін маңызды рөл атқарды. Олар ұлттық деңгейде назардан тыс қалуы мүмкін мәліметтерді атап өтті және негізгі БАҚ жиі елемейтін мәселелерді көтерді.

Көпұлтты және көпмәдениетті ел Қазақстан жағдайында журналистер қақтығыстар туралы хабарлау кезінде көптеген аспектіні ескергені маңызды. Қазақстандағы журналистер жұмысының басты қағидаларының бірі – шындық пен объективтілікті іздеу. Қазақстанда ұлттық, нәсілдік немесе діни араздықты насиҳаттауға тыйым салатын заңнама бар екенін атап өткен жөн. Бұл журналистер өз мақалаларының мазмұнына оте мұқият болуы керек және

ксенофобия немесе нәсілшілдік тудыруы мүмкін кез келген мәлімдемелерден аулақ болу керек дегенді білдіреді.

Дегенмен осы шектеулерге қарамастан, журналистер қоғамды қақтығыстар мен олардың себептері туралы хабардар етуде маңызды рөл атқарады. Әділ және бейтарап есеп беру жүртшылыққа мәселелерді жақсырақ түсінуге және өшпендейтілік тудырмайтындай шешу жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық БАҚ-та қақтығыстарды жариялаудың этикалық аспектілері талдау мен пікірталастар үшін маңызды тақырып болып қала береді. Отандық журналистердің бейтарап болу мәселесі, әсіресе, халықаралық және мемлекетішіндегі қақтығыстарды жариялау жағдайында, ақпарат көздері мен редакциялық тәсілдер қолданатын кәсіби стандарттарға тікелей тәуелді.

Көптеген зерттеуші БАҚ қоғамның әл-ауқатын бірінші орынға қоюы керек деп атап көрсетеді, бірақ бұл тәсіл мамандықтың негізгі принциптеріне кереғар болуы мүмкін. Журналистер қоғамның игілігі үшін қызмет етеді, объективті ақпарат береді және сөз бостандығын қамтамасыз етеді. БАҚ қызметкерлері халыққа жиі жанашырлық танытатын Қазақстанда олардың негізгі міндеті қоғам мұдделерін қорғау ғана емес, сонымен қатар журналистік этиканың жоғары стандарттарын сақтау, қоғамға фактілер мен шындық негізінде пікір қалыптастыруға мүмкіндік беру.

Осы тұрғыдан алғанда, журналистің әртүрлі пікірлер мен көзқарастарға төзімді болуы және оларға құрметпен қарауы өте маңызды. Толерантты болу ақпаратты объективті түрде ұсынуға ғана емес, сонымен қатар аудиторияның әртүрлі топтары арасында өзара түсіністік атмосферасын құруға мүмкіндік береді. Бұл журналист пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға, сондай-ақ оның жұмысындағы кәсіби стандарттар мен этикалық нормалардың сақталуына ықпал етеді.

## **2.2 Қақтығыс ортасын социологиялық талдау және журналистік көзқарас: кәсіби тәжірибелі журналистермен сұхбат нәтижелері**

Этносаралық ортада болған қақтығыс кезінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше маңызға ие. Себебі журналист қоғамды ақпаратпен хабардар етіп қана қоймай, қақтығыс оқиғалары мен қатысуышылары туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруға белсенді қатысады. Сондықтан қақтығыстарды жариялаудағы журналистік көзқарасты зерттеу өте өзекті. Бұл тарау кәсіби журналистердің қақтығыс жағдайында жұмыс істей тәсілдерін, сондай-ақ қақтығыстарды жариялау процесінде кездесетін қындықтарды талдауға бағытталған.

Ғылыми зерттеу барысында отандық журналистермен жүргізілген сұхбаттарды социологиялық талдау мамандардың қақтығыс кезінде ақпаратты қалай тарататынын, қандай қағидаларды басшылыққа алатынын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Этносаралық ортада болатын қақтығыс тақырыбын жариялау кезінде журналистер қандай қындықтарға тап болатынын түсіну үшін отандық он бір

журналиспен сұхбат жүргізілді. Сұхбатқа Қазақстанда қақтығыс тақырыбын жазған немесе қазіргі кезде жазып жүрген және митингтерге қатысып, әртүрлі қақтығыс ошақтарында болып көрген журналистер таңдалды. Оларға ақпарат көздерімен жұмыс, кәсіби міндеттерді орындау кезінде бетпе-бет келетін қыындықтар мен дилеммалар, ақпараттың құпиялылығы мен қауіпсіздігі жайлы сұрақтар қойылды. Зерттеуге тәуелсіз басылым журналистері, фриланс журналистер, дәл қазір зерттеумен айналысып жүрген бұрынғы практик журналистер қатысты.

Сұхбат 2024 жылдың 1 тамызынан 2024 жылдың 30 тамызы аралығында жүргізілді. Сұхбатқа 3 ер адам және 8 әйел журналист пен редактор қатысты. Қазақстандағы қақтығыс тақырыбына қатысы бар, әртүрлі ақпарат құралдарында жұмыс істейтін журналистер кездейсоқ іріктеу әдісімен таңдалап алынды. Сұхбат респонденттердің таңдауына байланысты орыс және қазақ тілінде жүргізілді.

Зерттеу барысында қақтығыс тақырыбына маманданған және кәсіби біліктілігі бар журналистерді табуда айтарлықтай қыындықтар болды. Мұндай мамандардың тапшылығы зерттеу барысында анық байқалды. Әсіресе, сұхбат алуға алғашында қатысуға келісім берген журналистердің көбі әртүрлі себептерді, соның ішінде қойылған сұрақтарға жауап беруге біліктілігі жетпейтінін алға тартып, зерттеуге қатысадан бас тартты. Сондықтан зерттеуге толыққанды сұхбат алу мүмкін болған журналистермен терендетілген сұхбат нәтижелері ұсынылды.

Сұхбаттың негізгі сұрақтары келесідей: (а) журналист қақтығыс тақырыбын қалай жазады? (ә) қақтығыс тақырыбын жазуда қандай қыындықтар мен этикалық мәселелер туындаиды? (с) қақтығыстар туралы жазуға не себеп болады?

Толық сұрақтар тізімі мынандай:

1. Біздің елде қақтығыстың қандай түрлері кездеседі және оның себептері неде?
2. Қақтығыстың қай түрі туралы бізде толық жазылмайды?
3. Қазақстан Республикасы заңнамалары қақтығысқа қатысты мәселелерді қаншалықты толық қамтиды және реттейді?
4. Қақтығыс (еңбек дауы, екі тарабы бар дискриминациялық мәселелер, этникалық қақтығыстар және т.б) туралы хабар таратуға не себеп болды ?
5. Қақтығыс туралы ақпаратты жинау үшін қандай әдіс-тәсілдер қолданасыз?
6. Пайдаланатын негізгі ақпарат көзі қандай?
7. Алынған мәліметтердің дұрыстығын қалай тексересіз?
8. Қақтығыс тақырыбын жазу барысында цензураға ұшырадының ба? Егер солай болса, бұл сіздің жұмысыныңға қалай әсер етті? Қақтығыс туралы ақпарат таратуда қандай кедергілер бар? Өз тәжірибеленізден мысал келтірсөніз?
9. Қақтығыстың қай түрі туралы жазу қыын?
10. Жұмысынызды қаншалықты қауіпті деп санайсыз? Қандай сақтық шараларын қолданасыз?

11. Ақпаратқа қатысты сізді қорқыту немесе қысым көрсету жағдайлары болды ма?

12. Қақтығыс тақырыбын жазу кезінде қандай этикалық дилеммалар туындаиды?

13. Құпиялық және ақпарат көздерінің қауіпсіздік мәселелерін қалай шешесіз? Мысалы, ақпарат көздерін қалай қорғауға болады?

*Журналистер қақтығыс туралы тақырыпты не үшін көтереді*

Қазақстандағы қақтығыс тақырыбы жайлы хабар таратуға еki себеп бар: біріншісі, редакциялық тапсырма және екіншісі журналистиң өз қызығушылығы. Сұхбат берген журналистердің басым көпшілігі қақтығыс орындарына барып, сол туралы ақпарат жазу редакциялық тапсырма болғанын атап көрсетті. Сонымен қоса, кейбір журналистер сұхбат барысында бұл өзіміздің азаматтық позиция десе, кейбірі қоғамдық белсенділік, осы тақырыпқа қызығушылық деген сынды жауаптар берді.

Қақтығыс тақырыбында хабар тарататын журналистер әдетте түрлі митинглерге көп барады. Митинглер, акциялар, жүрттың жиналуын қақтығыстың басталып кетуіне себеп бола алатын жиындар деп қарастыруға болады дейді. Себебі онда талабын орындатуға, тындатуға, жарияға жар салуға келген халық пен үкімет өкілдері, белсенділер сияқты бірнеше тарапқа бөлінетін адамдар жиналады. Митингтің арты қанды қақтығысқа айналып кеткен жағдайлардың бірі ретінде Жаңаөзен оқиғасы, Желтоқсан оқиғасы, Қаңтар оқиғасын атауға болады.

Мұндай қақтығыс орнынан хабар таратуда, жалпы журналистикада бейтараптықтың аса маңызды екеніне назар аударады. Дегенмен халықтың жағдайын көзбен көрген соң, бейтараптықты сақтау қыын дейді.

“Меніңше, митингке әмпат журналистер барады. Себебі митингке әділетсіздіктен ашынған, шаршаған адамдар шығады. Әсіресе, Қаңтардан кейін митингке бұрын шығып көрмеген аналардың шыққанын көрдім. «Балам жазықсыз қамалды, баламды не үшін ұстап алғандарын өздері білмейді» деген сынды пікір айтады. Тындалап тұрып, оларға жаңың ашығанын жасыру мүмкін емес. Журналист бейтарап болу керек дейді. Бірақ митингке барғанда бейтарап жүрген журналисті көрмедім”, - дейді бір сұхбат беруші.

Тағы бір журналистің бірі жақсы жалақы алу да осындай тақырыптарды қозғауға себеп болатынын атап өтті.

“Жеке қызығушылық (мен құрделі тақырыптарды түсініп, зерттеу жүргізгенді ұнатамын), тарихтың қалыптасуына атсалысу (себебі журналистер негізінен жылнамашылар), сонымен қатар жақсы жалақы да бар”, - деп жауап берді журналист.

Қалған журналистер қақтығыс тақырыбы болсын, кез келген тақырыпты көтеруге дайын екендіктерін білдіреді. Себебі мұны өздерінің кәсіби жұмысы санайды.

“Бұл менің жұмысым. Журналистикаға адамдардың проблемасын айту үшін, билік пен халықтың арасында көпір болғым келгендіктен келдім. Осы

мотивация береді. Бұгін Ақордаға бардым, ертең су тасқыны туралы жазамын. Мұның бәрінде адамдар тағдыры жатыр”, - деп жауап берді ол.

Қақтығыс тақырыбын үнемі қозғап жүрген тәжірибелі журналистің бірі мұны журналистік белсенділікпен байланыстырады.

“Арнайы таңдау ойымда болған жоқ. Бұл жай ғана менің жұмысым. Алғашқы қақтығысқа барғаным, “Ана тілі” газетінде істеп жүрген кезде Ұйғыр ауданындағы қақтығыс болды. Қызығушылығым болды, оқиғаның ішінде жүргім келді. Мұны журналистік белсенділік деп түсіндірер едім. Қақтығыстардан ақпарат тарату қындау. Тәжірибе керек”, - деп түсіндірді ол.

Келесі зерттеуші журналист осы тақырыпты өз еркімен көтергенін айтты.

“Ұлттың қалыптасуы, идеология деген тақырыптарға көбірек қалам тербегем. Өз еркіммен жаздым. Оқиға болып кеткен соң, талдама, сараптама жасадық. Құзырлы органдарға саулдар жібердік. Телефон арқылы оқиға куәгерлерімен сөйлесетінбіз. Оқиға болып кеткен соң оқиға орнына барып келетінбіз. Барлығы жұмыс барысымен болады”, - дейді журналист, зерттеуші.

Қақтығыс пен дискrimинация жағдайларын жариялау құқық бұзушылықтарды әшкерелеп, оларды тоқтатуға ықпал етеді дейді тағы бір респондент.

“Қақтығыс, еңбек даулары, дискrimинация және этникалық қақтығыстар сияқты мәселелер - қоғамды шынымен де аланнататын тақырыптар. Журналистер бұл мәселелерді жариялау арқылы адамдарды ақпаратпен қамтамасыз етеді. Қақтығыстар мен адам құқықтары мәселелері қоғамның назарында болуға тиіс. Бұл адамдарға өз құқықтарын қорғауға, қоғамның әділетсіздігіне қарсы тұруға көмектеседі. Қақтығыс пен дискrimинация жағдайларын жариялау құқық бұзушылықтарды әшкерелеп, оларды тоқтатуға ықпал етеді. Сондай-ақ журналистер қақтығыс пен әлеуметтік мәселелерді зерттеуге қызығушылық танытса, бұл олардың кәсіби өсуіне және шығармашылық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді”, - дейді ол.

Журналистер ақпаратты бейтарап және толыққанды ұсынуда жауапкершілік сезінуі тиіс дейді келесі журналист.

“Менің басты мотивациям – әділеттілікке ұмтылу және қоғамды оның болашағына әсер ететін мәселелер жайлы хабардар ету. Еңбек, этникалық немесе саяси қайшылықтар маңызды әлеуметтік процестерді көрсетеді және бұл тақырыптарды қамту проблемаларды анықтауға ғана емес, сонымен қатар оларды шешу жолдарын ұсынуда көмектеседі. Сонымен қатар, мен журналист ретінде жағдайды жақсы жаққа өзгертуге көмектесетін ақпаратты объективті және толық жеткізу жауапкершілігін сезінемін”, - деп түсіндірді ол.

Медиа теоретик Г. Ганс пікірінше, журналистика тек бір бағыттағы тақырыптармен шектеле алмайды, себебі жаңалықтар қоғамның сұранысы мен қызығушылығына қарай қалыптасады. Көп жағдайда редакция аудитория назарына талас контекстінде не жазып-жазбайтынына қатысты шешім қабылдайды. Бұл өз кезегінде журналистерден икемділік пен әртүрлі тақырыпты көтере алу міндетін талап етеді [94].

Журналист тақырып таңдамау керек, кез келген өзекті мәселені көтере алуы тиіс. Осындағанда пікірді де журналисттер аузынан естідік. Мәселен тәжірибелі журналистиң бірінің пікіріне жүргінелік:

“Мен тақырып таңдамаймын. Не тақырып, не оқиға болып жатыр істей берем. Наразылық бола ма, наразылыққа барамыз, бір белсенді өзін өртейін деп жатыр ма, соған барамыз, сот үкіміне наразылар барып өздерін кісендеп тастап жоғарғы сottың алдына барып акция өткізсе, оған барамыз. Бұл - жұмыстың тәртібі. Біз өзіміз журналист ретінде оқиға орнынан хабар таратуға міндеттіміз. Журналистерге экшін керек. Өзгеріп жатқан оқиғаның ортасында болу, оны көрерменге жеткізу қызық, екіншіден, әрқашан өзекті”, - дейді ол.

Редакциялық тапсырма аясында жұмыс істесе де, журналистер өздері көтеретін тақырыпты ұсына алуға мүмкіндік барын айтады.

“Редакция тапсырма берді, мен тақырыптарды жаздым. Қазақстандағы соңғы этникааралық қақтығыс Алматы облысында Пенжімде болды. Сол туралы жазуды өзім ұсынғанмын. Осы қақтығыстың нақты себептерін білгім келді, жағдай қоғамда резонанс тудырды деуге болды, сондықтан осы тақырыпты алдым”, - дейді тағы бір респондент.

*Қақтығыс туралы ақпаратты жинауда қолданатын әдістер мен тәсілдер*

Журналистер ақпарат жинауда әртүрлі тәсілдерді іске асырады. Атап айтқанда, мемлекеттік органдардан пікір алу, қуәгерлермен тілдесу, қақтығыс болған орыннан бақылау және т.с.с бар. Бұл дәстүрлі әрі негізгі тәсілдер болып саналса, ал тәжірибелі журналистер қыын сәтте қажет ақпарат алу үшін бар шеберлігін салатыны, кез келген әдісті жүзеге асыратыны анықталды.

Ең бастысы, журналистердің сөзінше, ақпарат дереккөзі сенімді болу керек, тіпті кейбірі аноним деректерді мұлдем қолданбайтын болып шықты.

Reuters жаңалықтар қызметінің БАҚ және саясат шолушысы, аноним дереккөздердің тұрақты сыншысы Джек Шафер The Times пен The Washington Post газеттерін басқаларға қарағанда анонимі дереккөздерді жиі пайдаланғаны үшін сынайды. Ол өзінің зерттеуінде The Times газетінде жарияланған аноним дереккөздерге сүйенген екі мақаланың шындыққа жанаспайтыны анықтаған. Бұл ретте аноним дереккөздерді шамадан тыс пайдалану БАҚ-қа деген сенімге нұқсан келтіретінін көрсетеді [95].

Мәселен, келесі пікірде журналист аноним ақпарат алуға не себепті қарсы екенін түсіндіреді:

“Қақтығыс болған жерге редакциядан адам жіберіп немесе өз редакциямыздағы әріптестеріміздің ақпаратына сүйенеміз. Барлық ақпараттың дереккөзі болу керек. Біреуден естіген ақпарат болған күннің өзінде, ол адамның толық аты-жөні жазылу керек. Аноним ақпарат беруге қарсымын. Себебі көп жағдайда ол белгілі жүйенің мұддесі үшін берілген ақпарат болуы мүмкін”, - дейді ол.

Тағы бір респондент қосымша мамандардың да пікірін білу маңызды екенін атап өтті.

“Сұхбат алған кезде қақтығыстың екі тарабымен де сөйлесеміз. Заңнама бойынша тек бір тараптың ғана пікірін беруге болмайды, міндегі түрде екінші жақтың да ойы ескерілуге тиіс. Қосымша сарапшылар, көбіне мұндай жағдайларда заңгерлерді тарту қажет”, - деп жауап берді тілші.

Бірқатар журналист ресми органдармен шектелмей, екі тараптың пікірін, куәгерлер, қатысуышылардан да ақпарат алған дұрыс екенін айтады. Мысалы:

“Қақтығыстың әртүрлі тараптарымен сөйлесемін, ашық дереккөздерден (Google) ақпарат іздеймін, фактчекинг жасаймын, оқиға болған жерге барамын. Мемлекеттік органдардың ресми ұстанымын да сұраймын”, -дейді бірі.

“Негізгі әдістерге оқиғаның тікелей қатысуышыларымен және куәгерлерімен сұхбат, құжаттар мен ресми есептерді талдау, әлеуметтік желілер мен басқа да цифрлық платформаларды бақылау, тәуелсіз сарапшылармен және құқық қорғау үйымдарымен жұмыс істеу кіреді”, - дейді келесі респондент.

Ал енді бірі ең алдымен наразы тараптан ақпарат алатынын айтады:

“Мысалы, алаңға шыққан яғни наразы тараптан, адамдардан ақпарат аламыз. Содан кейін барып, мемлекеттік органдардан, үйымдардан пікір сұраймыз”, - дейді журналист.

“Бірінші, қақтығыстар туралы алғашқы ақпарат көздерін анықтап, олардың сенімділігін тексереміз. Бұл дереккөздерге қақтығыстың қатысуышылары, куәгерлер, мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары және басқа да мұдделі тараптар кіреді.

Екінші, қақтығысқа қатысуышылардан, куәгерлерден немесе сарапшылардан сұхбат алу арқылы оқиғаның барлық жақтарын зерттеуге тырысамыз. Бұл тәсіл қақтығыстың себептері және салдары туралы терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқиға орнында болып, қақтығыстың барысын тікелей бақылап, жағдайды өз көздерімен көру үшін репортаждар жүргіземіз. Бұл әдіс арқылы алынған ақпарат дәл екеніне көз жеткізуге болады”, - дейді респонденттің тағы бірі.

Қақтығыс аймағында журналист болып жұмыс істеу әрқашан қауіпке толы. Қарулы қақтығыс аймағында із-түзсіз жоғалған не қайтыс болған журналистер жайлы жиі хабарланады. Ұзақ уақыт бойы терроризм жағдайында журналистердің жұмысы үлкен тәуекелмен байланысты болды, өйткені олар екі оттың арасында - содырлар мен жазалаушы жасақ арасында қалды. Тағы бір мәселе, журналистер тиісті деңгейде қорғалмаған: өміріне қауіп төндіретін немесе артық жұмыс істегені үшін оларға сыйақы да төленбейді. Журналист жауынгерлік іс-қимылдар кезінде кәсіби жұмысын орындауды керек: фото, видео, аудио таспалау, не мәтін жазу. Көп жағдайда журналист мұны басын қатерге тігіп істейді [36, с. 198-249].

Ұзақ жылдар бойы тәуелсіз басылым журналисі болып қызмет еткен журналист те өзінің оқиға орнындағы тәжірибесіне тоқталып, ақпарат алуша кейде тәуекелге бару керегін жеткізді. Себебі қақтығыс болған жерде ешкім журналисті күтіп тұрмайды, ондай жерде көбінесе Төтенше жағдай жарияланады. Сондықтан мұндай кезде журналист кез келген ұтымды тәсіл арқылы ақпаратты алып шығу керек.

“2015 жылы Сарыагаш оқиғасына барғанда (тәжіктер мен қазақтар арасындағы қақтығыс), ол жаққа кіруге тыйым салынды. Ақпарат тарату үшін ауылға кіру керек еді, бірақ онда көлік жүрмейді. Барлық жерде ақпараттың негізгі көзі – таксистер болады. Олар жиналып тұратын орынға жетіп, көлік салонына толығымен төлеп, 4 әйелдің арасына отырып, камерамды тығып, жолға шыққаным бар. Жол полициясы тоқтатқанда, жергілікті тұргынның кейпін сомдадым. Ішке кірген соң полиция штабына дейін жеттім. Олар мені көріп ауылға қалай кіріп алғаныма таңғалып, қайтаруға тырысты”, - дейді ол.

Объективті ақпаратқа қолжеткізу көп жағдайда оңай болмай жатады. Мысалы, журналист былай дейді:

“Байқағаным, облыс басшылары журналистерді жинап, ақпарат беріп жүр екен. Маған де бірге жүруімді сұрады. Егер биліктің өкілдерімен бірге барсам, тәуелсіз ақпарат таратса алмас едім, себебі олардың айтқаны біржақты болар еді”, - дейді.

Бұл жерде ақпарат жинаудың балама тәсілдерін іздеудің маңыздылығын көруге болады. Осындай тәсілдердің бірі биліктің ресми өкілімен байланыс орнату.

“Содан соң мен облыс әкімінің орынбасарымен танысып, жұмыс істеуге рұқсат сұрадым. Бір қызығы, мен ол кісінің әкесін танитын едім. Сөйтіп, әңгімеміз жарасып кетті. Содан соң ол маған барлық ақпаратты айтап берді”, - дейді ол.

Соның өзінде журналист ресми деректің аздық ететінін түсінген, оқиғаның толыққанды көрінісін қалыптастыру үшін тікелей куәгерлерді іздеуге кіріскең.

“Өртенген үйлерді табуым керек еді. Оны ешкім дайындал, тауып бермейді. Сол үшін зардап шеккен тәжік азаматтарына барып, солардың тарабын тыңдадым. Тәжік азаматтырының көлігіне жанармай құйып бір жарым күн сол ауылды араладым. Өртенген үйлердің бәрін түсіріп, зардап шеккендерден сұхбат алдым”, - дейді тілші.

Алайда оқиға орнынан ақпарат таратуда қауіп бар, журналисти ауылдан шыға берісте арнайы жасақ жігіттері ұстап алған. Камерасындағы барлық ақпаратты жоюды талап еткен.

“Осылай кешеден бері түсірген видео, фото материалдың бәрін жойдым. Алайда мен бәтеңкемнің астында камераның негізгі картасын тығып қойғанмын, барлық контент сол жақта болды. Тәуекелге бармасаңыз, амал жасамасаңыз, қақтығыс орнынан ақпарат алып келе алмайсыз. Себебі қақтығыс болған жерден объективті ақпарат тарату керек”, - дейді ол.

Д. Түсіпова өз зерттеуінде ұлттық нарықта орыстілді газеттердің саны басым, олардың стилі нақтырақ, ал қазақ журналистикасы бұлдырып, анық емес дейді. 2000 жылдары қазақстандағы жас журналистердің 65%-ы қазақ басылымдарын қанағаттандырлық жұмыс істемейді деп санаған, ал жергілікті БАҚ-та кәсібиңіз аз деп есептейтіндер 90%-ды құраған [33, р. 32-41].

Осы пікірді жалғап тағы бір журналист-зерттеуші жалпы журналистикада оқиға орнынан хабар тарату тенденциясы осыдан 10-15 жыл бұрын болмағанын жеткізді.

“Қазақ журналистері оқиға орнына барып, ақпарат таратуға шорқақ еді, әлі де көп бармайды. Журналистердің кемшілігі дер едім. Ол кездері мұлдем оқиға орнына көп бармайтын, редакцияда отырып жаза беретін”, - дейді респонденттің бірі.

Тағы бір сұхбат беруші тәжірибесінен мысал келтіріп, қақтығысты орнынан сипаттау тәсілі арқылы да ақпарат беруге болатынын айтты.

“Менің ойымша, қатысуышылдардың бірі ретінде ақпарат таратуға болады. Кәдімгі көппен бірге жүріп, не көріп жатқаныңызды айтудың өзі өте құнды ақпарат. Көрермен интернеттің болмауынан не болып жатқанын білмеуі мүмкін. Сіз Абай көшесінің бойымен жүздеген адам шерулетіп кетіп бара жатыр, олардың қолдарындағы плакаттарда «Шал, кет» деген жазу бар, кейбір адамдар қолдарына темір таяқ ұстаған, кейбірінің басында каска бар. Яғни осындай сипаттау арқылы бақылайсыз. Әдетте мен митингілерде ақпарат таратсам, көштің басында кім тұр, соларға барып, сол топтағы адамдардан сұрайтынмын. «Не талап етесіздер? Кім үшін келдіңіздер? Неге жиналдыңыздар?» деген сұрақтарды қоямын. Ал егер адамдар сөйлескісі келмесе, оқиғаны сипаттаймыз. «Біз жиналышп тұрган кіслермен сөйлесуге тырыстық, бірақ олар бізге комментарий бермеді» деген сияқты түсіндірме қосатынбыз.

Жалпы оқиға орнынан хабар тарататын тілшінің болуы редакция үшін үлкен артықшылық және абырой. Мұндай мүмкіндікке ие болуға көп басылымның шамасы келе бермейді. Біріншіден, бұл журналистиң қауіпсіздігіне байланысты. Екіншіден, ресурс жоқ. Бұл кезде ақпаратты бейтарап және эксклюзив бересіз, біреу былай хабарлады деп басқа сайттарға жалтақтап, аңдып отырмайсыз. Өзіңіз ақпарат өндіруші боласыз.

Мемлекеттік телеарналар, біздегі билікшіл позицияны ұстанатын басылымдар митингілер кезінде наразылықтың ортасына баруға жасқанады. Өйткені өзім біrnеше митингілерден хабар таратқан кезде «Хабардың», «Қазақстан арнасының», «Алматы телеарнасының» журналистері келген кезде оларды сұрақтың астына алғып, адамдар қоршап, «қалай берейін деп жатсыңдар, көрсетесіңдер ме, шынымен бе?», деп мемлекеттік арналарға, билікшіл арналарға сенбейтіндіктерін ашық көрсетіп, назын білдіріп жатады. Тіпті алаңнан қуып жіберіп, «сендерге ешкім сөйлемейді, кетіндер» деген жағдайлар да болған. Яғни журналистиң кез келген қақтығыстың ортасынан ақпарат таратуы үшін де абырой, жүрек, ресурс керек. Қазақстанда 2019 жылы митингілер көп болды. Саяси митингілерде арнайы жасақ ұстап алғып кетеді, полиция белсенділердің үйін барып аңдиды. Біз сол белсенділердің үйіне барып, полициямен бірге оларды аңдып тұрып, ішке кіргенін көзben көріп, жазатынбыз”, - деп бөлісті ол.

#### *Ақпарат дереккөзі және оны тексеру*

Ресми ақпарат көздері үкімет тапсырмалары, мемлекеттік бастамалар және ресми мәлімдемелер туралы ақпарат беретіндіктен, құн тәртібінде басты рөл атқарады.

Р. Тифfen және басқалары зерттеген елдердегі жаңалықтарда мемлекеттік ақпарат көздері басым екенін анықтаған. Олардың үлесі оппозициялық

денгейден шамамен екі есе жоғары деген қорытындыға келген. Мұның себебін ресми құрылымдардың дау тудырмайтын және БАҚ-қа ақпарат берудің негізгі ақпарат көзі болатын деректерді жүйелі түрде жариялануымен түсіндіреді. Мұндай тенденция сенімді және беделді дереккөздерге сүйенетін демократиялық елдерге де тән деп есептейді [96].

Көбіне журналистер ресми дереккөзден пікір алуға міндетті, бірақ ол комментарийлерге толықтай сүйенуге, шын деп қабылдауға болмайды деген пікір ұстанады. Ресми баспасөз параптасы, редакцияға келген хат, әлеуметтік желіні дереккөз ретінде қолданады екен. Бірақ көп жағдайда ресми ақпарат толыққанды материал құрауға негіз бола алмайды. Бұған журналистер бірауыздан келіседі:

“Ресми ақпаратқа сүйену керек деп айта алмаймын. Себебі ресми ақпараттың өзі бір-біріне қарама-қайшы шығып жатады. Көбіне өзім немесе әріптестерім көзімен көріп баянdap берген, сұхбат алған жағдайда оны беруге болады. Дегенмен кейде ақпаратты тексеру өте қын. Мәселен, митинг кезінде ресми орган алаңға 10 шақты адам келді деуі мүмкін. Алайда редакциядан барып тұрған журналист олардың әлдеқайда көп екенін айтады. Мұндай жағдайда негізінен әріптестерімізді сөзіне сүйенеміз”, - дейді сұхбат берушілердің бірі.

“Негізгі дереккөздер: оқиға орнындағы адамдар, белсенділер, мемлекеттік органдар, мәліметтер базасы, статистика, азаматтық институттар. Деректерді талдау, статистика, өткен жылдардың материалдары, арнайы бағдарламалар мен іздеу жүйелері арқылы тексеремін (фактілерді тексеруге арналған құралдар бар)”, - дейді тағы бір респондент.

Қазіргі заманауи технологиялар да ақпаратты тексеруді жеңілдетті дейді журналистердің бірі.

“Егер қақтығыс болып жатса, ол жерде бірнеше адам болады, күәгерлер, қатысушылар болуы мүмкін. Сондықтан ақпаратты тексеруге болады. Сондай-ақ мемлекеттік органдар арқылы тексереміз. Қазір технология көп мүмкіндік береді. Мысалы, мұнайшылардың митингі болса, олар видео жолдау жасаса және олар көп болса, бұл жолдау фейк болуы мүмкін емес”, - дейді журналист.

Оның сөзін мына пікірмен жалғауға болады:

“Фактіні, ақпаратты тексеретін арнайы құралдар бар. Google-дің өзінде бірқатар құралдарды қолдануға болады. Видеоның түпнұсқасы қайда таралды, суреттерді тексеретін құралдар бар. Журналистер тараталған ақпаратты беретін арнайы Telegram арналар жұмыс істейді. Оқиға орнынан таратылған дерек болса, қолдануға болады. Бірақ оны міндетті түрде тексеру керек”, - дейді келесі респондент.

Үш тараптан да ақпарат алу керек деген журналист қақтығыс аясындағы ақпаратты тексеру қын дейді.

“Қақтығыс кезінде әдетте екі тарап болады. Үшінші тарап – билік. Үшеуінен де ақпарат алу керек. Олардың сөздерінің рас-өтірігін ол жерде тексере алмайсыз. Тек қазақтардың айтуы бойынша, тәжіктердің сөзіне сүйенсек деп бересіз”, - дейді ол.

Тағы бір респондент қақтығысқа тікелей қатысқан адамдар немесе оқиға күегерлері оқиғаның нақты жай-күйін сипаттай алады және маңызды деректерді ұсына алады дейді.

“Қақтығыс орын алған жердегі жергілікті тұрғындар да қақтығыс жағдайына қатысты маңызды ақпарат береді. Полиция, прокуратура және басқа құқық қорғау органдары қақтығыстар туралы ресми ақпарат пен статистика ұсынады. Twitter, Facebook, Instagram және басқа да әлеуметтік желілердегі хабарламалар, посттар, суреттер мен видеолар қақтығыс жайлы ақпарат таратуда маңызды рөл атқарады. Ақпараттың дұрыстығын тексеру үшін бірнеше дереккөзге сүйену қажет. Бір ғана жерден алынған мәліметтерді тексеру жеткіліксіз. Әртүрлі жаңалық агенттіктерінің мәліметтерін, үкіметтік және тәуелсіз ұйымдардың мәліметтерін салыстыру қажет. Әртүрлі дереккөздер бірдей ақпаратты берсе, бұл мәліметтердің дұрыстығын раставуға көмектеседі.

Қақтығыстың тікелей күегерлерімен сұхбат жасап, олардың көрген-білгендерін салыстыру қажет. Бірақ күегерлердің жеке көзқарастары мен пікірі де объективті болмауы мүмкін, сондықтан бірнеше күегерден ақпарат алу маңызды. Мәліметтердің уақыты мен хронологиясын тексерген жөн. Оқиғаның нақты уақытын білу маңызды”, - дейді ол.

Келесі журналист те бірнеше дереккөздің ақпаратын салыстыру керек дейді.

“Бастапқы дереккөздерге үкімет мәлімдемелері мен есептері, сарапшылардың пікірлері, күегерлердің сөздері, құқық қорғау ұйымдары және тәуелсіз зерттеулер жатады. Ақпараттың дұрыстығын тексеру үшін бірнеше дереккөзді қолдануға және фактілерді салыстыруға, сонымен қатар тәуелсіз сарапшылардан түсініктеме алуға тырысамын”, - дейді ол.

Б.Ж. Каримова және т.б тұжырымынша, медиада кейде жалған ақпарат саналы емес түрде таралып кетеді, ал кейде керісінше саналы түрде аудитория назарын аудару үшін қолданылады [97]. Алайда кейбір ақпаратты тексеру мүмкін емес. Оны мына журналистиң пікірі дәлелдейді:

“Егер жалған ақпарат болса, оны мұлдем бермейміз. Егер ашық дерек көздерінде бар, шын ақпарат болса береміз және оны айттып кетеміз.

Тоқаевтың өзі «Алматы облысының іргесінде әскерилер мен наразы топтың арасында кескілескен айқас жүріп жатыр» деді, «20 мың террорист» бар деп айтты. Осының барлығы жалған ақпарат және мұндай ситуацияда біз бейтараптық сақтай алмаймыз. Мәселен, 20 мың террорист туралы Тоқаев кейіннен бұл ақпаратты Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің бұрынғы басшыларынан алғанын айтты. Бірақ біз олардан ештеңе сұрай алмаймыз. Өйткені олардың бірі қамауда, бірі үй қамақта. Мәселен, кейбір депутаттар Қаңтар оқиғасы кезіндегі жастар есірткі тұтынып, арақ ішті деген ақпарат таратты. Мұндай ақпаратты қайдан алдындар деген сұраққа: «Біз түрмелерді аралаған кезде, тергеу изоляторларын аралағанда, жастар осылай айтты» дейді. Бірақ ол қандай жастар, олар наразылықта болған жастар ма, олар жағдайды көрді ма? Бұл туралы білмейміз. Яғни біз Тоқаевтан, депутаттардан, Қаңтар оқиғасы бойынша тергеу комиссиясына кіретін басқа да билікшіл құқық

корғаушылар, саясаткерлерден бұл ақпараттың дереккөзін анықтай алмаймыз”, - дейді журналист.

Ақпарат көздерінің бұлдырылышы, тексерілмеген деректерді тарату биліктің наразылық білдірушілердің беделін түсіру бағытындағы жалпы стратегиясының бір бөлігіне айналуда. Қазақстандағы ұлтшылдық пен қоғамдық қозғалыстарды зерттейтін ғалымдар мемлекет мұндай тактиканы жүйелі турде пайдаланып, наразы азаматтарды бұзақы немесе радикал ретінде көрсететінін жазады. Мәселен, саясаткер Досым Сәтбаев пен ғалым Диана Құдайбергенова билік өздерінің легитимдігін нығайту үшін белсенділер мен наразылық білдірушілерді қаралауға баратынын баса айтады.

Қазақстандағы режим наразылық танытып шыққан белсенділердің артуына жауап ретінде бірқатар қателіктер жіберді. Билік өз легитимділігін нығайту мақсатында жүйелі түрде кәсіподақтар мен наразылық білдірушілерді негізсіз талаптары бар бұзақылар ретінде [98], полицияға шабуыл жасайтын тәртіпсіздер немесе азаматтардың көпшілігінен жоғары табыс табатын «ашкөз» мұнайшылар ретінде көрсетеді. Бұған дейін авторитарлық билік наразылық акцияларын басу үшін стандартты стратегияны ұстанды, оның ішінде көшбасшыларды тұтқындау және түрмеге жабу, белсенділерді қудалау, тұргын үй қозғалысына қатысушылар (үлескерлер) және көп балалы аналар сияқты әлеуметтік осал топтарға пара беруге әрекеттенді [99].

Тағы бір журналист тәжірибесін келтіріп, этникалық мәселенің шешілуіне қатысты қандай әдіс қолданғанын толығырақ бөлісті.

“Малыбай ауылына журналистік зерттеумен бардым. Бұған дейін соңғы жылдары мұнда әділетсіздіктер орын алғып жатқаны туралы шағымдар түскен. Ауыл әкімі ауылдың кіре берісіндегі «Ауылым – алтын бесігім» деген ұран сөздің үйғырша жазылғанына қарсылық білдіріп, ауыстыруын өтінген өтініштеріне құлақ аспай келгенін, мектепте «Үйғыр ұлтының жұлдыздары» атты стендтер ілініп, ұстаздар мемлекеттік тілді менсінбей бара жатқаны анықталды. Оның үстіне соңғы 10 жылда ашылмай қалған қылмыстар легі көбейген, әсіресе бойжеткен қыздардың (оның ішінде қазағы да, үйғыры да бар) із-түзсіз жоғалуы, өлі денесі табылып, қылмыскерлер із жасырғаны жайлы фактілер көптеп кездесті. Ақпарат алу үшін қызы жоғалған қаралы ата-аналардың үйіне арнайы барып, тілдестім, арыз-шағымдарын жаздырып алдым. Мектепке барып, әлгі оқушылардың ой-санасын бұзатын «ұлтшыл» стендті тығып қойған жерінен тауып алдым. Эрине, жанымда қуәгер ретінде қоғамдық үйім өкілдері, ауыл тұрғындары болды. Тіпті, тек үйғыр отбасыларын материалдық тұрғыдан қаржыландырып отыратын америкалық азаматты анықтап, кездесуге бардық. Америкалық жарылқаушы бізben сөйлесуден қашып, артынша мұхит асып кетті. Кішкентай ауылдағы осындағы құмәнді жайттар ҚР Президент әкімшілігіне, ҰҚҚ-ге ауыл тұрғындарының қолын қойдырып, арыз жазуымызға себеп болды. Соның арқасында Малыбай ауылында біршама сауықтыру жұмыстары жүрді, қазақ әкім тағайындалды, үйғырша сөздер алынып тасталды. Алынған мәліметтерді өз аяғынмен барып, өз қолынмен ұстап

тексересің деп айтар едім. Сондықтан қасқырды аяғы асырағандай, журналист те шындықты іздең жер-жананды кезуден жалықпауы керек”, - дейді журналист.

*Цензура және оның журналист жұмысына әсер етуі. Қақтығыс тақырыбында хабар таратуға кедергілер*

Д. Сью сөзінше, интернетті бақылау дәстүрлі және жаңа әдістермен жүргізіледі. Әлі күнге дейін онлайн медианың жұмысына әсер ететін нарықтық механизмдер, әлеуметтік нормалар мен ережелер бар. Әсіресе, Қытайда жеке порталдар үшін материалдар жазуға тыйым салынған, сондықтан журналистер жұмысына елеулі кедергі келеді. Сондықтан көптеген портал журналистерді сұхбат алып, материал жазу үшін құпия түрде жұмысқа алып, оларды ресми түрде редактор деп атайды. Көптеген журналист биліктегілердің назарын аудармас үшін Weibo-дегі (Қытайдағы танымал микроблог платформасы) аккаунттарындағы профильдерін өшіріп тастайды [100].

Ал отандық журналистердің жұмыс істейтін редакцияларына байланысты цензура туралы пікірлері біркелкі емес. Бірі цензураға жиі ұшыраса, енді бірі мүлдем тап болмаған.

Мысалы, журналистің бірі редакцияда цензураға ұшырамайтынын, көбіне ішкі цензура жібермейтінін айтады.

“Мәселен, тараптар бір-біріне балағат сөздер айтып, тіл тигізуі мүмкін. Мысалы, Қордайдағы Масаншыда ұлтаралық қақтығыс болғанда екі ұлт өкілдері бір-біріне қатысты әртүрлі сөздер айтты (әсіресе, қазақтар дүнгендер жайлы). Бұларды жариялау арқылы ұлтаралық араздық тудыру туралы заңға ілігүіміз мүмкін екендігін білгендіктен, қызуқанды сөздерді алып тастаймыз”, - дейді ол.

Тағы бір респондент:

“Цензурамен бетпе-бет келдім дей алмаймын, бірақ 2011 жылы Жаңаөзен оқиғасы кезінде оралмандарды құдалауға қатысты кейстер болды. Осыған қатысты қарсы мақала жаздым, жарияланды, үлкен проблемалар болған. Қысым жасалды деуге болады.

Былтыр сауалнама негізінде жүргізілген зерттеуімнің нәтижесінде редакция өз журналистерінің қауіпсіздікке толыққанды кепілдік бере алмайтынын анықтадық. Қандайда бір жағдайға ұшыраса, оларға төленетін төлемақы қарастырылмаған. Кейбір редакциялар өз журналистерін көлікпен, телефондағы қорғау құралдары, екі аутентификациялық қорғаумен қамтамасыз ете алады екен”, - дейді.

Тағы бір әріптесі онымен келіспейді, цензура бар, онымен әрдайым кезігеміз дейді.

“Шенеуніктер хабарласып, материалды түзетуді, өзгертуді, жөндеуді сұрайды. Сөз бостандығы бар деп айтады, бірақ бұл біздің күнделікті өміріміз. Цензураға мән бермей, өзім қалаған нәрсені жазуға тырысамын, бірақ бәрімізде шектеу бар”, - дейді ол.

Цензураға үнемі тап болатын тағы бір тілші осыған байланысты оқырманға оқиға жайлы толыққанды түсіндіру, қақтығыстың бірнеше жағын көрсету мүмкін еместігін алға тартады.

“Мысалы, ресейлік басылымда жұмыс істеп жүргенде, қақтығыс тақырыбын жариялағанда, ресейлік тарап талап еткендей, біз біржақты ақпарат бердік. Мысалы, ұлтаралық қақтығыстарды жариялағанда Кремльдің ресми ұстанымын ғана жаза алдық”, - дейді ол.

Келесі респонденттің айтуынша, хабар таратуға кедергілер ресми органдар тарапынан болады.

“Наразылықтар, қақтығыстар кезінде ақпарат таратуға, жинауга полиция немесе басқа құқық қорғау органдары кедергі келтіретін әрекеттер жасады. Митингке қатысушыларды 10-12 сағат бойы қоршауда ұстап, оларға журналистермен тілдестірмейтін. Сондай-ақ хабар таратуға тырысқан кейбір әріптестерімді ұстап әкететін жағдайлар болды.

Этносаралық ортадағы қақтығыстар туралы ақпаратты жариялау кезінде мемлекет тарапынан белгіленген шектеулерді сақтауға мәжбүрміз. Бұл шектеулер кейде бізді кейбір мәліметтерді жарияламауға, не болмаса ақпаратты белгілі бір қырынан ғана көрсетуге мәжбүр етеді. Мысалы, қақтығыстардың салдары, қатысушылардың әрекеттері немесе үкіметке қарсы пікірлер туралы мәліметтерді ашық түрде жариялауымызға шектеу қойылады.

Бұл жағдай бізді журналист ретінде кәсіби және моральдық тұрғыдан қыын жағдайға қояды. Бір жағынан, шындықты айту мен қоғамды толық ақпаратпен қамтамасыз ету біздің басты міндетіміз. Бірақ, екінші жағынан, мемлекетке тәуелді болуымыз бұл міндетімізді толық орындауға кедергі келтіреді. Нәтижесінде, біздің жұмысымыз белгілі бір деңгейде цензураға ұшырап, қақтығыстарға қатысты ақпаратты толыққанды жеткізе алмаймыз. Бұл журналистиканың негізгі принциптеріне қайшы келеді деп ойлаймын”, - дейді журналист.

Цензура – журналистік тәжірибедегі күрделі мәселелердің бірі екенін айта отыра, жарияланған материалдарды тікелей шектеуде де, қорқыныштан туындаған “өзін-өзі цензура жасау” түрінде де көрінеді дейді тағы бір респондент.

“Бұл оқиғаларды объективті түрде ақпарат таратуды қынданатады және оның бұрмалануына әкелуі мүмкін. Қақтығыс тақырыптарын жазған кезде міндетті түрде цензураға ұшырайсың”, - дейді ол.

Цензурадан бөлек, қарапайым адамдар тарапынан да наразылық, реніш, қарғыстар болады дейді бір журналист.

“Қантар оқиғасы кезінде біздің камерамызға нұсқап, бізге қарай адамдар келіп, таяқпен ұрамыз деп қорқытып, микрофонымызды, камерамызды сындырғысы келді немесе әкімдіктің алдына жиналған адамдар, митингілерде қолшатырмен камераларымызды жауып, көлегейлеп, бізді түсіртпеуге тырысып, тілшілерімізді кейбір кезде ұстап алып кетеді. Ондай да болып тұрады. Көпбалалы әйелдер наразылығы күшейіп тұрған кезде әкімдік өзінің қанатының астына он шақты әйелдерді алып, азық-түлік, ақша беріп, сөйтіп оларды өздерінің басқаруға қолайлы көпбалалы әйелдер етіп алады. Басқа көпбалалы әйелдер жиналған кезде әкімдіктің сөзін сөйлейтін қарны тоқ көпбалалы әйелдер барып, былайша айтқанда удың бетін умен қайтарады. Сондай кезде

журналистер де “таяқ жеп” қалады. Әкімдік жағдайын жасаған көп балалы әйел туралы жазамын деп қарғысқа ұшырап, басқа әйелдер қоршап алған жағдай болған. Наразылық кезінде әкімнің сөзін сөйлеп жүрген бір әйелге әкімдіктің ішінен цех ашып берген. Соған жұмысқа алған. Сол туралы біз жаздық. Сосын маған хабарласып: «Балаң болмасын» деген сияқты қарғыс айтып, кейіннен кеңсеге келген жағдайлар болған”, - дейді ол.

Енді бір респондент этносаралық мәселені көтерген үшін жауапкершілік арқалағанын мойындағы.

“Ол кезде тәуелсіз «Тасжарған» газетінде жұмыс істегендіктен, Қазақстандағы кез келген БАҚ баса алмайтын мәселелерді еркін жаза алдық. Бірақ үстімізден іс қозғалып, газет жабылды, мен сottалды”, - дейді журналист.

*Қақтығыстың түрлері және жазуға қыын және аз жазылатын қақтығыстар*

Қақтығыстың негізгі түрлерін журналистер былай ажыратады: әлеуметтік, саяси, этносаралық, діни. Журналистердің көбі әтникалық және саяси қақтығыстардан хабар тарату қынырақ деп есептейді. Сондықтан олар аз жазылуы мүмкін деп болжайды.

Қақтығыс тақырыбында хабар таратудың ерекшеліктері туралы тәжірибелі журналист былай дейді:

“2015 жылы Сарыағаш, Мақтаарал, ал 2020 жылы Қордай оқиғасы болған кезде хабар тараттым. Бұлар - этносаралық қақтығыстар. Одан білек, 2019 жылы Арыстағы жарылыс, 2022 Қаңтар оқиғасын жаздым.

Діни қақтығысқа мысал, 2013 жылы Жезқазганда салафиттерге, терроризмге қатысты мәселе туындағы. Бұл діни көзқарас бойынша пайда болған қақтығыс еді. Қазақстанның біраз азаматы Сирияға кетіп қалды. Ол қақтығыстың жалғасы әлі бар. Бір қарағанда еңбек дауының көрінісі Жаңаөзен оқиғасы болды. Онда 18 адам өлді. Бірақ Қаңтар мен Жаңаөзен халықтың талабынан туған саяси қақтығыс дер ем, тіпті көтеріліс деуге де болады”.

Тағы бір редактор:

“Әлеуметтік қақтығыс Қазақстанда етек алған. Халық арасындағы теңсіздік. Бұл Қаңтарда анық байқалды. Ең алдымен адамдар осындағы әлеуметтік әділетсіздік үшін алаңға шықты. Себебі бізде байлар байып жатыр, кедейлер кедейленіп, қарапайым адамдардың жағдайы барған сайын нашарлауда. Одан кейін еңбек, діни қақтығыстарды қарастыруға болады.

Зорлық әрекеттерден соң, тұрмыстық мәселелерден бастау алатын жергілікті қақтығыстарды атап өтуге болады. Дін мәселесінде қақтығыс аз, оны мемлекет бақылап отырады”, - дейді журналист.

Келесі респондент қақтығыс тақырыбын көтеруде журналистер оның өзектілігіне мән беретінін айтады.

“Күнделікті өмірде қақтығыстардың тұр-түрі жиі кездеседі. Оның бәрін бірдей жаза бермейсің ғой. Сондықтан бұл ақпарат қоғамға қаншалықты маңызды деген сұраққа жауап бересің. Мысалы, Абзал мен Асқардың бір бұқаға таласып қалғандары кімге қызық? Ал Жаңаөзен, Қаңтар сияқты қақтығыстар, немесе кәсіпорынның басшысы қызметкерлерді жаппай жұмыстан қуып

жатқаны маңызды. Яғни маңызды ма, жоқ па, зардап шеккендер бар ма, соған назар аударасын. Ең қыны даудың неден басталғанын анықтау – ол қарапайым тұрмыстық жанжал болуы мүмкін, бірақ жанжалдастан тараптардың ұлты әртүрлі болғандықтан желі қолданушылары оған этникалық рең береді”, - дейді ол.

Тағы бір тілшінің пікіріне сүйенсек, көп тарапты қақтығыстар туралы жазу қынын.

“Бұл негізінен әлеуметтік, рулық, ұлтаралық және саяси қақтығыстар. Негізгі себептері: теңсіздік, әлсіз басқару, үлкен көрші елдерге тәуелділік, көп ұлттылық, экономиканың әлсіздігі және қарапайым халықтың әлеуметтік деңгейінің төмендігі. Ұлтаралық және саяси қақтығыстар, көбісі цензураға байланысты толыққанды хабар таратуға қорқады. Сондықтан осы туралы жазған қынырақ. Қақтығыстың қайсысы болмасын, ақпарат етіп жазу оңай емес. Мениң ойымша, ең қыны Қантар сияқты қақтығыстар, өйткені мұнда көптеген тараптар бар, олардың әрқайсысы өз ұстанымын тұжырымдай алмайды. Сондай-ақ, мұндай жағдайларда ақпарат шашыраңқы және кейде бұғатталуға байланысты оған қол жеткізу қынға соғады” - дейді ол.

Журналистермен сұхбат барысында анықталғаны, этносаралық ортада туындастын өзекті мәселелерді жазудағы тағы бір құрделі тақырып – этникааралық қақтығыстар.

“Экономика, саясат және өзге де талаптарды жазып отырғанда, әлсіздермен мықтыларды анық көресін, халық өзі не қалайтынын анық айтады, журналист анық жазады. Сондықтан бұл тақырыптарды көтергенде негізінен өз ойын айтатын бір ғана тарап, яғни халық болады. Ал ресми органдар көп жағдайда үнсіз қалады. Ал ұлтаралық қақтығыстарда екі тарап болады. Олардың екеуінің айтып тұрған сөздері қате немесе екеуінің де айтып тұрған сөздері дұрыс көрінеді. Басқа мәселенің шешімі табылмауына нақты кінәлі адамды атауға болады, ал ұлтаралық араздыққа қоғам кінәлі”, - дейді журналист.

Келесі респонденттің пікіріне сүйенсек, кез келген қақтығыс редакцияның мүмкіндіктеріне байланысты толыққанды жазылмауы мүмкін.

“Қандай да бір статистика болмаған соң, белгілі бір қақтығыс түрі туралы аз не көп жазылады деу қын. Бізде мемлекеттік БАҚ көп, жергілікті басылымдар әкімдіктерге бағынады. Тәуелсіз журналистер аз, олар барлығын қамти алмайды. Біз, редакция ретінде, ірі қақтығыстардың орын алғанынан хабардар болсақ, толыққанды қамтуға тырысамыз”, - дейді ол.

Этносаралық мәселелер туралы жазу кезінде журналистер этикалық диллемалармен де бетпе-бет келеді.

“Ұлтаралық қатынастар – өте сезімтал мәселе. Еш тарапты қолдамай, тек ақпаратын тыңдап, қалай бар, солай беремін. Осы үшін маған хейт келді. “Қазақтарды жақтамадың деп” сынға қалған кездер болды. Тілге, айтқан ойыңа абай болу керек. Қордай оқиғасы кезінде тікелей эфирге шықтық. Мұндайда діни алауыздық тудыратын сөздер қолдануға болмайды. Журналиске қысым жасалады, ақпарат бермейді. Бірақ соның өзінде ақпарат алу міндет. Қантар оқиғасын жазу ауыр болды. Себебі мен өлген адамдарды көп көрдім. Жалпы

саны 238 адам өлді, бұл оқиғаны еске алғым келмейді. Этносаралық қақтығыстарды да жазу қын. Қалай дегенімен сен де адамсың, ұлтқа жатасың. Әсіресе, қазақ пен өзге ұлт арасында шиеленіс болып жатса, мен де өз ұлтымды жақтағым келіп тұрады. Бірақ жақтассаң, сен журналист емессің. Ауырлау тиеді, бірақ мен оған үйреніп кеттім. Журналист баға бермейді, өз ойымды, тұжырымымды жасамаймын, сипаттаймын. Оқырман өзі шешім қабылдауы керек”, - дейді журналистиң бірі.

У. Липман өзінің “Қоғамдық пікір” кітабында журналист шынайы өмір мен аудитория арасындағы делдал болуы керек, оқиғаға қатысты оның өзіндік пікірі жағдайға басқаша көзқарас қалыптастыруы мүмкін дейді [101].

М. Шудсон журналистика объективтілік қағидаларына негізделгенін, сондықтан онда жеке көзқарас пен түсіндірме болмауы тиіс дейді, бұл өз кезегінде ақпараттың бейтарап және шынайы болуын қамтамасыз етеді [102].

Д. Маккуэйл “Коммуникация теориясы” еңбегінде журналист бейтараптықты сақтау себебі аудиторияның оған сенімін талап етуі деп түсіндіреді [103].

Тағы бір респонденттің пікірінше, Қаңтар оқиғасы туралы аз жазылып жүр.

“Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ірі қақтығыс Қаңтар оқиғасы көп жазылмайды дер едім. Мысалы, Қаңтар кезінде мемлекеттік ақпарат құралдары оқиға орнынан ақпарат таратпаған, наразылық білдірушілердің үні жоқ, олардан сұхбат алынбаған. Тек біржақты ақпарат берілген. Демек саяси қақтығыстар туралы аз жазылады. Үкіметтің нарративімен беріледі. Балама ақпарат құралдарының бар екенін атап өту керек. Олар қолдан келгенше ақпарат беруге тырысады. Көп жағдайда біздегі мәселе бейтараптықты сақтай алмау”, - дейді ол.

Шетелдік журналистер де Қаңтар қақтығысын егжей-тегжейлі зерттеп, журналистердің сол уақытта қалай хабар таратқанына, жалпы қақтығыс кезіндегі БАҚ-тың рөліне ерекше мән беруде. Мысалы, The Diplomat басылымының журналисі Шерилл Ридд оқиғаларды сипаттай келе, қазақстандық тілшілердің оқиға орнынан хабар таратқанда, өміріне қауіп төнсе де, ақпарат таратуды жалғастырғанына мән береді. Бұл дағдарыс пен ақпаратты қатаң бақылау кезінде тәуелсіз журналистиканың маңыздылығын көрсетеді.

Сондай мысалдардың бірі – Бек Бейтас есімді журналистиң (Orda.kz тілшісі) Қаңтардағы қақтығыс кезінде әріптестерімен бірге болып жатқан оқиғаны тікелей эфирде көрсету оқиғасы. Олардың шағын автобусын полиция қызметкерлері тоқтатқанда, құқық қорғау органдары журналистиң телефонын күшпен тартып алмақ болған. Жауап алу кезінде офицерлер оның наразылық акциясына қатысқаны туралы түсініктеме талап етіп, саяси көзқарасы мен патриотизміне қатысты сұраптар қойған. Қорғаушы шақыруға занды құқығына қарамастан, Бек қамауға алу мен жауап алу процесін көру үшін, қандай болатынын сезіну үшін бұл мүмкіндіктен бас тартқан. Бір қызығы, бостандыққа шығар алдында ол қауіпсіздік күштері тарапынан ешқандай физикалық зорлық-зомбылық болмағанын айтЫП, камераға жариялауға мәжбүр болған [104].

Журналистер үшін жағдай өте қауіпті күйде болды. Бірнеше тілшіге шабуыл жасалып, «Азаттық» радиосының (RFE/RL) Алматыдағы бюросының

басшылығы өз қызметкерлерін қауіпті аймақтардан шұғыл эвакуациялау туралы шешім қабылдауға мәжбүр болған. Дәл осы уақытта наразылар мемлекеттік телеарналардың («Қазақстан», «Хабар», «Еуразия бірінші арнасы», КТК және «Мир 24») ғимараттарына шабуыл жасады. Наразы топтардың бұл әрекетіне ресми БАҚ өкілдеріне деген сенімсіздік, оқиғалардың шынайы бейнесін бұрмалады деген айыптар себеп болған. Қақтығыс күшейген сайын тәуелсіз БАҚ ақпараттың маңызды балама көзіне айналды. Азаттық радиосының Алматы бюросының жетекшісі Қасым Аманжолдың айтуынша, наразылық білдірушілер тәуелсіз журналистиканың маңыздылығын түсініп, басылым қызметкерлерін болуы мүмкін шабуылдардан қорғаган. Алайда Аманжолдың өзі де биліктің қысымына ұшырады: ол Алматының шығыс бөлігіндегі наразылық акциясын жүргізіп жатқанда екі сағатқа қамауға алынды. Осылайша, Қаңтар оқиғасы халықтың наразылығының жоғары деңгейін дәлелдеумен қоса, тәуелсіз БАҚ-тың билікті бақылау тетігі ретінде маңыздылығын көрсетті. Тәуекелдерге қарамастан, журналистер цензура әрекеттеріне және физикалық қысымға қарсы тұрып, өз жұмысын демократиялық процестің негізгі элементіне айналдырып, оқиғаларды жазуды жалғастырды [104].

Бір журналистің сөзінше, Қазақстанда БАҚ мемлекетке тікелей тәуелді болғандықтан, көптеген қақтығыс толық жазылмайды.

“Негізгі себептері: жұмыссыздық пен кедейлік. Мәселен, Жаңаозен оқиғасында мұнайшылар ұзақ уақыт бойы еңбек жағдайларын жақсарту және жалақыны көтеру талаптарымен ереуілге шықты. Бұл ереуілге жұмыссыздық пен әлеуметтік теңсіздік сияқты мәселелер түрткі болды. Арты полициямен, билікпен қақтығысқа ұласты. Бұнымен қоса Қаңтар оқиғасын да мысалға ала аламыз. Себебі, бұл жағдайдан біз әлеуметтік-экономикалық, саяси қақтығысты көре аламыз. Қазақстандағы саяси қақтығыстың ең ірісі болды деп айта аламыз. Халық арасында ұзақ жылдар бойы қалыптасқан саяси жүйеге деген наразылық, биліктің шектен тыс өз дегенін жасауы және сөз бостандығының шектелуі сияқты мәселелер де маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ елімізде жаңа президент бола тұра бұрынғы президент Нұрсұлтан Назарбаевтың билікке араласуы, оның елді басқару тәсіліне деген қарсылық та үлкен әсер етті”, - дейді тілші.

Ғалым Д. Құдайбергенова Нұрсұлтан Назарбаевтың 30 жылдағы авторитарлық режимі мемлекеттік, қоғамдық қатынас салаларына терең еніп кеткені соншалық, билік пен қоғам екіге айырылды деп есептейді. Оның билікті болған соңғы жылдарында арадағы алшақтық кеңейе түсті, оған экономикалық дағдарыс пен пандемияның салдары әсер етті. Бәсекеге негізделген сайлаудың, жауапты басқарудың болмауынан азаматтардың билікке әсер ету механизмдері жоқ еді, сондықтан наразылық азаматтардың өзін көрсетудің жалғыз жолы еді дейді [99, р. 704-719].

Осы тұрғыда журналист авторитарлы қоғамдағы БАҚ-тың хабар таратуында үнемі кедергілер болатынын атап өтті.

“Қазақстанда БАҚ мемлекетке тікелей тәуелді болғандықтан, көптеген қақтығыс толық жазылмайды не болмаса тек мемлекеттің мұддесін қорғап қана жазылады. Қазақстанда сөз бостандығы шектелгендіктен билікке қарсы пікірлер

немесе саяси оппозицияның әрекеттері БАҚ-та толықтай көрсетілмей жатады. Ал саяси қақтығыстарды шынайы және толықтай баяндау қыынға соғады. Тек жекелеген БАҚ-тарда ғана баяндалып жатады, дегенмен билік олардың да жұмысына кедергі келтіреді. Ал этникалық қақтығыстар аса сезімтал тақырып болғандықтан ақпаратты жариялау мен зерттеу кезінде қосымша кедергілер туады. Бұл мәселелерге қатысты зерттеулер мен мақалалар қақтығыстардың нәтижелері мен қатысушыларына теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан оларды жариялау сақтықпен жүзеге асырылады. Сондай-ақ саяси мәселелерге қатысты қақтығыстар туралы жазу да, әсіресе үкіметке, президентке қарсы пікірлер білдіру журналистер үшін қауіпті. Мұндай материалдар саяси қудалауға немесе қысымға әкеліп соғып жатады. Саяси қақтығыстар туралы ақпаратты таратқанда БАҚ көбінесе цензураға ұшырайды. Журналистер мемлекетке қарсы ақпарат таратудан қорқып, өздігінен цензура қолданады”, - дейді журналист.

Енді бір журналист этносаралық қақтығысты жазу кезінде ғұл тақырыпқа қатысты ешкім пікір білдіргісі келмейтінін айтады.

“Бұл бірінші қыындық болса, екінші қыындық, журналист аталған тақырыпты қалай жазатынына байланысты. Кез келген негативті пікір ұлттық араздықты тудыруы мүмкін. Өте сақ болу керек. Этносаралық қақтығыс бізде жиі жазылмайды. Көп жағдайда мемлекет бәрі жақсы екенін көрсеткісі келеді. Бірақ шындығына келгенде олай емес. Халық пен атқарушы билік арасындағы байланыс дұрыс орнатылмаған кезде қақтығыс болады деп ойлаймын. Мәселен, денсаулық сақтау, білім беру саласы”, - дейді ол.

Тағы бір тәжірибелі журналист этникалық қақтығыстарды жазу кезіндегі қыындықты атады.

“Біріншіден, сен хабар таратуың керек, халық шын мәнінде не болып жатқанын білу керек. Екіншіден, сенің таратқан хабарың этносаралық қақтығыстың одан әрі ушығып кетуіне себеп болмауы керек. Мәселен «Жібек жолы ауылдында», Түркістан облысындағы 5 жасар қыз зорланып қайтыс болды. Оны өлтірген, зорлаған өзбек ұлтының азаматы. Бүкіл ауыл көтерілді. Бүкіл ауыл адамдары басқа өзбектердің үйлеріне тас лақтырып, осылай тәртіпсіздік бастады. Біз шынымен де оқиғаның қалай болып жатқанын жазуымыз керек. «Бұл оқиғада этносаралық қақтығыстың сипаты бар. Өйткені құдікті қазақ ұлтынан емес» деп жазамыз. Бірақ пікірде адамдар неше түрлі дүние жазады: «өзбектер деп ашық жазсандаршы, өзбектерді күу керек» дейтіндер бар. Осындағы сэтте өте қыын, өйткені менің мақсатым - қазақтардың намысын қорғау немесе қазақтарды алаулатып-жалаулатып «Ойбай, қазактар алға!», деп аттандастып, ауылды көтеріп жіберу емес, ақпарат тарату. Бірақ мен таратқан ақпарат сондай бір мүддеге сай жұмыс істемеуі мүмкін.

Сол сияқты саяси қақтығыс туралы жиі жазылмай жатады дейді тілші.

“Себебі саяси қақтығыс туралы көбінесе ештеңе білмейміз, өйткені ақпарат тарататын екі тараптың біреуі, яғни мұдделі тараптың бірі ақпарат бермейді. Қантар оқиғасы соған дәлел, біздің оған көзіміз жетті. Назарбаев дәүірі өтті дегенмен, халық әлі күнге дейін Қантар оқиғасының шындығын біле алмай келеді. Қазір осы туралы әлі күнге дейін халықаралық ұйымдар, құқық

қорғаушылар да, белсенділер, бәрі айтуда, жазуда. Қаңтар оқиғасында шын мәнінде не болғанын ашатын зерттеу бізге керек.

Ал этносаралық ортадағы этникааралық наразылықтарға келсек, мәселен, қақтығыс болған кезде сіз қазақтардан барып сұрайсыз, дүнгендерден ақпарат аласыз, қазақтар мен ұйғырлардың өкілдерінен, ақсақалдарынан барып пікір аласыз. Яғни журналистің нақты кімге жүгінетіні, кімге сұрақ қоятыны анық, мәселені түсіндіруге болады. Әлеуметтік наразылықта халықтың ортасында тұрып, митинглерде сұрақ қоя аласыз. Ал нақты саяси наразылықтарда бізге көрінбейтін элиталық топтар, мұдделі саяси институттар болуы мүмкін, бірақ біз оларды білмейміз. Олар халықтың артында тығызып, көрінбейтін перденің артында тұрады. Қаңтар оқиғасы кезінде, әсіресе, бейтараптық сақтау қыын болды. Түрлі ақпарат тарап жатты. Мәселен, мемлекеттік БАҚ «наразылыққа шыққандар қыздарды зорлады» деді, наразылыққа шыққандар «екі сарбаздың басын шауып таstadtы» деп айтты”, - дейді ол.

### *Журналистиң сақтық шаралары*

Журналисттер бірауыздан қақтығыс кезінде ақпарат таратудың қыын екенін атап өтті. Сақтық шаралары ретінде ақпарат алу арналарының қауіпсіздігі, бүркеншік есімдер, анонимді дереккөзді қолдануды атайды.

Осы тұрғыда сұхбат берген тағы бір журналист: “Қатерлі кездер көп болады. Мәселен, митингте жүріп, әріптестерінді ұстап алғып бара жатқанын көргенде тіпті көк жиlettesің қорғамайтынын түсінесің. Бірде Қытай Консулдығының алдында жұмыс істеп жүрген кезімізде консулдықтың күзет қызметі камерамызға жабысып, өзімізді итеріп, балағаттай бастады. Заң тұрғысынан келгенде Консулдық басқа елдің меншігі болғандықтан біз оларға ешнәрсе істей алмаймыз. Қытайдағы саяси лагерлер жайлар деректі фильмнен кейін редакцияға түсініксіз біреулер келгенін білемін. Бұдан бөлек, митингте жүргенде көк жиlettespen жүргендердің бәрін әкімдік тізімдеп жүреді. Арнайы бақылау қызметкерлері «Сендерге мұның не керегі бар? Сендердің кім екендерінді, не істеп жүргендерінді білеміз» деген сөздер айтады. Бастанқыда қорқыныш болатын, кейін оның жәй ғана манипуляция екенін түсіндім”.

Тағы бір респондент те бұл пікірмен келіседі:

“Журналист жұмысы қауіпті деп ойлаймын, әсіресе, әріптестерінді соттап жатқанын көргенде. Билігін асыра пайдаланды деген министр 5 жыл шартты түрде сотталып, ал бірнеше пост жазған журналист 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Бірде қаржы пирамидасына ұқсайтын үйым туралы жазғанда басшысы соттап жіберемін деп қорқытқан. Ал мемлекеттен, демеушілерден қаржылық көмек алышп, қайда жұмсағаны туралы отчет тапсырмай жатқан әйел туралы жазғанда жекеме “балаң мүгедек боп тузын” деп қарғаған”, - дейді ол.

Сақтық шаралары ретінде журналистер лақап атпен ақпарат беру, өзін-өзі қорғау бойынша тренингтерден өтуді атады.

“Өмірің мен бостандығыңа қауіп төндіретін жұмыс. Сақтық шаралары ретінде бүркеншік атпен жазамын немесе ақпаратты кейінге қалдырамын.

Негізінен кәсіпкерлер немесе мемлекеттік органдар қысым көрсеткен кездер болды. Қорқытулар болған жок”, - дейді респонденттің бірі.

Енді бірі:

“Сақтық шаралары ретінде қауіпсіздік бойынша тренингтер өтеміз. 2-3 жылда бір рет міндетті түрде өтеді. Сарапшы мамандар арнайы өткізеді. Митингте өзінді қалай ұстau керек, адамдардың арасында емес, шетінде жүру керек деген сынды базалық ережелерді үйретеді. Қысым жасаған кездер жок, бірақ аккредитациядан айырған, Украинаға барып келген соң сақтықпен қарай бастағанын да атап өту керек”, - дейді.

Журналистің бірі биліктің ақпарат бермеуінің өзін қысым деп санайды.

“Этносаралық қақтығыс болған кезде мемлекеттік билік ақпарат бермеуге тырысады. Аудан көлемінде, ауыл көлемінде, қақтығыстың қай жерде болғанына байланысты ақпаратты шығармауды қалайды. Егер біз биліктің ақпаратымен беретін болсақ, қателесуіміз мүмкін. Олар тіпті ақпарат бермеуі де мүмкін. Мұның өзін қысым деп қарастыруға болады. Ақпарат бермеуімен қоймай, оқиға орнынан шығарып жіберуі мүмкін. Кейде ауыл, аймақтың басшылары, әдетте әкімдер тұрғындар журналистерге ашылып, сұхбат бермеу үшін журналистің артынан жүріп отырады. Осында жағдайлар менде де болған. Әкімді қөрген кезде әлбетте ешкім шындықты айтпайды. Қаңтар оқиғасында қысым түгілі, өліп кетуіміз де мүмкін жағдайлар кездесті. Мысалы, Қаңтар кезінде серігім екеумізге кезек-кезек автомат кезеді”, - деді журналист.

Тағы бір тәжірибелі репортер журналист жұмысы үшін қысым көрмегенін, дегенмен мәселесін көтерген тараптар, көбіне қарапайым халықтан алғыс естімегенін де айтады. Себебі объективтілікті негізге алады.

“Журналистік тәжірибемде қатты бір қысым көрдім деп айта алмаймын. Қысым жасалмағаны былай тұрсын, журналистік жұмысым үшін ешкім раҳмет те айтқан емес. Себебі материал жазған кезде біз бір адамның проблемасын негізге алсақ, сол мәселені толықтай зерттейміз. Екі жақты, екі тарапты бірдей береміз. Редакция тапсырма береді, сен орындауың керек. Сен – солдатсың. “Мені кіргізбеді, ақпарат ала алмадым десен”, онда сен ешкім емессің. Өз өмірің үшін қорқасың. Арнайы жасақ, ЕММЖ (ерекше мақсаттағы милиция жасағы), брондалған транспортёр бар жерге келгенде адамның бойында қорқыныш пайда болатыны заңды. Бірақ менің етім үйреніп кеткен. Тәжірибем болған соң, кез келген қақтығыс орнынан шығып кететін шығармын деп сенемін. Менің басшылығым әрдайым “адамның өмірі ешқандай ақпараттан қымбат емес” деп айтады. “Басыңызға қауіп төнсе, ешқайда бармаңыз” дейді. Мен көбінесе энтузиазммен шығамын”, - деді ол.

Келесі респондент журналистердің көпшілгі қақтығыс жағдайында қалай хабар тарату керек, өздерін қалай ұстau керек, сақтық шаралары қандай екенін білмейтінін айтады.

“Қазір масс-медиа туралы заңда өзгертулер енгізіліп жатыр. Онда редакция өз журналистеріне қызмет бабында қайғылы жағдайға ұшыраса төлемақы төлейтін бабы енгізілді. Сондықтан бұл заң біраз жұмыс істейтін шығар деп ойлаймын. Бізде қазір ақпарат агенттігі ретінде тіркелген, бірақ толыққанды

редакция ретінде жұмыс істейтін редакциялар өте көп екені анықталды. Мысалы, штатында екі адамы ғана бар редакциялар және т.б. Олардың қаржылық, техникалық ресурстары жеткіліксіз”, - дейді ол.

В. Славчева-Петкова және басқалары журналистерге барлық салада, тіпті физикалық қауіпсіздігіне қудік келтірмейтін елдерде де қауіп төнетінін айтады. Олар психологиялық қысымға ұшырайды, оның ішінде агрессия, өшпенделік сөздері, жыныстық қудалауға ұшырайды. Сондай-ақ әріптестерінен айырылу мен басқа да кәсіби қауіп-қатер бар [105].

Тағы бір респондент пікірінше сүйенсек, саяси қақтығыстарды немесе үкіметке сын айтатын материалдарды жариялаған журналистер саяси қудалауға ұшырайды.

“Қақтығыстар туралы оқиға орнынан ақпарат тарататын журналистердің жұмысы өте қауіпті. Саяси қақтығыстарды немесе үкіметке сын айтатын материалдарды жариялаған журналистер саяси қудалауға ұшырайды. Оларға айып тағылып, бірнеше жылға қамалып та жатады. Сондай-ақ егер мемлекеттік БАҚ болса басшылық тараپынан қысымға ұшырауы, материалы жарияланбай қалуы мүмкін. Сақтық шаралары ретінде зандарды оқу, өз құқығынды білу, ақпаратты жарияламас бұрын мұқият тексеру, қауіпті аймақтарда жұмыс істегендегі қорғайтын киімдер, басқа да жабдықтарды қолдануды ұсынамын. Жеке өзіме тікелей қауіп төнген жағдайлар болған жоқ. Дегенмен біздің редакцияға, әсіресе басшылыққа, мемлекет тараپынан айтарлықтай қысым көрсетілді. Біз 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде елдегі ірі және ұсақ саяси қақтығыстарды мұқият жазып отырдық. Десе де мемлекет біздің жұмысымызды назардан тыс қалдырған жоқ. Әрбір мақала, әрбір репортаж белгілі бір деңгейде қадағаланып, сынға алынып отырды. Қоғамда резонанс тудырған оқиғаларды ашық жазу арқылы біз мемлекеттік органдардың назарын өзімізге аудардық. Сонында бұл жағдайлар біздің сайттың жабылуына әкелді.

Мемлекет тараپынан редакция басшылығына жасалған қысым үдең, сонында біз өз жұмысымызды жалғастыра алмадық. Осылайша, бірнеше жыл бойы қақтығыстарды, өзгерістерді және қоғамдағы оқиғаларды ашық түрде жеткізіп отырған ақпарат көзіміз жабылды. Осы оқиғаларды саралай келе, Қазақстанда цензурасыз жекеменшік БАҚ ретінде жұмыс істеудің қаншалықты қын екенін толық түсіндім. Мемлекет тараپынан жасалатын қысым тек жеке қауіп төндірумен шектелмейді. Бұл қысым кәсіби мансапқа да айтарлықтай әсер етуі мүмкін, тіпті оны құртуға дейін апаруы ғажап емес. Қатерді азайту үшін мен сапарларды мұқият жоспарлауға, сенімді ақпарат көздермен жұмыс істеуге, қауіпсіз байланыс арналарын пайдалануға тырысу керек”, - дейді ол.

Сұхбат алған журналистердің арасында да өз қауіпсіздігі үшін уайымдайтын, тіпті қорқатындар бар.

Мәселен:

“Қаңтар оқиғасы кезінде қорқыныш болды. Себебі оқ атылып жатты. Әйтеуір дегенде бізді оққа қарай алып бара жатқан топтан аман-есен құтылдық. Бізді «Тұсіріндер, журналиссіндер ғой. Өліп жатқан жігіттерді тұсіріндер», - деп, адамдар қоршап, тәбеле қарай сүйреп апара жатты. Әрең дегенде құлықпен

алдала, төбөгө қарай шығып кеттік. Біз төбөгө шыққаннан кейін төмендегі адамдарға оқ ата бастады. Егер біз сол жерде қалсақ бізге де оқ тиер еді. Меніңше, ұлтараздық қақтығыстар туралы жазу қыын. Жаман ұлт жоқ, жаман ойлы адамдар барлық ұлтта да бар”.

“Журналистік жұмыс, әрине, қауіпті. Саясаттыбылай қойғанда, шенеунік, жәй байшыкеш, яғни құрығы ұзын адамдарға тиіссен де жазасыз қалмайсың. Көлігінді өртеу, терезенді шағу, көшеде ұрып кету, жол апаты, қақ мандайдан ату секілді журналистерге қарсы қылмыстар күнделікті өмірімізде орын алыш жатқанын өзініз де көріп жүргіз.

Алматы қаласының Медеу аудандық соты куәгерлердің жағымды пікірлеріне қарамастан, жәбірленуші жоқтығын ескерместен, жоғарыдан түсken тапсырыспен маған үкім кесті. Мен сегіз жыл бойы, яғни соттылығым жойылғанша, еш жерге жұмысқа тұра алмадым”.

#### *Қақтығыс тақырыбындағы этикалық дилеммалар*

Басты мәселенің бірі журналистикадағы бейтараптық принципін ұстанудағы қындықтар. Одан бөлек, кемсітушілікке бой алдырмау, араздыққа әкелетін сөздер мен тіркестерді қолдану турасында этикалық мәселелер туындауы мүмкін.

Мәселен, респонденттің пікіріне сүйенсек, бейтарап болу мүмкін емес.

“Әрбір адамның оқиғасын, мұн-мұқтажын тыңдал, оларға кеңес беріп, жұбатып кететін кездер де болады. Митингтерге жиі барған сайын, оған шығып жүрген адамдарды да танып аласың. Сен келеді деп күтіп, мен туралы жазып, мәселеңді көтерсөн деп тұрғанда эмпат болмау мүмкін емес сияқты. Өзім осыдан төрт-бес жыл бұрын мәселелерін жазған кісілермен әлі күнге тығыз байланыстамын. Бұл үлкен қателік деп ойлаймын. Кейде керісінше жеккөрініш болады. Мәселен, сайлау алдында әртүрлі партиялар митинг ұйымдастырып, өз «жақтастарын» жинағанда, сол «жақтастарынан» митингке келген мақсатын сұрасаң айта алмай тұрады. Мұндайды сарказмға беріліп кетпеу керек”, - дейді журналистің бірі.

Тағы бір респондент сөзі мұны дәлелдейді:

“Көбіне халықтың саяси талаптары жайлы жазғанда “олардың талабы қаншалықты занды?” деген мәселе туындаиды. Мәселен, тұрғындар митингте несиемізді кешірсін деп талап қойғанда “несиені өздері алды емес пе?” деген ойлар келеді не қазақстандық Юрий мен Салтанат сөзге келіп қалды делік, бұл ұлтараздық жанжал ма немесе қарапайым тұрмыстық дау ма деген мәселелер болады. Мына жерде айтпағым: өз ойынды, сезімінді материалға қоспау қыын болып жатады”, - дейді журналист.

Келесі респондент журналист проблемасын жеткізуге келген адамға өз зиянын тиігізіп алмауы тиіс деген пікірін бөлісті:

“Этикалық дилемма адамға кесірін тигізбеу бойынша туындауы мүмкін. Адамның қауіпсіздігі бірінші орында. Мәселе мен келген адамды алыш қарайтын болсақ. Ол пікірін әртүрлі жеткізуі мүмкін. Сондықтан оған керісінше зиянын тигізіп алмауымыз керек”, - дейді ол.

Журналист өз бэкграундын таза ұстасу керек деп есептейді тағы бір журналист. Себебі аудитория оның сенімділігіне назар аударады әрі басылымның беделіне қарайды.

“Ұлтаралық қақтығысқа байланысты видео материалда екі тараптан бірдей мөлшерде адамдардан сұхбат алу керек. Кейде зардал шеккен тұсты көбірек көрсетуге тұра келеді. Ондайда да эмоцияға берілмей, асыра сілтеусіз оқиғаны қалай бар, солай сипаттау керек. Әлеуметтік қақтығыс, еңбек дауын жазуға баратын журналист міндettі түрде тақырыбын зерттеу керек. Барлық ақпаратты тексеріп, ресми органдар мен тараптардың не айтып жатқанын, өзінің қайда бара жатқанын білу керек.

Діни қақтығыс кезінде дініне байланысты ешкімді кемсітуге болмайды, тіпті сондайды білдіруі мүмкін тіркестерді қолданбауға тиіс. Себебі мұндай тіркестерді аудитория бірден қабылдайды, бұл шиеленіске әкелуі мүмкін”, - дейді ол.

Этикалық диллемалар тақырыбын айта келе, бір журналист “ұлтаралық қақтығыстар” деп жазудың өзі этикаға сай емес дейді.

“Бізде журналистер ұлтаралық қақтығыстар деп жазады. Бұлай жазудың өзі дұрыс емес. Шынтуайтына келгенде біз біртұтас мемлекетпіз, бізде этнос өкілдері тұратыны болмаса, ұлттар өкілі тұрмайды. Бізде 130 ұлттың өкілі тұрады деп саяси қателік жібереді. Біз унитарлы мемлекет болғандықтан, бізде бір ғана ұлт бар, ол Қазақстанның халқы. Оны қалай атайсыз, қазақтар деп атайсыз ба, қазақстандықтар деп атасаңыз да, олар - Қазақстан халқы. Бұкіл әлемдік тәжірибеде солай. Бізде журналистер жіберетін ең үлкен қателік, ұлтына, шығу тегіне назар аударатындығы. Қазір мысалы, діни тақырыптарды жазғанда салафит, мұсылман, христиан деп ұстанатын дініне мән береді. Қазақстанның қылмыстық кодексінде, «Діни, ұлтаралық, этносаралық араздықты қоздыру» деген бар. Соны ескермей жатады. Этнос пен ұлттың аражігін ажырата білуіміз керек. Ұлт деген ол мемлекет, ал этностиқ деңгей дегеніміз мемлекет құра алмаған, бірақ өздерін жеке тайпа ретінде қалыптастыра алғандар. Ұйғыр, құрдтер сияқты. Мәселен, әлемде құрдтердің саны көп, өздерінің мәдениеті бар, бірақ олар мемлекет құра алған жоқ. Олар ұлттық деңгейге жетпеді. Сондықтан біз оларды этнос ретінде қарастыруымыз керек.

«Маятастағы мәселе», «Малыбайдағы ұйғырлар мен қазақтар арасындағы қақтығыс», «Шеңгелдідегі шешендер мен қазақтар арасындағы мәселе». Осындай кейстер болды. Бірақ ол кезде қазіргіге қарағанда менің көзқарасым басқаша болатын. Неге ұлт араздығын қоздырып жатыр? Біздің үкімет бұл мәселеге неге көз жұмып қарайды деген сұрақтар болды. Біздің үкімет бұл проблеманы этносаралық кикілжің емес, тұрмыстық кикілжің ретінде қарастырады. Дәл осы берген бағасына қатысты да ашууланып жаздық. Кейіннен «Малыбайдағы мәселенің» нұсқаулығын жазғанда журналистер мәселені қатты «айғайлатып» беретінін түсіндік. Кикілжің кезінде ең бірінші акцент - этносы. Мәселен, қазақ пен қазақтың арасында кикілжің орнаса мән бермейміз, қазақ пен ұйғырдың немесе қазақ пен өзбектің арасында кикілжің болса бірден этносаралық кикілжіндерге жатқызуға тырысады екенбіз. Екінші мәселе, біз қай

этнос өкілі екеніне маңыз береміз. Біріншіден, біздің құқық қорғау органдарының өзінде де саяси позиция дұрыс болмады. Ақпарат таратуда «Б» есімді азамат «Д» деген қызды зорлады деген ақпаратты, «Б» есімді ұлты шешен азамат «Д» деген ұлты қазақ қызды зорлады деп таратады. Дәл осы ақпарат халықта тарайды. Екі этностиң арасында қақтығыс болған кезде мейлінше оны сол этностиң өкілдері жазбағаны дұрыс. Егер жазатын болса, бейтарап болу керек.

Этиканы, занды білмегендіктен этикалық диллемалар туындаиды. Кейде діни алауыздықты қоздыратын тақырыптар қояды. Мәселен, 12 жастағы қыздың аяғы ауыр болғаны туралы ақпарат жазылды. Оның эке-шешесі Монголиядан келген деп жазыпты. Бұл үлкен этикалық проблема, себебі әлеуметтік қақтығысты қоздырады. Сондықтан тексерілген, бірнеше дереккөзден расталған, үкіметтің расми ақпараты бар, оқиға бойынша күәгерлерден алынған ақпараттығана қолдану керек. Балаға қатысты ақпарат таратқан кезде де сақ болу керек. Баланың жеке басын айқындайтын ақпаратты бермеу керек. Бізде этникалық мәселелер жазылған кезде, олардың қай этникалық топтан екені айқайлап жазылады. Қантар оқиғасы кезінде жалған ақпарат көп таратылды. Соның ішінде, «Екі полиция қызметкерінің басы шабылды», «қыздар зорланды» деген ақпарат берілді”, - дейді ол.

Журналист шындықты айтуға міндетті, бірақ бұл шындық қоғамда дүрбелен тудыруы немесе болып жатқан қақтығысты күшайтуі мүмкін дейді тағы бір респондент:

“Мысалы, қақтығыс кезінде белгілі бір топтың әрекеттері туралы ақпаратты жариялау бұл топқа қарсы агрессияны күшайтіп, жағдайды ушықтырады. Сол себепті журналист ақпаратты мұқият тексеріп, қоғамға тигізетін ықтимал әсерді ескеруі керек. Шындықты айту маңызды, бірақ оны қоғамға дұрыс жеткізу де жауапкершілікті талап етеді.

Этносаралық ортада қақтығыс туралы материалдарда күәгерлердің, зардал шеккендердің немесе қақтығыстың басқа қатысушыларының жеке басын қорғау керек. Олардың аты-жөнін немесе басқа мәліметтерін жариялау олардың қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін. Сол үшін журналисттер көбінесе анонимділікті сақтап, олардың жеке басы туралы ақпараттарды жарияламай тұра тұруы керек.

Этносаралық ортада қақтығыс туралы жазу кезінде материалдың эмоционалдық тұрғыда жазылуы да қарау керек. Журналистік материалдар оқырманның эмоциясына әсер етіп, қоғамда агрессияны немесе үрейді күшайтуі мүмкін. Сондықтан журналист эмоцияны шынайы жеткізуге тырысуы керек, бірақ бұл ақпараттың объективтілігіне нұқсан келтірмеуі керек. Балансты сақтау маңызды. Сондай-ақ қақтығыс кезінде журналистердің белгілі бір тарапты жақтап кетпеуі де қажет, ақпаратты объективті, бейтарап түрде таратуы маңызды”, - дейді журналист.

Этикалық диллемалар көпшіліктің ақпарат алу құқығы мен қақтығыс тараптарының құқықтарын қорғау арасында таңдау қажет болғанда жи тұындаиды.

Мысалы, бір журналист белгілі бір ақпарат көздерінің жеке басын ашу арқылы зиян келсе, ақпарат көздерінің анонимділігін сақтау маңызды дейді.

“Анонимді ақпарат бере отырып, халыққа толық және сенімді ақпарат ұсынуға тырысасың. Қақтығыстың өршүіне ықпал етпеу үшін оны қалай көрсету керек деген сұрақ та туындауды”, - дейді ол.

Т. Ханич журналистикағы интервенционизм - журналистердің белгілі бір миссияны ұстанып, өз жұмыстарының құндылықтарын насиҳаттайтын деңгей екенін айтады. Интервенционизм журналистика мен әлеуметтік процесстердің байланысына негізделеді. Бұл журналист сыртқы факторлардың құралы емес, өз кәсіби қағидаларын ұстануы қажет деген идеямен тұспа-тұс келеді [106].

Келесі тәжірибелі журналистің пікірінше, кәсіби журналист ұлттық мұдде үшін емес, журналистика үшін жұмыс істеуі керек дейді:

“Жол таппай қалған кезімізде қарайтын картамыз бар. Былтыр Тәжікстан мен Қырғызстан шегарасында атыс болған кезде тәжік пен қырғыз басылымдары таратқан ақпараттың екі түрлі болды. Сондай кезде журналистерге өте қын. Мәселен, қырғыздың кейбір басылымдары «Тәжік тарабының жазуынша: Оқты бірінші қырғыз шегарашилары атқан. Ал қырғыз шегарашилары мұны жоққа шығарады», - деп жазды. Бірақ осы бір сөзі үшін көп басылымды Instagram, Facebook, TikTok аудиториясы сынады. «Неге сендер өз ұлттарыңың мұддесі үшін жұмыс істемейсіңдер?» деп беттеріне басты. Сен ұлттық мұдде үшін жұмыс істемейсің, сен журналистика үшін жұмыс істейсің. Журналистикалық бейтараптық үшін жұмыс істейсің. Бірақ сениң аудиторияна бұл керек болмауы мүмкін.

Тағы бір мысал, этникалық жанжалдар кезінде адамдар сенбейді. Қазақтарға өз ұлты сенімсіздік танытуы мүмкін. Айтқан ақпаратты полицияға таратып жібермей ме, сөйлеген сөзі өзіне таяқ болып тимей ме деп қорқады. Ал дүңгендер, ұйғырлар, тәжіктер, армяндар, өзбектер болсын, кіммен ұлтаралық қақтығыс болса да, олар өте абайлас сөйлейді, өйткені әр сөзі бақылауда екенін біледі. Әр сөзін қазақтар немесе басқа да бір этникалық топ зерттеп отырғандай сезінеді. Сондықтан олар қақтығысқа байланысты ашылып сөйлеуден тартынады.

Саяси-әлеуметтік мәселемен жиналатындар, мәселен, көпбалалы әйелдерге қатысты дау-дамай болады. 2019 жылы Астанада бес бала өртеніп кетті ғой. Содан кейін көпбалалы әйелдер әр өнірде жинала бастады. Олар іші күйіп-жанып тұрған адамдар. Бірақ кейде жиналған ашуын сенен алуы мүмкін. Яғни сен соған бір қатысың бар немесе сол мәселеге ықпал ете алтын, бірақ ештеңе істемей отырған адам ретінде қабылдауы мүмкін. Сондықтан ашууланған топтың таяғының бір ұшы келіп саған тиуі мүмкін. Наразылықтар кезінде кейбір кезде біз ұрыс естіп қайтамыз. Іш тартып сөйлесең, бәрі төгіліп, ашылып, іші жарылып тұрған адамдар буын сыртқа шығарғысы келеді”, - дейді ол.

Келесі респондент заң мен әділдік болу керектігін баса айтады.

“Қарап отырғанымыздай, біздегі жергілікті билік орындары, заң, құқық қорғау мекемелері өз міндеттерін адал атқармай, заңсыздыққа жол бергендігінен

қоғамда түрлі кикілжің, ұлтаралық қақтығыстар лап ететінін түсіну қын емес. Елде тыныштық сақталу үшін заның үстемдігі мен әділдігі басым болуы тиіс”, - дейді журналист.

*Құтиялық және ақпарат көздерінің қауіпсіздік мәселелері*

Кейбір журналист аноним түрде ақпарат алуға қарсы, ал кейбірі осы формат дереккөздің қауіпсіздігін сақтайды деп есептейді.

Бұл жайлы әртүрлі пікірлер бар:

“Ақпарат көзін қорғау өте қын. Қақтығыс кезінде сұхбат алған адамның аты-жөнін сұрап алып, оны өзгертуіп беруге болады”.

**Немесе**

“Аноним деп, атын өзгертеміз. Жақшаның ішіне (кейіпкердің шын аты редакцияға белгілі) деп жазамыз. Оны тек сottың қаулысымен ғана айтуға/не айтпауға болады”.

“Спикерлерге анонимді түрде ақпарат беруді ұсынамын, дереккөздерімді жарияламаймын (журналист бұған құқылы), толықтай анонимді болу үшін жүзін жасырамын және дауысын өзгертемін”.

Кейбір журналисттер аноним түрде ақпарат алуға қарсы, ал кейбірі осы формат дереккөздің қауіпсіздігін сақтап қала алады деп есептейді.

“Журналист әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істейді. Жылдар бойы журналистерде өзінің ақпарат ұсынатын көздері қалыптасады. Кейде тіпті менің басшылығым, бұл ақпаратты қайдан алғанымды білмей жатады. Бұл жерде бедел, сенімділік деген мәселелер алға шығады. Әрине, мұндай ақпарат көзінен алынған ақпарат та тексеріледі. Мысалы, журналистерде З дерек көзден ақпарат алу деген принцип бар. Егер саған біреу дерек берсе, онымен байланысы жоқ тағы екі адам осы ақпаратты растауы қажет. Қалған екі деректі мен табуым шарт емес, бір тақырыпта бірнеше журналист іздене алады. Осылай біз бедел мәселесіне келіп тірелеміз, себебі егер мен ақпарат көздерімді ашсам, маған ертең ешкім сенбейтін болады”, - дейді сұхбат берген журналист.

Редакцияда кіммен сөйлессен де, оның таспасы, даусы жазылған нұсқасы тұрады дейді журналист.

“Аноним ақпарат бермейміз. Сұхбат алушы аты-жөнін жарияламауды сұраса, жарияламай шығарамыз. Себебі оған қауіп төнүі мүмкін. Баспасөздің осындай ортақ принцип болуы керек.

Ал желіде таралған авторы кім еkenі белгісіз ақпаратты жарияламаймыз. Себебі ол сенімді дерек көзі бола алмайды. Біздің редакцияда кіммен сөйлессен де, оның таспасы, даусы жазылған нұсқасы тұрады. Көп жағдайда редакция өз журналисіне сенеді. Сондықтан жариялайды”, - дейді ол.

Жалған ақпарат заңмен қудаланады, сондықтан ол ақпараттың шынайы екендігіне көз жеткізу керек дейді тағы бір респондент.

“Масс-медиа” туралы заң бойынша, ақпарат берген адамның анонимдігі сақталады. Яғни анонимділікке рұқсат бар. Бірақ сот талап еткен жағдайда ол адамның кім еkenін айтуға міндеттісіз. Жалған ақпарат заңмен қудаланады, сондықтан ол ақпараттың шынайы екендігіне көз жеткізу керек. Айтпай қоюға құқығы бар, бірақ онда жауапкершілікті езі көтереді”, - дейді ол.

2024 жылы қабылданған «Масс медиа туралы» заң бұрын қолданыста болған екі нормативтік құқықтық актіні – «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Телерадиохабарларын тарату туралы» біріктіреді. Онда құқық қорғаушылар мен журналистер арасында дау тудырған мәселелер: БАҚ саласын мемлекеттік реттеу, соның ішінде адамгершілік пен отбасылық құндылықтарды бұзуға ерекше мән берілген. Сондай-ақ заңда БАҚ өкілдерінің қосымша құқықтары мен қорғалуын қамтамасыз ететін «журналистерге ерекше мәртебе» ұғымы енгізілген. Жағымды өзгерістерге мемлекеттік органдардың ақпарат беру мерзімін 7 күннен 5 күнге дейін қысқарту және ескіру мерзімін бір жылға дейін қысқарту жатады, бұл журналистерге қысымды сот арқылы азайтуға мүмкіндік береді. Алайда заң журналистердің алдында тұрган бірқатар негізгі мәселелерді шеше алмайды. "Ерекше мәртебеге" қарамастан, оның іс жүзінде қалай жұмыс істейтіні және қандай нақты қорғаныс механизмдері пайда болатыны әлі белгісіз. Мораль мен мәдени құндылықтар туралы нормаларды енгізу де аландашылық туғызады. Өйткені бұл ұғымдар бұлынғыр және тәуелсіз медиаға қысым жасау үшін қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, заң журналистерді, тек тек штаттық қызметкерлерді сақтандыруды қарастырады. Жалпы заңда жағымды да, даулы да сәттер бар, болғанымен, сөз бостандығы мен журналистердің құқықтарын қорғау саласындағы ахуалдың түбегейлі жақсаруына әкелмейді.

Тағы бір респондент пікірінше, ақпарат берген адам өзінің аты-жөнін жариялағысы келмесе, журналист оның аты-жөнін және басқа жеке мәліметтерін жарияламайды.

“Бұл адамның қауіпсіздігін сақтауға көмектеседі. Журналистер жұмысқа арналған жеке құрылғыларды пайдаланады және оларды қорғау үшін құпия сөздерді қолданады. Мысалы, ақпарат көздерімен байланыс кезінде тек осы құрылғыларды қолдану маңызды. Интернетке қосылған кезде VPN қолдану журналистердің байланысын шифрлап, олардың бақылауда болуынан сақтайды”, - дейді журналист.

Тағы бір сұхбат беруші дереккөздердің құпиялышының қорғау үшін шифрлау әдістерін және қауіпсіз байланыс арналарын қолданатынын айтты.

“Егер дереккөзге қауіп төнуі мүмкін болса, анонимділікті сақтауды немесе бүркеншік аттарды қолданған дұрыс деп санаймын. Сондай-ақ деректердің басқа жаққа шығып кету қаупін азайту үшін олар туралы ақпаратты білуі мүмкін адамдар санын шектеу маңызды”, - дейді ол.

Егер анонимді түрде ақпарат берген адамның дерегін басқа ашық дерек көздерінен тексеруге немесе сәйкестендіруге мүмкіндік болса, онда біз аноним дереккөзден ақпарат аламыз дейді респонденттің бірі.

“Алайда тексеруге де келмейтін ақпарат болса бере алмаймыз. Мәселен, Қантар оқиғасы кезінде бізге дәрігерлердің бірі видео жіберді: «Мынаны қараңыздар, жаралы адамдарды, аяғы сынса да, көзіне оқ тисе де, қолы жараланса да, ауруханадан бәрін күштеп сүйретіп әкетіп бара жатыр», - делінген әлгі видеода. Осы ақпаратты тексердік. Сол ауруханада туыстары болған адамдарға хабарласып, қандай аурухана екенін анықтадық. Полицияға хабарласып, ақпараттың анық-қанығына жеттік. Яғни бізде өзіміз тексеретін мүмкіндік

болды. Сол үшін біз анонимді хабарды жарияладық. Сондай-ақ материалда ақпаратты қалай тексергенімізді көрсетіп қойдық. Басқа жағдайларда егер ондай мүмкіндік болмаса шығармаймыз.

Құпиялылық бойынша Қазақстанның заңы бір жағынан өте қын. Өйткені, дереккөзінің құпиялылығына заң кепілдік бермейді. Яғни сізге жалған ақпарат таратты деген айып тағып отырса, сotta сізге дереккөзінізді ашуға міндеттейді. Егер анонимді хабар таратқан болсан, ашуға міндеттелесің. Анонимді дереккөздерімізді барынша құпия сақтаймыз, қауіпсіздік үшін мессенджерлер арқылы жазысуға тырысамыз”, - дейді журналист.

### *Қақтығыс тақырыбының заңнамалық реттегелуі*

Журналистер қақтығыс туралы Қазақстан Республикасының заңында және Конституциясында атап көрсетілгенімен, заңнамалардың жұмыс істеуінде олқылықтар бар дейді. Алайда журналистің қоғамдағы қақтығыс жағдайында кәсіби құқын қорғауға арналған заңнама жоқ деп есептейді.

“Мұлдем қорғалмаған деуге болады. Қақтығыс кезінде журналистердің еңбек қауіпсіздігі туралы заңда жазылу керек деп ойлаймын”, - дейді журналистің бірі.

Тағы бір журналист те бұл пікірмен келіседі.

“Менің ойымша, жеткілікті деңгейде қамтылмаған. Бізде бейбіт жиналыштар мен митингілер туралы заң бар, бірақ іс жүзінде ол дұрыс жұмыс іstemейді. Сондай-ақ, жақында петиция сайты ашылды, бірақ іс жүзінде үкімет бәрібір оны өз мұддесіне пайдалануда. Мысал ретінде, утильалым және уақытты өзгертуге қарсы петицияны қарастыруға болады. Сонымен қатар, билік халыққа жиі құлақ аспайды, қоғамдық пікір көшбасшылары мен белсендерді қамауға алады, бұл қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті одан сайын күшайтеді. Бұл, өз кезегінде, Қаңтар сияқты ауқымды қақтығыстарға әкелуі мүмкін, - дейді ол.

Енді бірі заңда бұл мәселені атап көрсету ештеңе бермейді не мүмкін емес деп санайды. Мәселен:

“Меніңше, барлық қақтығысты заңмен реттеу, заңда атап көрсету мүмкін емес деп ойлаймын. Қылмыстық Кодекс бар, ол нашар емес, бірақ оның жұмыс істеуі, қалай қолданылатыны бөлек мәселе”.

Немесе:

“Еңбек дауын реттейтін Еңбек Кодексі бар, ал ұлтаралық жанжалды болдырмау туралы Қылмыстық Кодексте айтылады, Әкімшілік кодексте жазылады. Заң жағынан реттеу ештеңе бермейді деп ойлаймын”.

Тағы бір журналист қақтығыстар кезінде адамдардың құқығының бұзылғанына, құқық қорғау органдары Конституция мен заңдарды өз мұддесіне қарай қолданылады дейді:

“Мәселен, Қаңтар оқиғасы сияқты үлкен әлеуметтік және саяси қақтығыстар кезінде азаматтардың құқықтары кеңінен бұзылды. Бұл оқиғаларда көптеген адамдардың құқығы тапталды, құқық қорғау органдарының әрекеттері көптеген сұрақтар туғызды. Оқиғалар кезінде құқық қорғау органдарының өздері белгіленген заң мен Конституацияның талаптарын бұзды. Олар жиі өз мұддесіне қарай әрекет етіп, заңды және құқықты елемейтін тәсілдерге жүгінді. Құқық

қорғау органдарының осындай әрекеттері азаматтардың құқықтық қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі міндеттерін толыққанды орындағанын көрсетеді”, - дейді журналист

Келесі журналист пікірі мынадай:

“Қазақстандағы заңнама қақтығыстарға қатысты мәселелерді ішінара реттейді, бірақ оны жүзеге асыруда айтарлықтай олқылықтар мен кемшіліктер бар. Заңда егжей-тегжейлі ақпарат жоқ әрі оның орындалуында проблема бар, бұл қақтығыстардың алдын алу мен шешуді қынданатады. Бұған қоса, қолданыстағы заңдар әлеуметтік өзгерістердің динамикасына ілесе алмайды, бұл шиеленіске және жаңа қақтығыстардың туындауына жағдай жасайды”, - дейді ол.

Келесі журналист өз тәжірибесінде болған оқиғасымен бөлісті. Бұл мәселені заң жүзінде реттейтін Қылмыстық кодектің 174-бабы дейді ол.

“ҚР Қылмыстық кодексінің 174-бабы «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздыру» деп аталады. Осы бапқа сәйкес әрекеттер орын алса, оны ұйымдастырған не қатысқан адам не болмаса сол оқиға туралы жазған журналист екі мыңнан жеті мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұл мәселені заң жүзінде реттейтін біздің елде, өкінішке қарай, басқа тетік жоқ.

Бұдан 15 жыл бұрын мені осы баптың 1-тармағы бойынша сол кездегі ҚР Ішкі істер министрі Қалмухамед Қасымов жеке бұйрық шығарып сотқа тартты. 2008 жылдың жазында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Малыбай ауылында 37 жасар Айдын Халықұлы есімді азаматты көрші тұратын ұлты ұйғыр жігіттер айуандықпен азаптарап өлтіріп, денесін ауылдың ортасында ағып жатқан езенге лақтырып тастаған. Айдынның туыстары жергілікті полиция бөліміне арызданғанмен, олардың тарапынан ешқандай шара қолданылмаған, қылмыскерлердің аты-жөні белгілі болса да қамалмаған. Марқұмның туыстары мәйітті де өздері іздел тапқан. Арада екі апта өткеннен кейін Айдынның інісі мен қарындасы мен істейтін «Тасжарған» газетіне жанайқайын айтып келді. Ертеңіне мақаламыз газетке шыққанда ғана екі қылмыскер ұсталып, үстерінен іс қозғалды”, - дейді журналист.

Он бір журналиспен жүргізілген сұхбаттар нәтижесін қорытындылай келе, мынадай тенденцияларды байқауға болады:

1. Қазақстандық БАҚ-та, қоғамдық пікірталастарда этникалық және саяси қақтығыстар көп жазылмайды. Бұл тақырыптардың сезімталдығына да, журналистер үшін сын, қатерлерге де байланысты.

2. Тікелей де, жанама да (өзіне-өзі цензура жасау) цензура қақтығыстарды жазатын журналистер үшін айтарлықтай кедергі болып қала береді. Журналистер қауіпті жағдайға жол бермеу үшін материалдарын түзетуге, өзгертуге мәжбүр.

3. Қақтығыстарды жазатын журналистер айтарлықтай кудалауға үшірамаса да, ақпарат алу мен алынған ақпаратты өзгертуге қатысты қысымға

душар болады. Сын-қатерді азайту үшін олар шифрлау және қауіпсіз байланыс арналары сияқты әртүрлі сақтық шараларын пайдаланады.

4. Журналистер үнемі этикалық дилеммалармен бетпе-бет келеді, әсіресе, ақпарат көздерінің құпиялығын сақтау және объективтілікті қамтамасыз ету мәселелеріне келгенде. Журналистиканың негізгі принципі бейтараптық, нейтралдың, объективтілік болғанымен қақтығыс тақырыптарын жазғанда оны ұстану қыын боп жатады. Әрі осы нәрсе қақтығысты жазуды қынданатуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасы заңы мен заңнамаларында қақтығыс мәселелерін реттеу қарастырылғанымен, оның іс жүзінде жүзеге асуында олқылықтар бар.

*Қақтығыс туралы ақпарат таратқанда қазақстандық журналистерге не жетіспейді?*

БАҚ қеңістігіндегі қақтығыстарды жариялаудың теориялық тәсілдерін зерттей келе және қазақстандық журналистермен жүргізілген сұхбаттарға сүйене отырып, олардың тәжірибесіндегі олқылықтардың айтартлықтай бөлігі терең тұжырымдамалық негіздердің жоқтығына байланысты деген қорытынды жасауға болады. Джейк Линч пен Анна МакГолдриктің бейбітшілік журналистикасы, фрейминг теориясы, медиадағы күн тәртібі үлгілері сияқты дамыған теориялар мен стратегиялардан гөрі қазақстандық тілшілер көбінесе өз түйсігі мен жеке тәжірибесіне сүйенуге мәжбүр.

#### *Бейбітшілік журналистикасы*

Линч пен МакГолдрик ұсынған бейбітшілік журналистикасының тұжырымдамасынаға сәйкес, журналистер қақтығысты сипаттап қана қоймай, тараптар арасындағы диалог орнатуға баса назар аудара отырып, оны шешу жолдарын іздеуі керек. Қазақстанда аталған модель қолданылмайды деуге болады, сәйкесінше бұл материалдарда қақтығыстардың жағымсыз аспектілеріне: зорлық-зомбылық, шиеленіс, қайшылықтарға баса назар аударуға әкелеуі мүмкін. Сұхбат берушілердің көбі жағдайды шешуге белсенді түрде көмектесуді қарастырмайды, өйткені мұндай тәсілді жүзеге асырудың нақты әдістемесі мен редакция тарапынан қолдау жоқ.

#### *Фрейминг теориясы, медиадағы күн тәртібі үлгілері*

Фрейминг теориясы (Goffman, 1974; Roman, 1993) бұқаралық ақпарат құралдары тек ақпаратты жеткізіп қана қоймай, белгілі бір фреймдерді қолдана отырып, оқиғаларды қабылдауды қалыптастырады деп тұжырымдайды. Бұл фреймдер аудиторияға ненің маңызды екенін, оны қалай түсіндіру керектігін және қандай әрекеттер жасау қажет екенін түсінуге көмектеседі. Қазақстанда, әсіресе әлеуметтік қақтығыстарды жариялауда журналистер редакциялық саясатты да, материалды жариялау қандай салдарға әкелетінін де алдын ала ескеруге мәжбүр.

Ал Медиадағы Күн тәртібі моделінің негізінде (McCombs & Shaw, 1972) бұқаралық ақпарат құралдары аудиторияға не ойлау керектігін айтпаса да олардың ойының сол сарында өрбүіне әсер етеді деген идея жатыр. Демек бұқаралық ақпарат құралдары кейбір тақырыптарды қамтып, басқаларын елемей, маңызды мәселелердің қоғам тарапынан қабылдануын қалыптастырады.

Қақтығыс контекстінде бұл белгілі бір аспектілер, мысалы, биліктің ұстанымы – ақпараттық материалдарда ұstemдік етуі мүмкін дегенді білдіреді, ал балама көзқарастар шетте қалады. Сондықтан әлеуметтік қақтығыстарды жариялайтын қазақстандық журналистер көбінесе объективтілік, редакциялық саясат пен мемлекеттік билік талаптары арасындағы тепе-тендікті табуда қыындықтарға тап болады, бұл олардың жұмысын ерекше қыындалады.

### *Этикалық қыындықтар мен редакциялық қысым*

Қазақстанда журналистер редакциялық саясат пен сыртқы факторларға байланысты шектеулерге жиі ұшырайды. Курт Левиннің гейткипинг теориясы ақпарат ағынын сұзгіден өту жолына маңыз береді және қазақстандық контексте бұл көбінесе өзіне-өзі цензура жасауға, тіпті материалдарды бұрмалауға әкелуі мүмкін. Сұхбат берген журналистердің көбі қақтығысты тереңірек талдап, оны шешудің жолдарын іздегісі келсе де, билік немесе жарнама берушілер тарапынан жасалған қысым олардың еркіндігін шектейтінін атап өтті.

### *Мәдениетаралық биліктілік*

Қақтығыстарды шешудегі маңызды теориялардың бірі голандиялық әлеуметтануши Гирт Хофтедтің мәдени өлшемдер теориясы, ол тараптардың құндылықтарындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды есепке алуды ұсынады. Қазақстандық журналистер мұндай тәсілдерді сирек қолданады, алайда бұл көп ұлтты елде ерекше маңызды. Сұхбаттарда көптеген журналист қақтығыстардың мәдени контекстін түсіну және оны аудиторияға тиімді жеткізу құралдарының жетіспейтінін мойындалады.

### *Жаңа медианың рөлі*

Маршалл Маклюэннің БАҚ эволюциясы теориясы бұқаралық ақпарат құралдары жай ғана ақпаратты жеткізіп қоймай, сонымен қатар шындықты қабылдауды қалыптастырытынын атап көрсетеді. Әлеуметтік медиа дамыған заманда журналистер жалған ақпарат пен фейктермен бетпе-бет келеді, бұл фактчекинг жасауды және аудиторияны тартуға негізделген жаңа дағдыларды талап етеді. Қазақстандық журналистер мессенджерлер мен әлеуметтік платформаларда белсенді дамып жатқан цифрлық қақтығыстарды талдау құралдарының жетіспейтінін атап өтті.

Талдау көрсеткендей, Қазақстан журналистеріне қақтығыстардан сапалы материалдар дайындау үшін теориялық дайындық пен редакциялық қолдау жетіспейді. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, халықаралық концепцияларды біріктіру және жергілікті әдістемелерді құру медиа өнімдердің сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берер еді. Қазақстандық тәжірибе бірегей тәсілді қажет етеді, бірақ дәл осы теория мен практиканың синтезі қақтығыстарды тереңірек түсінудің алғышарты бола алады.

## **2.3 Әлеуметтік қақтығыс жағдайындағы азаматтық қоғамның рөлі**

Сарапшылар пікірінше, зансыз акциялардың негізгі себептері халықтың белгілі бір тобының әлеуметтік жағдайға көніл толмаушылығы, сот шешімдеріне қатысты наразылық, жалақы төлемдерін ала алмау, ипотекалық үлескерлер наразылығы болып отыр. Билік өз кезегінде шара қолдануда, осы ретте акцияны

ұйымдастырушылардың көбі жауапкершілікке тартылған. Дей тұрганмен азаматтар көп шағымданатын мәселелердің бірі сот шешімдерінің орындалмауы болып қалып отыр [105, р. 1-19]. Алайда көптеген заңбұзушылық әрекеттері мен тұрақсыздықтың астары бұдан да теренде жатыр. Сот шешімдерінің орындалмауы, құқықтар мен бостандықтардың шектелуі, әлеуметтік әділетсіздік азаматтардың институттарға сенімділігін азайтады, қоғамдағы шиеленісті күшейтеді.

Бостандық пен саяси, әлеуметтік және экономикалық құқықтарды пайдалану тиімді және тұрақты дамуға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен көптеген елде бұл құқықтар қорғалмайды, қоғам дамуына атсалысып жүрген адамдар да, қарапайым азаматтар да үлкен мәселелерге тап болуда. Бұл мәселелер олардың жұмысы мен мүмкіндіктеріне ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздігіне, тұрақтылығына және өмір сүру қалпына да әсер етеді. Бұл тұрақсыздық, қақтығыс жағдайларында әсіресе ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Қазақстанда қақтығыс деңгейі өсіп келеді, азаматтар бұл үрдісті байқауда. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы әлеуметтік мәселелер аясында, сондай-ақ этникалық қайшылықтарға байланысты, қақтығыстар әсіресе онтүстік өнірлерде жиі туындауды екен. Әсіресе, мемлекет пен компания деңгейінде басқарудағы өзгерістерге көзілі толмаған халықпен еңбек дауларының да өршу қаупі сақталады [107].

“Стратегия” зерттеу орталығы Қазақстанның наразылық әлеуетін зерттеп, азаматтардың билікке деген сенімінің төмендегенін анықтаған. Орталық жүргізген сауалнамаға қатысушылар, қарапайым халық, наразылық акциялары Алматы мен Астанада өтуі мүмкін деп санайды және егер сол жерден басталса, қосылуға дайын екенін жеткізген. Бұл биліктің шектен тыс орталықтандырылғанын және аймақтардағы саяси ықпалдың әлсіздігін көрсетеді. Ішкі көші-қон проблемасы да осы ретте өзекті, экономикалық және адам ресурстары еki ірі қалада шоғырланған, бұл тепе-тендіктің жоқ екенін көрсетеді, демек аймақтағы халық наразылықты арттырады [108].

Oxus Society зерттеу ұйымы Орталық Азияда наразылық белсененділігінің артқанын тіrkеген. Барометрдің мәліметінше, Қазақстанда 2019 жылы 230-ға жуық, 2020 жылы 500-ден астам, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 550-ден астам наразылық акциясы болған. Пандемия мен карантинге қарамастан, адамдар ұйымдаста жинала бастады. Бұл әлеуметтік құндылықтардың өзгеруін және азаматтардың болып жатқан жағдайға сынни көзқарасын көрсетеді, алдағы уақытта бұл тенденция тек күшіне түседі. Алдыңғы толқынның азаматтық белсенділерінің жаңа толқыны келуде. Олар желіде қауымдастықтар құрады, осылайша жаңа заманның белсенділері әлеуметтік желілердегі танымалдылығы арқылы сенім мен ықпалға ие болады [108].

Халықаралық қатынастар теориясы «мемлекеттік емес акторлар» (NSAs) терминін енгізді. Бұған сәйкес мемлекеттер арасындағы өзара байланыс халықаралық саясатты зерттеуге негіз болады. Бұл тұргыда мемлекеттік емес акторларға үкіметтік емес ұйымдар, фирмалар мен кәсіпорындар (әсіресе трансұлттық корпорациялар), халықаралық БАҚ, халықаралық ұйымдасқан

қылмыс пен мафия құрылымдары, халықаралық әскерилендірілген және террористтік топтар кіреді [109].

Бұл салада үкіметтік емес ұйымдар (YEY) термині де кеңінен қолданылады. YEY әдетте жеке секторды қоспағанда, «қоғамдық мұдде мақсаттарын көздейтін үкіметтік емес, коммерциялық емес топтар» ретінде анықталады [110].

Соңғы жылдары «азаматтық қоғам ұйымдары» (АҚҰ) терминінің маңызы арта түсті және оны халықаралық ұйымдар қабылдады. Мысалы, Дүниежүзілік банк бұл терминді «қоғамдық өмірде этикалық, мәдени, ғылыми, діни немесе қайырымдылық негізінде өз мүшелерінің немесе басқа адамдардың мұдделері мен құндылықтарын білдіретін коммерциялық емес ұйымдарға сілтеме жасау үшін пайдаланады [111]. Азаматтық қоғам мемлекет құрамына кірмейтін, бірақ қоғамдық өмірде шешуші рөл атқаратын ұйымдар мен мекемелер желісін қамтиды. Оның ішінде үкіметтік емес ұйымдарды (YEY), кәсіптік бірлестіктерді, бастама жасайтын топтарды, тәуелсіз БАҚ және волонтерлік қозғалыстар бар. Азаматтық қоғамның негізгі міндеттері – қоғамдық мұдделерді қорғау және алға жылжыту, демократиялық құндылықтарды қолдау және мемлекетпен диалог жүргізу. Азаматтық қоғам тәуелсіздік, бірлік және еріктілік қағидаттары негізге алады, еркін пікір білдіру және қоғамдық пікірді қалыптастыру алаңын қамтамасыз етеді.

Азаматтық қоғам жайлы жалпы қабылданған анықтама жоқ. Ғалымдар азаматтық қоғамның демократияны қолдауға және билікте тепе-тен ұстауына [112], сондай-ақ әлемдік басқарудағы [113] ықпалына назар аударады. Даулы тұжырымдардың арасында ғалымдар ойы бір жерден шыққан тұжырым: азаматтық қоғам – бұл ортақ мұдделерге, мақсаттарға және құндылықтарға бағытталған ерікті ұжымдық іс-әрекеттің аренасы, мемлекет пен отбасы арасындағы аралық сала, олар мемлекеттен бөлек автономия ретінде өмір сүреді дегенге саяды [114].

Азаматтық қоғамның әлеуметтік қақтығыстарды шешуде және оның салдарын женілдетуде маңызды рөлі бар. Ол келіссөздер алаңын қамтамасыз ететін және диалог жүргізетін әртүрлі мұдделі тараптар арасында делдал ретінде жүреді. Азаматтық қоғам аясында қызмет ететін ұйымдар әділетсіздікпен күресіп, адам құқықтарының қорғалғанын талап етіп, бейбіт шерулерді бастауға бастама болады. Сондай-ақ азаматтық белсенділер зорлық-зомбылықты азайтуға және тараптардың ымыраға келуіне көмектесуге тырысып, медиатор рөлін жиі атқарады. Сонымен қатар, YEY қоғамдағы қарым-қатынастарды үйлестіруде қолдау көрсете отырып, қоғамдық ағарту науқандарын жүргізіп, қақтығысты шешу жолдарын ұсына алады.

Азаматтық қоғамның әлеуметтік қақтығыстарды шешуде маңызды рөл атқарғаны туралы мысалдар бар. Мәселен, Балқандағы этникалық қақтығыстарды енсеру барысында азаматтық бастамалар диалог пен өзара түсіністік аландарын құруға ықпал етті. 2000 жылы Балқандағы соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін бірнеше жыл өткен соң Игман бастамасы құрылды. Оның аймақтық ынтымақтастықты дамытуға, бірлік рухын

жаңғыртуға қосқан үлесін Черногорияның бұрынғы президенті (2003–2018) Филип Вуянович былай бағалайды:

“Соңғы 20 жылда азаматтық қоғам, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ экономист өкілдерінен тұратын үкіметтік емес ұйымдардың аймақтық желісі Игман бастамасы бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асырды. Соның ішінде Черногория, Босния және Герцеговина, Сербия және Хорватия арасындағы қарым-қатынастардың дамуына ықпал етті. Игман бастамасы диалог пен ынтымақтастық саяси және экономикалық мәселелерді, соның ішінде европалық құндылықтарды жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешудің оңтайлы үлгісі екенін дәлелдеді” [115].

Қазақстанда тәуелсіз журналистер қақтығыстар туралы хабарлауға, олардың себептері мен салдарына назар аударуға, әртүрлі халықаралық қауымдастықтарға жолдау жасауға белсенді қатысады, бұл жалған ақпарат пен манипуляциялық әрекеттерді алдын алуға көмектеседі.

Халықаралық бітімгершілік күштердің болуы ұйымдастырылған зорлық-зомбылықтың алдын алуы мүмкін, бірақ зорлық-зомбылық пайда болу мүмкіндігі әрқашан сақталады. Халықаралық бұқаралық ақпарат құралдары қақтығыстардың шешілуіне күш салудың орнына, оны одан ары шиеленіске түсіруі мүмкін. БАҚ-тың редакциялық принциптеріне байланысты олардың әрекеттері жергілікті тұрғындар тарапынан наразылық тудыруы мүмкін. Заманауи қоғамдастықтар БАҚ пен оның күшін түсінеді. Әдетте қарапайым адамдарға бір күнде БАҚ назарында болып, екінші күн тәртібінен түсіп қалуға болатыны түсініксіз.

Редакторлар мен продюсерлер үнемі өздерінің ішкі аудиторияларын тартудың жаңа жолдарын іздейді. Дегенмен олардың әрекеттері редакция шешімдерімен келіспейтін немесе оларды біржақты деп қабылдайтын адамдар арасында реніш, күдік және тіпті қастандық теориялары сияқты жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін [116].

Сайып келгенде, қақтығыстар негізгі мәселелерді ескеретін шешімдерді талап етеді. Демек бұл қақтығыстағы әртүрлі талаптардың маңыздылығын бағалауды және оларды шешу жолдарын табуды білдіреді. Журналистердің қақтығыстың бір тарабын қолдауы – қауіпті. Бұл олардың репортаждары біржақты және обьективті емес деп қабылданатынын көрсетеді. Нәтижесінде оларға қақтығыстағы екінші тараптан ақпарат алу қынға соғады. Сонымен қатар, тараптардың бірін қолдап ақпарат таратқан журналистерге шабуыл жасалуы да ғажап емес. Өйткені олар бейтарап бақылаушылар емес, қақтығысқа қатысушылар ретінде қарастырылады.

Кейбір медиа ұйымдар жақсы кәсіби журналистика тәжірибесінің өзі қақтығыстарды шешудің бір жолы деп санайды. Тіпті ең болмағанда, қақтығыстарды шешуге пара-пар болатын дүние деп есептейді. Мысалы, журналистика мен қақтығыстарды шешу бойынша маман Йоханнес Ботес журналистердің жұмысы мен қақтығыстарды шешу бойынша сарапшылардың жұмысы арасындағы бірқатар байланысты атап өтті. Екеуі де қақтығысқа

қатысушыларға дауыс беру құқығын береді. Екеуі де мәселеге бейтарап көзқараспен қарайды және тараптардың ойларын, мотивтері мен мүдделерін кең аудиторияға түсінікті етіп тұжырымда, жеткізе алады. Екеуі де қақтығыстарды талдауға уақыт бөліп, себептері мен ықтимал салдарын түсінуге тырысады [117].

Әрбір қақтығыста жалпы негізгі принциптер немесе шындық бар, оларды барлық қатысушылар өздерінің ұстанымдарына немесе мүдделеріне қарамастан мойындайды. Осындағы аспектілердің бірі сенімді ақпарат берудің маңыздылығы. Бірақ көп жағдайда бұл өте үлкен мәселеге айналып жатады. Себебі тіпті халықаралық ақпарат құралдары қауесет пен үгіт-насихат ықпалында болуы мүмкін, ал жергілікті БАҚ үшін жағдай одан да күрделі. Ақпараттық вакуум жағдайында қақтығысқа қатысушы тараптар ақпаратты барынша шатастырып, оппоненттерді адамгершілігінен айыру мақсатында пайдаланады, осылайша БАҚ-ты өздерінің нысанасына айналдырады. Соңдықтан қақтығыс туралы нақты ақпарат беру барлық ұйымдар үшін басымдыққа ие болуы керек.

Дегенмен азаматтық қоғамның да мүмкіндіктері шектеулі. Қөптеген елде, соның ішінде Қазақстанда да ұйымдар кедергілерге тап болады. Азаматтық бастамалардың белсенділігін тежеу үшін ҮЕҰ туралы заңдар және қаржыландыруды бақылау тәсілдері қолданылады. Саяси қысым мен құғын-сүргін қаупі де белсенділерді алаңдатып отыр. Сонымен қатар, қаржыландырудың жетіспеушілігі және мемлекеттік органдармен байланыстың аздығы азаматтық қоғамның әлеуетін шектейді, оның қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу процесіне ықпалын азайтады.

Цифрлық технологиялар мен әлеуметтік медиа азаматтық қоғамның жұмысына елеулі өзгерістер әкелді. Facebook, Twitter және Telegram сияқты платформалар азаматтық белсенділерге ақпаратты жылдам таратуға, қақтығыстарға назар аударуға және азаматтарды шерулерге қатысуға үгіттеуге мүмкіндік ашып берді. Жаңа медиа ақпараттың жылдам таралуына ықпал етеді және жалған ақпараттың таралып кетуіне де, оны бірден анықтауға да қөмектеседі. Мұндай платформалар оқиғаларды жариялаудың, халықаралық назарды аударудың және билік пен басқа да қақтығыстың негізгі тараптарына азаматтық қысымды күштейтудің құралына айналды.

Әлемдегі зорлық-зомбылық қақтығыстардың санына қарамастан, қазіргі заманғы ішкі қақтығыстардың қалай туындаитыны туралы ортақ түсінік әлі де қалыптаспаған. Дамыған демократиялық елдер арасында дұрыс құрыла алмаған немесе әлсіз мемлекеттерге қатысты және қақтығыс аймақтарындағы қылмысты, терроризмді, ауруларды, яғни адам қауіпсіздігіне қауіп төндіретін барлық мәселеге қатысты алаңдаушылық туындаған болса да, зомбылықтың басталуын көрсететін негізгі көрсеткіштер анықталмаған.

Мемлекеттер арасындағы соғыстарды геосаяси тұрғыдан түсіндіруге болады. Көбіне бұл табиғи ресурстар үшін күрес ретінде, аумақтық шекаралардағы дауларды шешу құралы ретінде және т.б жүзеге асады. Алайда ішкі қақтығыстар аз зерттелген. Әлі де қөптеген қақтығыстың кенеттен ұйымдастын зорлық-зомбылыққа, тәртіпсіздікке қалай ұласып кетуі мүмкін екені зерттелмеген.

Дин Прюит және Джиффри Рубин мәселені шешудің төрт қадамдық тәсілін ұсынады. Бастапқыда тараптар мүдделер қақтығысының бар-жоғын анықтау үшін жағдайды нақтылауы керек. Екіншіден, әр тарап өз мүддесін бағалап, алдына мақсат қоюы керек. Үшіншіден, тараптар екі тарапты да қанағаттандыратын кешенді шешім табу үшін проблемаларды шешу әдістерін қолдана отырып, бірлесіп жұмыс істеуі керек. Ақырында, бірлескен шешім мүмкін болмаса, тараптар өздерінің қалауын өзгертіп, ымыраға келуді жалғастыруы мүмкін [118].

Қақтығысты шешуде үшінші тараптардың рөлі маңызды. Олар қақтығыстың құрылымын өзгерте алады, басым мәселелерді анықтауға көмектеседі және тараптарды келісімге келуге ынталандырады. Демек мұндай қақтығыстарды дұрыс басқару және алдын алу үшінші тарап – азаматтық қоғамның белсенді қатысуы арқылы мүмкін болады. Бұл тұрғыда Paperlab.kz басылымында келтірілген бақылауларды атап өткен жөн, онда азаматтардың ұлтаралық қатынастарды реттеуге жауапты мемлекеттік органдарға деген сенімнің деңгейі төмен екендігі айтылған. Мәселен, жергілікті полиция қызметкерлері тәртіпті сақтаушылар өкілі ретінде өз ұлтының (шыққан этникасы) мүддесін көздең, ел заңдарын елемей, жағдайды шиеленістіруі мүмкін. Сонымен қатар, этносаралық қақтығыстар туындастырын өнірлерде бұл мәселелердің шешілуі қынайтадай түседі. Себебі мұндай аумақтарда үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін дамыту қын, өйткені ықпалды ҮЕҰ ірі қалаларда шоғырланып, өнірлер тиісті назардан тыс қалады [119].

2020 жылы Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің (Қазіргі Мәдениет және ақпарат министрлігі) Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті құрылды, бұл ел саясатындағы маңызды оқиға болды. Комитет этносаралық қатынастар және диаспора саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіреді. Ол жергілікті деңгейде этносаралық қақтығыстарды шешудің стратегияларын әзірлеу үшін ішкі саясатты басқаратын облыс әкімдіктерімен жұмыс істейді.

Қырғызстандық белсенді Ақылай Каримова атап өткендей, азаматтық қоғам азаматтар мен мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесуін нығайтуда маңызды рөл атқара алады. Ош облысындағы қақтығыстарды шешу тәжірибесі этникалық қақтығыстардың әлеуметтік салдарын еңсеруде және тараптар арасындағы сенімді қалпына келтіруде белсенділер мен үкіметтік емес ұйымдар басты рөл атқарғанын раставиды.

Бұл пікірді Назарбаев Университеті Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің доценті Әзиз Бұрханов та раставиды, сөзінше, үкіметтік емес сектордың этносаралық қатынастарды жұмсартудағы әлеуеті зор. Дегенмен мемлекет бірегейлік үлгісін, тілді, білім беру саясатын және басқа институттарды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады [120].

Ұлттық және этносаралық бірлікті нығайту бойынша мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шаралардың сан алуандығына қарамастан, институционалдық тетіктер әрқашан оң нәтиже көрсете бермейді. Сондықтан

азаматтық сектордың белсенді араласуы қақтығыстары шешудің ғана емес, олардың алдын алуға азаматтық секторды белсенді тарту үшін келесі қадамдарды атап өтуге болады:

1. Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекет тарапынан қаржыландыруды ұлғайту және олардың қызметін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы ынталандыру, әсіресе, этникалық қақтығыс туындау мүмкіндігі жоғары ауылдық аймақтарда.

2. Облыс тұрғындары үшін де, жергілікті полиция қызметінің участекелік инспекторлары мен салық органдарының өкілдері үшін де этностардың тарихы мен ерекшеліктеріне қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Қоғамдық белсенділерді қолдау және олармен этносаралық қатынастарға қатысты өзекті мәселелерді талқылау, сондай-ақ тәжірибе алмасу аландарын құру және қайшылықтарды шешу жолдарын әзірлеу.

4. Ел аймақтарында халықтың көніл-күйін жедел хабарлауға қабілетті жергілікті халықтың арнайы дайындалған өкілдерінің қатысуымен мониторинг және бағалау жүйесін енгізу.

5. Жергілікті YЕҰ-ларды бос уақытты белсенді өткізуге және жастарды әртүрлі іс-шараларға қатысуға тартуға ынталандыру.

6. Эйелдерге медиация дағдыларын үйрету арқылы қақтығыс жағдайларын шешудегі рөлін арттыру.

Азаматтық қоғам жұмысының пайдасы қақтығыс барысында ғана емес, сонымен бірге қақтығыстан кейінгі кезеңде көрінеді. Азаматтық бастамалар бұрынғы қарама-қарсы тараптар арасында сенім орнатуға ықпал ететін бағдарламаларға, сондай-ақ мәдени және әлеуметтік айырмашылықтарды теренірек түсінуге көмектесетін білім беру жобаларына бағытталуы мүмкін. Бұл шаралар әлеуметтік байланыстарды нығайтады және қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді. Азаматтық қоғамның толеранттылықты қалыптастыруға және жаңа қақтығыстардың алдын алуға бағытталған ұзақ мерзімді әрекеттері әлеуметтік тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауда шешуші рөл атқарады.

Еліміздің менталитеті мен саяси мәдениетін негізге алып қарастырғанда, әлеуметтік қақтығыстарды шешудің басым формасы медиация, мәмілеге келу болып отыр. Тиімді консенсус құру диалог пен келісім мәдениетін дамытуды, сондай-ақ қоғамның барлық деңгейінде тиісті ресурстардың болуын талап етеді. Дегенмен жоғары құндылықтарға сүйенбеген консенсус тұрақты болмайды. Бюрократияға, үкімет қысымына қарсы тұру жеке адамдардың әлеуеті жоғары болған жағдайда ғана мүмкін болады [121].

Дегенмен кейбір қазақстандық зерттеушілер өз жұмыстарында медиацияның қақтығыстарды шешудің тиімді тәсілі екеніне күмән келтіреді. Дегенмен бұл пікірлер әлі де дау тудырады. Шындығында медиация Қазақстанда 2011 жылдан бері жұмыс істейді, бірақ Қытай сияқты елдермен салыстырғанда оның таралуында шектеу бар. Дегенмен медиация қоғамда жағымды қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында шешуді рөл атқаратын құрал ретінде қарастыралады [122].

Демократиялық қоғамдағы тұрақтылық әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеруі тиіс әлеуметтік серіктестік жүйесіне байланысты. Қазақстанда «Әлеуметтік серіктестік туралы» Заң қабылданып, әлеуметтік әріптестікті реттейтін бас келісімдер мен басқа да нормативтік құқықтық актілерге тұрақты түрде қол қойылады. Бұған қоса, «Ұжымдық шарттар туралы» және «Кәсіподактар туралы» заңдар қабылданды. Дегенмен әлеуметтік серіктестіктің барлық қажетті атрибуттарының болуына қарамастан, бұл жүйе негізінен тек ресми түрде жұмыс істейді. Әлеуметтік әріптестік субъектілері өз функцияларын тиісті деңгейде орындаマイды, осы тараптар арасындағы қарым-қатынастар, әсіресе қызметкерлер үшін нәтижелі бола бермейді [122].

Азаматтық қоғам диалог аландарын қамтамасыз ету, қоғамның барлық салаларын қамтуға ынталандыру және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау арқылы әлеуметтік қақтығыстардың алдын алуда маңызды рөл атқарады. Азаматтық қоғамның қақтығыстардың алдын алуға сеп болатын кейбір жолдары:

1. Диалог пен медиацияны дамыту. Азаматтық қоғам қоғамның әртүрлі топтары арасында конструктивті диалог орната алады. Бұған әртүрлі тараптарға өз көзқарастарын білдіруге, ортақ шешімдер табуға және дауларды медиация арқылы шешуге мүмкіндік беретін дөңгелек үстелдер, қоғамдық тыңдаулар, форумдар және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру кіреді.

2. Білім беруді қолдау. Азаматтық қоғам азаматтарды адам құқықтары, толеранттылық және мәдениетаралық түсіністік мәселелері бойынша оқытуда маңызды рөл атқара алады.

3. Құқықтар мен бостандықтарды қорғау. Тәуелсіз қоғамдастық ұйымдары мен құқық қорғау топтары барлық азаматтардың, әсіресе, әлеуметтік осал адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғай алады. Бұл әділеттілік пен заң алдында барлығы тең деген концепцияға дәл келеді, бұл өз кезегінде қоғамдағы шиеленісті азайтуы мүмкін.

4. Белсенді болуға ынталандыру. Азаматтық қоғам азаматтардың шешім қабылдау және мемлекеттік саясатқа араласу процестеріне қатысуын ынталандыра алады. Мемлекеттік органдарда әртүрлі топ азаматтары неғұрлым көбірек болса, соғұрлым белгілі бір топтардың қанағаттанбауы салдарынан қақтығыстардың туындау ықтималдығы аз болады.

5. Әлеуметтік бірлікті дамыту: Азаматтық қоғам азаматтардың әлеуметтік жағдайына, этникалық және діни наным-сеніміне қарамастан қоғамдастық пен ынтымақтастық сезімін тудыруға ықпал етеді. Бұл қақтығыстарды азайтуға және тұрақты әлеуметтік ортаны күргуға көмектеседі.

## 2-бөлім бойынша тұжырым

Бұл бөлімде этносаралық ортадағы қақтығыстардың медиада жазылу мәселесі жан-жақты зерттеліп, соның ішінде журналистік қызметтің этикалық аспектілері, қақтығыстың шешілуіне әсер ететін азаматтық қоғамның рөлі қарастырылды.

Қақтығыс орнынан хабар тарататын, қақтығыс жайлы жазатын журналисттер оқиғаларды стереотипке сүйеніп не біржакты көрсету салдарынан

этносаралық шиеленістің күшею қаупіне жиі тап болады. Сонымен қатар объективтілік, бейтараптық және мәдени айырмашылықтарды құрметтеу сияқты этикалық принциптерді ұстану қақтығыстарды жеңілдету құралы бола алады. Журналистер оқиғаларды жеткізуші ғана емес, диалог пен өзара түсіністікке ықпал ететін медиатор ретінде де әрекет етуі маңызды.

Екінші бөлімде он бір кәсіби журналистің сұхбаты негізіндегі маңызды тұжырымдар ұсынылды. Зерттеу журналистер қақтығыс тақырыбында жазу кезінде кездесетін бірнеше негізгі проблемаларды анықтады: жағдайды терең талдауға уакыт тапшылығы, редакциялар мен билік тарапынан қысым, журналистердің өзіне-өзі цензура жасауы. Сонымен қатар тәжірибелі журналистер көптеген тәуелсіз ақпарат көздерінен ақпарат жинаудың, сарапшылармен жұмыс істеудің маңыздылығын және қауіпсіздікті сақтау жолдарын атап өтті. Жалпы журналистердің пікірін саралай келе, осы салада қызмет ететін журналистердің кәсіби біліктілігін арттыру қажеттігін аңғартады.

Ушінші бөлімде азаматтық қоғамның әлеуметтік шиеленіс жағдайларындағы рөлі қарастырылды. Шиеленісті шешудегі журналистер, YEҰ және жергілікті қауымдастықтар арасындағы қарым-қатынасқа ерекше назар аударылды. Азаматтық қоғам қақтығысқа қатысуши тараптар арасындағы диалогты жеңілдетіп, бітімгершілік процестерге белсенді қатысуға, қақтығыс орнаған топтар мен мемлекеттік құрылымдар арасында делдал рөлін атқаруға қабілетті.

Жүргізілген талдау негізінде бірнеше қорытынды жасауға болады. Біріншіден, этносаралық ортада қақтығыс жайлы ақпарат тарату журналистерден жоғары жауапкершілікті талап етеді, өйткені фактілерден қателесу немесе бұрмалау жағдайды ушықтыруы мүмкін.

Екіншіден, этносаралық ортада журналистерді әлеуметтік шиеленіс жағдайында жұмыс істеуге, оның ішінде мәдениетаралық қарым-қатынас пен этиканы оқытуудың кешенді жүйесін құру қажет.

Ушіншіден, азаматтық қоғам мен БАҚ этносаралық ортада этноәлеуметтік топтар арасындағы диалогты нығайтып, қақтығыстардың алдын алудың ұзақ мерзімді шешімдерін дамыту үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек.

Осылайша, бұл зерттеу этносаралық ортада тұрақты және толерантты қоғамды құру үшін кәсіби журналистер, азаматтық қоғам және барлық мұдделі тараптар арасындағы өзара бірлескен іс-қимылдың маңыздылығын көрсетеді. Этносаралық ортадағы қақтығыс мәселелерін тиімді көтеру БАҚ-тың міндеті ғана емес, қоғамда бейбітшілік пен сенімді қалыптастырудың маңызды құралы.

## **3 ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТИК АЛҒЫШАРТТАРЫ: МЕДИА ДИСКУРС**

### **3.1 Тәуелсіз Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстардың онлайн медиадағы көрінісі: Azattyg.org басылымы мысалындағы контент-талдау**

Медиа дискурс хабар тарату платформасы арқылы жүретін өзара әрекеттесу ретінде анықталады. Дискурс жазбаша да, ауызша да болуы мүмкін, ол көрерменге, тыңдаушыға немесе көрінбейтін оқырманға бағытталған. Жазбаша дискурс оқу аудиториясына бағытталған, ал ауызша дискурс көрерменге немесе тыңдарманға бағытталған. Медиа дискурс аяқ-асты және орынсыз пайда бола салмайды. БАҚ-та айтылған ақпарат бейресми немесе жекеменшік бола алмайды. Бұл бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын талқылау мен хабарламалар қалың жүртшылыққа қолжетімді және қоғамдық пікір мен мінез-құлышқа әсер ете алады дегенді білдіреді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланған немесе таратылатын барлық ақпарат қоғамдық дискурстың бір бөлігіне айналады және әртүрлі мақсаттарда, соның ішінде саяси және әлеуметтік түрғыда әсер ету үшін пайдаланылуы мүмкін [124].

Тіл мен дискурс бір-бірінен ажыратылмайды. Дискурсты талдау кезінде тілдің қызметін саралау да маңызды. Себебі тіл адамдар қандай әлемде өмір сүретінін анықтайды. Мысалы, ақпаратты мағынасына қарай қалай өзгеретіні адамның мәдени көзқарастарын және оған таңылған дүниетанымды көрсетеді. Дискурс әртүрлі ережелер мен нормалар арқылы жасалады және ол оны “жасайтындардың” ниеттеріне байланысты. Сондықтан тілді қолдану адамдардың әртүрлі топтары арасындағы қашықтық, күш және жақындық сияқты әлеуметтік қатынастарды көрсете алады.

Ақпарат агенттігі редакторлары қорқыныш немесе сабептерге байланысты цензуралы өз-өздерін жиі шектейді. Ал қақтығыс аймақтары халықаралық БАҚ үшін жабық күйінде қалуы мүмкін, бұл олардың толықтай бұл тақырыпты көтеруіне тосқауыл болады. Бұл тақырыптардағы қантөгіс пен қатыгездікке назар аудармай, әсіресе, жастар арасындағы кедейлік, жұмыссыздық және шектеулі мүмкіндіктер сияқты қақтығыстардың түбегейлі себептеріне назар аудару керек.

Кейбір қақтығыстардың саяси мәні басым болады. Демек үкіметтердің оған әрекет ететіні анық, ал бұл өз кезегінде қақтығыстың медиада таратылуына, жазылуына әсер етеді. Дегенмен БАҚ-тың бір қақтығыс туралы екіншісіне қарағанда көбірек, толығырақ жазуы халықаралық қауымдастық тарапынан белгілі бір ой туындалады. Бұдан шығатын қорытынды, бұқаралық ақпарат құралдары өздерінің ішкі аудиторияларын алаңдататын мәселелеріне мүқият назар аударады. Мысалы, ең ықпалды халықаралық БАҚ-тың аудиториясы Солтүстік Америка мен Еуропа халықтары болса, көтеріліп отырған қақтығыс тақырыбы олардың тарапынан эмоционалды байланыс тудыру, яғни осы тақырыпты түсінуі керек. Осылайша кейбір қақтығыстар бұқаралық ақпарат құралдарында көтеріліп жаһандық назарға алынса, кейбірі еленбей қалып жатады.

Қақтығыстарды жариялаудағы БАҚ рөлі туралы пікірталастың ажырамас бөлігі этика мәселесі болып отыр. Қоғамның ақпаратты тұтынуға құқығы мен сенсациялық немесе бейтарап материалды тарату кезінде пайда болатын зияны арасында тепе-тендік сақталуы керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік қақтығыстарды жариялаудағы рөлін зерделеу олардың екі жақты ықпалын көрсетеді: бір жағынан, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамды ақпараттандыру және қақтығыс ситуацияларын шешуге ықпал ету мүмкіндігі зор; екінші жағынан, сынсыз және бейтарап есеп беру арқылы бұрыннан бар шиеленісу қаупі бар. Бұл тұрғыда хабарламалардың мазмұны ғана емес, сонымен қатар БАҚ мамандары мен ақпарат тұтынушыларының жауапкершілігі де басты рөл атқарады.

Бейбіт заманда, қақтығыс кезеңінде жағдайды басқарудағы БАҚ-тың табиғаты мен рөлін объективті түрде түсіну үшін ол әртүрлі тәсілдермен әсер ете алатынын ұғыну маңызды. Зерттеушілер қақтығысқа аз көңіл бөле отырып, мемлекетке тікелей әсері бар экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелердегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне назар аударды. БАҚ-тың қақтығыстарды басқаруға әсері енді дамып келе жатқан бағыт, әрі ол БАҚ рөлін бейбітшілік пен қақтығыстар тұрғысынан қарастыратын пәнаралық модельдер мен тұжырымдамалардың болмауына байланысты жеткілікті түрде зерттелмеген [125].

Кейбір ғалымдар зорлық-зомбылықпен жүретін қақтығыстардың мақсаты мен динамикасына жаһандану процесі маңызды сапалық өзгерістер әкелді деп сенеді. Кейбіреулер, мысалы, Калдор жаһанданудың белгілі бір түрі болып келетін 1980 және 1990 жылдардағы ақпараттық технологиялардағы революция өз кезегінде БАҚ және қақтығыстар мұны саналы түрде өзгертуге алып келді дейді [126].

Бұқаралық ақпарат құралдары зорлық-зомбылықтың қарқындылығы, оның қайда болып жатқаны, неліктен, қалай және кімнің араласуымен жүріп жатқаны туралы хабар бере алады. Бірақ сайып келгенде, адамдарға әсер етудегі мәселелерді, қақтығыстың бағытын анықтай алмай отыр.

БАҚ қақтығыстар туралы жазғанда түрлі мультимедиалық форматтарды қолдануы мүмкін. Әдетте ақпарат тек мәтін түрінде ғана емес, фото, видео, аудио, инфографикамен қоса беріледі. Ақпараттың мұндай форматы қақтығысты қоғамдық қабылдауға және түсінуге айтартылғай әсер етуі мүмкін, сонымен қатар онымен байланысты пікірлер мен эмоцияларды қалыптастырады. Бұл жаңалықтарға фотосуреттер мен видео жатуы мүмкін, өйткені жаңалықтар үйімдары қақтығыстар туралы хабарлауда осы форматты жіңі қолданады [127]. Әдетте мұндай фотосуреттерде наразылықтар, қақтығыс салдары бейнеленетін әсерлі сәттер көрінеді. Олардың мақсаты – халықты жағдайға қатысты ақпаратпен хабардар ету. Кейде жаңалықтар агенттіктері қақтығыстарды терең және сынни талдау мақсатында деректі фильмдерді де пайдалана алады.

Қазақстандық БАҚ-та қақтығыстарды жариялау ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін беделді медиа басылымдарда жарияланатын материалдардың нақты мысалдарын қарастыру маңызды. Осындай дереккөздердің бірі – Azattyq.org веб-

сайты. Ол Қазақстандағы әлеуметтік және саяси оқиғаларды, соның ішінде этносаралық қақтығыстарды белсенді түрде жариялады. Осы сайттың мазмұнын талдау ақпаратты берудегі негізгі тәсілдер мен ерекшеліктерді анықтауға, сондай-ақ ондағы журналистер қолданған мультимедиялық форматтарды және олардың қоғамдық қабылдауға әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Azattyq.org – 1953 жылдан бері Қазақстанда хабар тарататын Азаттық/Азат Еуропа радиосының қазақша редакциясы. Ұйымның бастапқы мақсаты кеңестік үгіт-насихатқа қарсы тұру болды және оған қаржыландырудың көп бөлігі Америка Құрама Штаттарынан келеді [128].

Azattyq.org басылымындағы мақалаларды талдау барысында көптеген жаңалықтарда объективті реңк, сарапшы пікірі, оқиғаның егжей-тегжейлері сипатталатыны белгілі болды. Этносаралық қақтығыстардың көбінің туындау себебін журналистер саяси мәселелермен, проблемалармен байланыстырады [129].

Мысалы, 2007 жылы Маястағы қақтығыс кезінде Адам құқықтары жөніндегі сарапшы, құқық қорғаушы Андрей Гришин істің жергілікті атқарушы билік үшін екі тиімді жағы болуы мүмкін деп болжады. Мұндай этносаралық қақтығыстар жеке меншікті бөлісудің көрінісі болса керек. Өйткені біздің елде белгілі бір этностар белгілі бір кәсіпорындар мен бизнестің жекелеген түрлерін бақылайды. Сондықтан мұндай қақтығыстарды пайдаланып, мұдделі тараптар өз бизнестеріне шабуыл жасауы ықтимал [130].

Қантар оқиғасы кезінде жазылған ақпараттарды саралай келе, журналистер билік берген мәліметтерге сынмен қарағаны анық байқалды. Олар Тоқаев мәлімдеген террористерге қатысты ақпаратты, кейбір айыптау сөздерін тырнақшага алыш жазды.

Мысалы, мына сөйлемде: “Қазақстан президенті “террористік бандиттер” деп атаған адамдардың кім екені белгісіз. Тоқаев оларды бұлай атауға қандай негіз болғанын, олардың қайдан келгенін, неге мұны “агрессия” деп есептейтінін анық айтпады” деп жазады журналист [131].

Егер назар салып қарайтын болсак, этносаралық қақтығыстар орын алған өнірлерден ақпарат тарату кезінде журналистер жағдайың қай ұлттар арасында болғанын ашық жазбайды, яғни “шешендер мен қазақтар арасындағы” деген сынды нақты сөз тіркестерін қолданудан аулақ. Мысалы, Сарыағаштағы қақтығысқа қатысты ақпаратта журналист былай жазады: “Оңтүстік Қазақстан облысындағы тәртіпсіздік жайлы ресми мәлімдемелер бүгін ғана жария болды. Ондағы қазақтар мен тәжіктер тұратын екі ауылда адамдар бірнеше көлік пен үйді өртеген” [132].

Журналистер ақпаратты бейтарап таратуға тырысса да, мәтіннен эмоция көрінетін сэттер де болады. Ол да аудиторияның оқиғаны сезіну, дәл сол сэттегі ахуалды білдірту үшін қолданылатын құрал. Мысалы, Қантар оқиғасы кезінде Шымкенттегі қақтығысты көзімен көріп, оқиға орнынан хабар таратқан журналист Дилара Иса былай дейді:

“Өмірімде мұндай көп халықтың жиналғанын көрмеппін. Мен де сол нөпірмен бірге жол-жөнекей көргенімді фото-видеоға түсіріп кете бердім” [133].

Тілші өзіне шабуыл жасалғанын да ашық жазыпты: “Оқиғаны камераға түсіріп тұрғанымда белгісіз адамдар жаңыма бірнеше рет келді. Бірі “мына жігіттерге обал болады, фото-видеоға түссе ертең қамалады, түсірменіз” деп сұрады. Оларға жауап бермей, әрі қарай түсіріп тұрған едім, екінші рет келгендер қолымнан ұстап, “Шетке шық, видеоға түсіруінді тоқтат!” деп бұйырды. “Журналист екенізді білемін, түсірменіз!” деді үшіншісі ашулы үнмен. Өзіме шабуыл жасалған соң жеке қауіпсіздігімді ойлады, сағат тұнгі 3:00 шамасында алаңдан кеттім. Үйге кіргенге дейін белгісіз адамдар ізіме түсіп, аңдумен болды. Үйге кіргенім сол еді, әкімдік жақтан гүрсілдеген дауыс естілді. Осы кезде куәлар көліктер өртелгенін, тарату үшін күш қолданылып, оқ атылғанын, су шашылғанын телефонмен хабарлады. Бір сәт ойланып қалдым. Құні бойы көргенімді көз алдынан өткіздім. Алаңдағы соңғы сәттегі көргендерім құні бойы әнүран айтып, “арандап қалмайық” деген бейбіт шерушілерге ұқсамады. Құдды арнайы қиратуға, бұлдіруге барған топ сияқты әсер қалдырды” [133].

Алғаш рет журналистер Қаңтар оқиғасына өздерінше баға берді. Олар Қаңтар оқиғасын “клендар арасындағы” қақтығыс деп атады.

“Алматыда қаңтар айының басында Жаңаөзенде қолдаған бейбіт акциялар өткен. Кейін наразылыққа қарулы топтар (кей сарапшылар кландар арасындағы қақтығыс деп атайды) араласып, соны тәртіпсіздікке ұласқан. Тәртіпсіздіктен қанша адамның қаза болғаны белгісіз. Қазақстанның барлық аймағына жайылған наразылық пен тәртіпсіздік кезінде із-түзі жоғалған адамдар да көп” [134].

Этносаралық ортада бұқаралық ақпарат құралдары этносаяси процестерге ықпал етудің саяси құралы ретінде жиі қолданылуда. Соның ішінде ақпараттың, фактілердің бұрмалануы және басқа да әрекеттер байқалуы мүмкін.

Қазақстан 2006 және 2007 жылдары бірнеше ауқымды қақтығыстарды бастан өткерді. Олардың көбінде этникалық қазақтар басқа этникалық топтарға қарсы қойылды. Қақтығыстардың ешқайсысы ресми түрде этносаралық деп сипатталмағанымен, екі оқиға этникалық мәселе тұрғысынан сипатталды: бірі күрдтер мен қазақтар, екіншісі қазақтар мен ұйғырлар арасындағы қақтығыс. Қөптеген мысалда бірнеше тұрмыстық қылмыстар әртүрлі ұлттар арасындағы қақтығыстарды тудырады, ал билік дәстүрлі түрде этникалық қақтығысты жоққа шығарады. Қақтығыстар арасындағы айырмашылықтар қатысушы тараптарға қатысты: қазақтар күрдтермен, өзбектермен және шешендермен бетпе-бет келді, ал қақтығыстар негізінен республиканың онтүстік және батыс аймақтарында болды.

Гришиннің айтуынша (Caravan.kz сайтына берген сұхбатынан): «Журналистер, тақырып бойынша білімі аз болса да, еліміздің осы немесе басқа аймағында болып жатқан оқиғалар туралы бұлынғыр ойларын жиі айтады». «Біздің журналистикада тікелей түсініктемелер мен хабарлар айтарлықтай аз» [130].

Мемлекеттің Қордай қақтығысына берген бағасына қатысты ел президентінің тапсырмасы бойынша Қолданбалы этносаяси зерттеулер

институтын құру шешілген. Qmonitor.kz порталы Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директоры Талғат Қалиевпен сұхбат жазып алған. Онда мекеме басшысы этникааралық қатынастарды реттеу мәселесі мемлекеттік деңгейге жетіп, этносаралық қатынастарды дамыту комитеті құрылғанын айтып берген.

“Бұл мәселелерге ғылыми көзқараспен қарай бастадық. Институт міндеттеріне болжау және қақтығыстардың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу кіреді. Оның аясында қақтығыстың туындауына ықпал ететін факторларды анықтау мақсатында өнірлерде тұрақты түрде қақтығыстық тексерулер жүргізетін мамандардың тұтас штабы құрылды”, - дейді ол [135].

Көптеген сарапшы Қазақстандағы үш қайғылы қақтығыстардың: Жаңаөзен (2011), Қордай (2020) және Қантар (2022) арасындағы байланысты байқап, олар бір сценарий бойынша өрбіді деп есептейді деген сұраққа маман былай деп жауап береді.

“Мұндай мәселелер құқық қорғау органдарының құзырына жататындықтан, байланыстың бар-жоғын біржақты айтуға құқығым жоқ. Дегенмен өрбу сценарийлерінде ұқсас белгілер анық көрінеді. Үш жағдайда да қатысушылар жергілікті қауымдастықтармен байланысы жоқ, өздеріне белгісіз адамдардың ұйымдастасқан топтары келгенін хабарлады. Жаңаөзенде жұмысшылардың барлығы бір-бірін танитын, бірақ қақтығыстың негізгі ұйымдастырушыларын анықтай алмаған. Қордай өнірінде де бұлікшілер жергілікті емес деп отыр. Ал Алматыдағы қақтығыстарды бастаушылар қарапайым митингіге қатысушылардан ұйымдастасқан әрекеттермен, беттеріне бетперде тағып, біркелкі киім киоімен ерекшеленді. Бұл үш оқиғаның бір-бірімен байланысы болмағаны, мұлде басқа үш топтың арандатушы рөлін атқарғаны белгілі болуы мүмкін. Бірақ қайталап айтамын, сценарийлердегі ұқастық, бұқараға әсер ету және олардың көніл-күйін бақылау үшін қолданылатын әдістердің ортақ екені айқын. Бұл, ең алдымен, ұйымдастырылған іс-шараға өзін-өзі бақылау және бақылауды жоғалтқан жағдайда тәуекел дәрежесін бағалауға негіз болады” [136].

Azattyq.org сайтындағы Қазақстандағы этносаралық қақтығыстардың жариялануын талдау бірнеше негізгі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Хабарлауда объективті реңкті сақтай отырып, нақты мәліметтер мен сарапшылардың пікірлеріне назар аударып, ақпараттандырылған қоғамдық пікірталасқа үлес қосады. Өзін тәуелсіз деп есептейтін басылым көбінесе этникалық қақтығыстарды саяси және экономикалық факторлармен байланыстырады, әлеуметтік-саяси динамиканың өзара байланысын көрсетеді.

Журналистік зерттеу олардың жұмыс істеу тәсілінің маңызды бөлігі, онда ресми деректерге сынни көзқарас бар және балама көзқарастар да ұсынылады. Бұл сынни ұстаным нюанстарды анықтауға және оқиғалардың ресми нұсқаларындағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге деген ұмтылысты көрсетеді. Azattyq.org тәсілі этносаралық оқиғаларды толық түсінуге ықпал етеді.

Жеке адамдар арасындағы да, топтар арасындағы да қақтығыстарды зерттеу әлеуметтік сәйкестік теориясымен тығыз байланысты. Бұл теория

адамдардың әртүрлі әлеуметтік топтарға мүше болу арқылы өзін және басқаларды түсінуін қалай қалыптастырынын түсіндіреді. Бұл топтар жыныс, нәсіл, этникалық немесе саяси көзқарастар сияқты белгілерге негізделуі мүмкін. Олар адамдардың әлемді көру және түсіну және басқалармен қарым-қатынас жасауының негізгі тәсіліне айналады. Яғни біздің қоғамдағы болмысымыз қақтығысты қалай қабылдайтынымызға және оған қалай “жауап беретінімізге” әсер етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының оқиғаларды хабарлауына әсер ететін әртүрлі құрылымдық, ұйымдастырушылық және институционалдық факторларға қарамастан, ғалымдар кейбір БАҚ жариялау үшін ең тартымды аспектілерді ғана таңдау арқылы әлеуметтік наразылықтарды тоқтатуы мүмкін деп санайды. Бұл маңыздыны іріктеу процесі қоғамдық пікірді қалыптастырады және маңызды деп саналатын нәрсеге назар аудартады, аудиторияның әлеуметтік мәселелердің себептері мен салдарын қалай қабылдайтынына әсер етеді.

### **3.2 Қанды Қаңтар қақтығысы: Қазақстан, Ресей және Ұлыбритания ақпарат агенттіктерінің контентіне фреймдік талдау**

Қақтығыстарға қатысқан саясаттанушылар, көшбасшылар, сыншылар мен бітімгерлер жергілікті және шетелдік БАҚ осы қақтығыстардың әлеуметтік шындығын қалыптастыруды маңызды рөл атқарады деп санайды. Қақтығыс туралы жазу үшін пайдаланылатын маңызды медиа құрал – медиа фреймдер. Фрейминг теориясының негізгі қағидаларының бірі – проблеманың бірнеше көзқарас тұрғысынан ұсынылуы. Фреймдеу процесі мәселені белгілі бір тұрғыда концептуализациялауға әкеледі [137]. Журналистер өз аудиториясына қақтығыстар туралы оқиғаларды ұсыну үшін фреймдеуді қолданады. Баға беріп, өз пікірін қосып, материалдарында “көрінеді” немесе тек нақты ақпаратқа сүйене отырып, объективті фактілерді негізге алады [138].

Соңғы уақытта трансұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының қақтығыстар жайлы хабар таратуындағы (фреймдеуіндегі) айырмашылықтарға қызығушылық артты, сонымен қатар фреймингтің әртүрлі елдерде қалай жүзеге асырылатыны да өзекті болып отыр. Трансұлттық БАҚ-тағы қақтығыстарды зерттеу мүмкіндігі 2022 жылдың 4 қаңтарында сұйытылған табиғи газ бағасының көтерілуі бүкіл Қазақстанға, әсіресе, елдің ең ірі қаласы Алматыда тәртіпсіздіктерді тудырған кезде пайда болды [139].

Сондай-ақ ол медиа фреймдер қақтығыстың себептері, оның дамуы, оның басты қатысуышылары мен қарсыластары кімдер және қақтығысты қалай шешуге болатыны туралы әртүрлі көзқарастардың негізін қалай құрайтынын көрсетеді. Қақтығыс басталғанда Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғанына небәрі 32 жыл болған. Демек журналистиканың кеңестік үлгіден қазақы бірегей үлгіге көшүі жалғасуда, себебі журналистика әлі де өзгеру үстінде. Баспасөз бостандығы біршама шектелген, Қазақстан «Шекарасыз репортерлар» ұйымының бағалауы бойынша 180 елдің ішінде 134-орынға ие болды және толқулар жайлы жазу баспасөз бостандығына одан әрі нұқсан келтірді [140].

Бұл тараушада қазақстандық журналистердің жұмысын беделді халықаралық ақпарат үйымдарымен салыстырамыз. Ол үшін қазақстандық, ресейлік және британдық БАҚ контенті таңдал алынды және фреймдердің қалыптасуына әсер ететін саяси, қаржылық мәселелер қарастырылды.

Фреймдеу қазіргі журналистика мен бұқаралық коммуникацияда маңызды ұғым болып отыр. Стратегиялық коммуникаторлар, журналистер және аудитория мәселенің белгілі бір аспектілерін бөліп көрсетеді және оларды мәтінде айқындайды. Бұл мәселені белгілі бір жолмен түсіндіруге, моральдық баға беруге және/немесе ықтимал шешімдерді ұсынуға әкеледі. Журналистер осы және басқа әдістерді аудиторияға мәнді болатындей етіп тақырыпты дайындау үшін пайдаланады [141].

Қақтығысты зерттеу үшін фреймді пайдалану күрделі процесс. Кейбір талдаулар біркелкі емес әдістерді қолданады, бұл сенімсіз нәтижелерге әкеледі және әмбебап көзқарас әрбір қақтығыстың бірегей ерекшеліктерін жоғалтуы мүмкін [142]. Зерттеушілер теориялық білімге және дәлелденген әдіснамаларға негізделген нәтижелер қақтығыстың бірегей сипатын көрсететініне көз жеткізу үшін тепе-тендікті сақтауы керек. Әрбір жеке зерттеудің бірегей элементтері болады. Осындағы өзіндік ерекшеліктеріне байланысты олардың фрейм теориясын құруға маңызды ықпал етпеуі мүмкін деген алаңдаушылық бар [143].

Журналистер өз аудиториясына қызық болатын контент жасау үшін жұмыс істейді. Мейер және басқалары қақтығысты қамтуды қалыптастыратын төрт негізгі факторды жинақтады: 1) бұқаралық ақпарат құралдарының еркін және әртүрлі немесе бақыланатын және стандартталған дәрежесі; 2) бұқаралық ақпарат құралдарына және оларды пайдалануға қоғамның көңіл-күйі; 3) қақтығыстың қарқындылығы мен динамикасы; 4) өнірлік және халықаралық субъектілерді тарту [144].

Сайып келгенде, журналистер аудиторияға қақтығыстың мәнін түсінуге көмектесу үшін фреймдеуге жүгінеді. Фрейминг теориясы журналистердің жұмысына әсер ететін дүниелерге: мотив, үкіметтік шектеулер, экономикалық жағдай және мәдени артықшылықтарды көрсететін көзқарастарды жатқызады. Әдіс ретінде фреймдеу зерттеушілерге журналистердің оқиға бойынша хабар таратуына қандай көзқарастар әсер ететінін талдауға көмектеседі.

Журналистердің Қазақстандағы қақтығыстарды қалай жариялайтынын түсіну үшін маңызды контексттердің бірі БАҚ жұмыс істейтін ортаны қарастыру. Тарихи түрғыда да, жақында болған толқулар кезінде де байқағанымыз, Қазақстандағы ресми дереккөздер қақтығыс жайлы жалпы ақпарат беруге басымдық беріп, қақтығысқа қатысы бар адамдарды Қазақстанның тұрақтылығына нұқсан келтіргісі келетін заңбұзушылар ретінде көрсетуге тырысты.

Прооппозициялық басылымдар қақтығысты екі тараптан да жазып, нақтырақ сипаттап, үкімет пен мұнай компанияларының әлеуметтік мәселелерді дер кезінде және әділ шешуге құлықсыздығын басты себеп ретінде көрсетті. Ал билікшіл газеттер Жаңаөзен қақтығысының себептерін талқылаудан аулақ болды [145]. Қазақстанның аналитикалық үйымдар альянсының (2014) негізгі

БАҚ жетекшілері арасында жүргізген сауалнамасы ішкі элиталық қақтығыстар саяси тұрақтылыққа ең үлкен қауіп төндіретінін көрсетті, одан кейін қоғамның поляризациясы, сыйбайлас жемқорлық пен федералды орталық пен үкімет арасындағы қақтығыстарды атады. Осы факторлардың барлығы қанды қақтығыстың негізгі себебі болуы мүмкін.

Қаңтардағы қақтығыс басталар алдында еліміздің бірнеше өнірінде Жанаөзендердің наразылық акциясын қолдап, адамдар митингке шықты. Құқық қорғаушы Айман Умарованаң айтуынша, бейбіт митингтердің тәртіпсіздікке ұласуына арандатушылар басты рөл атқарған. Жаппай тәртіпсіздіктерге адамдарды тартудың белгілі бір әдісі бар. Халық ішіне арнайы дайындығы бар адамдар енгізіледі, олар айналасындағыларды арандата бастайды. Қандай да бір әрекет жасаса, қалған халық оны қайталайды [146].

2022 жылдың қаңтарында Қазақстандағы қақтығыс кезіндегі ресми хабарламаларда мәселе көп болды. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «террористер мәйітханалардан ұрлап кеткендіктен» марқұмдардың мәйіттерін анықтау мүмкін емес екенін айтты. Ол сондай-ақ наразылық білдірушілерге оқ атқан полиция немесе қауіпсіздік күштері шын мәнінде «полиция формасын киген лаңкестер» деп мәлімдеді [147]. Мәселен, BBC ол туралы былай жазды: “Ешқандай дәлелсіз тәртіпсіздіктерге “террористерді” кінәлаған президент операция “содырлар толығымен жойылғанға дейін” жалғасатынын айтты” [148].

Алматының бір тұрғыны әлеуметтік желіде былай деп сұрақ қойды: “Егер Алматыға және басқа қалаларға шабуыл жасаған осы террористік топтардың барлығы шетелде байыпты дайындықтан өткен болса, онда неге олар тек “ауылдың” тілі қазақ тілін біледі?” [147].

Human Rights Watch мәліметтері бойынша, қазақстандық қауіпсіздік күштері кем дегенде төрт жағдайда шамадан тыс күш қолданды, оның ішінде өлімге әкелген жағдайдар бар [149].

Қақтығысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауда журналистер бірқатар қызындықтарға тап болды. Интернетке кіру 4 қаңтарда шектелді. 5 қаңтар күнінің соңына қарай бұл шектеудің арты бүкіл ел бойынша 10 қаңтарға дейін интернетті өшіруге дейін алып келді. Бұл қақтығыс туралы оқиғаларды толық жариялауға кедегі болды, өйткені жалғыз ақпарат Khabar 24 және Qazaqstan мемлекеттік телеарналары арқылы берілді, ал басқа онлайн платформалар бұғатталды. Қақтығыс жағдайында интернетке қол жетімділіктің болмауы ақпарат жинау және ел ішінде, одан тыс жерлерде адамдармен байланысу мүмкіндігі шектеулі БАҚ-ты қалдырды. Бұл Қазақстанның саяси басшылығының қолында болды.

Сол уақытта КР президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли Қасым-Жомарт Тоқаевтың 9 қазандығы жарлығына сәйкес мемлекет басшысы министрлерді, әкімдерді және орталық мемлекеттік органдардың басшыларын тағайындау кезінде бұрынғы президент Нұрсұлтан Назарбаевпен ақылдасуға тиіс екенін түсіндірді. Б. Уәли бұл жарлықты «әдеттегі» деп сипаттап, 2018 жылы қабылданған Қауіпсіздік кеңесіндегі жағдайға сәйкес қабылданған Нұрсұлтан

Назарбаевтың өмір бойы Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы қызметін атқаратынын еске салды [150].

Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі мемлекет есебінен қаржыландырылады және өмір сүреді. Сондықтан, саяси көшбасшылар толқулар кезінде мемлекеттік ақпарат құралдарын еркін пайдаланды. Мемлекеттік ақпарат құралдарына қол жеткізе алатын саясаткерлер радиода да, жергілікті телеарналарда да хабар таратты.

Ел президентінің әкімшілігі бүлікшілер арасында «ланкестер» мен снайперлер барын хабарлады. «Қарақшылар тонаумен айналысты, ал екінші үйымдасқан ланкестер тобы қару-жарап қоймаларына мақсатты шабуылдар жасады», - деді «Хабар 24» арнасында президент әкімшілігі басшысының орынбасары Дәурен Абаев [151]. Депутат Айdos Сарым Qazaqstan арнасының тікелей эфирінде ланкестік әрекеттердің қазаққа қатысы жоқтығын алға тартты [152]. Ол: «Қазақстан тарихымен бөлісегін кез келді. Елге тәртіп, әскер керек. Заң азаматтардың игілігі үшін жұмыс істеуі керек» деді. Мемлекеттік БАҚ сенімді түрде сөйлемді, ал тәуелсіз қазақстанның БАҚ-қа болып жатқан оқиғаларды жариялау қыынға соқты. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары экономикалық және саяси түрғыдан шектелген жоқ, дегенмен оқиға орнынан хабар таратуда оларда да кедергі болды, ал ресейлік БАҚ осылардың ішінен басым болды.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың 2 қаңтарында Қаңтар оқиғасына үш жыл толғанда, “Ана тілі” газетіне сұхбат беріп, қақтығыс кезінде шынымен де билікке талас болғанын жасырмады.

“Қаңтар оқиғасынан бері үш жыл өтті, тәртіпсіздіктердің себебі әлеуметтік әділетсіздік, саяси тоқырау және қастандық жасаушылардың амбициясы екені белгілі болды. Қауесеттер мен манипуляцияларға қарамастан, билік ашық тергеуді бастады, кінәлілер жауапқа тартылды, парламентте құқық қорғаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен тыңдаулар өтті. Бұл қоғам үшін қажетті жауабын алуға және осындай оқиғалардың қайталануын болдырмау үшін ашықтық пен тұрақтылық үшін жасалған қадам”, - деді ол.

Ол қақтығысқа қатысты халық арасында әлі де туындастын сұрақтарға жауап беріп, күмәнді сейілткісі келді. “Қаңтар билікті бір жерге шоғырландырудың маңыздылығын, мемлекеттік қызметкерлер мен күш құрылымдарының басшыларын мұқият іріктеу қажеттігін көрсетті. Мемлекет басшысы халыққа қызмет ететін менеджер, ал бірлік пен әділеттілік қоғамның іргетасы болуға тиіс. Тек Заң тұрақтылыққа кепілдік береді және жалған демократиялық құндылықтар сұлтауымен мемлекеттілікке нұқсан келтіруге жол берілмейді”, - деп нақты айтты президент [153].

Осы факторларды қоса алғанда, Қазақстандағы жаңалықтардың қалыптасу тәжірибесі үкіметтің шектеулеріне, БАҚ тәуелсіздігінің деңгейіне, қолда бар ресурстарға және елге байланысты екенін көрсетеді. Бұл қақтығысқа қатысты басқа зерттеулермен сәйкес келеді [154]. Журналистер Қазақстандағы қақтығыстарды көрсету үшін белгілі бір фреймдер жасап шыққанымен, олар біреудің мұддесін көрсетеді немесе бір тараптың пайдасына қарай берілуі

мүмкін. Қазақстан, Ресей және Ұлыбритания журналистерінің Қазақстандағы қақтығыстарды қалай хабарлайтынын және қарастыратынын талдау әртүрлі ақпараттық ұйымдар мен елдердің бұл қақтығыстарды қалай түсіндіретінін ұғынуға көмектеседі.

Қазақстандағы қақтығыстар өз кезеңінде посткеңестік әлемде өз рөлін түсінуге тырысып жүрген, дамушы елдегі қақтығысты бұқаралық ақпарат құралдары қалай жариялайтынын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар әртүрлі елдің көзқарасы мен әсеріне сүйене отырып, өз аудиторияларына қақтығысты қалай ұсынатынын көрсетеді. Бұл тақырыпты зерттеу барысында екі негізгі сұрақ қойылды:

**1-сұрақ:** Қазақстандағы қақтығыстарды жариялау кезінде қазақстандық, ресейлік және британдық БАҚ қандай тәсілдерді қолданады? Бұл сұрақ бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториямен қалай байланысатынын, әртүрлі жаңалықтар агенттіктерінің көзқарастарының қалай ерекшеленетінін және саяси, медиа және мәдени ортаның осы тәсілдердің қалыптасуына қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі.

**2-сұрақ:** Қазақстандық, ресейлік және британдық БАҚ-тың ақпарат көздерін тандаудағы айырмашылығы неде, олар Қазақстандағы қақтығыстар туралы жазған кезде қандай дереккөзге сүйенеді? Сенімді дереккөздер журналистер үшін өте маңызды, өйткені олар жаңалықтарды қалыптастыруға көмектеседі. Дереккөздерді тандау журналистердің қақтығыстарды қалай ұсынатынына әсер етеді әрі зерттеулер тілшілердің көбінесе ресми дереккөздерге сүйенетінін көрсетеді.

Ақпарат көздерін пайдалану туралы алаңдаушылық жаңалықтардың онлайн кеңістікке көшуімен және журналист емес адамдардың жаңалықтар хабарларын таратуымен күштейе түсті [155]. Фреймдер дереккөздерге негізделеді және оларды қолдануға шектеу қойылса, бұл жаңалықтың құрылуы үшін пайдаланылатын ақпаратқа әсер етуі мүмкін. Осы ретте фреймдерді жасау процесінде дереккөздердің рөлі маңызды екенін түсінеміз.

Осы арқылы зерттеушілер мен БАҚ мамандары фреймдерді қалай қолданатынын және қақтығыстар туралы халықаралық деңгейде жазу қалай жүзеге асатынын түсінеміз.

Ғылыми зерттеуде пайдаланған БАҚ-тың ақпарат көздері Қазақстанға стратегиялық мүддесі бар елдерден алынған. Бұрынғы кеңестік республика мәртебесіне, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жиі аталуына байланысты Ресей Қазақстанға әлі де айтарлықтай ықпал етеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Ұлыбритания елдің энергетикалық секторын дамытуға айтарлықтай күш салды және бұл сектордағы толқулар Ұлыбританияның мүддесіне әсер етуі мүмкін [156]. Зерттеуге келесі БАҚ-тар алынды: Хабар 24 және Қазақстаннан Azattyq.org; Ресейден РИА Новости және Gazeta.ru; және Ұлыбританиядан BBC.com және Reuters. Бұл ұйымдардың өз мүдделерін қалыптастыратын және олардың фрейм тандауына әсер ететін саяси, қаржылық және меншік мәселелері бар (1-кесте).

Кесте 1 - Таңдалған ақпарат ұйымдарының меншік иесі мен қаржыландыру көзі

Ақпарат ұйымы	Ел	Меншік иесі	Қаржыландыру көзі	Саяси байланыстар
Khabar 24	Қазақстан	“Хабар” агенттігі	Қазақстан Республикасы	Мемлекеттік
Azattyq.org	Қазақстан	Азаттық радиосы	АҚШ-тың жаһандық медиа агенттігі (USA GM)арқылы АҚШ Конгресі	Шетелдік қолдау
RIA Novosti	Ресей	Ресей бүгін (федералды кәсіпорын)	Ресей Үкіметі	Мемлекеттік
Gazeta.ru	Ресей	Rambler Media Group (Сбербанк тің еншілес компаниясы)	Сбербанк Мемлекеттік банкі	Мемлекеттік
BBC.com	Ұлыбритания	Ұлыбритания Үкіметі	Лицензиялық алымдар жүйесі	Тәуелсіз, коммерциялық емес
Reuters	Ұлыбритания	Thomson Reuters Corporation	Thomson Reuters Foundation, жазылымдар, Бизнес қызметтері	Тәуелсіз, коммерциялық
Ескерту - Автор құрастырган				

«Хабар 24» 1995 жылды Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бірнеше жылдан кейін Қазақстанның бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаев құрған «Хабар» агенттігінің құрамына кіреді. Агенттік үкімет тараапынан қаржыландырылады және үкіметтің көзқарасын ұстанады. «Хабар 24» 2012 жылдың 1 қыркүйегінде іске қосылды және Қазақстандағы жаңалықтар арналарының ішіндегі ірілерінің бірі және халықаралық тілшілер желісіне ие. Қаңтар оқиғасы кезінде интернет-ресурстарға қолжетімділік шектелген кезде «Хабар 24» аудитория үшін негізгі ақпарат көздерінің біріне айналды.

Azattyq.org – 1953 жылдан бері Қазақстанда хабар тарататын Азаттық/Азат Еуропа радиосының қазақша редакциясы. Ұйымның бастапқы мақсаты кеңестік үгіт-насихатқа қарсы тұру болды және оған қаржыландырудың көп бөлігі Америка Құрама Штаттарынан келеді, бұл оның Батыстың көзқарасына жақын екенін көрсетеді. 2022 жылғы қаңтардағы тәртіпсіздіктер кезінде Azattyq.org сайты YouTube арнасында 100 миллионнан астам қаралым жинады (Азаттық радиосының баспасөз бөлмесі, 2023 жыл) [128, с. 39-46]. Оның билеуші және оппозициялық партияларға, шетелдік қауымдастықтарға, коммерциялық компанияларға немесе діни ұйымдарға саяси тәуелділіктен арылғаны туралы ақпарат бар. Алайда Лиу атап өткендей, қатаң саяси бақылауда жұмыс істейтін тәуелсіз БАҚ біршама шектеулі болып қала береді. Azattyq.org танымал мемлекеттік емес ақпарат құралы болғандықтан таңдалды және оны «Хабар 24» арнасына қарама-қарсы нұска ретінде қарастыруға болады. Бұл қарама-қайшылық әр қолданатын фреймде көрінуі керек және олардың қақтығыстарды қалай қолданылатыны туралы мәлімет аз [157].

РИА Новости – Қазақстанда 1941 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Ресейдегі ең ірі мемлекеттік ақпарат агенттіктерінің бірі және қазіргі уақытта айна 55 миллионнан астам бірегей көрермені бар. 2014 жылы агенттік Владимир Путиннің бүйірғымен қайта құрылып, «Россия сегодня» медиа тобының құрамындағы БАҚ ретінде тіркелді. Агенттік тәулік бойы бес тілде әлемнің 125 қаласындағы тілшілер арқылы жаңалықтар таратады, оның ішінде бірнеше ондаған тақырыптық арналар бар [158]. Ресейлік БАҚ-тың қақтығыстарды жариялауы ресми саяси ұстанымдарды қолдайтынын көрсетеді. Украина мен арадағы қақтығысты жариялауда РИА Новости Ресейдің ұлттық мұддесін көрсетіп, саяси мұддесі мен стратегиялық мақсаттарын қолдады. [159]. Тіпті тек Қаңтар оқиғасы туралы ақпарат беретін «Қазақстандағы тәртіпсіздік» айдарын іске қосты.

Gazeta.ru – 1999 жылы құрылған ресейлік қоғамдық-саяси интернет-басылым. Ол ресейлік және әлемдік жаңалықтарды қамтиды, ірі мемлекеттік банк қаржыландырады және ресейлік ресми көзқарасты ұстанады. LiveInternet деректеріне сәйкес, Gazeta.ru - «Жаңалықтар мен медиа» санатындағы ең көп оқырманы бар Runet-тегі ресурстардың бірі.

BBC – 1922 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Ұлыбританияның әлемге әйгілі қоғамдық хабар тарату корпорациясы. BBC позициясы - бейтараптық пен тәуелсіздік. Бұл оның қақтығыстарды объективті көрсетуге ұмтылысынан көрінеді. Бірнеше зерттеу ондағы фреймдер BBC ұйымының стандарттары мен ішкі мәдениетінің әсеріне тәуелді екенін анықтаған [160]. BBC өзін бейтарап деп мәлімдегенімен, көптеген зерттеу BBC батыстық құндылықтарды, сондай-ақ ұлттық мұддесін ұстанатынын анықтады [161]. Бұл Орталық Азиядағы жағдайды терең талдайтын санаулы басылымдардың бірі. Зерттеу үшін осы басылымды таңдаудың тағы бір факторы қақтығыс туралы көптеген материалдардың шұғыл жаңалықтар форматында немесе нақты мәселелерге бағытталғандығы болды.

Reuters – тарихы 19 ғасырдың ортасынан бастау алған әлемдегі ең ірі халықаралық жаңалықтар және қаржылық бағыттағы ақпарат агенттіктерінің бірі. Ол талдау және оқиға орнынан репортаж форматымен ақпарат тарату қабілеті үшін таңдалды.

Фреймді талдау кезінде әдетте талдау бірлігі ретінде түйін сөздер мен сөз тіркестерін және/немесе визуалды коммуникацияны анықтайтын контентті пайдаланады. Соның ішінде «журналистер оқиғаны, мәселені және/немесе контекстке, яғни белгілі бір мағынаға келтіру үшін жазбаша, ауызша, графикалық және визуалды хабарламаларды қолданады» [140, р. 3-408].

Біз бұл әдісті тақырыптың негізгі аспектілерін анықтау және оны қамтудың әртүрлі тәсілдерін салыстыру үшін таңдадық. Талдау үшін біз Линстром және Марайз ұсынған әдісті қолдандық [162]. Олар БАҚ-та тақырыптардың қалай ұсынылатынын талдаудың егжей-тегжейлі, қадамдық әдісін өзірледі. Бұл әдіс сенімді болып саналады және бұқаралық ақпарат құралдарының әртүрлі тақырыптарда белгілі бір образдар мен “көніл-күйді” қалай жасайтынын зерттеу үшін басқа зерттеулерде сәтті қолданылған [163].

Қақтығыстың алғашқы екі аптасы ең маңызды және жаңалықтарға толы болды. Қақтығыстың негізгі фреймдері осы уақыт ішінде өзірленді, ал кейінгі мақалалар осы негізгі фреймдер арқылы жазылды; сондықтан негізгі фреймдерді анықтау үшін зерттеу кезеңі 2022 жылдың 4 қанчарынан 19 қанчарына дейінгі аралықты қамтыды.

Таңдалған алты бұқаралық ақпарат құралы бойынша «тәртіпсіздік», «наразылық» кілт сөздерін пайдаланатын барлығы 2 393 хабарлама анықталды. Ресейлік БАҚ 1956 жаңалық форматындағы материалмен басым болды. РИА Новости – 1455, Gazeta.ru – 501 жаңалық жариялады. Ресейлік БАҚ жаңалықтардың көптігімен ерекшеленді, тіпті РИА Новости «Қазақстандағы наразылықтар» атты айдар ашқаны белгілі болды, бұл осы басылым арқылы материалдарды табуды айтарлықтай женілдettі.


Қазақстандық БАҚ материалдар саны бойынша екінші орында, мұнда 342 хабар анықталған. Azattyq.org сайтында 241 жаңалық жарияланса, «Хабар 24»-те - 101. Материалдар екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жазылды, ақпараттық материалдардың, жаңалықтардың жазылуында біршама айырмашылықтар болды.

Британдық ағылшын тілді Reuters және BBC барлығы 95 мақала жариялаған, бұл ресейлік, қазақстандық БАҚ жариялаған материалдардан айтарлықтай аз. Атап айтқанда, Reuters – 59 және BBC – 36 мақала жариялады. Британдық осы екі ақпарат агенттігі негізінен болып жатқан оқиғаларды сипаттап жазды. Олардың материалдарында болып жатқан оқиғаларға талдаулар, кейде қазақстандық үкіметті сынаған материалдар да кездесті.

Бұл зерттеуде әр дереккөз жариялаған оқиғалардың жалпы санының үштен бірі болатын 796 материал таңдалды. Кездейсоқ іріктеу нәтижесінде Azattyq.org сайтынан – 80, Хабар 24-тен – 33, Gazeta.ru-дан – 167 және РИА Новостиден – 485, BBC-ден – 12 және Reuters агенттігінен – 19 материал алынды.

Жалпылай алғанда, барлық жиналған материалдардың 30%-ы репрезентативті үлгіні алу және негізгі фреймдерді анықтау үшін жеткілікті көрсеткіш [164]. Үлгіні таңдағаннан кейін келесі қадам талдау бірлігін анықтау болды. Әр мақала жеке фрейм болғандықтан, әр мақаланы соған сәйкес жеке талданды. Талдау бірлігі ретінде мақала алынды, өйткені әрбір жеке мақала фрейм ретінде қызмет атқарды.

Бірінші зерттеу сұрағы (RQ1): Қазақстандағы оқиғаларды жариялау кезінде қазақстандық, ресейлік және британдық БАҚ қандай жаңалықтар фреймін пайдаланады? Зерттеу нәтижесінде этносаралық ортадағы қақтығыс туралы хабар тарату үшін пайдаланылған 12 негізгі фрейм анықталды (1-суретті қараңыз). 1-суретте әрбір фрейм аясында жарияланған мақалалар саны, сондай-ақ осы мақалалардың қанша пайызы әрбір БАҚ-тағы мақалалардың жалпы санын құрайтыны көрсетілген. Бұл пайыз фреймнің қаншалықты жиі пайдаланылғанын және БАҚ немесе елдер арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді.



Сурет 1 - Қазақстандағы қақтығыстардың негізгі тақырыптары және БАҚ бойынша мақалалар пайызы

Ескерту - Автор құрастырган

Ең жиі қолданылған фрейм оқиғаларды дәстүрлі сипаттау тәсілімен көрсететін «наразылық» фреймі болды. Осы фреймді барлық ақпарат агенттіктері пайдаланды, ең көбі ресейлік БАҚ-та, одан кейін қазақстандық БАҚ-та қолданылды. Десек те, бұл фрейм британдық БАҚ үшін басты фрейм емес.

Келесі жиі кездескен «ҰҚШҰ» фреймінде Ресей Қазақстанға қауіпсіздік күштерін жіберген Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының (ҰҚШҰ) рөлі мен іс-әрекеті туралы мақалалар қамтылған. Бұл фреймді ресейлік БАҚ белсенді пайдаланды. Атап айтқанда, «РИА Новости» осы тақырыпта 1400-ден астам жаңалық жариялаған, ал қазақстандық және британдық БАҚ-та бұл фрейм жиі қолданылмаған.

«Қатысушылар» фреймі қақтығысқа қатысушылар туралы материалдарды қамтыды. Тек британдық БАҚ-та бұл фрейм анықталмады. Мұны британдық журналистердің оқиға туралы ақпараты шектеулі әрі қазақстандық және ресейлік БАҚ-та қатысушылардың кім екендігі туралы түсінігі қайшылыққа толы болғанымен байланыстыруға болады.

Британдық БАҚ басымдықпен қолданған фрейм - «экономикалық/саяси» болды. Мұнда толқулардың экономикалық және саяси себептері мен салдары қарастырылады, сонымен қатар Қазақстан билігін сынға алады. Бұл фреймді қолданбаған жалғыз БАҚ мемлекеттік «Хабар 24» телеарнасы болды. Қазақстандық, ресейлік және британдық БАҚ барлығы жапа шеккендер туралы

жазылған «зардап шеккендер» фреймін пайдаланды. «Куәгерлер» және «Қазақстан имиджі» фреймдері де кездесті, бірақ маңызды рөл атқармады. Бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі “куәгерлер” фреймін қолданды. Тек «Хабар 24» бұл фрейм бойынша мүлдем сөз қозғамаған.

«Аймақтар» фреймі де сирек қолданылған. Оны ресейлік және қазақстандық БАҚ бірдей қолданған. Қазақстан – үлкен мемлекет, қақтығыс басталған және/немесе қақтығыс дамыған аймақтар бар. Жалпы, Қазақстандағы қақтығыстар тарихы бұрындары нақты аймақтық сипаттамалармен байланысты болды. «Этносаралық мәселелер» фреймі қазақстандық және ресейлік БАҚ-та сирек жазылады, ал британдық БАҚ оны мүлдем пайдаланбады. Қазақстан этникалық жағынан алуан түрлі ел, әсіресе орыстар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас аса сезімтал тақырып. Сондықтан бұл екі елдің этникалық мәселеге қатысты фреймді қолданғаны қысынды. «Материалдық шығын» фреймі қазақ және орыс тілдеріндегі бірнеше жаңалықтағана көрсетілді. Ең ерекше фрейм – бірғана медиа-ресурс Azattyq.org ұсынған «белсенділік» болды. Бұл материалдарда жергілікті басшылар мен белсенділердің әділ тергеу жүргізу талаптары көрсетіліп, тәртіпсіздікке қатысушылардың тұтқындалуының әділетсіз екендігі айтылды.

«Наразылық» фреймі қазақстандық БАҚ-та да басым болды, бірақ айтартлықтай айырмашылықтар бар. «Хабар 24» үкіметтік медиа «ҰҚШҰ» және «экономикалық/саяси» фреймдерді пайдаланбады. Бұл биліктің кеңес әскерлерінің болуын талқылауға немесе үкіметтің тұрақтылығына қауіп төндіретін экономикалық және саяси мәселелерді шешуге құлықсыздығын көрсетуі мүмкін. Azattyq.org өзін тәуелсіз БАҚ ретінде көрсетеді және үкіметтің іс-әрекеттеріне күмән келтіретін «белсенділік» фреймін қолданды.

Екі ресейлік БАҚ «наразылықтар» мен «ҰҚШҰ» фрейміне назар аударды. Наразылықтар туралы материалдардың болуы ресейлік БАҚ-та оқиғаларға тікелей қатыса алғын тілшілер санының көп болуы және БАҚ инфрақұрылымының жақсырақ болуы себеп болды деп есептей аламыз. ҰҚШҰ жайлы фрейм Ресейдің аймақтағы маңызды рөлін атап өтті және аудиторияға оның Қазақстандағы ықпалын еске салды. Ресейлік БАҚ-та көптеген фреймдердің кездесуі материалдар санының басымдығымен түсіндіріледі.

Кейбір ресейлік сарапшылар қаңтардан бастап Тоқаевқа президент ретінде Қазақстан халқы тарапынан емес, Путиннің тарапынан қолдау көп болады деп болжаған. Алайда Қазақстанның Ресей пайдасына айтартлықтай қадам жасамағаны белгілі болды. Керісінше Мәскеу өз мүддесі үшін көмектеспек болды деп топшылауға болады. Украина мен Грузия сияқты қарым-қатынастары ушықкан елдермен салыстырғанда Ресей үшін Қазақстан тұрақты және сенімді серіктес болып қала берді. Ресей Қазақстанда хаос пен тұрақсыздық орнатуға мүдделі емес екені анық еді [165].

Британдық БАҚ басқаларға қарағанда шектеулі болды. Британдық журналистердің Қазақстанда болуына және олардың демократиялық басқаруды ілгерілетуге мүдделі болуына қарамастан, географиялық және мәдени алшақтық оларды шектеп, Қазақстандағы оқиғаларға деген қызығушылықтарын азайтты.

Британдық БАҚ қолданатын негізгі фрейм олардың қақтығыстардың саяси табиғатына және экономикалық мұдделерге деген қызығушылығын көрсететін «экономикалық/саяси» деген фрейм болды. Британдық БАҚ-тан табылған материалдар саны аз болғандықтан сәйкесінше фрейм түрі де аз кездесті.


Фреймдер қазақстандық, ресейлік және британдық БАҚ-тың фактілерді пайдалануындағы айырмашылықтарды анықтады. Мысалы, ресейлік БАҚ Қазақстанның бұрынғы астанасын қазіргі дүрыс атауы – Алматы бола тұра, кеңестік дәуірден қалған ескі атауымен – Алма-Ата деп атады. Ал, қазақстандық және британдық БАҚ қаланың қазіргі атауы – Алматыны қолданған [166].

Қазақстандық мемлекеттік БАҚ президент Тоқаевтың сөздеріне сілтеме беріп, қақтығыстағы қарулы бүлікшілерді террористер деп атады. Британдық БАҚ террористер сөзін тырнақшамен берген. Мысалы, BBC «Президент айғақтарды келтірмей, тәртіпсіздіктерге шетелде дайындалған «террористер» кінәлі деп мәлімдеді және операциялар «содырлар толығымен жойылғанға дейін» жалғасатынын айтты» деп жазды [148].

Ресейлік БАҚ-тың ұстанымы екіүшты болды: жаңалықтар хабарламаларында ресейлік авторлар қарулы топтарды өз әрекеттері үшін айыптайтын материалдарды пайдаланды, тек анда-санда оларды террористер деп атады. Мысалы, РИА Новости былай деп жазды: «Тоқаев Қазақстандағы жағдайды мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіреді деп сипаттады және «террорлық қауіпті еңсеру» үшін ҰҚШҰ-дан көмек сұрағанын айтты» [167].

Екінші зерттеу сұрағы (RQ2) Қазақстандағы қақтығыстар туралы қазақстандық, ресейлік және британдық БАҚ жариялаған мақалалар үшін дереккөздерді пайдалану бойынша қандай айырмашылықтар бар (2-суретті қараңыз).

Негізгі ақпарат көздері Қазақстанның мемлекеттік қызметкерлері болды. Барлық БАҚ ресми ақпарат көздеріне сүйенді. Ресей де «шетелдік шенеуніктерге» сілтеме жасады, олардың дені негізінен Ресейден. Биліктің БАҚ-ты қатаң бақылауына байланысты ресми дереккөздерді пайдалану басым болды. Интернеттің бұғатталуы басқа балама бұқаралық ақпарат құралдарынан ақпарат алуды шектеді, ал қақтығыс болып жатқан орыннан ақпарат тарату қауіпті болды. Одан бөлек БАҚ дереккөзді көрсетпей, жайғана оқиғаларды сипаттайтын материалдарды да жазды. Бұл, әсіресе, «наразылықтар» фреймі бойынша байқалды. Қазақстандық және британдық БАҚ-тағы мақалалардың едәуір бөлігінде дереккөздерге сілтемелер берілмеген (2-сурет).



**Сурет 2 - Қазақстандағы қақтығыстар жайлы ақпараттың дереккөздері және олардың пайызы**

Ескерту - Автор құрастырган

Ресми тұлғалардан бөлек бірнеше дереккөз ғана пайдаланылды, ал ресейлік басылымдар ең көп ақпарат көзін ұсынды. Бір қызығы, барлық БАҚ-та бірнеше дереккөзі бар материалдар кездесті, бірақ олардың пайызы аз болды. Мысалы батыстық медиа саналатын британдық БАҚ үшін «екі дереккөз» ережесі өте маңызды және бір мақала үшін бірнеше дереккөзді пайдалану стандарты бар (How to write a newspaper article, n.d.). Reuters журналистика анықтамалығында (мерзімі белгісіз) «екі немесе одан да көп дереккөз біреуінен жақсы» делінген. Бұл ретте бірде-бір БАҚ анонимді дереккөздерге сілтеме жасамады. Тек қазақстандық және ресейлік БАҚ сарапшыларды аз болса да дереккөз ретінде эксперттерді пайдаланды, ал Ресей көбінесе басқа БАҚ-қа, негізінен ресейлік медиаларға сілтеме жасады.

Дереккөздер сынни мәнге ие және журналистер сынды оқиғалар мен фреймдерді қолдану үшін пайдаланады. Әртүрлі ресурстарға қол жеткізуіді шектеу журналистердің оқиғаларды түсіну үшін пайдалана алатын дәлелдер мен пікірлерді де шектейді. Орталық Азия мен Қазақстанда желідегі жаңалықтарды қолдану бойынша жүргізілген зерттеулер тұтынушылардың ақпарат көздерінің қайдан, қалай пайда болатынын білмейтінін көрсетті [168], бұл объективті немесе жалған ақпаратты оңай қабылдауға әкеleiп соқтырады, бұл әсіресе Орталық Азия үшін маңызды мәселе [169]. Бұл журналистер үшін өз репортажында білікті және тақырыпқа сәйкес дереккөздерді табу, пайдалану және оларға сілтеме жасау үшін қосымша этикалық жауапкершілікті жүктейді.

Дегенмен аудиторияның ақпарат көздеріне назар аудармауы идеологиялық біржакты ақпаратты шындық ретінде қабылдауды жеңілдетеді. Аудиторияның ақпарат көздерінің шығу тегі туралы хабардар болмауы авторитарлық режимге сұрақтар қойылмайтында оқиғаларды өз интерпретациясымен түсіндіруге үқпал етеді.

Фрейм талдауы әртүрлі қолданылған фреймдерді, яғни журналистер басымдық берген фреймдерді анықтады және оларды БАҚ пен әртүрлі елде қалай қолданатыны туралы түсінік берді. Үкіметтің шектеулері, әсіресе интернеттің бұғатталуы журналистер үшін қолжетімді дереккөздерді шектеп, оқиғалар туралы хабарлауға арналған дәлелдердің алуан түрін азайтты.

Осы зерттеуде анықталған фреймдер маңызды ақпарат ұсынады. «Наразылық» фреймінің басым болуы классикалық стильдегі оқиғалар сипатталып берілетін репортаждарға жатады. Бұл фреймнің басым болу себебі әртүрлі көзқарастар ұсынылған ақпарат көздерінің шектеулі болуында.

Бұқаралық ақпарат құралдарын қатаң бақылау үкіметтің позициясын берік етті, шенеуніктерді дереккөз ретінде пайдалану басым болды. Қазақстандық БАҚ-тардағы мақалалардың 75 пайызы мемлекеттік қызметкерлердің сөздерін келтірген немесе дереккөзді пайдаланбаған. Ұлыбританияның бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік шенеуніктерге сілтеме жасайтын немесе ешқандай дереккөзге сілтеме жасамайтын мақалалар саны 83% болды. Ресейлік БАҚ негізінен қазақстандық және ресейлік шенеуніктерге (62% дереккөз) сүйенді және басқа БАҚ-пен бірге есептегендеге ақпарат көздерінің 81%-ын құрады. Бұл сандар тәуелсіз ақпарат пен қақтығыс туралы хабарлама жасауды басып тастаудың тиімді әдісі ретінде БАҚ-ты мемлекеттік бақылаудың құшті екенін көрсетеді.

«Хабар 24» арнасы «наразылықтар» фреймін пайдаланды, сонымен қатар өз материалдарында «қатысушылар» және «материалды шығын» туралы айтты. Бұл билік органдары мәлімдемелерінде айтылған террористер туралы ақпаратпен сәйкес келеді. Бұған қоса, «Хабар 24» арнасы «Ресейдің ҰҚШҰ-ға қатысуы», наразылықтардың негізінде жатқан «экономикалық/саяси» мәселелер және «ұлтаралық қақтығыс» фреймдерін мұлдем қолданбаған.

Бұл фреймдердің болмауы шенеуніктердің наразылық сипатын ішкі тәртіпсіздіктердің емес, сыртқы күштердің араласудың нәтижесі ретінде қарастыратынын көрсетеді. Тәуелсіз Azattyq.org сайты «наразылықтар» фрейміне басымдық бермеді, хабар таратуда жан-жақты көрініс пайда болу үшін әртүрлі фреймдерді ұсынды.

Ең бастысы, басылым ресми позицияға тікелей қарсы келетін бірегей «белсенділер» фреймін ұсынды. Хабар 24 арнасы ресейлік БАҚ-тың авторитарлық сипатына көбірек сәйкес келеді деп болжауға болар еді, ал Azattyq.org британдық БАҚ-тың батыс стиліне көбірек ұқсайды. Ал екі отандық БАҚ қазақстандықтардың мүддесін көрсетті.

Ресейлік БАҚ қазақстандық үкіметтің тікелей қысымына ұшырамаса да, ресми органдардың позициясын ұстанып, Қаңтар оқиғасы туралы материалдар жариялауда басқаларға қарағанда басымдық көрсетті.

Ресей Қазақстандағы БАҚ-та бұрыннан аталады, сондай-ақ репортаждарының сапалы шығуын қамтамасыз ететін дамыған инфрақұрылымы бар.

Ресейдің Қазақстан туралы жаңалықтарды жиі жазуы Қазақстандағы оқиғалардың олар үшін өзекті және маңызды тақырып болғанын көрсетеді. Онда фреймдердің ішінде «наразылықтар фреймі басым болды, сондай-ақ «ҰҚШҰ» фреймі де кеңінен қолданылды. «Қатысуышылар» фреймі арқылы Ресейдің жағдайды тұрақтандырудагы және өз мұддесін қорғаудагы рөлін көрсетіп, Ресей әскерінің Қазақстанға кіруін ақтағандай болды.

Өздері жүргізген сауалнама нәтижесі көрсеткендегі, ресейліктердің көпшілігі Қазақстанға әскер жіберу бейбітшілікті сақтау және Ресейді қорғау үшін орынды деп санайды.

Британдық бұқаралық ақпарат құралдары да «наразылықтар» фреймін қолданған, бірақ «экономика/саясат» оларда басымырақ болды. Батыс елдерін Орталық Азия елдері басшыларының авторитарлық тенденциялары көбірек аланнадатады және бұл қақтығыстың саяси және экономикалық аспектілеріне баса назар аударудан, Қазақстан билігінің әрекеттерін сынаудан көрінеді. Басқа фреймдердің болмауы саяси мәселелерге және қақтығысқа жеткіліксіз назар аударады, мұны Ұлыбританияның Қазақстаннан географиялық және мәдени алшақтығымен де, аудиторияның осы тақырыпқа қызығушылық деңгейімен де түсіндіруге болады.

Британдық БАҚ-та басқа фреймдердің болмауы олардың басты назары қақтығыстың саяси аспектілеріне бағытталғанын көрсетеді. Басқа маңызды аспектілер қарастырылмағандықтан, бұл оқиғаларды қамтуға жеткіліксіз кешенді көзқарасты көрсетеді. Бұған қоса, британдық аудиторияның Қазақстанның ішкі жағдайына деген қызығушылық деңгейі төмен болуы мүмкін.

Интернеттің бұғатталуы балама пікірлерге, соның ішінде Azattyq.org ұсынған пікірлерге қолжетімділікті шектеді. Бұл үкіметтік БАҚ қолданған фреймдердің көбірек қолданылуына әсер етті. Azattyq.org Хабар 24-ке қарағанда көбірек жаңалық шығарғанымен, интернеттің бұғатталуы оның ақпаратқа қолжетімділігін шектеп, үкімет құрылымдарының гегемониясының артуына әкелді.

Авторитарлық жүйенің белгісі ретінде «Хабар 24» арнасы жасаған фреймдер ресейлік БАҚ-қа көбірек сәйкес келеді, ал тәуелсіз Azattyq.org британдық БАҚ-қа жақынырақ болады деп болжам жасауға болар еді.

Алайда бұл расталмады және қазақстанның БАҚ-тың фреймдері қазактың бірегей мәдени перспективасын көрсетті. Мысалы, ресейлік бұқаралық ақпарат құралдары ҰҚШҰ фреймін белсендерек қолданды, себебі олар бұл ұйымның көрші елдердегі қақтығыстарды шешудегі рөлін атап өтуге мүдделі болды. Алайда «Хабар 24» үкіметтік арнасы бұл фреймді пайдаланбады, бұл үкіметтің тақырыпқа қолайсыздығын білдіруі мүмкін. Бұл тақырып үкіметке ыңғайсыз болса, бұл оны БАҚ-та оны жайғана елемеуі мүмкін екенін көрсетеді.

Сондай-ақ фреймдер журналистер қолданатын аймақтық және ұлттық интерпретацияларды көрсетті [170]. Ресейлік БАҚ сол елдің саяси позициясына

тән көзқарасты қолдайтын ресейлік сарапшыларды ақпарат көзі етті. Қазақстандық БАҚ аймақтық мәселелерге баса назар аударатын фреймдерді көбірек қолданған. Британдық БАҚ саяси және экономикалық аспектілерге баса назар аударатын, негізінен авторитарлық үкіметке және Қазақстандағы британдық экономикалық мұдделерге қатысты демократиялық аландашылықты көрсететін фреймдерді пайдаланды.

Белсенді, оппозиционер Жанболат Мамай «Настоящее время» басылымына берген сұхбатында Қаңтар оқиғасы кезінде өзіне жасалған шабуылды үкімет тарапынан шығарылған арандатушылар әрекеті деп санайтынын айтты. Оның пікірінше, дәл осы адамдар тобы Алматыдағы тәртіпсіздік пен тонауларға қатысы болуы мүмкін. Мамай арандатушылар әрекеті билікке тиімді болды деп санайды, өйткені осыдан кейін Қаңтар оқиғасы бейбіт шерулер мен үкіметке қарсы әрекеттерді мүлде елемей, тек «тәртіпсіздік», «тонау» және «терроризм» ретінде сипаттала бастады. 4 қаңтарда бейбіт митинг өтіп, онда 30 мыңға жуық азамат саяси реформалар мен Назарбаевтың саяси аренадан кетуін талап етті. Яғни бастапқыда бұл бейбіт шеру мен митинг түріндегі жиын еді. Елдегі түбекейлі өзгерістерге ұмтылған халық «Алматы Аренадан» Республика алаңына дейін жаяу жүріп өтті [171].

Демек Қаңтар оқиғасы этносаралық ортадағы қақтығыстың жүйесіз көрінісі емес, нақты қоғамдық-саяси негізге ие болды. Посткенестік елдердегі наразылық қозғалыстарын зерттеушілер Қазақстандағы қақтығыстардың «түрлітүсті төңкерістер» деп аталатын төңкерістерден айырмашылығы, экономикалық және әлеуметтік наразылықтың ұзак уақыт жинақталуының нәтижесі болғанын атап көрсетеді.

Олар наразылықтар көбінесе сайлаумен тұспа-тұс келетінін және «түрлітүсті революцияға» айналуы мүмкін екенін айтады. Алайда Қазақстандағы наразылық қозғалыстары бұл үлгіге сәйкес келмейді. Мұны көбіне ұзак уақыт бойы өзара байланысқан оқиғалардың біртіндеп дамуы мен шиеленісінің нәтижесі ретінде қарастырған жөн [172].

Қазақстандағы қақтығыс халықаралық контексте, дамушы елде, мемлекеттік бақылау жасалатын оргата және тәртіпсіздіктерден хабар тарату кезіндегі физикалық қауіп контекстінде БАҚ құрылымдарының құрделілігін зерттеуге бірегей мүмкіндік берді. Бұл журналистер үшін қолжетімді ақпарат көздерін шектейтін заманауи авторитарлық бақылау әдістерінің бөлігі ретінде интернетке қолжетімділікті шектеудің маңыздылығын көрсетті. Бұл авторитарлық үкіметтердің интернет-контентті өз бақылауынан тыс күш ретінде көретінін және оның әсерінен қорқатынын көрсетеді.

Фреймдерді талдау тәсілдер мен артықшылықтарды білу, сондай-ақ ресми шектеулердің әсерін анықтауда пайдалы болды. Сондай-ақ фреймдер бұқаралық ақпарат құралдары тиесілі елдердегі күш құрылымдарының ерекше мұдделерін көрсетті. Қазақстан ресми түрде сөз бостандығын қолдағанымен, іс жүзінде оппозициялық БАҚ-ты басып-жаншуын жалғастыруда және желідегі БАҚ қызметін мұқият қадағалайды [173]. Журналистер өз репортажында объективтілікке ұмтылса да, бұл зерттеу ақпарат агенттіктерінің ұлттық

табиғаты мен ұстанымы, әр елдің билік құрылымындағы ерекше мүдделеріне байланысты нақты мақсатқа жету қаншалықты қын екенін көрсетеді. Бұл зерттеу сонымен қатар оқырмандарға журналист материалдарындағы «ақиқат» көптеген бәсекелес мүдделердің тоғысы нәтижесінде қалыптасатынын ескерtedі.

### **3.3 Әлеуметтік желілердегі қақтығыс тақырыбы: Telegram арналары мысалында**

Кейбір зерттеулер әлеуметтік желілердің қақтығысты бақылауға және оны қоздыруға болатын қуатты құрал екенін көрсетеді. Этносаралық ортада этникалық өшпендердің тайпалық айырмашылықтардан, зорлық-зомбылықта өмір сұру себебінен немесе саяси бәсекелестіктер мен тарихи әділетсіздіктерден туындаиды [174].

Көп жағдайда этносаралық қоғамдағы этникалық қақтығыстар белгілі бір этнос арасындағы ұлтшылдық пен ұлттық артықшылық сезімінен туындаиды. Интернет-платформалардың қақтығыстарды басқаруға айтарлықтай әсер ететінін атап өткен жөн, өйткені қақтығыс олардың контентіне негізделген және көбінесе олардың мазмұны арқылы жасалады. Негізгі бұқаралық ақпарат құралдары мұндай қақтығыс жағдайлары туралы нақты жаңалықтар таратуға міндетті, бірақ ғұл міндетті олар орындаі алмай жатады. Бұқаралық ақпарат құралдары, жалпы алғанда, бейбітшілікке үндептін немесе қақтығыстарды шешуге деген үмітті өшіретін екі жүзді қылыш [175].

Қазақстан көп ұлтты ел ретінде әртүрлі этностардың қатар өмір сүруіне және өзара әрекеттесуіне ықпал етеді. Ғұл кейде мәдениеттегі, тілдегі, діндегі және басқа да әлеуметтік-мәдени аспектілердегі айырмашылықтарға байланысты қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

Қазір әлеуметтік медиа жаңалықтарды тұтынудың негізгі құралы ретінде қызмет етеді, ал жөнде қолданушылары санының артуы Telegram сияқты платформалар ұсынатын жылдам ақпарат тұтынуға сұраныс тудырады. Себебі қазір көп адамның бұрынғыдай арнайы веб-сайтқа тіркеліп, өзге платформаларға кіріп, жаңалық оқуға құлқы да, уақыты да бола бермейді. Telegram арналары цензурадан әлдеқайда азат, демек ғұл мұндағы контентті жылдам таратуға, түрлі көзқарас тудыратында тұтынуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге Telegram арналары сапалы контентті қамтамасыз етіп қана қоймай, қолданушылар туралы ақпараттың құпия болуын қамтамасыз етеді. Сол себепті жөнде қолданушылары тарапынан қатты бағаланады.

Қазақстандағы Қаңтар оқиғасы сияқты қақтығыс кезінде, интернетке қолжетімділік шектелген тұста тұрғындар байланысқа шығу үшін Telegram арналарын қолданды. Себебі, ол толық шектелген жоқ, яғни онда ақпарат тарату үшін VPN және прокси серверлері пайдаланылды. Ғұл маңызды сәттерде ақпаратты таратудағы Telegram арналарының рөлі өсті. Осылайша, Қазақстанда Telegram арналары ақпараттың жылдам таралуына ықпал ететін бұқаралық коммуникацияның танымал арнасының біріне айналды [176].

Қақтығыс жағдайында, әсіресе, қоғам мұддесі үшін ақпаратты жылдам беру маңыздырақ бола түседі. Сондықтан, Telegram арналарындағы қақтығыстарды көрсету және бұл әлеуметтік желінің мұндай қақтығыстар туралы ақпаратты таратудағы рөлін қарастыру маңызды тақырыптың бірі.

2013 жылы Павел мен Николай Дуров жасап шығарған Telegram арнасы бірден пайдаланушы қауіпсіздігі мен құпиялышының ерекше көңіл бөлген. Құрылған күннен бастап Telegram әлемдегі ең танымал мессенджерлердің біріне айналды және 2024 жылға қарай оның ай сайынғы аудиториясы 900 миллион пайдаланушыға жеткен. Ал ТМД-ның алты ірі елінде мессенджердің аудиториясы 4,8 миллиард қолданушыдан асады.

Telegram 2013 жылы ресми іске қосылғаннан бері қолжетімді. Мессенджер ретінде пайда болған әлеуметтік желі мүмкіндіктерінің арқасында пайдаланушылар арасында тез танымал болып кетті. Қазақстанда оның хабарламаларды өздігінен жою мүмкіндігі бар. Түрлі елдердегі уақытша немесе ішінара бұғаттауларға қарамастан, Telegram жұмысын жалғастырып келеді.

2024 жылғы Ranking.kz мәліметі бойынша, Telegram арнасы Қазақстандағы қосымшаларды жүктеп алу бойынша бірінші орынға шықты. Ал kaz.tgstat.com сайтының мәліметі бойынша 2024 жылдың 27 сәуіріндегі жазылушылардың саны бойынша Қазақстандағы Telegram арналарының үздік үштігі мынандай болған:

1. Депутат Дәulet Мұқаевтың Telegram каналы (dauletten) - 347 031 жазылушки.

Блогер ретінде танылған және қазір депутат Дәulet Мұқаевтың арнасы. Онда көбіне соғы жаңалықтар, Қазақстанға қатысты маңызды деректер жарияланады.

2. Tengrinews ақпараттық агенттігінің Telegram арнасы. Қазақстандағы және дүниежүзіндегі оқиғаларды, жаңалықтарды, талдауларды ұсынады.

3. Элита Муз авторының Telegram каналы -222, 936 жазылушки.

Шығармашылықта байланысты авторлық арна.

Сонымен қатар, 2024 жылғы 27 сәуірде сілтеме беру, яғни тарапу саны бойынша қазақстандық Telegram арналарының үздік үштігіне мыналар кіреді:

1. Sputnik Қазақстан ақпарат агенттігінің Telegram арнасы – 49 734 жазылушки.

2. ORDA ақпараттық агенттігінің Telegram арнасы – 156 282 жазылушки.

3. True History ойын-сауық санатындағы Author's Telegram арнасы - 35 396 жазылушки [177].

Бұғінде әлеуметтік және мінез-құлыш бойынша ғылымдар қауымдастыры әлеуметтік желілерді және олардың әдіснамасын талдауга қызығушылық танытуда. Оған БАҚ-тағы қақтығыстар тақырыбын зерттейтін маңызды жарияланымдар дәлел бола алады. Вассерман мен Фауст бұл қызығушылықтың себебін медианың әлеуметтік субъектілер арасындағы қарым-қатынасын, сондай-ақ олардың зандаулықтары мен салдарын талдауга баса назар аударатынымен түсіндіріп көрсетеді [178].

Әлеуметтік медианың "Араб көктемі" сияқты қақтығыс оқиғаларында ақпаратты қалай тарататынын толық түсінуде осы желінің әсер ететін саяси ортаны қарастыруды қажет етеді [179]. Авторлар бұқаралық ақпарат құралдарының ұжымдық іс-әрекеттегі рөлін түсіну үшін қоршаған ортаның саяси ландшафтын ескеру қажет деп санайды. Олар жаңа медианы пайдаланудың айтарлықтай өсуі наразылық әрекеттерінің белсенді бола түсінің салдары болуы мүмкін деп санайды. Дегенмен Израиль-Палестина қақтығысы сияқты жағдайларда әлеуметтік медиа үгіт-насихат пен ақпараттық соғыстың негізгі құралдарына айналды. Анат Бен-Дэвид Израиль-Палестина қақтығысы аясында әлеуметтік медианы зерттей отырып, қақтығысқа байланысты интернеттегі үгіт-насихат науқандары БАҚ пайда болмай тұрғанға дейін басталған деген қорытындыға келді. Бұл компаниялар 2000 жылдардың басында шарықтау шегіне жетті және негізінен веб-сайттар мен іздеу жүйелері арқылы жұмыс істеді [180].

Алайда әлеуметтік медианың пайда болуы үгіт-насихат тактикасының өзгеруіне әкелді. Қақтығыстағы екі тарап: ұйымдар мен үкімет әлеуметтік медианы қоғамдық пікір қалыптастыру, бұқаралық ақпарат құралдарын жариялау және қарсыластарға шабуыл жасау үшін белсенді қолдана бастады. Қақтығыстар мен зорлық-зомбылықтың қүшеюі әлеуметтік медианың ақпараттық соғыстың стратегиялық құралы ретіндегі шешуші рөлін атап өтті [179, р. 741-743]. Сонымен қатар, әлеуметтік медиа реформаторлардан бастап авторитарлық режимдерге дейінгі әртүрлі саяси акторлар үшін платформа ретінде қызмет етеді. Осы ретте олардың коммерциялық сипаты мен қоғамдық салаға әсерін мойындау өте маңызды [181].

Дей тұрғанмен ақпаратты тарату үшін әлеуметтік медианы пайдаланудың жағымды әсеріне қарамастан, оның қақтығыстардың алдын алудағы және бейбітшілікті насихаттаудағы рөліне қатысты дилемма бар [182]. Медиа әлеуметтік қақтығыстар мен саяси аласапыран кезеңдерінде шешуші рөл атқарса да, ақпарат көзі мен контекстке қарай оны қабылдау айтарлықтай өзгеруі мүмкін [183]. Цифрлық технологиялар наразылықтар үшін қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ете алғынына қарамастан, олар азamatтарды көшеге шығуға итермелей алмайды немесе билікті құлата алмайды [184].

Дәстүрлі БАҚ-пен қатар жұмыс істейтін Telegram-ға келетін болсақ, авторлар оның басқа әлеуметтік желілерден артықшылықтарын атап көрсетеді. Telegram мессенджерінің функционалдығы маңызды рөл атқарады, әсіресе оның Telegram арналарынан хабарламаларды әдеттегі хабарламалар түрінде жіберу мүмкіндігі. Facebook сияқты әлеуметтік желілерден айырмашылығы, Telegram пайдаланушыларға жаңалықтар арнасын реттеуге мүмкіндік береді. Ал алгоритмдер хабарламаларды жасырмайды, оқылған жазбаларды көрсетпейді.

Әлеуметтік желінің тағы бір назар аудараптық ерекшелігі ашық жарнамалардың болмауы және файлдар мен сілтемелерді іздеумен коса, ыңғайлы іздеу жүйесінің болуы. Сарапшылар мен саяси коммуникация мамандары үшін бұл сөзсіз артықшылық береді [185].

Көптеген ғылыми зерттеу Telegram-ның әртүрлі қызметтерін және оларды күнделікті өмірде қалай пайдалануға болатынын зерттеді. Нобари және басқа ғалымдар Telegram-ды кейбір басқа әлеуметтік желілермен салыстырады [186]. Нәтижесінде вирустық хабарламаларды анықтау әдісін ұсынады және Telegram арналарындағы байланыс процесін көрсетеді. Чен Лу және басқалар пайдаланушыларға мобиЛЬДІ құрылғыларға немесе онлайн интерфейстер арқылы ақпарат алуға мүмкіндік беретін Telegram-ды хабар алmasу желісі ретінде оны пайдалану тәртібін зерттеді [187]. Telegram арналарын бір жақты байланыс платформасы ретінде қарастыруға болады. Telegram арналарының бірегей ерекшелігі, онда жазылушылар санына шектеу жоқ, әрі Telegram арна ашық және жеке болуы мүмкін [188].

Бастани және т.б. ғалымдардың пікірі бойынша Telegram арналарындағы дереккөздің сенімділігі көп адамның арнаға кіріп, жаңалық оқуына себеп болады, дегенмен жалған ақпарат таралатын сэттер де болады [189]. Ал Герасименканың зерттеуі Белоруссиядағы "Telegram төңкерісі" деген атаумен танылыш кеткен қақтығыстардың көп қырын қарастырады. Зерттеуде Белоруссиядағы наразылық қайта құруға, әртүрлі саяси факторларға, цифрлық коммуникация стратегияларына қалай әсер ететініне тереңірек үніледі. Зерттеу Белоруссиядағы наразылықтарға әсер еткен қозғалыстар, әлеуметтік-саяси факторлар және цифрлық коммуникация стратегияларына тереңірек үніледі. Автор наразылық қозғалысының артындағы қыындықтарды жан-жақты түсінуді қамтамасыз етуге тырысады, осы ретте ол Telegram-ды қолдану бұл әлеуметтік-саяси құбылыстың бір ғана аспекті болғанын атап өтеді [184].

#### *Талдау критерийлері:*

Бұл зерттеуде көтерілетін негізгі мәселе Telegram арналарының Қазақстандағы этносаралық ортадағы қақтығыстарды көрсетуде қолданатын әдістері мен тәсілдеріне тоқталу. Зерттеу арналардағы контенттің стилі мен реңкінде қандай ерекшеліктер бар және қақтығысты бағалауда олардың қаншалықты еркін ақпарат тарата алатынын, объективтілігін бағалауға үмтүлады.

Қазақстандық Telegram арналарындағы қақтығыстар туралы жаңалықтарды талдау, осылайша олардың ел ішіндегі қоғамдық ойдың қалыптасуына қалай әсер ететінін анықтау зерттеудің мақсаты болды.

Бұл зерттеудің маңыздылығы цифрлық медианың, әсіресе Telegram арналарының Қазақстандағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстарды көрсетудегі рөлінің артуымен көрініс табады. Қазақстанда ұлттар саны көбейген тұста әрі ақпарат тұтыну тәртібі мен әдеті өзгеріп жатқан заманда қақтығыс сияқты маңызды тақырыптың әлеуметтік желіде қалай талқыланатынын, қалай жарияланса ішкі тұрақтылыққа зиян келтірмейтінін түсіну бүгінгі күн тәртібіндегі негізі мәселеге айналған. Нәтижесінде қазақстандық Telegram-арналар арқылы қақтығыс жағдайлардың жазылуы әртүрлі тәсілдер арқылы көрініс табатыны анықталды. Атап айтқанда, өзін тәуелсіз басылым ретінде көрсететін ORDA қақтығыстардың барлық аспектілерін қамтуға тырысады, ал мемлекеттік медиа арналар мұндай тақырыптарды елемейді және оның орнына

курделі қақтығыс сценарийлері жағдайында да осы ситуациялардың жағымды жақтарына көбірек тоқталады.

Қақтығыстардың негізгі тақырыптарына теңсіздік, кемсітушілік, адам құқықтарының бұзылуы, саяси және экономикалық аспектілер жатады. Сонымен қатар, Telegram арналары ақпаратты жан-жақты және толыққанды етіп беру үшін мәтін түріндегі, фотосуреттер және видео түрінде әртүрлі контент форматын қолданады.

Зерттеу объектісі – ORDA және Kazinform Telegram арналарында жарияланған контент (жаңалықтар).

*ORDA*: Қазақстандық ORDA.kz ақпараттық агенттіктің Telegram арнасы.

2020 жылдың құрылған ол өзін жаңа тәуелсіз ақпарат агенттігі ретінде таныстырады. БАҚ-тың Telegram арнасы 2020 жылдың 7 қыркүйегінен бастап жұмыс істейді.

*Kazinform*: Мемлекеттік ақпараттық агенттігі Kazinform-ның тарихы 1920 жылдың 1 қарашасынан басталды. Оның Telegram арнасы 2017 жылдың 6 қыркүйегінен бастап белсенді түрде қызмет етеді.

Зерттеу әдістемесіне тоқталсақ, мақалада тақырыптық талдау және кейс стади талдаумен қатар екі Telegram арнаға салыстырмалы талдау жүргізілді. Тәуелсіз және мемлекеттік арналарды талдау арқылы қақтығыстардың БАҚ-та жариялану тәсілдерін объективті түрде анықтай аламыз.

Зерттеу сапалы және сандық талдауды қолдана отырып, екі Telegram арнадағы қақтығыстарды жариялаудың негізгі тенденциялары мен тәсілдерін анықтайды.

Жаңалықтардағы мәтіндеріндегі нақты мысалдарға жүргізілген тақырыптық талдаулар қақтығыс туралы ақпаратты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Хабарламаларды тақырыптық талдау екі арнада да талқыланатын басым тақырыптарды анықтауға ықпал етеді және оларды қамтудың ерекшеліктерін анықтайды. Мұндай кешендең тәсіл әртүрлі БАҚ қақтығыстар тақырыбын қалай көтеру керектігін түсінуге мүмкіндік береді және тәуелсіз, мемлекеттік ақпарат көздері арасындағы қолданылатын тәсілдердегі айырмашылықтарды анықтауға көмектеседі.

Telegram арналары мен олардың контентін келесі критерийлер бойынша бағалады:

- мазмұн сапасы мен түрі;
- ақпаратты жеткізу әдістері;
- хабарламаның реңкі мен эмоционалды көрінісі (он, теріс, бейтарап);
- объективтілік пен бейтараптық деңгейі;
- ақпарат көздері.

ORDA.kz сайтының Telegram арнасының 2024 жылғы 25 наурыздағы жағдай бойынша 146 224 жазылушы бар.

"Тәртіпсіздік" тәгі арқылы 735 жазба табылды, оның 198-і Қазақстанмен байланысты. "Қақтығыс" тәгі бойынша 994 жазба табылды, оның 209-ы Қазақстан туралы. Сонымен қатар, "наразылықтар" тегімен 970 жазба анықталды, оның 225-і Қазақстандағы наразылықтармен байланысты. Арнадағы

контент форматтарына негізінен орыс тіліндегі мәтін, фотосуреттер, бейнелер және жеке аудио жазбалар кіреді.

*Тон және эмоционалдылық:*

Бұл арна ақпаратты жеткізуде бейтараптықты сақтайды. Хабарламалар қысқа әрі нақты, көбінесе толығырақ ақпарат алу үшін веб-сайттарға сілтемелер беріледі. Аудиторияны тарту әмдзилер мен смайлдар көмегімен жүзеге асырылады, пікір қалдыру бөлімі арна әкімшісінің қалауы бойынша ашық не жабық болады. Жалпы материалдар бейтараптықта ұмтылғанымен, авторлар оқиғаларға қатысты өз пікірі мен көзқарасын білдіре алады. Мысалы, 2022 жылғы 5 қантардағы "бейбіт наразылық немесе мемлекеттік төңкеріс әрекеті: Қазақстандық саясаттанушы Қантар туралы қандай қорытынды жасады" деген жазбада автор Марат Шибутовтың баяндамасына сілтеме жасалып, оның Қазақстандағы оқиғаларды түсіну маңыздылығын атап өтті.

"4 қантарда белгілі саясаттанушы Марат Шибутов 2022 жылғы қантардағы оқиғаларға арналған 67 беттік баяндамасын ұсынды. "Алматы трагедиясы" атауына қарамастан, Шибутов оңтүстік астана туралы ғана жазбады. Жалпы, оның жұмысын Қазақстанда сол күндері не болғанын кешенді түрде түсінудің алғашқы әрекеті деп санауга болады", - деп жазылған жазбада.

Бұл ақпаратта әртүрлі ақпарат көздері, соның ішінде мемлекеттік ұйымдар, халықаралық және отандық бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ сыртқы сарапшылардың пікірлері қолданылады. Жалпы арнадағы айдарларды "Апталық шолу", "қысқаша есеп" және "сарапшының пікірі" сияқты категорияларды ажыратуға болады. Бұдан басқа, арна Украина дағы соғыс, Орталық Азиядағы суға қатысты дау және Израиль-Палестина қақтығысы сияқты жанжалды жағдайларды және олардың Қазақстанға әсерін талдауға талпыныс жасайды. Әдетте мұнданай ақпарат қысқа, түсінікті тілде, қабылдауға оңай болатындей жеңіл тілде жазылады.

*Қақтығыстарды қамту: тақырыптық контентті талдау*

*Әлеуметтік қақтығыстар:*

АИТВ-мен (Адамның иммун тапшылығының вирусы) ауыратын адамдарды кемсіту және басқа да әлеуметтік мәселелер.

Мысал: ардагерлер үйінің жаңа директоры АИТВ-ға қатысты кемсітушілікке қатысты өз ұстанымын білдіреді.

*Экономикалық қақтығыстар:*

Жеке және мемлекеттік колледждердегі оқытушылардың жалақысының айырмашылығы.

Мысал: жеке колледж оқытушылары Ғылым және жоғарғы білім министрлігін еңбекақы төлеуде кемсітушілікке, теңсіздікке жол берді деп айыптаиды.

*Қалалық инфрақұрылым және жоспарлау:*

Алматыдағы коттедж қалашығын бұзу және тұрғындардың қарсылығы.

Мысал: Алатау ауданындағы коттедж қалашығын жоспарлы бұзу тұрғындардың наразылығын тудырды.

*Саяси қақтығыстар мен наразылықтар:*

**Қантар оқиғасының БАҚ-та жазылуы**

Мысал: ORDA.kz тілшісі елдегі болып жатқан жағдай мен оқиға орнынан хабар таратады.

**Журналистердің құқықтарын шектеу:**

Журналистерді тұтқындау және қақтығыстар туралы хабар таратуға шектеу қою. Мысал: ORDA.kz журналисі "Алматы Арена" маңындағы митинг кезінде ұсталды.

Әрбір тақырып Қазақстандағы қоғамдық өмір мен азаматтық қатынастарға әсер ететін әлеуметтік, экономикалық және саяси қақтығыстардың әртүрлі аспектілерін көрсетеді.

**Әлеуметтік қақтығыстар:**

"Мен бұған жол бермеймін" деген жазбада "Шаңырақ" ардагерлер үйінің жаңа директоры АИТВ-мен ауыратын адамдарға қатысты кемсітушілік туралы мәселемен жүгінеді. Материал АИТВ-мен ауыратын тұрғынның кемсітуге, дискриминацияға душар болғанын көрсетеді және әлеуметтік мәселелерге мән береді. "Шаңырақ" Ардагерлер үйінің жаңа директоры Зафар Аппазов мекемедегі АИТВ-мен ауыратын адамдардың жағдайына қатысты пікірімен бөліседі. ORDA.kz тілшісі жаңадан тағайындалған директор Зафар Аппазовпен сұхбаттасып, АИТВ-мен ауыратын адамдарға қалай қарайтыны және үйден шығарылу қаупі бар тұрғынды пәтермен қамтамасыз ету мәселесін қалай шешуге болатынын білді.

Сонымен қатар, ORDA.kz мүгедектігі бар және АИТВ-мен өмір сүретін Андрей Смолярдың бұрынғы ардагерлер үйінің әкімшілігімен қақтығысын жарыққа шығару үшін редакцияға жүгінген туралы айтып берді", деп жазылды жазбада.

**Экономикалық қақтығыстар:**

Тақырыптық талдауға еңбекақы төлеудегі кемсітушілік, теңсіздік мәселелері де енді. Мәселен, мемлекеттік колледждердегі және жеке колледж оқытушылары арасындағы еңбекақы төлеудегі кемсітушілік жағдайларын қарастырып көрдік. Арна "жекеменшік колледж мұғалімдері білім министрлігін айыптауды" деген жазбада еңбекақы төлемеуге қатысты айыптауларды қарастырып, былай деп жазба жазады:

"Мемлекеттік тапсырысты орындастын жеке колледж оқытушылары Білім министрлігінің еңбекақы төлеудегі кемсітушілігіне алаңдаушылық білдірді: олардың жалақысы мемлекеттік колледждердегі әріптестеріне қарағанда 75%-ға төмен. 2023 жылдың қантарына жоспарланған бюджет қызметкерлері жалақысының 25% өсуі теңсіздікті қүшетеді".

Сондай-ақ, Алматы тұрғындары мен қала әкімшілігі арасындағы дау сияқты экономикалық қақтығыстар анықталды:

"Алатау ауданындағы университет қалашығының жартысынан көбін қаланың әзірге бекітілмеген бас жоспары негізінде бұзу жоспарлануда. Әкім "Мәдениет" шағын ауданы техникалық талаптарға сай емес деп мәлімдейді. Тұрғындар өз қорқыныштарымен әкім Ерболат Досаевқа жүгінді, нәтижесінде бас жоспар қайта қаралатын болды. Олар 2014 жылғы Бас жоспарға және 2019

жылғы егжей-тегжейлі құрылышы жоспарына (ЕҚЖ) сәйкес жеке түрғын үй құрылышы мақсатында жер участекерін сатып алды. Алайда 2022 жылдың басында қала құрылышы және сәулет бөлімі үйлерінің үстіне қызыл сзықтар, жолдар мен коммерциялық ғимараттар салып, оларды елемей, жаңа жоспар енгізді. Зардал шеккендер мұны кемсітушілік ретінде қабылдайды. Жазылған арыздарға қарамастан, олардың өтініштері жауапсыз қалған", - делінген жазбада.

*Саяси қақтығыстар мен наразылықтар:*

Telegram арнасында Қантар оқиғасы кезінде нақты уақыт режимінде оқиға орнынан ақпарат таратылған. Онда жағдай туралы толық ақпарат беріле отырып, болып жатқан оқиғалар мен ұсталулар туралы мәлімет жаңарып отырады.

Арна, әсіресе, Қантар оқиғасы кезінде саяси қақтығыстар мен наразылықтар туралы ақпаратты толыққанды қамтыды. Мәселен, "Алматы қаласы Достық даңғылы мен Сәтбаев көшесінің қиылышында жарылыстар естілді" деген жазбада басылым ORDA.kz қиылыштан шыққан түтін туралы мәлімдейді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері жарық-шу гранаталарын қолданғанын көрсетті. Сонымен қатар, жақын жерде орналасқан қалалық әкімшілік ғимаратын СОБР жауынгерлері қоршап алды".

Шиеленістің қүшөю белгілері 3 қантарда сағат 13:46-да пайда болды. Хабарламада Алматыда мобильді байланыс өшкені, алаңың блокадасы туралы айттылды. Сонымен қатар, Маңғыстау облысынан қала әкімшілігі ғимаратының кенеттен қоршауға алынғаны туралы хабарламалары жарияланды. Ұсталғанына қарамастан, журналистер болып жатқан оқиғалар туралы егжей-тегжейлі есеп беруді жалғастырды. Журналистер арасында ақпараттың тез таралуы жаңартуларды тиісті арналарда жариялауға ықпал етті.

*Журналистердің құқықтарын шектеу:*

Журналистердің құқықтарын бұзу, оның ішінде оларды ұсташа және жауап алу жағдайлары да хабарламалар арасында кездесті. Редакция биліктен жауапкершілік алуды талап етеді және журналистердің еркіндігіне қойылатын шектеулерді атап көрсетеді.

"Ұсталған журналист Бек Байтаспен байланыс орнатылды. Бек Байтас 20 сағаттай өзін ұстаганы туралы бейнежазба жүргізді, оның барысында баспасөз куәлігін ұсынғанына қарамастан, оны күштеп ұстап алып, полиция фургонына орналастырды", - деп хабарлайды басылым.

Кейде мұнданың журналистерді ұсташа шараларын тиісті органдар мойындайды. Мысалы, "Алматы полициясы ORDA.kz журналисі Бек Байтасың "Алматы Арена" маңындағы митинг кезінде ұсталғанын растанады. Содан бері ол босатылып, Алмалы АПБ-де болғанына қарамастан, онымен байланысу әлі де мүмкін болмай түр, өйткені ол қонырауларға жауап бермейді", - делінген жазбада.

Бұл модель журналистердің қақтығыстарға қатысты хабар тарату кезінде үнемі қайталанатын мәселелерін көрсетеді. Кейбір жаңалықтар жаңартулары шүғыл деп белгіленді және өзгеріп жатқан статистика мен жағдайларды көрсету үшін жасалады. Арна қақтығыстардың қалай жазылатынын жан-жақты

көрсетеді, әртүрлі перспективаларды және оқиғаның дамуы мен өзгерісіне қатысты уақтылы ақпарат ұсынады.

### *Kazinform ақпарат агенттігінің Telegram арнасы*

1920 жылы пайда болған "Kazinform" мемлекеттік агенттігі 2002 жылдан бері "Kazinform" ҰК АҚ-ға айналған. Оның 2017 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Telegram арнасы жаңалықтарды тарату алаңы ретінде қызмет етеді.

2024 жылдың 25 наурызындағы жағдай бойынша арнаның 16 385 жазылушысы бар. "Қақтығыс" тәгі бойынша 226 жазба, ал "тәртіпсіздіктер" – 184 жазба табылды, оның 26-сы Қазақстанмен байланысты. "Наразылықтар" тәгімен 84 жазба, оның 14-і Қазақстандағы наразылықтар. Контент форматтарына негізінен орыс тіліндегі мәтін, фотосуреттер мен бейнелер кіреді.

*Тон және эмоционалдылық:* бейтарап, позитивті.

Айдарлар: әлемдік оқиғалар, эксклюзив, тұнгі шолу, күнделікті Kazinform жауаптары, сандар, пікір.

Арнадағы ақпарат қысқаша, көбінесе толық ақпарат алу үшін веб-сайттарға сілтемелермен беріледі. Аудиторияның пікірлері минималды, авторлар негізінен үкіметтің қызметіне бағытталған. Олар жеке пікір білдіруден бас тартады.

*Қақтығыс тақырыбын қалай жазады: тақырыптық талдау*

*Қақтығыс тақырыбын жалпы қамту:*

Арна қақтығыс жағдайларын толық қамтуға қызығушылық танытпайды деуге болады, көбінесе жаңалықтарды сипаттама түрінде ұсынады және ресми дереккөздерге сүйенеді. Тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары әдетте әртүрлі көзқарастарды ұсынады және оқырмандардың қатысуына ықпал етеді, әрі қақтығыс оқиғаларын аудитория жедел хабарлауға тырысады. Ал бұл басылымның позициясы керісінше екені байқалды.

*Қаңтар оқиғасын қарастыруы*

Қаңтар оқиғалары кезінде жаңалықтар хабарламалары негізінен жағымды болды және толық ақпаратты қамтымады. Кейбір жаңалықтар үкіметтің не істегені жайлы есеп ретінде ұсынылған, бұл жаңалықтарды бейтарап жазуға жатпайтындықтан, объективті қабылдауға кері әсер етеді.

Қаңтар кезінде жарияланған арнадағы жаңалықтардың қысқаша мазмұны көбінесе жағымды реңкке ие болды және кейде болып жатқан жағдай туралы толық ақпарат берілмеді.

Бір қызығы, қақтығыс жағдайларына қарамастан, жаңалықтар әдетте позитивті реңкті сактайды. Мысалы, 2022 жылғы жазбада арна қысқаша шолу жасайды:

"Өңірдегі жағдай туралы ақпарат: Алматыда терроризмге қарсы операция жүргізілуде, түрғындарды үйде болуға шақырады. Жамбыл облысы мен Петропавлдан соңғы жаңалықтар. Қостанайда қоғамдық тәртіп қалпына келтірілді. Ақтау алаңындағы жиналышп җатқан адамдар тарап жатыр", - дейді арна тілшілері.

Алайда бұл есеп түріндегі жаңалықтар көбінесе мемлекеттік органдардың немесе мемлекеттік БАҚ ақпаратына сүйенеді, демек бұл оқиғаларға біржакты көзқарас тудыруы мүмкін.

Мысалы, мына жазбада:

«Сұйытылған газды көтерме сатумен айналысатын алты компанияға қатысты тергеу басталды», - деп хабарлайды арна.

Хабар24 телеарнасына сілтеме жасалған мәтінде нарықта жұмыс істейтін компаниялар арасындағы баға келісімі бойынша айыптаулар талқыланады.

“Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі алдын ала қорытындыны 20 күн ішінде жариялады деп күтілуде. Егер кінәсі дәлелденсе, «Қазмұнайгаз», «Петросун», «Ақтөбемұнайгаз», «Қазгермұнай», «Қазақойл Ақтөбе» және «ҚазГОЗ» сияқты компанияларға ірі көлемде айыппұл салынуы мүмкін. Хабар24 мемлекеттік телеарнасына сілтеме ресми ақпарат көздеріне ғана сенім білдіретінін көрсетеді.

#### *Шетелдегі қақтығыс мәселелерін қарастыруы*

Әлемнің түкпір-түкпіріндегі тілшілері бар халықаралық басылым ретінде танылған Kazinfrom жариялаған жаңалықтарында негізінен оқиғаларды сипаттайтының немесе ресми дереккөздерге сілтеме жасайды. Кейбір репортаждар журналистік принциптерге сәйкес келмеуі мүмкін. Мысалы, жаңалық форматына сай келмейтін үкімет жолдауын толықтай өзгеріссіз бере салу және т.б.

Дағдарыс сәттерінің өзінде «Kazinfrom» ақпарат агенттігі жағымды оқиғаларға басымдық танытып, жағымды аспектілерді немесе жақсы жаңалықтарды атап өттеге бейім.

Мысалы, Астанада (бұрынғы Нұр-Сұлтанда) өткен кездесу туралы 2022 жылғы 6 қаңтардағы есептен келесі үзіндіні қарастырайық:

"2022 жылғы 6 қаңтарда Нұр-Сұлтан қаласында терроризмге қарсы құрес жөніндегі республикалық жедел штабтың (бұдан әрі – РЖШ) отырысы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы генерал-майор Э.Сағымбаевтың кешенді отырысы өтті. Билік жағдайды тұрақтандыру және террористік қауіпті жою бойынша жедел шаралар қабылдады. Барлық азаматтарды осы шектеу шараларының қажеттілігін түсінуге және мемлекеттік және құқық қорғау органдарының нұсқауларын қатаң сақтауға шақырамыз".

Мысалы, маңызды позитивті элементтерге баса назар аударатын келесі үзіндіге назар аударайық:

"Жаппай тәртіпсіздіктер кезінде Алматыда Орталық мұражайға шабуыл жасалды. Бастапқыда ғимаратқа 6-7 адам кіріп, кейіннен олардың саны 200-ге дейін өсті. Дүрбелеңге қарамастан, мұражай басшылығы мен қызметкерлері ғимаратты сәтті қорғады. Олар шабуылдаушылардан құнды артефактілерді бұлдірмейуін өтінді және оларды тыныштандыруға тырысты. Енді мұражай бірнеше күн бойы қорғалады" - деп жазылды арнада.

Қантарда наразылық акциялары өткен қалалардағы қақтығыс жағдайлары кезінде басылымның өз тілшілерін оқиға туралы ештеңе жазбады.

Барлық жаңалықтар бірдей форматта болғанын атап өту керек. Әдетте мұндай мәтін оқиғаларды сипаттайтын немесе мемлекеттік органдардың ресми мәлімдемелеріне негізделген. Бұл формат дәстүрлі жаңалықтар мақалаларына қарағанда есептерге көбірек ұқсайды. Мысалы, жазбалардың бірінде ұйымдастырылған қылмыстық топ мүшелерін ұстау кезеңдері егжей-тегжейлі сипатталған. Көптеген жаңалық ұқсас келеді, олар көпшілікке ақпарат берудің орнына мемлекеттік органдардың жұмысын сипаттайтын.

"Қазақстан ПМ" Дикий Арман" ҚҰТ мүшелерін ұстау бойынша үш арнайы операция жүргізді. Бастапқы кезең Жұмагелиевтің "оң қолы" деп аталатын "Ноиз" бастаған негізгі қылмыстық элементті бейтараптандыруға бағытталған. 19 сәуірде ОПГ-ның 12 қатысуышы ұсталды. Кейіннен екінші кезең барысында "КАРАС" бақылайтын қаржыландыру арнасы таратылды... 12 шілдеде арнайы операцияның үшінші кезеңі аяқталды", - деп хабарлайды басылым.

Тағы бір назар аударарлық маңызды жайт, Kazinform ресми түрде халықаралық БАҚ ретінде таныстырылады және оның әртүрлі елде жеке тілшілері бар. Арнайы тілшілер сондағы жаңалықтарды оқиға орнына арайы барып хабар таратады. Мысалы:

"Олар Францияның имиджіне көлеңке түсіреді: тұрғындар елдегі тәртіпсіздіктерді қалай қабылдайды. Біздің тілшіміз өткен аптадағы тәртіпсіздіктердің "эпицентрі" Нантерге барды. Қазіргі уақытта көшелерде өртеніп кеткен көліктер, дәмханалар, жергілікті жастар орталығы көрінеді», - деп хабарлайды Франциядағы басылым тілшісі.

Дегенмен басылым тілшілері өз еліндегі қақтығыс жағдайынан хабар таратуға жеткіліксіз қызығушылық танытып отырғанын атап өткен жөн. Сараптама барысында қантарда наразылық шерулері болған қалалардағы қақтығыстар кезінде басылым тілшісінің оқиға орнынан жазған хабарламалары табылмады. Бұл қалаларға Алматы, Шымкент, Ақтау, Жаңаөзен, Семей, Орал, Талдықорған және т.б. жатады.

Талдау көрсеткендегі, қазақстандық Telegram-арналар түрлі мәселелерге жан-жақты көзқарас ұсына отырып, қақтығыстарды белсенді түрде жариялады. Telegram арқылы ақпаратты жылдам тарату оқиғаларға уақтылы баға беруге мүмкіндік береді. Осы ретте бұл пайдаланушылардың нақты уақыт режимінде ақпарат алудың қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, арналар желі қолданушыларының осы қақтығыстар туралы түсінігін байыта отыра, әртүрлі пікірлер мен аналитикалық ақпаратты жиі ұсынатынын көреміз. Қақтығыстардың негізгі тақырыптарына: теңсіздік, кемсітүшілік, адам құқықтарының бұзылуы және саяси және экономикалық аспектілер жатады. Ал мәтін, фотосуреттер және бейне сияқты әртүрлі контент форматтары ақпаратты тиімді жеткізуға әсер еткен.

Мемлекеттік БАҚ-та қақтығыс тақырыбы қалай жарияланатынын бағалай келе, мұндай форматта хабар тарату ақпарат беруде әртүрлі көзқарастың туындауына шектеу болатынын көрсетеді. Тәуелсіз БАҚ өзіне жаңа аудитория мен жарнама берушілерді тарту үшін көптеген көзқарасты ұсынуға тырысады, оқылымын көбейтуді қалайды, ал мемлекеттік БАҚ бюджеттік

қаржыландырумен әрі шектелген редакциялық саясатқа байланысты, ресми дереккөздерге сүйеніп, оқиғаны толыққанды зерттеп, аналитика жасай алмайды. Сондай-ақ тәуелсіз арнаның мемлекеттік арнадан таралым, оқылым саны бойынша да, алда тұрғанын байқауға болады. Kaz.tgstat.com деректері бойынша, ORDA Telegram арнасын 30 мыңдан аса адамды қамтыған. Сілтеме беру индексі бойынша да, ол алдыда келеді.

Демек ресми дереккөздерге сүйенген мемлекеттік БАҚ әртүрлі пікірлер мен аналитикалық қозқарастарды елемеуі мүмкін, бұл ақпарат сапасына қауіп төндіреді және сини тұрғыдан ойлау мүмкіндіктерін шектейді.

Осылайша, мемлекеттік БАҚ-та қақтығыс жағдайларды жариялау кезінде объективтілік пен әртүрлілікке басымдық беру өте маңызды. Бұл тәсіл медиа сауаттылықты арттырады және қоғамдағы құрделі әлеуметтік құбылыстарды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

## Кесте 2 - Таңдалған Telegram арналардың статистикасы

Атауы	Таралымы	Сілтеме беру индексі
ORDA	31.3 мың	943
Kazinform	1.9 мың	183
Ескерту - Автор құрастырган		

2-кестеде Қазақстандық Telegram-арналардағы қақтығыстарды жариялауды талдау этносаралық ортада қоғамдық пікір мен коммуникацияны қалыптастырударғы әлеуметтік желілердің маңыздылығын көрсетеді. Әлеуметтік медианы тиімді пайдалану диалогқа, шиеленісті азайтуға және қақтығыстарды шешүге ықпал етуі мүмкін. Қақтығыс жағдайларын жазу тәсілдерін түсіну этносаралық келісімді жақсарту жөніндегі стратегияларды әзірлеуге және Қазақстандағы ұзақ мерзімді тұрақтылыққа ықпал етуге көмектеседі.

Зерттеуде Telegram арналарының бұқаралық коммуникациядағы рөлі және олардың Қазақстандағы қақтығыс тақырыптарын көтерудегі әсері атап өтілді. Талдау тәуелсіз, мемлекеттік арналардың бұл тақырыпты талдаударғы ерекшелігін көрсетті. Сондай-ақ Telegram-ның ақпаратты жылдам таратудың танымал құралына, әсіресе қоғамның қақтығыстарға қызығушылығы артқан кезеңде айналғанын дәлелдейді. Басқа елдердегі мерзімді шектеулерге қарамастан, Telegram Қазақстанда ықпалды әлеуметтік желі болып қала береді.

ORDA және Kazinform сияқты арналарды зерттеу мына деректерді анықтады: тәуелсіз арналар қақтығыс тақырыбын жан-жақты қамтуға тырысады, ал мемлекеттік арналар көбінесе жағымды тұстарға баса назар аударады және даулы тақырыптардан аулақ жүреді.

Зерттеу нәтижелері Telegram Қазақстандағы қақтығыстар туралы ақпаратты таратуда маңызды рөл атқаратынын анықтады. Өйткені бұл әлеуметтік құрал мен арналар қақтығыстарды жылдам қамтуға және түсініктеме беруге мүмкіндік береді, осылайша халықтың осы тақырып аясында кеңінен хабардар болуына ықпал етеді. Дегенмен ақпараттың жылдам таралуы жалған ақпараттың көбеюйіне немесе шиеленісті одан әрі күштейтуге әкелетін

тексерілмеген немесе біржақты ақпараттың пайда болу қаупін тудыратынын атап өткен жөн.

### **3-бөлім бойынша тұжырым**

БАҚ-та, халықаралық ақпараттық агенттіктерде және әлеуметтік желілерде ұсынылған медиа дискурсты талдау қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстар мәселесін көтерудің және оны аудитория қабылдауының негізгі ерекшеліктерін ашып берді. Үш аспектіні зерттеу – Azattyq.org басылымына контент-талдау, қазақстандық, ресейлік және британдық ақпарат агенттіктеріндегі Қаңтардағы оқиғаларды көрсетудің фреймдік талдауы, сондай-ақ Telegram арналарын талдау бойынша мынадай тұжырым жасауға негіз болып отыр: Azattyq.org материалдарының контент-талдауы қазақстандық БАҚ-тағы әлеуметтік қақтығыстарды жариялау көбінесе мемлекеттік саясатты, әлеуметтік әділетсіздікті және экономикалық теңсіздікті сынауға бағытталғанын көрсетті.

Бұл материалдарда көбінесе эмоционалды реңк басым болып келеді және толықанды журналистік репортаждар форматының жиі қолданылатынын көрсетеді. 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалардың фреймдік талдауы қазақстандық, ресейлік және британдық ақпарат агенттіктеріндегі қақтығысты түсіндіруде айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары қақтығыстың себептеріне, ішкі қоғамдық-саяси проблемаларға және ел үшін зардалтарға назар аударды. Ал ресейлік ақпарат агенттіктері жағдайды тұрақсыздандыратын сыртқы қауіп-қатерлерге назар аударса, британдық басылымдар адам құқықтары, репрессиялар мен авторитаризм рөліне және елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға назар аударды. Бұл айырмашылықтар қақтығыстар туралы хабарлауға ұлттық контекст пен саяси мұдделердің әсерін көрсетеді.

Сондай-ақ, Telegram арналары әлеуметтік қақтығыстар жайлы ақпараттың маңызды көзіне айналуда. Платформа жаңалықтар мен балама пікірлерді жылдам таратуға арналған алаң ұсынады. Telegram авторлардың анонимділігі және дәстүрлі БАҚ-та сирек жарияланатын өткір мәселелерді жылдам жариялау мүмкіндігі қоғамдық пікірге ықпалын күштейтеді. Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстарға қатысты медиа-дискурс жергілікті, халықаралық және әлеуметтік медиа интерпретацияларын қоса алғанда көп деңгейлі сипатқа ие. Қазақстан үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің қоғамдық пікірге ықпалын ескеретін, жалған ақпарат тарату қаупін барынша азайтатын және қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайта алатын жаңа ақпараттық саясатты әзірлеу маңызды. 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы қақтығыстарды басқару тәсілдерін жаңғырту қажеттілігін көрсетті

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл диссертация мемлекеттік бақылау және редакциялық талаптар жағдайында Қазақстандағы журналистердің қақтығыстарды жариялау ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақстандық БАҚ этносаралық ортадағы қақтығыс оқиғалары туралы ақапарат таратуда кездесетін қындықтарды қалай еңсеретіні және журналистердің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде қандай қындықтарға тап болатынын жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу сұрақтарына төмендегідей жауап алынды.

*1-зерттеу сұрағы – Қазақстандық БАҚ этносаралық ортадағы қақтығыс тақырыбын қалай көтереді?*

Әрбір қазақстандық БАҚ-тың өз редакциялық талаптары, стандарттары болады. Бірақ барлығы бірдей БАҚ туралы зан, этикалық кодексті ұстануға тырысады. Авторитарлық бақылау аясында жұмыс істейтін журналистер мемлекеттік стандарттарға сай болу және құғынға ұшырамау үшін өзіне-өзі цензура жасауға мәжбүр. Бұл көптеген көзқарасты ұсыну мүмкіндігін азайтады және қақтығысқа бір жақты қарауға әкелуі мүмкін.

*2-зерттеу сұрағы – Қазақстандық және шетелдік БАҚ қазақстандық қақтығыс туралы қалай хабар таратады?*

Ғылыми еңбекте келтірілген фрейм зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, Ресейлік БАҚ, әсіресе РИА Новости мен Gazeta.ru Қазақстандағы толқулар туралы материалдарды қазақстандық және британдық БАҚ-пен салыстырғанда әлдеқайда көп жариялады. Бұл ресейлік аудиторияға Қазақстанға қатысты ақпаратқа қызығушылықтың басым екенін, демек стратегиялық маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, BBC және Reuters сияқты британдық БАҚ оқиғаларды талдауға көбірек назар аударды, бұл олардың тақырыптарды көтерудегі сынни көзқарасын көрсетеді.

*3-зерттеу сұрағы – Қазақ тілді және орыс тілді БАҚ-тағы хабар таратуда айырмашылық бар ма?*

Қазақстанда бірқатар БАҚ екі тілде хабар таратады. Алайда қазақ және орыс тілінде жазылатын ақпаратта ерекшеліктер бар екенін атап өткен жөн. Бұл Azattyq.org порталының екі нұсқасы мысалында көрсетіледі. Мұнда аудиторияның екі түрлі екенін және тілге байланысты журналистер ақпаратты ұсынуда екі түрлі формат ұсынатыны айқындалады. Бұл да ұлттық медиа кеңістікте лингвистикалық және мәдени компоненттің маңыздылығын көрсетеді.

*4-зерттеу сұрағы – Қазақтығыс туралы ақпарат таратуда әлеуметтік желінің рөлі қандай?*

Аудитория онлайн форматқа ыңғайлана бастағалы бері әлеуметтік желіні ақпарат тұтыну алаңы ретінде қарастыра бастады. Соның ішінде Telegram арналары ақпаратты тасымалдау жылдамдығының арқасында аудиторияға бірден жетеді. Telegram арналары цензурадан әлдеқайда азат, демек бұл мұндағы контентті жылдам таратуға, түрлі көзқарас тудыратындай тұтынуға мүмкіндік

береді. Сонымен бірге Telegram арналар сапалы контентті қамтамасыз етіп қана қоймай, қолданушылар туралы ақпараттың құпия болуын қамтамасыз етеді. Осы себепті желі қолданушылары тарапынан қатты бағаланады. ORDA және Kazinform сияқты арналарды зерттеу мына деректерді анықтады: тәуелсіз арналар қақтығыс тақырыбын жан-жақты қамтуға тырысады, ал мемлекеттік арналар көбінесе жағымды тұстарға баса назар аударады және даулы тақырыптардан аулақ жүреді. Зерттеу нәтижелері Telegram Қазақстандағы қақтығыстар туралы ақпаратты таратуда маңызды рөл атқаратынын анықтады. Өйткені бұл әлеуметтік құрал мен арналар қақтығыстарды жылдам қамтуға және түсініктеме беруге мүмкіндік береді, осылайша халықтың осы тақырып аясында кеңінен хабардар болуына ықпал етеді. Дегенмен ақпараттың жылдам таралуы жалған ақпараттың көбеюіне немесе қақтығысты одан әрі қүшейтүге әкелетін тексерілмеген немесе біржақты ақпараттың пайды болу қаупін тудыратынын атап еткен жөн.

*5-зерттеу сұрағы – Қазақстандық журналистер этносаралық ортадагы қақтығыстар жайлы хабар таратқанда қандай кедергілермен, кәсіби-этикалық сұрақтармен бетпе-бет келеді?*

Журналистерді мазалайтын этикалық мәселелер өте көп. Басты мәселенің бірі журналистикағы бейтараптық принципін ұстанудағы қындықтар. Одан бөлек, кемсітушілікке бой алдырмау, араздыққа әкелетін сөздер мен тіркестерді қолдану турасында этикалық диллемалар туындауы мүмкін.

Қазақ журналистері қақтығыстарды, әсіресе этносаралық және әлеуметтік алауыздық бағытында хабар тарату кезінде бірқатар этикалық проблемамен бетпе-бет келеді.

Бейтараптық. Журналистиканың басты міндеттерінің бірі – бейтараптық принципін сақтау. Қақтығыс жағдайында журналистер екі тараптан да қысым сезінуі мүмкін, бұл объективті ақпарат беруді қынданатады. Этникалық, әлеуметтік немесе саяси топтарға қатысты жағдайлар туралы хабарлау кезінде бейтараптық ерекше маңызды болады, өйткені біржақты хабарлау қақтығысты ушықтыруы мүмкін.

Тіл және сөз тіркестері. Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерін қолдану өшпендейділік пен дұшпандық сезімін тудыруға ықпал етеді немесе керісінше алдын алады. Журналистер арандатушылық пен стереотиптерді қолдамау үшін әрбір жазған сөзіне абай болуы керек. Мысалы, тіл тигізетін, қорлау ретінде қабылдануы мүмкін терминдерді өте сақтықпен қолдану керек.

Этносаралық қақтығыстар. Этникалық мәселелер туралы хабарлау кезінде қақтығысқа қатысты тараптардың ұлттарын ажыратып көрсетпей қажет. Қақтығыс жағдайында этникалық “таңбалау” қақтығысты қүшейтіп, қақтығыстың өршуіне әкелуі мүмкін. Мысалы, ақпарат зорлық-зомбылық немесе әділетсіздікке қатысты болса, ұлтқа назар аудару стереотиптер мен біржақтылыққа әкелуі мүмкін. Бірақ осы жағдайда журналистер кезігетін проблема ұлт атауын атамағаны үшін аудитория тарапынан сынға ұшырауы мүмкін. Дегенмен, мұндай жағдайларда бейтараптықты сақтау қақтығыстың шиеленісін азайтуға көмектеседі.

Әлеуметтік жауапкершілік. Журналистер фактілерді шынайы көрсету үшін ғана емес, сонымен ақпарат жарияланғаннан кейінгі салдары үшін де жауапты. Әлеуметтік қақтығыс жағдайында ақпараттың қоғамдық қабылдауға және одан әрі дамуға қалай әсер ететінін қарастыру маңызды. Мысалы, тексерілмеген немесе бұрмаланған деректер қоғамдық толқулар немесе наразылықтар тудыруы мүмкін.

Дереккөзді ашу. Қақтығыс жағдайында құпиялыштық пен дереккөзді қорғау мәселелері ерекше өзекті болады. Журналистер жеке ақпаратты ашу немесе дереккөзді анықтау осы ақпарат көздері үшін қаншалықты қауіпсіз болтаныны қарастыруы керек.

Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстарды және оның бұқаралық ақпарат құралдарындағы көрінісін зерттеу барысында отандық журналистерінің жұмысына қатысты бірнеше маңызды тұжырымды келтіріп, қорытындылауға болады. Біріншіден, журналистердің редакциялық талаптарды, биліктің манипуляциялық әрекеттерін ескере келе алдын ала өзін-өзіне цензура жасауы анықталып отыр және бұл бұрыннан келе жатқан тенденция.

Журналистер белгілі бір саяси немесе басқа да мұдделер үшін емес, адалдық пен ашықтықты сақтау үшін жұмыс істеуі керек. Ал ресми деректер әрдайым болып жатқан оқиғалардың толық немесе объективті бейнесін көрсете бермейтінін түсіну маңызды және журналистер оны сынни талдауға, сондай-ақ көптеген тәуелсіз дереккөздермен толықтыруға міндетті.

Қазақ тілді және орыс тілді журналистердің көзқарасындағы айырмашылықтарды бөлек атап өткен жөн. Бұл екі топ бір медиа ландшафтта жұмыс істегенімен, тілдік және мәдени контексттердегі айырмашылықтар олардың әлеуметтік қақтығыстарды қалай жазатынына және халықтың ұсынылған ақпаратты қалай қабылдайтынына әсер етуі мүмкін.

Салалық журналистиканың даму тенденциялары байқалғанымен, Қазақстан нарығында кез келген тақырыпта қалам тербей алатын журналистерге деген сұраныстың бар екенін байқауға болады.

Осылайша журналистердің міндеті – алдын ала белгіленген фреймдер мен саяси мақсаттарды ұстану емес, объективті, жан-жақты ақпарат беру. Бұл жоғары кәсіби жауапкершілікті, ағысқа қарсы жүзуді талап етеді. Осындай жағдайда ғана саяси және идеологиялық бұғаудан ада журналистика арқылы қоғам мұддесіне шынайы қызмет етуге болады.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Coser L. The functions of social conflict // Philosophy. – 2006. – Vol. 34, Issue 129. – P. 179-180.
- 2 Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология. – М., 1999. – 551 с.
- 3 Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология. – Изд. 4-е, испр. и доп. – М., 2009. – 512 с.
- 4 Давыдова Е.А. Событие: история и понятие в философии и языке // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2010. – №11(117). – С. 112-116.
- 5 Cambridge Dictionary // <https://dictionary.cambridge.org>. 17.01.2025.
- 6 Waddington D. Applying the Flashpoints Model of Public Disorder to the 2011 Bradford Riot // British Journal of Criminology. – 2010. – Vol. 50, Issue 2. – P. 342-359.
- 7 Толковый словарь Ожегова // <https://slovarozhegova.ru/>. 10.11.2024.
- 8 Соколов Е. Современность войны: Карл Клаузевиц и его теория // Логос. – 2019. – №3(130). – С. 67-98.
- 9 Wright Q. A study of war. – Chicago, 1935. – 712 р.
- 10 Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефона / под ред. К.К. Арсеньева и др. – СПб., 1904. – Т. 82. – 449 с.
- 11 Мerton R. Социальная структура и аномия // В кн.: Социология преступности (Современные буржуазные теории) / пер. с фр. – М., 1966. – С. 299-313.
- 12 Galtung J. Peace by peaceful means : peace and conflict, development and civilization. – Oslo, 1976. – 292 р.
- 13 Российская социологическая энциклопедия / под ред. Г.В. Осипова. – М., 1998. – 664 с.
- 14 Boulding K.E. Conflict and Defense: A General Theory. – NY., 1962. – 349 р.
- 15 Қылышбаева Б.Н. Қақтығыстану: оқу құр. – Алматы, 2009. – 212 б.
- 16 Әліпбаев А.Р., Б.З Бөжеева. Халықаралық қақтығыстар және оларды реттеу жолдары: оқу құр. – Алматы, 2016. – 252 б.
- 17 Алпысбаев Т.М. Социальные конфликты в военных подразделениях: причины, особенности и пути их урегулирования: дис. ... канд. социол. наук: 22.00.04. – Алматы, 2010. - 147 с.
- 18 Mussa N., Myssayeva K., Brown M. Framing conflict in Kazakhstan: a comparative analysis of Kazakh, Russian, and U.K. news outlets // Media Asia. – 2025. – Vol. 52, Issue 2. – P. 192-210.
- 19 Маркс К., Энгельс Ф. Манифест Коммунистической партии. – М., 1974. – 63 с.
- 20 Himes J.S. Conflict and conflict management. – Athens, 1980. – 352 р.
- 21 Rapoport A. Conflict in man-made environment. – Harmondsworth, 1974. – 272 р.

- 22 Burton J. Conflict: Human Needs Theory – London, 1990. – 358 p.
- 23 Deutsch M. The Resolution of Conflict: Constructive and Destructive Processes. – New Haven, 1977. – 448 p.
- 24 Druckman D. Dimensions of International Negotiations: Structures, Processes, and Outcomes // Group Decision and Negotiation. – 1997. – Vol. 6, Issue 5. – P. 395-420.
- 25 Fisher R., Ury W., Patton B. Getting to yes: Negotiating agreement without giving in // [https://digitalcommons.usu.edu/unf\\_research/47/](https://digitalcommons.usu.edu/unf_research/47/). 10.11.2024.
- 26 Peri Y. Intractable conflict and the media // Israel studies. – 2007. – Vol. 72, Issue 1. – P. 79-102.
- 27 Huntington S.P. The clash of civilizations? // Foreign Affairs. – 1993. – Vol. 72, Issue 3. – P. 22-49.
- 28 Gülpalp H. Citizenship and ethnic conflict: Challenging the nation-state. – London, 2005. – 176 p.
- 29 Мұса М.Н., Мысаева Қ.Н. Қазақстандағы қақтығыс туралы ақпарат таратудағы журналистің рөлі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2024. – №3(148). – Б. 109-122.
- 30 Caldwell I.V., William B., Murphy D.M. et al. Learning to Leverage New Media: The Israel Defense Forces in Recent Conflicts // Military Review. – 2009. – Vol. 89, Issue 3. – P. 11-13.
- 31 Омашев Н.О. Ақпарат әлемі таңдамалы шығармалар көп томдығы. – Алматы, 2006. – Т. 1. – 344 б.
- 32 Қарымсақова Р. Лингвистикалық қауіпсіздік // Кіт.: Жүз жағдай – жүз кенес: журналистерге көмек. – Алматы: Әділ сөз, 2007. – 208 б.
- 33 Tussupova D. Mass Media and Ethnic Relations in Kazakhstan // Problems of post-communism. – 2010. – Vol. 57, Issue 6. – P. 32-42.
- 34 Сеңгіrbай М. Этносаралық қақтытыстардың алдын алу мен реттеудін технологиялары (посткенестік мемлекеттер тәжірибесі): 6D050200: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2012. – 167 б.
- 35 Ахметова Л.С. Конфликтология: учеб. пос. – Алматы, 2003. – 170 с.
- 36 Ибраева Г.Ж. Региональные конфликты и средства массовой информации. – Алматы, 2001. – 257 с.
- 37 Schiffrin D., Tannen D., Hamilton H.E. The handbook of discourse analysis. – Oxford, 2008. – 872 p.
- 38 Mukhamediyev B., Bimendiyeva L., Dauliyeva G. et al. Unrest in Kazakhstan: Economic background and causes // Cogent Economics & Finance. – 2023. – Vol. 11, Issue 2. – P. 2263305.
- 39 Hughes C., Pupavac V. Framing post-conflict societies: International pathologisation of Cambodia and the post-Yugoslav states // Third World Quarterly. – 2005. – Vol. 26, Issue 6. – P. 873-889.
- 40 Hackett R.I. Managing or manipulating religious conflict in the Nigerian media // In book: Mediating religion: Studies in Media, Religion and Culture. – London, 2003. – P. 47-64.

- 41 Ocho J.O. Undercurrents of ethnic conflicts in Kenya. – Boston, 2002. – 238 p.
- 42 Негизбаева М.О., Дудинова Е.И., Рожков А.В. К вопросу определения функциональных характеристик этнических СМИ в контексте миграции // Вестник ЕНУ Л.Н.Гумилева. – 2023. – №143(2). – С. 16-27.
- 43 Шыңғысова Н. Журналистика социологии: оқу күр. – Алматы, 2010. – 186 б.
- 44 Асанбаев М., Умирзакова Л. Новая форма религиозного экстремизма в Казахстане: деструктивные секты и культуры // Центральная Азия и Кавказ. – 2009. – №1(61). – С. 47-54.
- 45 Tergembay K., Mamankul A., Shukuyeva M. et al. Media Coverage of Conflict Situations in Kazakhstan in the Early Years of Independence // International Journal of Media and Information Literacy. – 2024. – Vol. 9, Issue 1. – P. 130-141.
- 46 Galtung J., Ruge M.H. The structure of foreign news. The presentation of the Congo, Cuba and Cyprus crisis in four Norwegian newspapers // Journal of Peace Research. – 1965. – Vol. 2, Issue 1. – P. 64-91.
- 47 McCombs M., Shaw D. The agenda-setting function of mass-media // Public Opinion Quarterly. – 1972. – Vol. 36. – P. 176-187.
- 48 Entman R.M. Framing: Toward clarification of a fractured paradigm // Journal of Communication. – 1993. – Vol. 43, Issue 4. – P. 51-58.
- 49 Какую роль соцсети сыграли в "Арабской весне" и как изменили последующие протесты в мире // <https://www.currenttime.tv/a. 10.10.2024>.
- 50 Bruns A. Gatewatching and News Curation: Journalism, Social Media, and the Public Sphere. – NY., 2018. – 394 p.
- 51 Downing J., Husband C. Representing 'race': Racisms, ethnicities and media. – London, 2005. – 77 p.
- 52 Lynch J., McGoldrick A. War and peace journalism in the Holy Land // Social Alternatives. – 2005. – Vol. 24, Issue 1. – P. 11-15.
- 53 Lasswell H.D., Arora S.K. Political Communication: The Public Language of Political Elites in India and the United States. – NY., 1969. – 312 p.
- 54 Ибраева Г.Ж. Освещение международных военных конфликтов в СМИ и МГП. – Алматы, 2017. – 19 с.
- 55 Бұхарбаев Б. Қарулы қақтығыстардағы ақпараттық технологиялар: әлемдік тәжірибе және келешегі: монография. – Алматы, 2012. – 260 с.
- 56 Els C. Constructing Xenophobic Discourses: The Case of the Daily Sun // Language Matters. – 2013. – Vol. 44, Issue 2. – P. 47-67.
- 57 Алдажұманов М.Ш., Қалыбекова Г.К., Көкебаева О.М. және т.б. Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихы (1920-1991). – Алматы, 2023. – 320 с.
- 58 Нәсімова Г.Ә. Этносралық қақтығыстардың алдын-алудағы қазақстандық тәжірибе // Қоғам және дәуір. – 2004. – №4(4). – С. 14-16.
- 59 Илеккев И. Жаңарған Қазақстанды жаңаша таныту // <https://egemen.kz/article/1514-zhanharghan-qazaqstandy-zhanhasha. 10.10.2024>.
- 60 Бажкенова Г. Трагедии "Древнего Рима" // <https://esquire.kz/. 10.10.2024>.

- 61 Мамашұлы А. Этникалық жанжалды бүркемелеудің соңы неге алып келеді? // <https://www.azattyq.org/amp/kazakhstan-authorities-do>. 10.10.2024.
- 62 Шакиров С.Е. К вопросу о развитии конфликтологии в Республике Казахстан // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. – 2018. – Vol. 4, Issue 66. – P. 117-125.
- 63 Sorbello P. Industrial Relations in Kazakhstan's Oil Sector (1991-2019): dis. ... dok. PhD. – Glasgow, 2021. – 216 p.
- 64 Junisbai A.K. Understanding Economic Justice Attitudes in Two Countries: Kazakhstan and Kyrgyzstan // Social Forces. – 2010. – Vol. 88, Issue 4. – P. 1677-1702.
- 65 Айталы А. Жастардың этно-мәдени таңдауы: сабактастық пен қайшылықтар // Ақықат журналы. – 1999. – №6. – С. 20-23.
- 66 Lapteva L. Problems of local self-government in Russia // The Russian Review. – 1996. – Vol. 55, Issue 2. – P. 317-324.
- 67 Zhumashov Y. An Exploration of Vertical and Social Accountability in the Elected Tier of Local Government: Evidence from Kazakhstan // Journal of Eurasian Studies. – 2023. – Vol. 14, Issue 2. – P. 179-193.
- 68 Суэтин А. Момент истины. 90-е годы стали определяющими в развитии суверенного Казахстана // <https://ibirzha.kz/moment-istiny>. 10.10.2024.
- 69 Мухит М. Пельмени из человечины и казгушный маньяк: как раскрывались самые крупные и кровавые преступления в Казахстане? – 2021 // <https://the-steppe.com/lyudi/pelmeni-iz-chelovechiny-i-kazgushnyy->. 10.10.2024.
- 70 Якушева Ю.В. Динамика межэтнических отношений в Республике Казахстан. (1991-2010 гг.) // Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук // – 2015. С.180-190.
- 71 Дусметова С.В., Налибай А.А. Проблема терроризма в республике Казахстан // Постсоветские исследования. – 2020. – Т. 3, №4. – С. 297-303.
- 72 Бюжеева Б., Әліпбаев А., Әбдінағи Ж. Влияние СМИ на развитие межэтнических проблем // Известия КазУМО имени Абылай хана. – 2023. – №50(4). – С. 73-87.
- 73 Сәрсенбаев Қ., Құтқен күн // <https://kazgazeta.kz/news/119659>. 10.10.2024.
- 74 Насимова Г.О. Основные факторы и причины возникновения социальных конфликтов в Казахстане // Омский научный вестник. – 2006. – №10(49). – С. 223-227.
- 75 Жалмырза Д. Война в «Шаныраке»: перемирие или все-таки мир? 2006 // <https://rus.azattyq.org/a/1180669.html>. 10.10.2024.
- 76 Нурмуханбетов М. События в Шаныраке – трагедия, в которой проиграли обе стороны // <https://camonitor.kz/24300-sobytiya-v>. 10.10.2024.
- 77 Тоғызбаев Қ. Қазаткомдағы қақтығыс: төрт жылда не өзгерді? // [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_kazakhs\\_chechens\\_ethnic\\_](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_kazakhs_chechens_ethnic_). 10.10.2024.
- 78 Мамашұлы А. Ночной кошмар. События в сёлах. 2020. Кордайского района: есть жертвы и раненые // <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan>. 10.10.2024.

79 Karibayeva A., Lemon E. From Qandy Qantar to Tragic January: State Framing of the January Events // In book: A Revolt in the Steppe. – Singapore, 2023. – P. 55-78.

80 Рыскулова Н. Январь, который изменил Казахстан. Как страна переживает последствия крупнейших беспорядков в своей истории. – 2023 // <https://www.bbc.com/russian/features-64121146>. 10.10.2024.

81 Төреғожина Б., Жовтис Е. Стрелять на поражение...» докл. о трагических январских событиях 2022 года в Казахстане. – 2023 // [https://bureau.kz/wp-content/uploads/2023/06/ru\\_final.pdf](https://bureau.kz/wp-content/uploads/2023/06/ru_final.pdf). 10.10.2024.

82 Казбекова М. Особенности политической модернизации в Казахстане // Россия и мусульманский мир. – 2009. – №2. – С. 62-68.

83 Бейсембаев С. Феномен казахского национализма в контексте сегодняшней политики: От отрицания к пониманию. - 2025 // [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2015/09/kazakh\\_nationalism.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2015/09/kazakh_nationalism.pdf). 10.10.2024.

84 Жақсылықбаева Р.С. Журналист этикасы: оқу құр. – Алматы, 2013. – 230 б.

85 Декларация принципов терпимости / ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 года // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/toleranc.pdf](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/toleranc.pdf). 10.10.2024.

86 Богатова О.А. Социальное конструирование республиканской идентичности в региональных политических дискурсах // Регионология. – 2017. – №1(98). – С. 117-138.

87 Poggioli'S. Reports on the Bosnian conflict earned two awards in 1993: the George Foster Peabody Award and the Edward Weintal Journalism Prize // [https://www.brown.edu/Administration/News\\_Bureau/2001-02/01-124.pdf](https://www.brown.edu/Administration/News_Bureau/2001-02/01-124.pdf). 10.10.2024.

88 Kawai Y. Stereotyping Asian Americans: The dialectic of the model minority and the Yellow Peril // Howard Journal of Communications. – 2005. – Vol. 16, Issue 2. – P. 109130.

89 Lee E. The Chinese exclusion example: Race, immigration, and American gatekeeping, 1882-1924. // Journal of American Ethnic History. – 2002. – Vol. 21, Issue 3. – P. 36-62.

90 Sue D.W., Capodilupo C.M., Torino G.C. et al. Racial microaggressions in everyday life: Implications for clinical practice // American Psychologist. – 2007. – Vol. 62, Issue 4. – P. 271-286.

91 Blanchard S., Matthews S. Brits From BAME Backgrounds ARE More Likely to Die of Covid-19 // <https://www.dailymail.co.uk/news/article-53539577/Brits-BAME-backgrounds-ARE-more-likely-die-Covid-19.html>. 10.10.2024.

92 Brits from BAME Backgrounds ARE More Likely to Die of Covid-19 // <https://www.bbc.co.uk/news/uk-wales-53539577>. 10.10.2024.

93 Racism Contributed to Disproportionate UK BAME Coronavirus Deaths, Inquiry Finds. – 2020 // <https://www.theguardian.com/world/2020/jun/10/bAME-coronavirus-deaths-inquiry-finds>. 10.10.2024.

94 Gans H.J. Deciding what's news: A study of CBS evening news, NBC nightly news, Newsweek, and Time. – Evanston, IL, 1979. – 393 p.

95 Purvis H. Anonymous Sources: More or less and why and where? // Southwestern Mass Communication Journal. – 2015. – Vol. 30, Issue 2. – P. 1-22.

- 96 Tiffen R., Jones P.K., Rowe D. et al. Sources in the News: A comparative study // Journalism Studies. – 2013. – Vol. 15, Issue 4. – P. 374-391.
- 97 Karimova B.Z., Ramazan A.A., Zhumagulova A.M. et al. Эффективность и особенности проектов factcheck.kz и stopfake.kz в казахской журналистике // <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v67.i1.03>. 10.10.2024.
- 98 Satpayev D., Umbetaliyeva T. The protests in Zhanaozen and the Kazakh oil sector: Conflicting interests in a rentier state // Journal of Eurasian Studies. – 2015. – Vol. 6, Issue 2. – P. 122-129.
- 99 Kudaibergenova D.T., Laruelle M. Making sense of the January 2022 protests in Kazakhstan: failing legitimacy, culture of protests, and elite readjustments // Post-Soviet Affairs. – 2022. – Vol. 38, Issue 6. – P. 441-459.
- 100 Xu D. Online Censorship and Journalists' Tactics: A Chinese perspective // Journalism Practice. – 2014. – Vol. 9, Issue 5. – P. 704-720.
- 101 Holcombe A.N. Public Opinion. By Walter Lippmann. (New York: Harcourt, Brace and Company. 1922. Pp. x, 427.) // American Political Science Review. – 1922. – Vol. 16, Issue 3. – P. 500-501.
- 102 Schudson M. Discovering the News: A Social History of American Newspapers. – NY., 1981. – 416 p.
- 103 Косяков В.А., Универсалюк Е.А. Реферативный обзор книги Д. МакКуэйла «Теория массовой коммуникации» (1 часть) // Вопросы теории и практики журналистики. – 2019. – Т. 8, №3. – С. 524-534.
- 104 Reed. Ch.L. Kazakhstan's Bloody January: Day 6, Almaty // et al.<https://thediplomat.com/2023/01/kazakhstans-bloody-january-day-6>. 10.10.2024.
- 105 Slavtcheva-Petkova V., Ramaprasad J., Springer N. et al. Conceptualizing Journalists' Safety around the Globe // Digital Journalism. – 2023. – Vol. 11, Issue 7. – P. 1211-1229.
- 106 Hanitzsch T., Hanusch F., Lauerer C. Setting the agenda, influencing public opinion, and advocating for social change: determinants of journalistic interventionism in 21 countries // Journalism Studies. – 2016. – Vol. 17, Issue 1. – P. 1-20.
- 107 Ошанова О. Ж. Бақ заңнамасы және этика: оқу құр. – Алматы, 2016. – 153 б.
- 108 Бекбасова А. В Казахстане будет нарастать конфликтность – социолог: интервью с социологом С. Бейсембаевым. 2022 // [https://forbes.kz/articles/v\\_novom\\_desyatiletii\\_v\\_kazahstane\\_budet\\_](https://forbes.kz/articles/v_novom_desyatiletii_v_kazahstane_budet_). 10.10.2024.
- 109 Мамашұлы А. Протестный потенциал в Казахстане: сёла догоняют город. – 2021 // <https://rus.azattyq.org/a/31191413.html>. 10.10.2024.
- 110 Partnership Agreement between the Members of the African, Caribbean and the Pacific Group of States, of the one Part, and the European Community and its Member States, of the other Part, signed in Cotonou, Benin, 23 June 2000. – 2006 // [www.ec.europa.eu](http://www.ec.europa.eu). 10.10.2024.
- 111 Schmidt H., Ingo T. Demokratischer und besser?. Der Beitrag von Nichtregierungsorganisationen zur Demokratisierung internationaler Politik und zur Lösung globaler Probleme // <https://www.bpb.de/shop/zeitschriften/apuz>. 10.10.2024.

- 112 Issues and Options for Improving Engagement between the World Bank and Civil Society Organisations // <http://siteresources.worldbank.org>. 10.10.2024.
- 113 Burnell P., Peter C. Civil Society in Democratization. – London, 2004. – 256 p.
- 114 Richmond O., Between Peacebuilding and Statebuilding, Between Social Engineering and Post-Colonialism // Civil Wars. – 2010. – Vol. 12, Issue 1-2. – P. 167-175.
- 115 Popov A. Marš dug dve decenije : na marginama Igmanske inicijative. – Beograd, 2020. – 238 p.
- 116 Puddephatt A. Voices of war: Conflict and the role of the media // <https://pdf4pro.com/view/voices-of-war-conflict-and-the-role-of-the>. 10.10.2024.
- 117 Villa D.R. Postmodernism and the Public Sphere // American Political Science Review. – 1992. – Vol. 86, Issue 3. – P. 712-721.
- 118 Rubin J.Z., Pruitt D.G., Kim S.H. Social conflict: Escalation, stalemate, and settlement. – Ed. 2nd. – NY., 1994. – 269 p.
- 119 Третий не лишний. Как повысить роль гражданского сектора в предупреждении межэтнических конфликтов в Казахстане? 2021 // <https://paperlab.kz/tretij-ne-lishnij>. 10.10.2024.
- 120 Rakimuli A., Talapova G., Akimbekova S. Comparative analysis of mediation in the legislation of Kazakhstan and the People's Republic of China // Social & Legal Studios. – 2024. – Vol. 7, Issue 3. – P. 127-136.
- 121 Кенжебаев А.А. Социально-философский анализ феномена социального конфликта: автореф. .... канд. филос. наук: 09.00.11. – Алматы, 2005. – 30 с.
- 122 Rakimuli A., Talapova G., Akimbekova S. Comparative analysis of mediation in the legislation of Kazakhstan and the People's Republic of China // Social & Legal Studios. – 2024. – №7(3). – P. 127-136.
- 123 Aktolyn T. Kulsariyeva G., Nassimova O. The Role of Civil Society in Preventing Conflicts: Kazakhstan Experience // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 143. – P. 921-926.
- 124 O'Keeffe A. Investigating media discourse. – London, 2006. – 192 p.
- 125 Damrosch L.F. Enforcing Restraint: Collective Intervention in Internal Conflicts. – NY., 1993. – 403 p.
- 126 Jockel J.T. Canada and International Peacekeeping. – Washington, 1994. – 83 p.
- 127 Neumann R., Fahmy S. Analyzing the Spell of War: A War/Peace Framing Analysis of the 2009 Visual Coverage of the Sri Lankan Civil War in Western Newswires // Mass Communicat. and Soc. – 2012. – Vol. 15, Issue 2. – P. 169-200.
- 128 In a propaganda-filled media environment, Radio Azattyq offers informed and accurate reporting that exposes corruption and counters Chinese and Russian disinformation // <https://pressroom.rferl.org/rferl-kazakh-service-radio>. 10.10.2024.
- 129 Myca Н., Мысаева К. Освещение социальных конфликтов в казахстанских СМИ: на примере Azattyq.org // Вестник КазНу. – 2023. – №70(4). – С. 39-47.

- 130 Кузнецова Ю. О вопросах журналистской этики. - 2009 // <https://www.caravan.kz/news/o-voprosakh-zhurnalistskojj-ehtiki>. 10.10.2024.
- 131 Жеңісқызы А. Маятас оқиғасы бойынша тергеу аяқталып, іс сотқа берілмек. – 2007 // <https://www.azattyq.org/a/1176904.html>. 10.10.2024.
- 132 Мамашұлы А. Сарыагаштағы оқиғаны «түсініспеушілік» деп атады. – 2015 // [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_saryagash\\_](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_saryagash_). 10.10.2024.
- 133 Иса Д. Шымкенттегі наразылық және тұнгі ойран. Азаттық тілшісінің көргені. 2022 // <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-shymkent>. 10.10.2024.
- 134 Асаутай М. Белсендінің әйелі туысының қазасы туралы: жүрегінің жанынан және шекесінен оқ тиген. - 2022 // <https://www.azattyq.org>. 10.10.2024.
- 135 Исабаева С. «Мы должны этим переболеть». О природе социальных конфликтов в Казахстане // <https://qmonitor.kz/politics/4717>. 10.10.2024.
- 136 Жеңісқызы А. Маятас оқиғасы бойынша тергеу аяқталып, іс сотқа берілмек // <https://www.azattyq.org/a/1176904.html>. 10.10.2024.
- 137 Chong D., Druckman J.N. Framing theory // Annual Review of Political Science. – 2007. – Vol. 10, Issue 1. – P. 103-126.
- 138 Bartholome G., Lecheler S., de Vreese C. Towards a typology of conflict frames // Journalism Studies. – 2018. – Vol. 19, Issue 12. – P. 1689-1711.
- 139 Mikhailov V. Kazakhstan set on fire with liquefied gas. – 2022 // <https://ria.ru/20220104/kazakhstan-1766581833.html>. 10.10.2024.
- 140 Reporters Without Borders. World Press Freedom Index. - 2023 // <https://rsf.org/en/2023-world-press-freedom-index-journalism>. 10.10.2024.
- 141 D'Angelo P. Doing news framing analysis II: Empirical and theoretical perspectives. – London, 2018. – 410 p.
- 142 Al-Nahed S., Hammond P. Framing war and conflict: Introduction to the special issue // Media, War & Conflict. – 2018. – Vol. 11, Issue 4. – P. 365-368.
- 143 Berbers A., Joris W., Boesman J. et al. The news framing of the ‘Syria Fighters’ in Flanders and the Netherlands // Ethnicities. – 2016. – Vol. 16, Issue 6. – P. 798-818.
- 144 Meyer B et al. The winter pack ice zone provides a sheltered but food-poor habitat for larval Antarctic krill // Nature Ecology & Evolution. – 2017. – Vol. 1. – P. 1853-1861.
- 145 Bissenov N. Pro-government and pro-opposition newspaper coverage of the Zhanaozen conflict in Kazakhstan. – Athens: Ohio University, 2013. – 131 p.
- 146 Сабитова Д., Оразай Н. Провокаторы "помогли" митингу превратиться в массовые беспорядки правозащитник // <https://almaty.tv/news/obschestvo/1817-kantar-okigasy-kezinde-kran>. 10.10.2024.
- 147 Behind the unrest in Kazakhstan // <https://www.crisisgroup>. 10.10.2024.
- 148 Kazakhstan unrest: Troops ordered to fire without warning. – 2022 // <https://www.bbc.com/news/world-asia-59907235>. 10.10.2024.
- 149 Human Rights Watch. Kazakhstan: Killings, excessive use of force in Almaty. – 2022 // <https://www.hrw.org/europe/central-asia/kazakhstan>. 10.10.2024.

150 Пресс-секретарь Токаева прокомментировал указ о согласовании кадров с Назарбаевым // <https://rus.azattyq.org/a/30228225.html>. 10.10.2024.

151 Абаев Д. Миротворцы ОДКБ отвечают за прикрытие и охрану // <https://www.youtube.com/watch?v=aEQG0hT7XmM>. 10.10.2024.

152 Сарым А. Қазақтың болмысына жат қылыштар жасалып жатыр // <https://www.youtube.com/watch?v=fA9siMzhBcI&t=608s>. 10.10.2024.

153 Жұніс Е. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту. - 2025 // <https://anatili.kazgazeta.kz/news/63674>. 10.10.2024.

154 Adegbola O., Gearhart S., Cho J. Reporting bias in coverage of Iran protests by global news agencies // The International Journal of Press/Politics. – 2022. – Vol. 27, Issue 1. – P. 138-157.

155 Gottfried J. et al. Journalists highly concerned about misinformation, future of press freedoms // <https://www.pewresearch.org>. 10.10.2024.

156 7th UK-Kazakhstan Strategic Dialogue // <https://www.gov.uk/government/news/7th-uk-kazakhstan-strategic-dialogue>. 10.11.2024.

157 Liu Z. News framing of the Euromaidan protests in the hybrid regime and the liberal democracy: Comparison of Russian and UK news media // Media, War & Conflict. – 2020. – Vol. 15, Issue 4. – P. 407-426.

158 RIA Novosti. Russia's leading news agency and website // <https://rossiyasegodnya.com/brand/94445.html>. 08.09.2023.

159 Slavtcheva-Petkova V. Russia's liberal media: Handcuffed but free. – London, 2018. – 232 p.

160 Al Nahed S. Breaking the language barrier? Comparing TV news frames across texts in different languages // Media, War & Conflict. – 2018. – Vol. 11, Issue 4. – P. 407-420.

161 Shahzad F., Qazi T.A., Shehzad R. Framing of Israel and Palestine conflict in RT news, Al-Jazeera, CNN & BBC News // Global Digital & Print Media Review. – 2023. – Vol. 6, Issue 2. – P. 1-14.

162 Linstrom M., Marais W. Qualitative news frame analysis: A methodology // Communitas. – 2012. – Vol. 17. – P. 21-38.

163 Brown R., Edwards T., Gardner A. et al. No laughing matter: Media framing of a local TV news stunt gone wrong // Southwestern Mass Communication Journal. – 2024. – Vol. 39, Issue 1. – P. 1-15.

164 Neuman W.L. Basics of social research: Qualitative and quantitative approaches. – Ed. 2nd. – London, 2007. – 416 p.

165 Askar A. Kazakh-Russian Relations in the Context of the War in Ukraine // <https://thediplomat.com/2022/03/kazakh-russian-relations-in-the>. 10.10.2024.

166 Трубачева Т. Как переименовали Алма-Ату // [https://forbes.kz/articles/kak\\_pereimenovali\\_alma-atu#:%7E:text,-2013](https://forbes.kz/articles/kak_pereimenovali_alma-atu#:%7E:text,-2013). 10.10.2024.

167 В Алма-Ате 7 февраля отменят "оранжевый" уровень угрозы терроризма // <https://ria.ru/20220206/kazakhstan-1771327258.html>. 10.10.2024.

168 Nurumov B., Brown M., Ibrayeva G. et al. Online audiences of Central Asia and Kazakhstan: Choice and preferences in the era of multimedia news content // Вестник Московского Университета. – 2021. – №10(3). – С. 55-73.

169 Kurambayev B., Freedman E. Ethics and journalism in Central Asia: A comparative study of Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Uzbekistan // Journal of Media Ethics. – 2019. – Vol. 35, Issue 1. – P. 31-44.

170 de Vreese C.H. News framing: Theory and typology // Information Design Journal. – 2005. – Vol. 13, Issue 1. – P. 51-62.

171 Тургаев Ш. Я на площади не видел террористов. Протесты испортили провокаторы. Жанболат Мамай – о том, как митинги в Алматы переросли в "теракты" // <https://www.currenttime.tv/a/31650872.html>. 10.10.2024.

172 Kalandadze K., Orenstein M.A. Electoral Protests and Democratization beyond the Color Revolutions // Comparative Political Studies. – 2009. – Vol. 42(11). – P. 1403-1425.

173 Kazakhstan Media Guide // <https://www.bbc.com/news/world>. 10.10.2024.

174 Blunn T., Sibylle K. Report of the review of Commonwealth legal services procurement. – Sydney, 2009. – 94 p.

175 Mangwana K. Media and Ethnic Conflict Management: Case study Nation Media Group // <https://repository.uonbi.ac.ke/handle/11295/58961>. 10.10.2024.

176 Mussa N., Myssayeva K. How are conflicts covered in social media? The case study of Kazakhstan's telegram channels «Orda» and «Kazinform» // КазҰУ Хабаршысы. – 2024. – №3(73). – С. 55-63.

177 Catalog of Telegram channels and chats // <https://kaz.tgstat.com/ratings/channels?sort=members>. 10.10.2024.

178 Wasserman S., Faust, K. Social Network Analysis: Methods and Applications // <https://doi.org/10.1017/CBO9780511815478>. 10.10.2024.

179 Wolfsfeld G., Segev E., Sheaffer T. Social Media and the Arab Spring: Politics Comes First // The International Journal of Press/Politics. – 2013. – Vol. 18, Issue 2. – P. 115-137.

180 Ben-David A. Israeli-Palestinian Conflict and Social Media // In book: Encyclopedia of Social Media and Politics. – Thousand Oaks, 2014. – P. 741-744.

181 Youmans W.L., York J.C. Social Media and the Activist Toolkit: User Agreements, Corporate Interests, and the Information Infrastructure of Modern Social Movements // Journal of Communication. – 2012. – Vol. 62, Issue 2. – P. 315-329.

182 Mutahi P. The Impact of Social Media and Digital Technology on Electoral Violence in Kenya // <https://doi.org/10.13140/RG.2.2.15747.20000>.

183 Ahmed S. et al. Framing Social Conflicts in News Coverage and Social Media: A Multicountry Comparative Study // International Communication Gazette. – 2019. – Vol. 81, Issue 4. – P. 346-371.

184 Herasimenka A. There's more to Belarus's 'Telegram Revolution' than a cellphone app // <https://www.washingtonpost.com/politics>. 10.10.2024.

185 Lyakhovenko O.I. Telegram Channels in the System of Expert and Political Communication in Modern Russia // Galactica Media: Journal of Media Studies. – 2022. – Vol. 4, Issue 1. – P. 114-144.

186 Nobari A.D., Sarraf M.H.K.M., Neshati M. et al. Characteristics of Viral Messages on Telegram: The World's Largest Hybrid Public and Private Messenger // Expert Systems with Applications. – 2021. – Vol. 168, Issue 1. – P. 1-36.

187 Lou C. et al. When Motivations Meet AffORDAnces:News Consumption on Telegram // Journalism Studies. – 2021. – Vol. 22, Issue 7. – P. 934-952.

188 Lai C. Telegram Channels: Everything You Need to Know // <https://respond.io/blog/telegram-channels>. 10.09.2024.

189 Bastani G., Nasrollhi A., Saadipour E. Low Credibility Media Syndrome; a Study on the Source Credibility in the Most Visited News Channels of Telegram // Communication Research. – 2021. – Vol. 28, Issue 105. – P. 67-91.

## **ҚОСЫМША А**

### **Қақтығыс жағдайында хабар тарату: Журналистерге арналған нұсқаулық**

#### **Мазмұны:**

1. Оқырманға
2. Терминдерге шолу
3. Қақтығыстарды этикаға сай жариялаудың негізгі принциптері
4. Журналистикадағы халықаралық стандарттарды үстану.  
Қақтығыс жайлы хабар тарату бойынша ұсыныстар
5. Қазақстандағы этносаралық қатынастардың құқықтық аспектілері
6. Қақтығыс кезінде ақпарат көздерімен жұмыс істеу
7. Куәгерлермен және зардал шеккендермен жұмыс істеудегі ерекшеліктер
8. Журналист қауіпсіздігі

## Оқырманға

Ешқандай ақпарат адам өмірінен маңызды емес. Осыны ескере отырып, Қазақстандағы журналистика саласында қақтығыстар жайлы хабар тарату мәдениетін кәсіби түрғыда қалыптастыру аса маңызды. Қазіргі таңда елімізде бұл бағытта арнайы оқыту жүйесі жолға қойылмаған. Сондықтан да көпүлттү ел жағдайында қақтығыс тақырыбында хабар тарату журналистерден қоғамның этникалық, мәдени және тарихи ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істейтін арнайы әдіс-тәсілдерді менгеруді талап етеді.

Мұндай жағдайда журналистер әлеуметтік және этникалық қақтығыстар туралы қоғамды дұрыс ақпараттандыруда шешуші рөл атқарады. Олар таратқан мәліметтер этносаралық қатынастар мен қоғамдық пікірге тікелей ықпал етуі мүмкін. Сол себепті журналист әр сөзінің салмағын сезіне отырып, кәсіби этиканы сақтап, жауапкершілікпен жұмыс істеуі тиіс.

Нұсқаулықта халықаралық ұйым Соғыс және бейбітшілік жайлы хабар тарату институтының (IWPR) стандарттары басшылыққа алынды.

IWPR халықаралық стандарты - журналистерге саяси, әлеуметтік немесе мәдени шиеленіс жағдайында жұмыс істеуге көмектесетін маңызды этикалық нормаларды қамтиды. Бұл стандарттар әсіресе дағдарыс немесе қақтығыс кезінде дәлдік, бейтараптық және жауапкершіліктің маңыздылығына баса назар аударады. Жалған ақпараттың таралуына және қақтығыстың өршуіне жол бермеу үшін нақты нұсқауларды ұстану маңызды:

- барлық фактілерді тексеру;
- әртүрлі көзқарасты ұсыну;
- өшпендейтілік сөздерінен аулақ болу және түрлі мүдделі тараптардың қысымына қарсы тұра білу.

Бұл нұсқаулық журналистерге объективтілікті сақтау және қақтығысқа қатысушылардың құқықтарын құрметтеу, оқиғаны сапалы және этикалық түрғыдан көрсету сияқты маңызды тақырыптарды қамтиды.

Бұл нұсқаулықтың мақсаты - ғылыми зерттеуімнің нәтижелері негізінде журналистерге және ақпаратпен жұмыс істейтін мамандарға қақтығыс туралы кез келген ақпаратты этикаға сай, объективті, фактілер негізінде таратуына қатысты пайдалы ұсыныстармен бөлісу. Нұсқаулық Қазақстанның әлемдегі көпүлттү елдердің бірі ретіндегі ерекшелігін ескере отырып, әлеуметтік және этникалық қақтығыс тақырыбында ақпарат тарататын журналистің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған.

Аталған нұсқаулық журналистерге қақтығыс ортасынан ақпарат алу, оны тарату туралы қағидаларға негізделген және дезинформацияның таралуын азайтуға, этникааралық шиеленісті тудырудың алдын алуға атсалысады.

## Терминдерге шолу

### Қақтығыс дегеніміз не?

«Қақтығыс» терминін мағынасы жағынан қарастыратын болсақ, ол былайша анықталады:

**Қақтығыс (a conflict)** — бұл жеке адамдар, топтар немесе әлеуметтік қауымдастықтар арасындағы қайшы мүдделердің, мақсаттардың, сенімдердің немесе құндылықтардың нәтижесінде пайда болатын динамикалық әлеуметтік процесс. Этимологиясына сүйенсек, қақтығыс сөзі латынның *configere* етістігінен туындайды, оның мағынасы “*kūrēsū*”, “*shaiķasū*”, “*ķāķtīgīsū*” дегенге саяды.

Әдетте журналистер қоғамда болған әртүрлі қақтығыс туралы ақпарат таратқанда *oқиға, тәртіпсіздік, соғыс, булік, шиеленіс* сөздерін қолданады.

### Оқиға

Әлеуметтік оқиғалар теориясында “оқиға” деген белгілі бір уақытта болатын сапалы өзгеріс. Ол бұған дейін қалай болды және бұдан кейін жағдай қалай өзергенін белгілейді, бекітеді.

Философ Мартин Хайдеггер өзінің “Тепе-тендік заңы” баяндамасында алғашқылардың бірі болып оқиға сөзіне жан-жақты әрі толыққанды талдау жасайды. Оның пайымынша, немістің “Er-eignen” сөзі болу, өзіңе жақыннату, өзіңе тану деген мағыналарға жақын деп аударылады. Ол бұл сөзге қарапайым түсініктегі оқиға ретінде ғана емес одан ауқымды дүние деп қараған. Оқиға - адам мен тіршілік кездесетін біркелкі, бірегей дүние ретінде сипатталады.

Отандық Бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстанда болған кейбір ірі қақтығыстарға “оқиға” деп баға береді. Мысалы, Жаңаөзен оқиғасы, Қаңтар оқиғасы және т.б.

### Тәртіпсіздік

Кембридж сөздігінде тәртіпсіздікке наразылығын білдіру мақсатында көп адамның агрессивті, басқаруға келмейтін әрекет жасауы деген анықтама береді.

“Тәртіпсіздік” термині негативті тонда естіледі, кейбір ғалымдар көп адам қатысқан тәртіпсіздікті осылай атайды. Дегенмен ұжымдық мінез-құлышты зерттеушілердің көбі бұл терминді жағымсыз мағынада емес, жалпы оқиғаға баға беру мақсатында қолдана береді. Жаппай тәртіпсіздіктер қысымға жауап ретінде туындауы мүмкін.

Ұлыбританиялық медиа зерттеуші Д. Уоддингтон тәртіпсіздік наразылыққа шыққандар тарапынан туындастын нақты талаптар мен әділетсіздік салдарынын пайда болатынын айтқан.

Қақтығыстың нақты себеп салдары анықталмаған жағдайда тәртіпсіздік сөзі БАҚ-та жалпылама қолданылады.

### Соғыс

С.И. Ожегов дайындаған сөздікте соғыс - бұл мемлекет пен ұлттар арасындағы ұйымдастырылған қарулы күрес деп анықталады. Немістің соғыс теоретигі Карл фон Клаузевиц мұны саясаттың өзге де құралдар арқылы жалғасуы деп есептейді. Ал американлық политолог К.Райт соғыстың ұйымдастын

зомбылық арқылы жүретін және белгілі бір тұрғыда үлкен ауқымға жететін саяси топтар арасындағы қақтығыс деп белгілейді.

### **Бұлік/төңкеріс**

Мемлекеттік режим, саяси билікке наразылық ретінде белгілі бір топтың не жаппай халықтың наразылығы. Ол физикалық тұрғыда не болмаса қанды қақтығыс формасында көрінуі мүмкін.

Америкалық әлеуметтанушы Р. Мертон төңкеріс, бұлік сөзін индивидтің қоғамдағы жалпыға бірдей мақсаттарын, оларға жету әдістерін қабылдамай өз мақсаты мен тәсілдерімен алмастыратын мінез-құлық формасы ретінде сипаттайды. Бұлік шығарушылар қалыптасқан жүйені радикалды түрде өзгерктісі келеді.

### **Шиеленіс (Эскалация)**

Қақтығыстағы шиеленіс - қақтығыстың ауқымды бола түсуі, жаңа деңгейге шығуы.

Й. Гултунг қақтығыстың концепциясын үшбұрыш түрінде, яғни қарама-қайшылық, қарым-қатынас, әрекет деп бөліп ұсынады. Ол осы элементтер бір-бірімен қалай әрекеттесетініне, дамитынына назар аударады. Эскалация оның ойынша, тараптар өз позицияларын қатаңдатқанда туындауы мүмкін. Бұл өз кезегінде зорлықтың өршуіне, қарым-қатынастың нашарлауына алыш келеді.

## **Қақтығыстарды этикаға сай жариялаудың негізгі принциптері**

### **1. Объективтілік және мәдени алуантүрлілікті құрметтеу**

Қақтығыс жайлы ақпаратты этикаға сай жариялау объективтілік пен барлық тарараптарды құрметтеуден басталады. Журналист қақтығысқа қатысушы бір тарап өзіне жақынырақ көрінсе де, бейтараптықты сақтап, біржақтылықтан аулақ болуы керек. Қазақстан сияқты көпшілтті елде стереотиптер мен біржакты тұжырымдардан аулақ бола отырып, әр топтың мәдени және этникалық ерекшеліктерін ескеру маңызды.

#### **Объективтіліктің негізгі аспектілері:**

- Барлық қатысушы тарараптардың пікірлерін қоса отырып, жағдайды жан-жақты талдау.
- Эмоционалды тұжырымдар мен баға беруден аулақ болу.
- Тексеруге және растауға болатын фактілер мен цифrlарға сілтеме беру.
- Материалдың мәнін анық көрсететін тақырыптарды қолдану.

#### **Мәдени алуантүрлілікті құрметтеу:**

- Этникалық топтардың дәстүрлері мен ерекшеліктерін зерттеу және түсіну.
- Терминология мен атауларды дұрыс пайдалану.
- Материалдарды тексеру үшін этносаралық қатынастар мәселелері бойынша сарапшыларды тарту.

### **2. Қауіпсіздік принциптері және медиа арқылы жеккөрінішті тудырудың алдын алу**

Журналистер өз материалдары арқылы шиеленістің туындауына ықпал етпеуі керек.

#### **Мұның алдын алу әдістері:**

- Жариялау алдында ақпараттың дұрыстығын тексеру.
- Этникалық және мәдени топтар арасындағы дау, қақтығысты бейтарап көрсету.
- Мәтінде қорлау сөздері мен сипаттамалары, өшпендейлік тілін мүлде қолданбау.

#### **Журналист пен қоғамның қауіпсіздігі:**

- Қақтығыс аймақтарында жұмыс істеу кезінде жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.
- Арандатушылықты тани білу және оның бір бөлігіне айналмау.

- Өткір тақырыптарды жариялау кезінде редакциямен және құқық қорғау үйимдарынан ақпаратты нақтылау.

### **3. Ашықтық және жауапкершілік**

Журналист ақпарат көздері мен жарияланым себептерін нақты көрсете отырып, өз іс-әрекеттері мен материалдарында ашық болуы керек. Жалған немесе бұрмаланған ақпаратты тарату қақтығысты қүшейтіп, аудиторияның сеніміне нұқсан келтіруі, кейде құқықтық жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

#### **Ашықтық принциптері:**

- Ақпарат көздерін ашу кезіндегі ашықтық (егер бұл олардың қауіпсіздігіне қауіп төндірмесе).
- Деректерді жинау әдістемесін түсіндіру.
- Қателерді мойындау және түзетулерді жедел енгізе алу.

#### **Журналистиң жауапкершілігі:**

- Өз жарияланымдарының қоғамдық пікірге әсерін түсіну.
- Дәлдік пен дұрыстықты таңдау, сенсациядан бас тарту.
- Қақтығыс тақырыбына қатысты мәселелерді жазу бойынша арнайы курстан өту, кәсіби білімді арттыру.

## **Журналистикадағы халықаралық стандарттарды ұстану. Қақтығыс жайлы хабар тарату бойынша ұсыныстар**

Әлемдік алпауыт БАҚ өз жұмысында қандай қағидаларды басшылыққа алатынын әдетте өзі анықтайды. Аталған ішкі нормалар заннамалық актілермен бірдей деңгейде қабылданады. Қазақстанда БАҚ үшін ортақ қабылданған стандарттар жоқ. Журналистердің Этикалық кодексі 2012 жылы қабылданғанымен, ол толықтай сақтала бермейді.

The New York Times, The Washington Post, Reuters, BBC, The Guardian сияқты ірі жаһандық басылымдар кейбір айырмашылықтарға қарамастан, жалпы қалыптасқан этикалық принциптерді ұстанады. Бұл принциптер журналистік жауапкершіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және аудитория сенімін сақтауга көмектеседі.

**Тәуелсіздік және бейтараптық.** Бұл басылымдардың барлығы өз редакцияларының сыртқы саяси, экономикалық және әлеуметтік әсерден тәуелсіздігіне үлкен мән береді.

Оған:

- Мұдделер қақтығысина жол бермеу.
- Жаңалықтарды баяндаудағы объективтілік.
- Саясат, дін, этносаралық қақтығыстар және т.б. даулы және сезімтал тақырыптарды жазу барысындағы фактілерді көрсетуде қатаң бейтараптық кіреді.

Мысалы, The Washington Post және Reuters журналистердің жеке пікірінен аулақ болуы және олардың объективтілігіне әсер етуі мүмкін тараптардан сыйлықтар немесе басқа жеңілдіктерді қабылдамауы керек екенін атап көрсетеді.

Дегенмен, тәжірибеге келгенде толық бейтараптықты сақтап қалу әрдайым мүмкін бола бермейді. Осылан айқын мысал ретінде 2022 жылдың 20 ақпанында Kozachkov Offside Телеграм арнасының авторы, журналист Михаил Козачков жариялаған материалды қарастырып көрейік. Өз арнасында ол Қаңтар оқиғасында болған “түсініксіз жайт” деп қарастыратын мысалына тоқталады.

Атап өту керек, Kozachkov Offside Телеграм арнасы ашық түрде жеке болжамдарымен бөліседі. Осылайша аудиторияның қабылдауына әсер етуі мүмкін.

Әдетте ақпарат үшін жауапкершілік алатын басылымдар жарияланған жаңалықтар мен редакцияның пікірлерін бөліп ұсынады. Жаңалықтар бірінші бетте, ал журналист талдап жазған мақалалар мен пікірлер ішкі беттерде нақты белгіленіп беріледі. Яғни кейбір газеттер «сараптамалық» мақалаларды жариялағанда оларда журналистің белгілі бір көзқарасы бар екенін ескеріп, оны

«жаңалықты талдау» деп анық көрсетеді. Көптеген газетте жаңалықтар дайындаитын редакция мен басқа да талдау материалдарымен айналысатын топтар оқшау жұмыс істейді және оларға бір-бірімен байланыс жасауға тыйым салынады.

Әсіресе саяси тақырыптарда объективтілікті ұстану көптеген себепке байланысты күрделі. Кейбір елдерде медиа үкіметті сынаса, оларға тікелей қысым көрсетіледі. Тәуелсіз ақпарат таратуға тырысса да, оларды шетелдік үкіметтерді қолдайды деп айыптауы мүмкін.

Тәуелсіз ақпарат тарату басқа себептерге байланысты да оңай болмауы мүмкін. Мәселен, билік иелерінің сөзі ашық пропагандаға толы болса да, қарапайым шаруаның сөзіне қарағанда басым. Шаруа мемлекет саясатының негізін құрайтын назардан тыс қалған тың мәселелерді көтерсе де, мемлекет басшысының пікірі одан маңыздырақ жаңалық болары сөзсіз.

Көптеген елдерде басылымдардың редакциялары қандай да бір қаржылай қолдаусыз өмір сұру қыын деп санайды. Сондықтан саяси партиялар, саясатқа ықпал ететін топтар немесе саяси мұдделі ықпалды қәсіпкерлер БАҚ-қа мұндай қолдау көрсетуі мүмкін үміткерлер ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайда БАҚ, ең болмаса, өздерінің қаржыландыру көзі туралы хабарлап отыруы керек, сонда оқырмандар олардың бейтараптығына өз бағасын бере алады.

**Адалдық пен дәлдік.** Осы басылымдардың кодекстері журналистерді өз жұмысында адалдық пен дәлдік стандарттарын сақтауға міндеттейді, соның ішінде:

- Тек расталған ақпаратты жариялау.
- Қате жіберілген жағдайда оларды түзету міндеттемесі болу, нақты ненің дұрыс түсіндірілмегенін ашып көрсету.

Мысалы, The Guardian және Le Monde басылымдары өздерінде жарияланған барлық ақпарат болжамға емес, фактілерге негізделгенін атап көрсетеді.

Алайда журналистер нақты әрі толық ақпарат берे алмайтын кездер бар. Бұған объективті жағдайлар да, деректерге қол жеткізудегі шектеулер де әсер етуі мүмкін. Мысалы, Қаңтар оқиғасы кезінде (2022 жылдың басы) газ бағасының көтерілуіне қарсы наразылық тез арада ауқымды қақтығысқа ұласқанда журналистер үшін сенімді ақпарат көзі аз болды. Деректерге қол жеткізудегі шектеулер және балама ақпарат көздерінің болмауы объективті хабар таратуды қыыннатты.

Нәтижесінде көптеген қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе мемлекеттік басылымдар мен телеарналар наразылық акцияларын «террорлық қауіп» призмасы арқылы көрсетуге баса назар аударды, бұл қақтығыстың

әлеуметтік және экономикалық себептеріне назар аударудан алшақтатты. БАҚ көбінесе зорлық-зомбылық пен хаосқа назар аударып, наразылық білдірушілер өз мұдделері мен келіспеушіліктің себебінен емес, сыртқы күштердің ықпалымен әрекет етіп жатқандай әсер қалдырыды.

Мысалы, Nur.kz басылымында 2022 жылдың 10 қантарында жарияланған мына жаңалықта “Террористы шесть раз атаковали здание департамента полиции в Алматы”, - деген мемлекеттік хатшысы Ерлан Қариннің цитатасы жазылған. Материалда террористер шынымен де Алматы қаласы Полиция департаментіне шабуылдады деп жазылған. Бұл мәлімдеме Ерлан Қариннің “Хабар 24” арнасына сұхбатына сілтеме беріліп жасалды. Салыстыратын болсақ, британдық басылымдар “террористер” деген сөзді тырнақшаға алғып жазады. Осы арқылы бұл тек ресми позиция екенін, оның шындыққа жанасып-жанаспайтынын тексеру қажет екенін білдіреді. Мұндай әдіс оқиғага біржакты баға беруден сақтайды.

Журналистің жазу шеберлігі оның ақпаратты айқын, қысқа әрі тиімді түрде жеткізу қабілетімен айқындалады. Ол материалында нақты фактілерге негізделуі керек, сондықтан репортер сенімді ақпаратты қалай және қайдан табатынын білуге тиіс. Бұл байқампаздықты, тыңдай білу қабілетін, жалпы білімге құштарлықты және ең бастысы, қажетті адамдармен сұхбаттасу арқылы сенімді ақпаратты таба білу шеберлігін талап етеді.

Ең жақсы репортер деген сапалы жеке байланыстары бар репортер. Сондықтан байланыс орнатуды және алынған ақпаратты бағалауды үйрену қажет. Бұл сенімді дереккөздерді айқындаپ, олардың сеніміне кіре алumen қатар, сенімсіз дереккөзді бірден айыра білу қабілетін дамытуды білдіреді. Мұндағы ең қыны - бір оқиға туралы қарама-қайшы пікірлер арасында тепе-тендік сақтай білу. Көптеген журналистік ұйымдар «екі дереккөз ережесін» ұстанады, яғни әрбір факт екі тәуелсіз дереккөзben расталуы керек, сонда ғана оны дұрыс деп санауға болады.

Журналистер сұхбатты, пікірді диктофонға жазып алғаны абзал, бұл ақпараттың мүмкіндігінше дәл екеніне сенімді болу үшін қажет. Дәлдік ұсақ-түйектерге мүқият назар аударуды талап етеді, себебі тіпті бір кішігірім қате де бүкіл материалға қатысты күмән тудыруы мүмкін. Бұл фактілерді тексеруді және тіпті қажет болған жағдайда екі рет тексеруді, сондай-ақ жалпыға мәлім болған ақпараттарды да тексеруді қажет етеді.

## **АШЫҚТАР**

Этикалық кодекстердің маңызды аспекті журналистер жұмысындағы ашықтық. Бұл ақпараттың дұрыстығын растау үшін қажет болған жағдайда ақпарат көздерін ашу дегенді білдіреді. Егер ақпарат көздері күмән тудырса, жұмыс әдістерін түсіндіру қажет.

Мысалы, Reuters фактілер мен дереккөздерді ұсынуда толық ашықтықты талап етеді, ал BBC-дің дереккөздердің құпиялышының қорғауға қатысты қатаң ережелері бар.

Журналистер ақпарат көздерін қорғау мәселесінде үлкен сыйнектарға тап болады. Мұның айқын мысалы ретінде 2004 жылы АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының құпия агенті Валери Плеймнің жеке басы туралы ақпараттың таралуына қатысты істі атауға болады.

2004 жылы АҚШ-та Ақ үйден Орталық барлау қызметінің құпия агенті Валери Плэймнің жеке басы туралы ақпараттың таралып кетуіне байланысты дау шықты. Екі журналист: Time басылымының журналисі Мэттью Купер мен NBC телевірнасының тілшісі Тим Рассерт істі тергеп жатқан үлкен қазылар алқасының алдында қуәлік беруге міндеттелді. Прокурор дереккөздерді ашуды талап етті, бұл дереккөздердің құпиялышының қорғау және тергеу мүддесі үшін ақпаратты ашу қажеттілігі туғызыды. Мэттью Купер өзінің дереккөзі рұқсат берсе оны ашуға келісті, ал Тим Рассерт дереккөзді жасырып қала алды. Бұл іс журналистерді қорғаудағы маңызды оқиға болды, тергеу кезінде ақпаратты ашу мен дереккөздердің қорғаудағы тепе-тендіктің маңыздылышының, сондай-ақ журналистикадағы ашықтық пен жауапкершіліктің рөлін айқындады.

Сұхбатсушыларға қатысты әділдік ақпарат жинау мен оны ұсынуда адаптация болуды білдіреді. Сұхбатқа қатысушылар не ақпарат көздері материалда пікір бергеннен қандай нәтиже күтілетінін, мақала немесе бағдарлама не туралы болатынын білуге құқылы; сұхбат радио немесе телехабарда тікелей эфирде ме, әлде жазбаша түрде алына ма, түсінуі керек; оның қалай өндөлетінін де білуі қажет. Бірақ тараптар арасындағы ададық пен әділдік, сондай-ақ оқиғаны баяндаудағы шындық басты принцип болуы керек.

Халықаралық Журналистер Федерациясы журналист жаңалықтар, фотосуреттер мен құжаттарды алу үшін тек адаптация әдістердің қолдануы керектігін баса айтады.

“Сіз бір нәрсені білсеңіз оны мақалаңызда емін-еркін қолдануға болады дегенді білдірмейді. Егер ақпарат сенімділік тұрғысынан қорғалмаса және сізде жазба күйінде расталған дереккөз жоқ болса онда сізде ақпарат та жоқ деген сөз. Тек ерекше және шұғыл жағдайларда, ең маңызды қоғамдық мүдделерді қорғау үшін, ақпарат алу мақсатында занды бұзу ойға қонымды деп саналады”.

### **Құпиялыштың қорғау және жеке қауіпсіздікке құрметпен қарау**

Барлық жаһандық басылымдар құпиялыштың қорғау мәселелерінде қатаң стандарттарды ұстанады:

- Жеке тұлғалардың жеке деректері мен құпиялышының қорғау, әсіресе олар ел алдында жүрген азаматтар болмаса.

- Дереккөздердің жеке қауіпсіздігін, сондай-ақ олар құқық бұзушылар немесе танымал тұлғалар болмаса беделіне құрметпен қарау.

Дегемен егер ол адамдардың өмірі және жеке деректері қоғамдық қызығушылық тудырса немесе резонанстық жағдай аясында туындаған оқиғаға байланысты болса, өздерінің не туыстарының рұқсатымен жеке деректер жариялануы мүмкін.

Мысалы, Azattyq басылымы 2022 жылдың 8 қаңтaryнда Талдықорғанда әскери ерлі-зайыпты Нұрболат Сейітқұлов пен Алтынай Етаева және олардың 15 жастағы қызы Нұрай отырган көлікке оқ жаудырганын хабарлады.

Бір отбасының үш мүшесін сол жерде көз жұмды. Алтынайдың әпкесі Ләйля Етаеваның айтуынша, отбасы достарына қонаққа барған соң үйлеріне коменданттық сағатқа дейін жетуге тырысқан. Сол күні оларды көргендер отбасының үйлеріне ерте кеткенін растанды. Алайда туыстарының айтуынша, олардың ешқайсысы коменданттық сағаттың кешкі сағат 20:00-ге ауыстырылғанын білмеген, себебі телеарналар коменданттық сағат 23:00-ден 7:00-ге дейін жалғасатынын хабарлаған. Сондай-ақ, туыстарының айтуынша, қаза тапқандардың денесінің зақымданғаны сонша, тіпті оларды көруге туыстарына рұқсат етілмепті.

Бұл жағдайда қоғамдық мүдде тұрғысынан марқұмның отбасы туралы ақпаратты таратуға негізі бар деп санауга болады. Azattyq басылымының журналистері қайғылы оқиға туралы хабарлап қана қоймай, коменданттық сағат кезіндегі билік пен әскерилердің әрекетіне қатысты сұрақтарды да алға тартты. Бұл қоғам мен құқық қорғаушылардың назарын азаматтардың құқықтарының бұзылғанына аударуға көмектесті.

Дегенмен жеке деректерді пайдалану ерекше сақтықпен қарап және марқұмның туыстарының сезімін құрметтеу қажет. Олардың қайғысын одан ары ұлғайтпау үшін олардың келісімін алу немесе кем дегенде, қажетсіз мәліметтерді бөліспеу маңызды.

**Жауапкершілік.** Халықаралық басылымдардың барлығы қоғам алдындағы жауапкершілігін мойындайды:

- Саяси, әлеуметтік және мәдени сезімтал мәселелер ерекше ұқыптылықпен қарастырылуы керек.
- Қате немесе нақты емес ақпарат берілген жағдайда басылымдар ақпаратты түзетуге және қажет болған жағдайда көпшіліктен кешірім сұрауға міндеттенеді.

Мысалы, The Guardian басылымы қате орын алған жағдайда оны түзетіп қана қоймай, аудиторияға оның басты принцип объективтілікті назарға ала отырып өзгерілгенін жеткізу маңызды екенін атап өтеді.

**Қоғам алдындағы жауапкершілік.** Барлық редакциялар демократия мен әлеуметтік нормаларды қолдаудағы рөлін мойындайды. Сондықтан:

- Сөз бостандығы, теңдік және этностық немесе әлеуметтік тегіне қарамастан әрбір адамға құрмет көрсету сияқты адами құндылықтарды насиҳаттауда;
- Әлеуметтік маңызы бар мәселелерді, соның ішінде этносаралық қатынастарды, қақтығыстарды және басқа да сезімтал тақырыптарды жариялаудағы жауапкершілікті түсінуі тиіс.

Журналистің басты міндеттерінің бірі – факті мен пікірдің аражігін ажырата білу. Ақпаратты беру тәсілі қоғамның қақтығысты қабылдауын және оның болуы мүмкін салдарын анықтайды.

Қоғам алдындағы жауапкершілік пен журналистикадағы қателіктер жайлы айтқанда, қазақ журналисі Гүлжанат Шонабайдың мысалын қарастыруға болады. 2021 жылы оған ұлтаралық араздықты қоздырды және қазақ халқының ар-намысына нүқсан келтірді деген айып тағылды. Бұл «Тасжарған» газетінде Алматы облысындағы Малыбай ауылындағы қазақ және үйғыр ұлттының арасындағы қақтығыс салдарынан бір адам қаза тапқаны туралы екі мақала жарияланғаннан кейін орын алды. Журналист «Екі үйғыр бір қазақты неге өлтірді?» және «Малыбайдағы маңқа қазақ бейшарылығына қүйінеді» деген мақаласында Гүлжанат Шонабай жүртшылықты дүр сілкіндірген оқиғаны баяндайды.

Бұл екі материал жарияланғаннан кейін екі ай өткен соң құқық қорғау органдары журналиске ұлттық және әлеуметтік алауыздықты қоздыруға ықпал ететін ақпаратты таратты деп айыптаپ, ҚР Қылмыстық кодексінің 164-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғады. Бұл қылмыстық қудалау қоғамда журналистердің ақпарат берудегі жауапкершілігі, соның ішінде қоғамдық көніл-күй мен этностар арасындағы қарым-қатынасқа ықпал етуі мүмкін екендігі туралы талқылаулар тудырды. Бұл жағдай журналистердің этносаралық қақтығыстар сияқты сезімтал тақырыптарды жариялаудағы жауапкершілігін, сөз бостандығы құқығы мен қоғамдық тәртіп пен тыныштықты сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін көрсетеді.

Этносаралық контексте **факт** пен **пікір** арасындағы айырмашылығын қарастырайық:

**Факт:**

"Н қаласында бір топ жас арасында қақтығыс болды, салдарынан екі адам зардал шекті, полиция тергеу жұмыстарын бастады".

**Қатты шиеленістерге әкелетін пікір:**

"Н қаласында X ұлт өкілдері тағы да тәртіпсіздік жасап, бейбіт түрғындар зардал шекті. Бұл қашанға дейін жалғасады?"

### **Неліктен бірінші нұсқа факт?**

Онда тек тексерілген ақпарат бар: қайда, не болды, қанша адам зардал шекті және құқық қорғау органдарының пікірі берілген.

### **Неліктен екінші нұсқа пікірге жатады?**

«Белгілі бір ұлт өкілдері тағы да бұлік шығарып жатыр» деген тіркес кінәні жалпылап, белгілі бір топқа қатысты жағымсыз бейне қалыптастырады. Соңындағы сұрақ жағымсыз реакция тудырады.

Жеке адамның іс-әрекеті үшін кінәні тұтас бір этносқа жүктеу дұрыс емес. Құқық бұзушылық үшін жауапкершілік оның ұлтына емес, жеке адамға жүктеледі. Агрессия мен қатыгездік адамның шығу тегіне, тіліне немесе мәдениетіне байланысты емес – бұл әр адамның жеке тандауы.

## **Қазақстандағы этносаралық қатынастардың құқықтық аспектілері**

### **1. Этносаралық келісімнің конституциялық негіздері (Конституциядағы маңызды баптар)**

**1-бап. Қазақстан Республикасы Конституциясы.** Қазақстан – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

**14-бап.** Тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни қозқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген басқа жағдаяттар бойынша адамды кемсітуге тыйым салынады.

**19-бап.** Әркімнің өзінің қай ұлтқа, қай партияға және дінге жататынын анықтауға және көрсетуге немесе көрсетпеуге құқығы бар. Әркімнің ана тілі мен мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, білім алу, оқыту және шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар.

### **2. Этносаралық қатынастар қарастырылған Қазақстан Республикасы заңнамалары**

- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заны (1991 ж.) мемлекеттің көпұлттылығын бекітті.

Онда республика азаматтары ұлтына, дініне, қоғамдық бірлестіктерге мүшелігіне, шыққан тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, қызмет түріне, тұрғылықты жеріне қарамастан тең құқықтарға ие және бірдей міндеттерге ие делінді.

- Осы заңда мемлекеттік органдардың экстремизмді алдын алу бойынша құзыреті де қарастыралады. Мемлекеттік органдар бұқаралық ақпарат құралдарында заңнаманың сақталуын қадағалайды, оларда экстремистік насиҳаттың бар-жоғын тексереді, мемлекеттік тапсырыс аясында БАҚ басылымдарына ұлтаралық және конфессияаралық келісім тақырыптарында материал жариялатады.
- Тағы бір маңызды заңнама Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (174-бап) – әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздырғаны үшін жаза тағайындалады.

Негізгі жазалау шаралары:

- Көпшілік алдында мәлімдеме жасағаны, бұқаралық ақпарат құралдарында, интернетте жариялағаны немесе материалдарды таратқаны үшін – 2000-нан 7000 АЕК-ке дейін айыппұл, 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыру.

- Қылмысты адамдар тобы зорлық-зомбылықпен немесе қорқытумен не қызмет бабын асыра пайдалану арқылы жасаса – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру.
- Қылмысты ұйымдастырылған топ жасаса немесе ауыр зардаптарға экеп соқса – 12 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

### **3. Ұлтаралық келісімді қолдайтын институттар**

- Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) этносаралық диалогты дамытуға бағытталған негізгі институт болып отыр.
- Мәдениет және ақпарат министрлігі жаңында Этносаралық қатынастар комитеті жұмыс істейді, ол осы саладағы заңнамалардың орындалуын қадағалайды.

### **Қақтығыс кезінде ақпарат көздерімен жұмыс істеу**

Он бір кәсіби журналиспен сұхбат алу барысында тәжірибелі репортерлердің бірі өзінің оқиға орнындағы тәжірибесіне тоқталып, ақпарат алуда кейде тәуекелге бару керегін атап өтті. Сол сұхбат нәтижесінде қақтығыс тақырыбын жазатын кәсіби журналист өзінің құнды тәжірибесімен бөлісті. Атап айтқанда, оның пікірінше: “Қақтығыс болған жерде ешкім журналистті күтіп тұрмайды, ондай жерде көбінесе Төтенше жағдай жарияланады. Соған қарамастан нағыз журналист кез келген ұтымды тәсіл арқылы ақпарат тарата білуі керек”. Демек журналист қақтығыс аймағынан ақпарат алу үшін кез келген қолда бар әдісті кәсіби шеберлікпен қолдануы тиіс. Керек болған жағдайда актер бола алыу керек.

Көбіне журналистер ресми дереккөзден пікір алуға міндетті, бірақ мұндай комментарийлерге толықтай сүйенуге, толығымен ақиқат деп қабылдауға болмайды. Көп жағдайда журналистер ресми баспасөз парақшасы, редакцияға келген хат, әлеуметтік желіні дереккөз ретінде қолданады. Бірақ ресми ақпарат барлық жағдайда бірдей толыққанды материал құрауға негіз бола бермейтінін ескеру керек.

#### **Ақпаратты тексеру**

- Тек сенімді және тексерілген ақпарат көздерін қолдану маңызды.
- Фактілерді қақтығысқа қатысы бар деген бірнеше тараптан тексеру міндетті.

Алынған фактіні, ақпаратты тексеретін арнайы құралдар бар. Google-дің өзінде бірқатар құралдарды қолдануға болады. Видеоның түпнұсқасы қайда таралғанын, суреттерді тексеретін арнайы құралдарды қолдана білуі тиіс. Кей жағдайда журналистер тарата алмайтын ақпаратты белгілі бір Telegram арналары жариялауы мүмкін. Сондықтан, егер ол оқиға орнынан тікелей таратылған сенімді дереккөзі болса, қолдануға болады.

## **Күәгерлермен және зардап шеккендермен жұмыс істеудегі ерекшеліктер**

**Сақтық пен әдептілік танытыныз.** Зардап шеккен адамдар күйзеліске түскен немесе қорқыныш жағдайында болуы мүмкін. Журналистің ондай адамдармен барынша сабырлықпен сөйлесуі және оларды мұқият тыңдауы маңызды.

**Эмпатия танытыныз, бірақ кәсіби субординация сақтаңыз.** Адамға қолдау көрсету маңызды, бірақ эмоцияға берілмеу керек. Журналистің басты міндеті – оқиға орнынан объективті ақпарат тарату екенін әрдайым есте ұстау қажет.

**Сұрақ қою кезінде этикадан аттап кетпеніз.** «Неге сіз сол жерге бардыңыз?» немесе «Басқаша істеуге болmas па еді?» деген сияқты сұрақтар қоймаған дұрыс.

**Қайғылы оқиғаны сенсацияға айналдырмаңыз.** Журналист біреудің қайғысын пайдаланып, сенсация жасауға, дүрліктіретін тақырыптар мен қатыгез көріністер беруге немесе рұқсатсыз фото жариялауға жол бермеуі тиіс.

**Фотолар мен видеоларды рұқсатсыз жарияламаңыз.** Журналист ақпарат маңызды болса да, алдымен адамның толық келісімін алуы тиіс.

**Қажет болған жағдайда жапа шеккен адамды мамандарға бағыттаңыз.** Журналист психологтардың, зангерлердің немесе еріктілердің көмегіне мұқтаж жардарға қажетті ақпаратты және оларға қайда жүгінуге болатынын білуі тиіс.

## **Журналист қауіпсіздігі**

Тәжірибелі журналистердің басым көвшілігі олардың кәсіби қызметінің басты ерекшелігі ретінде барлық жағдайда аудитория тарапынан алғысқа бөлене бермейтінін атап өтеді. Себебі журналист әртүрлі тақырыпты қозғайды және мәселені жан жақты зерттейді. Екі жақты, екі тарапты бірдей ескеруі тиіс. Журналист кәсібінің ерекшелігі ретінде олар “Редакция тапсырма береді, журналист оны орындауы тиіс. Журналист - солдат. “Мені кіргізбеді, ақпарат ала алмадым десе”, онда ол журналист емес” деген пікірді ұстанады. Дегенмен “адамның өмірі ешқандай ақпараттан қымбат емес” деген қағиданы да сақтау маңызды екенін атап өтеді.

ЮНЕСКО мәліметі бойынша, 2024 жылы кемінде 68 журналист пен БАҚ қызметкері кәсіби міндетін атқару кезінде қаза тапты. Бұлардың 60%-дан астамы қақтығыс аймақтарында орын алғып, соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткішке жеткен.

Ал, Халықаралық журналистер федерациясының (IFJ) деректеріне сәйкес, 2024 жылы 104 журналист пен БАҚ қызметкері қаза тапқан, олардың жартысынан көбі, яғни 55 адам Палестинада қаза тапқандар. Қазіргі кезде бұл аймақтағы қақтығыс журналистер үшін ең қауіпті орынға айналып отыр.

Тағы бір дереккөз «Шекарасыз репортерлер» ұйымының хабарлауынша, 2024 жылы белсенді әскери қақтығыс аймақтарында 33 журналист қаза тапты, ал жалпы өлген БАҚ өкілдерінің саны 55 адамға жетіп, соңғы бес жылдағы рекордты орнатқан.

*“Ешқандай ақпарат өміріңізден маңызды емес”*

- Дайындық. Журналистің кәсіби дайындығы, атап айтқанда алғашқы көмек көрсету мен қауіпсіздікті сақтау шаралары туралы дайындығы болуы міндettі. Сапарға шығатын аймақты, сондай-ақ серікtestеріңіз бен көмекшілеріңізді егжей-тегжейлі зерттең алу қажет.
- Өз қауіпсіздігіңізді бірінші орынға қойыңыз – ешқашан оқиға үшін жеке қауіпсіздігіңізді қатерге тікпеніз. Ешбір оқиға адам өмірінен қымбат емес.

Соңғы кездері көптеген халықаралық медиа ұйымдар соғыс немесе әртүрлі қақтығыс жағдайында жұмыс істейтін тілшілерді арнайы оқытуды, дайындық курсынан өткізууді міндettі етуде. Бұл негізінен физикалық қауіпсіздікке арналған курстарға, соғыс аймақтарында, құрал-жабдықтарды қолдану, сондай-ақ алғашқы медициналық көмек көрсету негіздеріне бағытталған. Осыған орай, қақтығыс аймақтарында жұмыс істейтін журналистер үшін арнайы дайындықтан өту бізге де аса қажет екенін аңғарамыз – бұл олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, кәсіби міндетін сенімді атқаруға жол ашады.

Қақтығыс жайлы ақпарат жариялау тек жеделдік қана емес, үлкен жауапкершілікті де талап етеді. Мұндай оқиғаларды жариялау кезінде әрбір сөз бен әрбір ақпарат адамдардың өміріне әсер етуі мүмкін екенін есте ұстау қажет. Объективтілік қағидаларын сақтап, зардал шеккендерге құрметпен қарау керек. Журналист ақпаратты мұқият текстеруі және жалған немесе арандатушы мәліметтердің таралуына жол бермеуі тиіс. Этикалық әрі кәсіби жұмыс – журналистикаға деген сенімділіктің кепілі және қақтығыстарды бейбіт жолмен шешүгеге ықпал етудің маңызды тәсілі.